

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

21-том

МАҚАЛАЛАР, ПЬЕСАЛАР,
ЛИБРЕТТО

1941–1945

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:

Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С., Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

21-том: Мақалалар, пьесалар, либретто. 1941–1945. – 384 б.

ISBN 978-601-294-163-0

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 21-томына “Литература и кино”, “Накануне расцвета”, “Больше высокохудожественных произведений”, “Көрген, сезген жайлардан”, “Асыл елдің алып ұлы”, “Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі” атты мақалалары мен 1942–1943 жылдары жазылған “Намыс гвардиясы” (қазақша және орысша нұсқалары), “Бес дос”, “Қара Қыпшақ Қобыланды” пьесалары енді.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға ұсынылады.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-163-0 (21-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014
ISBN 978-601-294-142-5

Мақалалар



АСЫЛ ЕЛДІҢ АЛЫП ҰЛЫ

Халық бойындағы қасиет өгей болғанда, кейде жер астында жатқан алтын-гауһар есепті. Алтын қазына жер бетіне шықпағанымен қазыналық қасиетін жоя ма? Тек қана қимылы жоқ қалғып тұрғандай боп, кезегін күтеді. Кезі жеткен сәт күнінде жарқырай шығып, жалт етеді. Тебіреніп теңіз толқыса, тереңіне шөккен меруертін атпай ма жағаға. Тарих телегейі толқығанда да сол сияқты ел тамырындағы қасиет жамырай шығып, шарқ ұрады.

Дүниеге Октябрь туғанда, елдің қаны қайнай соғып еді. Ол соғуы қайратты, батырлықты, әділ ашуды, алып тілекті қаулата шығаратын соғу еді. Міне, халықтар жүрегінде қайнаған осындай зор қасиеттердің бір алуан жиын аты, алып аты – біздің Қызыл Армия ең алғаш майдан беттей шапқанда ұмытылмас бір сөз айтқан. Ол шақ жас Отан сыртқы шектермен, ішкі талай өлкелерде неше алуан жаумен жағаласып, шарпысып тұрған шақ еді. Жолдас Сталин айтқан “Алып жартастай” Отанның айналасында қас дүние қатуланып, көбік атып құтыра тулап тұрған-ды. Аттары көп, тектері бір көп жаулар жас алыпты жығам деп қанқамайын аямай түйіліп тұрған. Сонда Ленин елдің сыны ерлік екенін танытып, “өлімді менсінбей, жирене қарауды жалпыға жаю керек те, жеңісті қамтамасыз ету шарт” деген. Осыны халық алыбы Қызыл Армияға сенің бойындағы жаңа қасиет осы болсын, сенің тұлғандағы басқаша туыс осы болсын деді. Барлық жауынгер буынға, келер ұрпаққа да өсиет етті. Өзі Қызыл Армияны сондай құрыш болат суымен суарды да, бас серігіне де серт қып берді. Сол ұранды сан сайыста, қан майданда жолдас Сталин жаңа адамның жаңғырған ұрпағына дәл сол жылдардың өзінде өзгеше мінез, ерекше қасиет етіп танытты. Өз басшылығымен, өз үлгісімен, өз тәрбиесімен жалпының жүрегіне орнатты, қанына сіңірді. Царицын, Петроград, Оңтүстік майдандарында Сталин жолдастың өз басшылығымен орындалған өзгеше өктем жеңістер, сол еңбек тәрбиенің нәтижелері еді.

Сол күндерден бастап, бүгін 24 жылдық тарихын кешіп өткен Қызыл Армияның ерекше қасиет қып тұтатын бір сыны, бір сыры бар. Онысы тұтас кендей тұтасқан ерлік.

Көп жүрегін бірдей, бір жүрегін көптей өзгеше етіп тұратын біздің буындарға ғана тән ерлік. Ғасырлар бойы жарыққа шықпай келген, ер бойында толықсып кернеп, құшақтай шымырап келген қасиет — ерлік атты қасиет болатын.

Тарих — тарих болғалы ерлік жайында сөйлеген жандар көп-ақ, бірақ өзгенің, бұрынғының бәрі де бірдің басындағы ерлікті, бірдің атымен байланысты ер қимылды айтатын. Ленин мен Сталин жолдастардың ерлікке беретін өзгеше бағасы бірдің ғана ерлігі емес, өлмес халықтың өшпес оты, мол отты ерлік еді.

Осымен бірге шын ерліктің сырының өзі де басқаша болып ашылды. Бұрын ерлік білекпен танылатын сияқты еді, бүгін ерлік жүректен орын тепті. Осындай ерлік қана әрі саналы, әрі тапқыр, әрі қажымас, әрі өзі ерен сұлу сипат болып шоқтықтанады екен. Тегінде, жай бір болжап қарасаң, сол жаңағы арғы-бергіде халық қадірлеп келген ерліктің қанатын қырқа беретін бір сыбайласы бар, ол өлім қаупі еді ғой. Қай ерлік сол қауіпті елемей асып өтіп кетуге шыдаса, сол өзі қиынның қиынын да тегіс басып өтіп, қыран шықпас шыңға шығатын. Ер сынының ең биік, суық шоқысын алатын. Лениннің айтқаны осы ғой және осы бір де ғана емес, жалпы да болсын, біздің жауынгердің бәрі де әр сәтте өлімнен қорықпауға іштей қапысыз, қалетсіз әзір болса, оның ар жағы шексіз ерлік, сөзсіз жеңіс дегені болатын.

Адам бойына бітетін неше алуан жақсы қасиеттердің ішіндегі сұлуы мен асылының бірі ерлік қой. Жеке адамның қасиетін санағанда, ол сондайлық таразының бірі болса, тұтас бір халықты, елдікті алғанда ол тіпті даусыз бірден-бір ғана қасиет белгісі болады. Дүниеде, тарихтарда ер елден артық ел бар ма? Ер жолымен өткен елдердің тарихынан сұлу тарих бар ма? Елін “ел екен!” дегізіп өткен ұлдарға өлім бар ма сірә да? Елдің намысын өз өмірінің ең зор өміршісі деп таныған Құрманғазы саналы қайрат, қайратты жігер күйлерін төгілтіп отырып:

Исатай мен Махамбет
Өлдім дей ме екен солар да? —

деп айтқан жоқ па? Елдің белін көтеретін ер ұл туған аталық пен аналық қандай бақытты! Ер серігі болған жар жарастық қандай сұлу! Қорлық өмірге көнгенше қадірлі өлім тандармын дейтін жас жалын қандай биік мағыналы!

Міне, Октябрьмен бірге туған миллиондаған білегі бар, бір ғана зор жүрегі бар, халық батыры Қызыл Армия

осындай ұлы идеал, үлкен сипат, сымбат иесі. Солай етіп өсірген, ұлғайтқан Ленин, Сталин партиясы. Солай етіп жылма-жыл, күнбе-күн аталық, даналық басшылығымен өркендетіп, өрден өрге бастырып, үдетіп келе жатқан ұлы көсеміміз Сталин жолдастың өз назары, өз қамқорлығы.

Міне, екінші Отан соғысына келгенде біздің барлық алып еліміз бен сол елдің бірнеше буыннан берік етіп өсіріп келе жатқан балғын бітім батыры осындай әзірлік алып, келсең келге дайын еді. Қолдағы құрал сай болуы бір сәрі, ерлікке бекінген жүрегімен, алысты мұрат етерлік зор сана мүддесімен, әсіресе, әзір еді. Сондайда кеп жау шықты. Жауынгерлік күн келді, бұл жау дүние — дүние болғалы, жау — жау болғалы ешбір майдан көрмеген, соншалық зұлым, хайуан, соншалық жиренішті, сұмырай жау болып келді. Өзінің ең үлкен өші, қасы біз едік.

Сонымен белдесетін ұзақ, ауыр майданға Отанның қалың халқын бастап, халқының қадірлеп өсірген жиырма төрт жасар алыбын, Қызыл Армиясын бастап, кемеңгер дос, кемеңгер дана қолбасы жолдас Сталин өзі шықты.

Сын биіктердің талайынан өтіп, асып келеді біздің жауынгер алып күш. Жау басына ажал соққысын жаныштай соғып мегдетіп барады біздің қол. Көп заманнан ардақтап ұстаған ұлы қасиет ерлеріміз сапарға түсті ме? Түсті, молынан түсті. Не көрдік?

Барлық ұзақ майдан бойында, ұзақ айларда көп халықтардың талай миллион ұлдары көрсеткен жаппай ерлікті санап болу мүмкін емес. Миллиондардың ерлігін, мыңдардың геройлығын көрдік. Оның бәрі айқын, бір ерліктен бір ерлік күн санап өктей түсіп, аса серпіп жатқаны айқын, ол әлемге анық. Сондайлық бар Қызыл Армия геройлықтарын атаумен қатар, біз дәл осы Қазақстан халқының өзі аттандырған ұлдарының өздері көрсеткен алып қимылдардың кей-кейін ғана шолып өтейік. Не сырлы ерлік бар, танып көрейік.

Жас шағынан бергі өмірін Қызыл Армия қатарындағы жауынгерлікке арнаған командир ерлер бар, олар: аты ардақты Панфилов, Семеченко сияқты генералдар. Ол, жауменен арыстандай айбарлы болып жұлқысып өлген ер капитан Манаенко. Ол, Хасан көлінде жапондармен жұлқысқан, бүгін Панфилов дивизиясында полк командирі болып, айлар бойы ерен ерлік көрсетіп келе жатқан Момышұлы Бауыржан.

Бұлар Қызыл Армияның көптен тәрбиелеп өсірген қырандары болса, қазірде осы Отан соғысы үстінде шаруашылық, қоғамдық құрылыстардың әр алуан көп

саласынан жаңада барып жарқ етіп бір-ақ көрінген талай ер ұлдар тағы бар. Кешегі әлемге атағы жайылған, нәсіл ұрпақ мәңгі ұмытпас ардақты 28 батыр сондай жандардың бірі. Олардың өзгеше өр көңілді басшысы политрук Ключков өзіміздің Алматының қаласынан барған, миллиондаған халық ұлдарының, көп қызметкерлердің бірі еді. Сол 28 ішінде, оқ құралы біткен шақта, екі қолын төсіне қойып, ажал жүзіне ажырая, жирене қарап, қатулана қарсы қадам басқан, от жүректі батыр ұл Қожабергенев көп колхозшының бірі еді.

Үш танкімен жалғыз алысып, екеуін жайратып, “тірідей алмайсың мені” деп, “Отан үшін, Сталин үшін!” деп, азаматтық сананың, ерлік намыстың ең биік шыңына шығып өлген Тілеубаев солардай еді.

Бір өзі 12 рет жау қамауында қалып, ұдайы жарып шығып отырған пулеметші комсомолец Үркімбаев Нұрғали да осы Отан соғысының үстінде ғана Қызыл Армияның тез өсіріп, жетілдіріп алған көп жасының бірі еді.

Партия, совет қызметкерлерінің қатарынан барып, үздіксіз ұзақ алыстарда өрттей өрлеп, жас жанының өшпес от, таусылмас қажырын күн санап көркейте танытқан Жалмұхамед Бозжанов та Қызыл армия қатарына халық анасы жаңада аттандырған көп намыскер ұлдың бірі, адал, ардақты ұлдың бірі еді. Міне, осындай жаңа батырлықтың жаңа қасиетін әлемге танытып отырған бір Қазақстанның өзінен барған ұлдардың да сандары жүздер, мыңдар болды.

Осылардай күні кеше оқытушы, ғылым қызметкері, жазушы болып, ел-жұртына өзге сан салаларда қызмет етіп келген азаматтар бүгін Қызыл Армия қатарына барып, елінің, қауымының асыл қасиетін апарып қосып отыр. Біздің армия халық армиясы дегеннің айғағы осы. Халықтың ең қадірлі, ең саналы ұлдарынан құралған және өзінің сол еліне, анасына қаншалық сүйікті, ыстық екенін білетін армия. Өйткені ол – миллиондаған геройлар бір анадан туғандай иық сүйескен бауырлар. Сондықтан да ол қаһарман жолымен өтетін жеңілмес армия. Өйткені оны ұлы Сталин басқарып отыр, ол кімді жоятынын, не үшін жоятынын анық білетін саналы, намыскер батыр. Өйткені ол – асыл елдің алып ұлы.

КӨРГЕН, СЕЗГЕН ЖАЙЛАРДАН

Ауданға бұл жолғы келісімде менің айрықша жазушылық бір міндетім бар еді. Ол – “Абай” атты романның екінші кітабына керек болатын қосымша материалдар, мағлұматтар жинап қайту, сонымен қолға алынған романның екінші кітабын 1943 жылдың аяғына дейін жазып бітіру еді. Бірақ бүгінгі ел-жұртымыз түгел білген, түгел қадірлеген Абай өлеңдерінің қай орындарда туғанын айқын білу шарт. Өзің білгенді өзге оқушыға жеткізу-білдіру шарт. Сондықтан роман геройы Абайдың қыстау еткен мекені, жаз жайлауы, күз күзеуі, өріс-қонысы, аралаған сай-саласы – бәрі-бәрі де суреттелу керек. Кейде үміт, кейде өкініш, кейде кейіс, кейде қиял, талап тудырған табиғат бесігін білмек керек. Сол мақсатпен келіп ем.

Менімен бірге келген сыншы Есмағамбет Исмайылов, ақын-жазушы Бегалин Сапарғали, Мұхаметханов Қайым, Полоцкий жолдастардың да өзді-өзінің жазушылық арнаулы мақсаты бар.

Мен осы өлкенің өзінде туып-өссем де, Шыңғыс тауының атырабын дәл осы жылғыдай армансыз аралаған емеспін.

Аудан басшыларының көрнекті көмегімен біз көлденең созылған Шыңғыс тауының бауыр, сыртын – Аягөзден Саржалға дейін, Бақанас, Машаннан Семейге дейін жол жүріп, көп жерді көріп өттік.

Мұнда жер-дүниені көру ғана емес, бүгінгі ұрпақтың барлығына қадірмен, дос болып танылған ардақты ақын Абай сөзін, мінезі мен өмір жолын еске алып, ұзақ жырдай етіп, әңгіме шертіп отырған талай-талай колхозшыны, қарт пен жасты, саналы әйел мен ерді көрдік. Көп-көп әңгімелестік.

Ауданның басшы азаматтары, қарт аналары, оқушы балалары бізбен жасаған әңгімесінде ерекше бір жақсы жайды танытты.

Соғыс күннің ауыр қиыншылықтары кезінде көп міндеттер жүктелсе де, бұл жұртшылық еңбектегі қажырымен, кеудедегі совет азаматының сенімімен аса ыстық көрінеді. Істеріне тілеуестік, достық көңілді нығайтады. Осындай сана-сезім барында аудан өсіп-өркендейді, мал-дүниесі молаяды, өлке өзгеше гүлденеді. Осылай болмасқа шарасы жоқ деген сенім бітеді.

Бұрынғы Абай өмірінің, Абай еңбегінің әр кезең, әр сәтіне куә болған тау мен тас, өзен, өлке, бел-белестері, жаңа тарихымыз тудырған жаңа адамды, жаңа өмірді көргенде, дәл бүгінгі Шаған, Қарауыл, Тақыр, Мұқыр, Құндызды, Шет бөктерінен ақын Абайдың анық жақын көп туысын көргендей боласыз.

Шимандай қалың ел арасында отырып, Абай өз өмірінің анық зарын шерткенде: “Моласындай бақсының, жалғыз қалдым, тап шыным” дейді ғой. Ол маңайындағы көп жайды көріп, уайым шегіп айтқан еді. Білім-өнерге, әділет-достыққа, жаңа шақырған жолына еретін жан таппағанын айтып күңіренетін.

Бүгін осы Шыңғыстың іші-тысына неше алуан еңбек етіп жатқан жанның бәрі – шерлі Абайдың сол күнде тапсам-ау деген елі, досы еді.

Бұрын рушылдық таластың, қиян-кескінің мекені болған Қарауыл бүгін өзінің орта ұл-қызына жас интеллигентін тудырып, өсіріп отыр.

Бұрын матаудағы атаусыз мүлік, жесір-жебір атанған қыз-келіншек бүгін социалистік құрылыстың командирі болып отыр.

Бұрын өткен Абайдың бүгінгі біздің Абайымыз болатын себебі осы.

Рас, аудан тіршілігіне керекті істелетін істер, қойылатын талаптар әлі де толып жатыр. Оның бәрі қолдан келетіні де даусыз. Ауданның барлық жұртшылығының Отан соғысы күндеріндегі еңбектерінің жемісті болуына тілектестігімізді білдіреміз.

АҚЫННЫҢ ӨЗБЕК ӨНЕРІНДЕГІ БЕЙНЕСІ

Науаи – данышпан ақын, философ, мемлекет қайраткері болудың үстіне, тағы талай өнердің шебері, жоқтаушысы, ұлы жәрдемшісі де болған. Ол музыка өнерінің көрнекті өнерпазы. Суретшілік өнерінің құмары, сәулет өнерінің (архитектураның) үлкен сыншы ұстазы. Және нақтысы, әсем жазу – каллиграфияның білгіші, сыншысы болған. Осылардың үстіне, әр алуан ғылымға берілген білгіштердің көбіне ұстаздық ойымен басшылық бағыт берген, мол қасиет иесі.

Науаиге тетелес шыққан Захир ад-дин Бабурдың жазуы бойынша Әлішер шығарған күй мен әуен де көп болған. Ол түзеген мақамдар, күй ретінде шығарған нақыштар, үнмен айтатын нашыраздар ерекше көркем еді дейді Бабур. Ұлы ақынның замандастары атақты композитор Құл-Мұхаммед Най, Хусаин Уди екеуі де өздерінің шығармаларында Әлішердің өсиетінен, сезім-санасынан әсер алып, көркем күйлер тудырған.

Сол заманның аса талантты, шебер суретші миниатюршы Бекзад Науайдің әрі үлкен досы, әрі оның ой-сезімдерін, терең саналы бағыттарын сурет өнерінде іске асырушы серігі болған. Біздің заманымызға Әлішердің өз суретін қалдырып кеткен де сол Бекзад. Әлішер Бекзаттың өнеріне мол әсер еткен. Оның алған тақырыбын мағыналандыру жолында, суретті зор идеяға арнап салу жолында басшылық етеді.

Архитектура өнерінде, ескі Гератта¹ және соның көп атыраптарында Науаиден қалған сәулет өнерінің мирастары аса көп болған. Бұлардың талайын Әлішер өз пұл-қаражатымен көпшілікке арнап салдырған.

Әлішер заманында хаттат өнерін зор биікке көтерген ірі өнерпаздардан Сұлтан-Али Мешхеда, дәруіш Мұхаммед, Мир-Али Қыл-қалам сияқты өнерпаздар болған.

Осылардың ішінде “Сұлтан-ул Хаттатан” (каллиграфтар патшасы) деген атақ алған Сұлтан-Али Мешхеда Әлішер

кітаптарын өз қолымен нақыстап жазған. Бұл өнерпаздың аса шебер нұсқалары қазіргі күнде Англияда Британ музейінде, Париждің ұлттық кітапханасында, Вена шаһарында сақталады. Өзбекстанның Мемлекеттік кітапханасында да Сұлтан-Али қолымен жазылған Әлішердің бірнеше шығармалары бар.

Бұл алуандас өнерпаздардан басқа өзімен замандас бірнеше ірі тарихшылардың ғылымдық, тарихтық еңбегіне де Әлішердің әсері тиіп, ойының сәулесі, өнер бейнесі түскені бар. Тарихшы Мирхондтың немересі Ғиясаддин Хондемир Әлішердің өз тәрбиесінде өскен. Оның “Хабиб-ас сийар” атты кітабында, Науаидің өзін сипаттаған еңбегінде ұлы ақынның бейнесі аса құрметпен баян етілген. Әлішердің замандасы және бір атақты тарихшы Дәулетшаһ өзінің “Төз кират-аш-шуара”² деген еңбегін Науаиге арнап жазған.

Ірі мемуаршы, шебер ақын Захир ад-дин Бабур³ өзінің атақты “Бабур-нама”⁴ деген кітабында Әлішердің ақындық, өнерпаздық, мемлекеттік қайраткер, ұстаз есебіндегі әрекеттерін, мол бейнесін зор құрметпен баян етеді.

Қазақтың атақты классигі Абайдың Науаи қасиетін кеңінен тануына себепкер, бір жағынан Науаидің өз шығармалары болса, екінші жағынан – осы Бабурдың берген бағалары болған. Абай үшін Науаи ерекше қадірлі классик болып еді.

Міне, сол арғы замандардан бастап кейін көп ғасырға созылатын өзбек халқының мәдениет тарихында бергі замандардың талай ірі ақындары да өз шығармаларында Науаи бейнесін көріктеп, жыр етуден айнымайды. Барлығы да өздерін Науаидің ақындық мектебінен үлгі алып өстік деп баян етеді.

Бірақ бұрынғы мәдениет тарихында Науаи әсері мен бейнесін сақтаған жоғарыда айтылған мұралардың көбінің біздің заманға жетпей қалғаны бар. Әсіресе, заттық мәдениет белгілері, көпшілік халыққа кең түрде мәлім болып жеткен жоқ. Сәулет өнерінің мұралары заман тоздырып, ойран болған. Сурет, күй, нақыс жазулар да тозғындап, өшіп жоғалу қалпында болған еді. Тек жазуға – көркем әдебиет пен тарих кітаптарына түскен белгілер ғана сақталып келген еді. Бірақ олар да өзбек халқының қалың көпшілігіне мол жайыла алмаған болатын.

Өнер, білім қазынасында Науаидің шынымен бар қасиет-қадірі артып, қайта танылғаны тек Ұлы Октябрьден соң. Ленин-Сталин бастаған социалистік ұлы мәдениеттің дәуірінде ғана Әлішер Науаи барлық өмір шындығымен, асыл еңбектерімен қайта туған дәуренге жетті. Бір ғана өзбек халқының ақын данасы болып қоймай, бауырласып табысқан бүкіл Ұлы Одақ елдеріне бірдей ардақты классик болып, қайта туған дәуір, дәурені келді.

Бір Өзбекстан социалистік мәдениетінің өзін алғанда, соңғы жиырма-отыз жыл ішінде Науаиге бағыстанып істелген көркемөнер, көрікті әдебиет, ғылымдық зерттеу істерінің өзінің саны ұшан-теңіз деуге болады. Ендігі Науаиге арналған ескерткіштер айрықша екі үлкен салаға бөлінеді. Мұның бірі — Науаи шығармаларының тақырып мазмұндарынан туған ғажайып жаңалықтар. Екіншісі — Науаидің өз өмірі, өзінің ұлы бейнесі турасында жасалған өнер мұралары, ескерткіштері.

Жалпы алғанда, Науаи шығармалары мен өмірін искусствоға, әдебиетке, ғылымға мазмұн, арқау етіп жаңа еңбек туғызушылар тек өзбек халқының өзінен ғана шыққан өнерпаздар мен білімпаздар емес. Олармен қатар, орыс халқының атақты қайраткерлерінің де сіңіріп жатқан еңбегі мол.

Осындай топтардың біріккен күштерімен жасалған өнер туындыларын алсақ, сан салаға бөлуге болады. Бүгінгі советтік музыкада, театрда, суретшілікте, скульптурада, балетте, архитектурада түгелімен әр алуан болып Науаи шығармалары, Науаидің өз бейнесі қалыптанады.

Өзбекстанның бүгінгі совет әдебиетінде, совет киносында Науаи бейнесі ерекше орын алып, аса көркем дастан геройының бейнесіндей боп сыпатталады.

Өзіне бөлек аса бай, мол сала болып Науаидің өнері мен еңбектерін зерттейтін ғылым (әдебиет тарихы, тарих, мәдениет тарихының) салалары туып отыр. Бұл жөнде де өзбек оқымыстылары мен орыс оқымыстыларының еңбегі, орны өзгеше.

Искусствода, совет дәуірінде өз тарихын бастаған өзбек театры ең алғашқы ірі табыстарының бірі есебінде Науаидің “Фархад — Шырынын” музыкалы спектакль етіп қойды. Өзбектің бүкіл Одаққа қадірлі, бұлбұл үнді әншісі Халима Насырова өзінің алғашқы өнерлі талабын сол

спектакльде Шырын образын ойнаудан бастаған еді. Бұл күнде совет композиторларының біріккен күштері туғызған “Ләйлі – Мәжнүн” операсы да Әлішердің мәңгілік қасиетін жоймас тамаша дастанынан нәр алған. Соңғы бір жыл ішінде Өзбекстан театрының сахнасына тағы бірнеше ірі шығармалар қосылды. Хамза атындағы академиялық драма театры “Әлішер Науаи” атты көркем спектакль қойды. Ташсовет атындағы музыка театры “Сухейли уә Мехри” атты балет қойды. Мұның да мазмұны Әлішер шығармасы, “Сабаи сайера” дастанындағы Жабир атты жолбасардың жайын баян еткен әңгімеден алынған.

Суретшілік өнерде, соңғы он жылдар бойында Науаидің балалық шағынан бастап, ұлғайған кезіне дейінгі бейнесін сан ірі суретшілер үлкен ізденулермен көріктеп, бейнелеп жатыр. Бұл жөнінде Өзбекстанға еңбегі сіңген қайраткерлер Уфимцев, Орал Таңсықбаев⁵ істері айрықша бағаланады. Скульптура (кескін) өнерінде өнерпаз Дитрихтың жасаған бейнесі бойынша Ташкент қаласында Науаиге зор ескерткіш қойылғалы отыр.

Науаи атына Өзбекстанның көркемөнері арнап тудырып жатқан ескерткіштердің арасында ертегідей сұлу, сән мұрасы боп Ташкент шаһарында Науаи атындағы театр салынып отыр. Мұны салушы атақты академик Щусев пен өзбек халқының шебер ұсталары: Шырын Мұрадов, Кули Муразов, Балтаев, Таш-Пулат Асланқұловтар және безендіру өнеріне шеберленген жас суретші Шыңғыс Ахмаров та бар.

Советтік кино өнері бүкілодақтық зор табыстарының қатарына биыл Науаиге арналған тағы бір тың ескерткіш қосты. Ол “Әлішер Науаи” атты көркем кинофильм. Мұның сценарийін жазғандар Сұлтанов, Уйгун, Спешнев, Шкловский. Картинаны көркем етіп қоюшы режиссер Камил Ярматов. Онда Әлішер ролінде ойнаған Хамраев, Хусайын Байқара ролінде ойнаған Асғат Исматовтар ерекше қадірлі өнер танытты.

Жоғарыдағы айтылған театрды салушы өнерпаздар мен кинокартинаны жасаушы режиссер және бас артистер Сталин атындағы сыйлықты алды. Кинофильм “Әлішер Науаи” және Хамза атындағы театрда қойылған “Әлішер Науаи” атты драма (мұны жазған Иззат Сұлтанов, Уйгун), онан соң 1946 жылда Сталин атындағы бірінші дәрежелі сыйлық алған Өзбекстанның зор романы біздің заманда

ұлы ақынға арналған ескерткіштердің ішіндегі ең ірілері, ең қадірлісі деуге болады.

Бұл соңғы үш шығармада Науаидің өз еңбектері емес, оның өз өмірі мен адамдық, азаматтық зор тұлғасы ұлы бейне болып сипатталады. Осы шығармалардың үшеуі де Науаидің көркемөнердегі бейнесін бір өзбек халқы емес, бүкіл Одақ халықтарына, қала берсе, дүние жүзіне кең танытатын, аса қадірлі ескерткіштер.

Науаи туралы киносценарий мен драма ұлы ақынның өмір тартысын көрсетуде, оқиғалық құрылыстарында, жалпы көркемдік идеяларында біріне-бірі аса жақын. Жалғаса жасалған ұқсас желі – мазмұн бар.

Науаидің өміріне, заманына, бас қасиеттеріне, ұлы еңбектеріне арналып шыққан шығармалардың ең зоры – “Науаи” романы. Өзбекстанда Әлішер шығармаларын, оның заманын, өмір тағдырын ең мол зерттеп, тегіс таныған, әрі үлкен талантты жазушы, әрі білгір, ізерлі ғалым Айбек бұл романында өзінің қанатын кең жайған. Социалистік реализм әдісін осы романды жазуда өзінің анық айқын арнасы етіп алған жазушы өзбек тарихында Герат мәдениетінің дәуірін кең ашып көрсетеді. Оқушыға мол білім береді. Адамдарын заманының, ортасының өзіне сәйкес тілімен сөйлетіп, ойымен ойлатып, көңілге қонымды сезімімен сезіндіре біледі. Бұл романда әртүрлі қоғамдық орталардың көп өкілдері майданға шығады. Бір жағы халық, бір жағы патша сарайы, қанаушы топтардың саты-саты тартыстарын, Әлішер айналасындағы қоғамдық өмірдің бар қайшылықтарын ашады.

Мұнда адал еңбек соңындағы момындар, солардан шыққан адамдық қасиет иесі ерлер, әйелдер көрінеді. Ауыр еңбек, үмітсіз бейнет басқан, жоқшылық жүдеткен жабайы көпшілік те түгел танылады. Мастыққа, азғындыққа ауысқан хан сарайында елді жеуден тояры, тынымы жоқ, жеміт уәзірлері таңбалады. Ел басына солар салып жатқан соғыс, салық, зорлық, қиянат апаттары әйгіленеді. Осындай ортада ғылымның, өнердің, азаматтық сананың биік шыңындай боп, заманынан иығы асып жүрген халық қамқоры Науаи өз ортасымен тығыз байланыста, алыс әрекет үстінде суреттеледі.

Бұл мақалада айтылған қысқаша шолуда біз Науаиге совет ақындары, өнерпаздары арнаған шығармалардың

бәрін түгелдегеміз жоқ. Жалпылап айтсақ, бүгінгі өзбек ақын, жазушыларының Науаиге арнап шығарма жазбаған біреуі де жоқ деуге болады. Әрі ақын, әрі зерттеуші боп Науаи мұраларын жақсы таныған, танытқан жазушылардың алдыңғы қатарында Гафур Гулямды, Шейхзадени, тағы да көп ақындарды атауға керек.

Сол көп ақын, жазушылар, өнерпаздар еңбектері бүгінгі жұртшылыққа ұлы Науаиді анық тірі тұлғадай етіп отыр. Бүгінгі бақытты өзбек халқының дәл бүгінгі буындарымен бірге жасап келе жатқан адамдай етіп отыр.

Сол жәйді Мақсұд Шейхзаде “Ортақ Науаи” деген өрнекті балладасында өте дәл айтып:

Әй, ұрток Навои, зурсан, ийриксан,
Куп тирик шоирдан букун тириксан,
Сен үзбек халкининг ұлмас виджони,
Миннатдор элингниг соғ граждани, —

дейді. Науаидің сол “көп тіріден де тірірек” өмір кешуіне зор себепкер де, медеткер тек біздің социалистік Ұлы Отан екені айқын.

ЛИТЕРАТУРА И КИНО

Киноискусство всех стран с истории своего зарождения черпало необычайно много из классического наследия мировой литературы, черпает и сейчас все новое, оригинальное, выдающееся, художественно высокоценное из литературы современной. Эта связь нерушимая, вечная.

Литературный герой, излюбленный поколениями, народами, герой, волновавший читателя своей необычной судьбой, борьбой, удлиняет свою жизнь на экране, представ перед читателем, ставшим уже зрителем, видимый и слышимый ему до каждого своего затаенного вздоха. Кино дополняет и обогащает литературу, часто опережает ее. Только кино пока более достойно воспроизвело для миллионов на языке искусства великие образы Ленина, Кирова, Чапаева и др. Более достойно, чем в других видах искусства и в литературе, в том числе воспроизвело оно и галерею образов великих исторических личностей — Александра Невского, Суворова.

Необычайно ускоренными темпами идет развитие киноискусства. Оно успело сделать очень многое за короткий период своей юной истории. Черпая непосредственно из жизни темы боевой злободневности, — оно уже накопило огромный опыт, высокую творческую культуру.

Литература имеет неисчерпаемые богатства, которые можно и должно воспроизвести на экране. Взять хотя бы памятники классической художественной литературы, сколько прелестей и величия таят в себе чудесные творения народов Союза в их эпосе! Переводы на языки многих народностей Союза таких шедевров мирового эпоса, как “Давид Сасунский”¹, “Жангар”², “Манас” и др., доказали, что в создании вековых ценностей мирового фольклора, эпоса участвовали творчески все народы. И все эти величественные памятники литературы, ставшие ныне достоянием нашей

социалистической культуры, ждут своего воплощения на экране. Не за горами то время, когда киноискусство поведаст миру на своем языке, заново одухотворив и оживив мощные героические образы Манаса, Жангара, Кобланды, Алпамыса, Кёр-Оглы, Давида Сасунского и многих других, оживит пленительные лирические образы Баян-Слу, Лейли—Меджнун, Ай-Чурек.

Киноискусство настоятельно требует активной помощи писателей. Особенно это важно в национальных республиках, в частности в Казахстане, где развитие кино еще отстает. Казахский писатель, безусловно, несет ответственность за развитие молодого кино своей республики. Между тем нужно признать, что кино в Казахстане находится в самой зачаточной стадии своего развития, и приходится сказать с горькой досадой, что эта стадия стала протiwоестественно длительной.

Существуют различные объяснения причин отставания, и среди них одно мнение требует решительного опровержения, как заведомо ошибочное. Сторонники этого мнения полагают, что киноискусство успешнее развивается в той республике, где сильнее развита литература. Нам кажется, что это определение не делает чести ни кино, ни литературе и, главное, оно неверно по существу. Хорошо, когда кино опирается на лучшие образцы литературы, на ее апробированные, безусловные ценности, но не менее хорошо и законно, когда киноискусство само без литературных предпосылок создает присущие литературе жанры в параллельных, но самостоятельных творениях самого кино. Оно творит и кинопоэму, киноновеллу, кинооперу и может творить и киноэпос. Разве является только результатом развития монгольской литературы появление картины “Сухэ-Батор”³⁹? Разве только литературные предпосылки, а не последовательные этапы развития самого кино создали трилогию о Максиме⁴⁰, произведение высокоценного, поучительного прежде всего для литературы? А если бы кино обратилось с настоящей глубокой заинтересованностью и свойственными ему активными поисками, какая народность не смогла бы предоставить в помощь замечательные, неповторимые художественно высокоценные сюжеты хотя бы из числа вековых накоплений духовной культуры данного народа? Нет, не отставание литературы — причина

отставания кино. Кино слабо развивается там, где ему уделяют недостаточно внимания и, в первую очередь, писатели.

Есть еще и другая ошибочная практика – называть темы картин из жизни республик, из их истории – темами местными. Отсюда, очевидно, следует вывод, что эти темы ограничены масштабами только данной республики, данной народности. А между тем не существует местных народных произведений, местных художественных ценностей. Народное, подлинно художественное в истории культуры, в литературе одной народности тем самым народно, художественно ценно и в масштабе общесоюзном.

Советское кино создало на материале республик, на так называемом местном материале, интереснейшие кинопроизведения. Вот за продолжение этих уже созданных традиций, за еще большее углубление их, за решение проблемных, важнейших задач кино именно на материале жизни братских народов Союза должны бороться писатели и художники, смелые новаторы в области кино.

Мы должны воплотить в кино все своеобразное, свежее, поэтически драгоценное из жизни своего народа, своей республики, самобытно, художественно поведать о нем зрителю всего Советского Союза.

Мы, казахские писатели, хотим активно участвовать в создании картин полноценных, проблемных не только в масштабе союзного, но и мирового экрана. Объединенными творческими поисками, смелыми дерзаниями писатели и кинорежиссеры должны стремиться к созданию художественных фильмов на материале истории литературы и многообразной, боевой современности, фильмов общесоюзного значения. Наши картины должны влить в историю кино свежие струи, какие привносят в мировой фольклор, например, советские народные акыны, в мировую музыку – казахская народная музыка, в современную советскую литературу – казахская поэзия, драматургия, проза.

Кино справедливо гордится своей органической связью с народным творчеством. Оно всегда легче, лучше находило внутренний контакт, как наиболее народное искусство, с народными истоками. Говоря об эпической культуре казахского народа, мы не имеем в виду только картины

на материале казахского эпоса. Даже показ современного человека, вплоть до современных героев фронта и тыла, может быть преподан в особом стиле киноэпоса.

История казахского народа необычна и величественна. Путь от пастуха кочевого феодально-родового аула – до инженера, врача, ученого, от просватанной невесты, третьей, четвертой жены бая-старика – до поста народного комиссара; от робкого мальчика, которого мать прятала при появлении царского стражника, до Героя Советского Союза – вот какой путь прошел в жизни современный казах, советский человек. Какой диапазон внутреннего мира, психики этого человека! Ведь даже не эпос, а лишь сказочные трансформации равноценны таким необычайным сдвигам, переменам, перерождению личности... И самое главное, что этот процесс совершился не с одним человеком, а со всем народом, страной, со всей его материально-технической культурой и даже с его естественно-географической средой отчасти. И в этом смысле увлекательно было бы киносказание о каком-нибудь вновь рожденном городе, промышленном центре – Караганде, возникшей в бескрайних степях, дремавших в вековой тишине и неподвижности, о Балхаше – мировом медном гиганте, родившемся на бесплодном песчаном побережье степного озера, о городе Карсакпае, Джезказгане, о Голодной степи, ставшей базой белого золота – хлопка и т. д.

Мы не имеем, конечно, в виду создания всех казахских картин по одному стилю, типу и подобию. Это само по себе превратилось бы скоро в новый шаблон. Жизнь народа, его духовная культура, его действенная история бесконечно многообразны и в каждой грани своей могут предоставить мыслящему, ищущему писателю или режиссеру неисчерпаемо разнообразные данные для высокоценного, проблемного, глубокого по мысли и художественной сути произведения. Киноэпос, киносказание – только одно из возможных исканий того нового, с чем как с полноценным вкладом могло бы прийти в общую сокровищницу казахское советское кино. Мысль художника, однажды ставшая на благодарный путь смелых, дерзновенных исканий, может обнаружить и воссоздать еще много-много не менее значительного, оригинального. А на этом пути к его услугам нетронутые кино, разнообразнейшие накопленные богатства

казахского народа — его музыка и музыкальное творчество, его акыны, его хозяйственный уклад, обычаи, нравы. В каждом из перечисленных моментов художник кино найдет благодарный, своеобразный, интереснейший материал и объекты, способствующие созданию не шаблонного, бледного фильма, а фильма сочного, интересного. Только такого воплощения ожидают от ближайшего будущего молодого казахского кино исторические темы: об Абае, Сырыме, Исатае, Кенесары, Амангельды. Темы о выдающихся творческих личностях: Абае, Чокане, Биржане, Курмангазы, Джамбуле, темы эпоса, преданий, прекрасных легенд о Коркуте, Асан-Кайгы, Алдар-Косе, темы лирических и поэтических сказаний о Баяне, Кыз-Жибек, Кан-Шаим⁵.

Мы не за кино эпигонское, посредственно приемлемое, бесцветное по сути. Сколько бы ни было создано фильмов, какие бы злободневно-боевые темы не затрагивали эти картины, они не создают ни истории кино, ни культуры его. Казахстан — мощная передовая, равноправно культурная республика в семье братских республик Советского Союза не удовлетворится средними, серыми, посредственными кинопроизведениями. И несмотря на временное отставание кинопроизводства в нашей республике, мы, деятели фронта литературы, киноискусства и представители общественности, обязаны сказать наше решительное слово за создание казахского кино, оригинального, полновесно художественного, проблемного.

БОЛЬШЕ ВЫСОКОХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ

Выступление писателя М. Ауэзова

Наше собрание счастливо совпало с днями, когда позывные сигналы московского радиовещания не раз, не два, а многократно за вечер и ночь доносят победные вести с фронта Отечественной войны. Под ударами нашего гиганта-исполина рушится час за часом, день за днем мир зла на его последних рубежах. Рушатся последние заслоны фашистского зверя, и один за другим встают из пепелища для жизни народы, страны. Они получают и жизнь, и свободу из рук нашей Красной Армии.

Мало сказать, радость — ликование наполняет грудь. И хочется быть достойным того великого, что возносит нашу Родину, возносит самоотверженных, истинно достойных сынов ее.

Проверка, самопроверка — законное стремление при этом состоянии. И с этих диктуемых величайшими днями наступления положений нужно окинуть взором деятельность писателей Казахстана.

Велики и благородны задачи писателя в дни жестокой борьбы с кровавым врагом. Нет и не может быть советского писателя, стоящего вне этой борьбы.

Касаясь всего нового в казахской литературе, рожденного за годы Отечественной войны, я должен сказать, что писателями республики проделана большая работа.

Не говоря о замечательном творчестве акынов нашей республики, я могу указать на ряд серьезных достижений в творчестве отдельных поэтов, прозаиков, драматургов. В их числе в первую очередь нужно отметить произведения поэтов, писателей-фронтовиков — Павла Кузнецова, Аманжолова, Снегина, Сарсенбаева, Саина, Абилева. В их

творчестве нашли отражение правдивые, горячие чувства непосредственно пережитых событий. В поэзии с самого начала войны успешно, и, главное, в новом качестве, выступает талантливый поэт Гали Орманов. Лиризм, искренняя взволнованность и серьезные мысли делают его стихи настоящим выражением действительно значительных дум о Родине и о судьбах ее. В драматургии тематика Отечественной войны нашла свое отражение начиная еще с осени 1941 года. Но нужно сказать, что в этом жанре нет еще полноценных художественных полотен.

Новинки казахской литературы в жанре драматургии приходится больше на тему прошлого. Здесь необходимо упомянуть имя поэта Тажибаева Абдильды – очень успешно, действительно оригинально и талантливо выступающего в новом для него жанре драматургии. Я имею в виду его новую пьесу “Котерилген кунбес” (“Возведенные своды”), пьесу, посвященную 20-летию республики братского узбекского народа.

Художественная проза, несколько отставшая от других видов литературы Казахстана в первые годы войны, сейчас вступает в свои права, внося в литературу военных лет подлинно художественные, настоящие ценности. В числе новинок художественной прозы 1944 года выделяется талантливая повесть Мусрепова “Казахский богатырь” о Герое Советского Союза Смагулове. Оригинальную художественную повесть о нефтяниках Казахстана написал писатель Сланов¹. Многообещающие интересные главы из повести об угольной Караганде в дни Отечественной войны начал публиковать писатель Абишев².

О жизни и деятельности одного из замечательных сынов казахского народа – новатора Берсиева – пишет повесть, широкую по замыслу, оригинальную по своим приемам показа героя, писатель Мустафин.

С особенным удовлетворением нужно отметить, как значительный в литературной жизни Казахстана факт, – окончание романа “Метель” известным широкому кругу советских читателей писателем Шуховым.

Наконец, нужно упомянуть целую серию научных исследований историко-литературного порядка писателей,

критиков, литературоведов республики. Ими под руководством Института языка и литературы КазФАНа написан за годы Отечественной войны объемистый первый том истории казахской литературы, предназначенный как пособие для вузов; подготовлено академическое издание полного собрания сочинений Абая к его столетию. Объемистый труд в виде углубленно-научной монографии об Абае заканчивает сейчас писатель Муқанов.

Таковы вкратце дела писателей Казахстана. Я перечислил здесь только наиболее заметные, серьезные трудовые усилия писателей. Но все это вместе взятое мало, чрезвычайно мало еще для того, чтобы оправдать наш писательский долг перед страной, перед нашим народом.

Произведение антихудожественное, схематически примитивное подобно орудью, стреляющему мимо цели. А у нас имеются такие произведения. В писательской продукции наша общественность заинтересована кровно. Лучшее произведение литературы — гордость и отрада, а все низкопробное, слабое — горечь и досада для общества.

Нужно предъявить себе серьезный счет, чтобы расквитаться за наши долги перед читателем-бойцом, защитником Родины, перед читателем — героическим тружеником тыла, перед зрителем сцены, перед зрителем экрана.

Только такое ответственное сознание позволит нам создать полноценные произведения, с которыми мы, казахстанские писатели, должны прийти к приближающейся славной дате — 25-летию нашей республики.

Только такое ответственное сознание позволит нам увеличить наш вклад в великие события, творимые сейчас на фронтах нашей победоносной Красной Армией, нашим народом под руководством гениального полководца товарища Сталина!

НАКАНУНЕ РАСЦВЕТА

Беседа с М. Ауэзовым

Певец Муха взял в руки домбру и запел. И чем дольше он пел, тем задумчивее становились слушатели. Многие забыли, что они приехали на свадебное торжество, забыли о женихе и невесте, которыми любовались весь вечер; девушки и джигиты стояли неподвижно. Отец невесты первый стряхнул оцепенение, навеянное песней:

– Скажи, дорогой Муха, чья это песня?

– У русских был акын Пушкин. Это его песня! А перевел песню и музыку к ней сочинил мой друг Абай. Песня называется “Письмо Татьяны”.

Это было в ауле Кандар Семипалатинской области, 50 лет спустя после смерти Пушкина. О том, как пушкинское письмо Татьяны попало на казахскую свадьбу, казахский писатель М. Ауэзов узнал в юности от одного из своих престарелых родственников, бывших на свадьбе.

– С тех пор, – говорит М. Ауэзов, – повелась славная традиция: уезжая к жениху, невеста в сундуке с приданым увозила стихи Абая, его переводы, среди которых неизменно можно было найти “Письмо Татьяны”.

Усвоив поэтическую культуру Востока, следуя традициям Фирдоуси и Низами, Абай воспринял передовые общечеловеческие идеалы. С изумительным блеском переводил Абай стихи Пушкина и Лермонтова. И все, что он писал и переводил, становилось достоянием народа. Особенно любопытна фигура сказочника Баймагамбета. Ему Абай пересказывал западноевропейские романы (“Хромой бес” Лесажа, “Три мушкетера” Дюма), романы русских писателей – “Дубровский” Пушкина, русское народное сказание о Петре Великом и т.п. Баймагамбет запоминал содержание слышанного и рассказывал его своим многочисленным слушателям. В детстве из его уст писатель Ауэзов слышал пересказ повести “Дубровский” и авантюрного романа “Сохатый”.

Борясь против социальной несправедливости, Абай первый указал казахскому народу тропу к русской культуре и литературе. С течением времени эта тропа превратилась в широкую дорогу крепкой культурной связи казахской и русской литератур. Приближающийся 100-летний юбилей со дня рождения Абая казахский народ готовится отметить как всенародное торжество. В Москве Гослитиздат готовит к изданию большой однотомник поэта на русском языке под редакцией Л. Соболева. Институт истории, языка и литературы при Казахском филиале Академии наук СССР выпускает академическое полное собрание сочинений и большой сборник, освещающий жизнь и деятельность поэта. С. Муканов закончил большую (20 печатных листов) монографию о классике казахской литературы Абае. К юбилею выпускается полнометражный документальный фильм о жизни поэта, осуществлена постановка оперы “Абай” (композиторы Жубанов и Хамиди). В Москве, в издательстве “Советский писатель”, выходит роман Ауэзова “Абай” на русском языке.

— Кроме этой юбилейной даты, — сказал сотруднику нашей газеты казахский писатель М. Ауэзов, — казахские писатели готовятся достойно отметить 25-летие Казахской Советской республики.

Наши писатели охвачены сейчас творческими поисками, им свойственны отдельные срывы, неудачи, но в основном большинство наших писателей успешно и напряженно трудятся, чтобы создать произведения, достойные нашей героической эпохи.

Надо сказать, что в первый период войны писателями было написано много пьес. Драматурги стремились поскорее откликнуться на военные события, вызвать у зрителей чувство ненависти к врагу, но многие пьесы были лишены убедительных образов, сложные, жизненные процессы подменялись в них бледными фотографиями. Отсутствие художественных достоинств в этих пьесах привело к тому, что они очень быстро сошли со сцены. Но начиная с 1943 года мы можем говорить уже о некотором переломе как в области драматургии, так и в других жанрах. Драматурги написали ряд пьес, значительных по своей художественной ценности. Таковы пьесы Ш. Хусаина “Перне” и “Амангельды”, С. Муканова “Нить Ариадны”, пьесы А. Абишева, А. Тажибаева, Г. Мусрепова и др.

А. Тажибаев, автор пьесы “Ковер Джомарта”, закончил недавно две новые пьесы — “Мы — казахи” и

“Воздвигнутый купол”. А. Тажибаев – один из наиболее ищущих наших поэтов. Он переводил Гейне, Шевченко и других классиков. Это обогатило его поэтическую зрелость. Лирик по преимуществу, А. Тажибаев показал себя в пьесах как зрелый драматург. Особенно интересна его пьеса “Воздвигнутый купол”. В ее основе лежит казахская легенда об узбекском строителе. Пьеса написана стихами. Ее язык яркий и образный, пьеса подкупает не только своей лиричностью, но и большой философской глубиной.

Г. Мусрепов – писатель оригинальный и своеобразный. Он написал интересную повесть “Казахский батыр”, посвященную Герою Советского Союза Х. Исмагулову. Мусрепов известен у нас и как талантливый драматург. Его пьеса “Козы Корпеш и Баян Слы” пользуется популярностью среди народов. В соавторстве со мной Мусрепов работает сейчас над пьесой о легендарной 8-й Гвардейской дивизии.

Наши поэты в первый период войны написали много стихотворений на военные темы. Стихи были декларативны, схематичны, лишены оригинальной поэтической образности. Сейчас поэты стремятся овладеть сюжетными поэмами, дать в них живые характеры героев наших дней. Одним из наиболее талантливых поэтов является, несомненно, Г. Орманов. В его стихах чувствуется влияние Абая и великих русских классиков Пушкина и Лермонтова. Военное время обогатило лирику Г. Орманова новым содержанием. Любовь к родине, беспощадная борьба с врагом, горе матери, потерявшей сына на фронте, и ряд других тем разработаны им с трогательной искренностью.

За годы войны интересные сдвиги наметились и в творчестве наших известных акынов. Байганин Нурпеис, Баймуратов Нурлыбек, Бекежанов Нартай, Байзаков Иса удачно выступают с поэмами на темы об обороне Родины, о героях фронта и тыла. Их поэмы, созданные за это время, отличаются быстрым развитием фабулы, углубленной характеристикой действующих лиц. Все этому акыны учатся у наших современных поэтов. Правда, мы не имеем сейчас такого гиганта поэзии, каким был Абай, но творческая связь поэтов и акынов не прервалась. Соревнуясь и творчески воздействуя друг на друга, написал поэму А. Токмагамбетов о первом казахском герое из 8-й Гвардейской дивизии Тулегене Тохтарове, и об этом же герое интересную поэму создал акын Баймуратов. Каждый наш район, каждая область имеет своего акына,

от пытливого взора которого не ускользает ни одно важное событие, происходящее в районе или в области.

В области прозы за последнее время также появились довольно значительные произведения. Героическое напряжение людей, добывающих нефть, отобразил в новой повести “Джанар-Тау” Г. Сланов. О Чаганаке Берсиеве, поставившем мировой рекорд по добыче проса, пишет повесть Г. Мустафин. И все же необходимо сказать, что, несмотря на некоторые положительные результаты, с прозой у нас положение не совсем благополучное.

В Казахстане имеются такие гиганты промышленности, как Балхашский медеплавильный завод, Лениногорский комбинат, Чимкентский свинцовый завод и др. На этих предприятиях за годы войны выдвинулось большое количество людей, прекрасно владеющих сложными машинами, появились герои, показывающие высокие образцы производительности труда. То же самое можно сказать и о людях, работающих в области хлопководства, рыбных промыслов, на рудниках.

Остановлюсь на одном очень интересном факте: к нам в Караганду из Донбасса во время эвакуации прибыло очень много старых донбассовских шахтеров. Они обучили стахановским приемам добычи угля наших казахских рабочих. Вследствие этого в Караганде резко повысилась добыча угля. Такое трудовое содружество могло бы стать темой для большой эпопеи. Годы войны отмечены трудовым героизмом наших женщин. Они работают на заводах и предприятиях, в колхозах и на хлопковых полях, овладели многими профессиями. Надо признать, что все эти люди пока еще не стали героями наших произведений.

Несомненно, в отрицательном смысле отразился на развитии нашей литературы и тот факт, что за время войны прекратили свое существование литературный журнал и литературная газета, издававшиеся раньше в Казахстане. В конце 1944 года вышел первый номер нового альманаха “Майдан” (“Фронт”).

Подводя итоги всему сказанному, можно смело заявить, что у нас есть и талантливые люди, и все объективные условия для дальнейшего развития литературы.

**Пьесапар,
либретто**





НАМЫС ГВАРДИЯСЫ

Төрт актылы, жеті суретті пьеса



Қатынасатындар

Сталин.

Панфилов Иван Васильевич.

Намысұлы Бақытжан – батальон командирі.

Григорьев – дивизия комиссары.

Чупров – полк командирі.

Жанбозов Сабыр – рота командирі.

Ғалиев Мейрам – рота политругі.

Тоқтаров Төлеген – автоматчик.

Нина – жау алған деревняның қызы.

Армия генералы.

Валя – медсестра.

Фогель – неміс дивизиясының командирі.

Курц – неміс полкінің командирі.

Штольберг – неміс штабының бастығы.

Қызмет адамы, доктор, санитарлар,
адъютанттар, командирлер, қызыл әскерлер,
неміс солдаттары.

I АКТ

Бірінші сурет

Күз. Жапырағы сарғайған орман. Күн батуға айналған кез. Перде ашылғанда блиндажда Төлеген мен Мейрам ән салып отырады.

Т ө л е г е н.

Біз құрбан, туған елім, сен аман бол,
Асқар тау, бетегелі бел, аман бол,
Қанымдай қасиетті суың қымбат,
Айдын көл шалқып жатқан, сен аман бол!

Олең аяқтала берген кезде Намысұлы ар жақтан шыға келеді.

Н а м ы с ұ л ы. Па, серілердің серпер жерін тапқанын.
Жау қырам деп қыра алмай, ерлер отыр ұялмай. Жауды
қуып келудің орнына қашып келгенге мәзбіз-ау, сірә!

Т ө л е г е н. Бас көрікті!

М е й р а м. Әй, батыр-ай, осы жолы көрікті баса алмай
қалдық қой деймін, төбеден дәл ұрды ғой.

Н а м ы с ұ л ы (*бинокльмен алысқа қарап тұр*).
Кеудеден жан кеткендей әннен сән кетіп тұр-ау, бауырлар.
Сонау Москваның үстінде ашық аспан бетіне бедер салған
жұдырықтай қара түтіндерді көрдіңдер ме?

М е й р а м. Көріп тұрмыз-ау, Бақытжан аға.

Н а м ы с ұ л ы. Көрсең, ол не?

М е й р а м. Не деуге болады? Жан анаңа, ғазиз анаңа
тиген тепкі дермісің?..

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, сол тепкі біздің кекті жанысын.
Мұқалмас, өшпес кекті жанысын.

Т ө л е г е н. Жанып-ақ, жаланып-ақ ұрып жүрген жоқпыз
ба осы. Құрсауын үзіп, қоршауын бұзып-ақ келдік қой.

Н а м ы с ұ л ы. Бұзып-ақ келдік. Қайда келдік?
Шегінгеніңе шелиемісің? Москваға жеткенге мәзбісің?

Т ө л е г е н. Бас көрікті. *(Ұшып түрегеліп.)* Әй, енді шегінсек, бетке сірі жапсырып шегінерміз-ау.

Н а м ы с ұ л ы. Қайнар қаның, қайнар. Бірақ әлі қайнап піскен жоқсың. Жалғыз сен емес, тіпті, біздің бар батальон әлі піскен жоқ. Бәріміз де әлі шикіміз. Батальон жайын ойласам, жігерім құм болады. Жаудың қоршауын бұзып шыққанымыз өзімізге әлдеқандай көрініп ед, ойласам, олай емес екен.

М е й р а м. Енді қалай?

Н а м ы с ұ л ы *(сырттан біреулерді көргендей болып)*. Оны кейін естірің.

Төлеген мен Мейрам көрінбей кетеді. Панфилов, Григорьев, Чупров шығады.

П а н ф и л о в *(блиндаждың іргесін ұстап көріп)*. Мына блиндаж жауынгерлерді күннің көзінен болмаса, оқтан қорғай алмас. *(Намысұлын көріп.)* А, Намыс! Аманбысың? Сендер үшін күпті едім, қуанттың ғой! Сондай қиын құрсаудан қалай құтылдың, айтшы! Тайғақтың асуындай осы кесір асудан ер кім болды? Соны тани білдің бе?

Г р и г о р ь е в. Осылардың ері көп, езі аз болған-ау деймін.

П а н ф и л о в. Сен неге үндемейсің?

Н а м ы с ұ л ы. Ерлікті таңдап алу да, ездікті таңбалап беру де қиын ғой, жолдас генерал! Біз осы екеуінің бірінен шығып, біріне жете алмай аралықта жүрмесек.

П а н ф и л о в. Дұрыс, мақтанбасаңыз мақұл.

Ч у п р о в. Әрине, әсіресе, батальонды қоршауда қалдырған взводы бар командирдің мақтанбауы сыпайы.

П а н ф и л о в. Жә, батальонның қоршауда қалуына себеп болған взвод командирін шақыртшы, ол ротаның командирі кім еді?

Н а м ы с ұ л ы. Жанбозов.

П а н ф и л о в. Жанбозов па еді? Оны да шақыр.

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас генерал, осының екеуі де жоқ.

П а н ф и л о в. Олар қайда?

Н а м ы с ұ л ы. Жанбозов, тағы сол взвод командирінің кесірінен бомба түскен блиндаж астында қалып қойды.

Г р и г о р ь е в. Ал взвод командирі ше?

Н а м ы с ұ л ы. Ол атылды.

П а н ф и л о в. Атылды!

Г р и г о р ь е в. Кім атты?

Н а м ы с ұ л ы. Сол жазалары үшін біз аттық.

П а н ф и л о в. Аттық! Рұқсат еткен кім, атқан кім?

Н а м ы с ұ л ы. Рұқсат еткен де, атқан да мен өзім.

П а н ф и л о в. Мен өзім? Саған мұндай правоны берген кім?

Ч у п р о в. Сен бұл сырынды менен неге жасырдың?

Н а м ы с ұ л ы. Жасырғым келген жоқ, жолдас полковник, жауабын бір-ақ рет беріп, жазасын бір-ақ алғым келді.

Г р и г о р ь е в. Сен командир болудан гөрі, әскери сот болуды лайық көргенсің ғой, сірә?

Н а м ы с ұ л ы. Неміс қоршауында бар совет үкіметі бір өзім болдым, енді қайтейін.

Ч у п р о в. Мынау не деп тұр?

П а н ф и л о в. Сенің осында ағаттық бар ма, жоқ па, өзің не дейсің?

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас генерал, оған ешқандай шәк-шүбәм жоқ, ағат емес.

Г р и г о р ь е в. Сонда сен өз бетіңмен ата бермекпісің?

Н а м ы с ұ л ы. Ондай ез, намыссыз, опасызды ату керек, әлі де атамын.

Г р и г о р ь е в. Сүйтесің бе сен? Алды-артыңа қарамай тап беріп, тарс жарылып отырсаң, армия не болмақ, тәртіп қайсы? Ала мінез қаптамай ма, егінді басқан арам шөптей.

Н а м ы с ұ л ы. Арам шөп!?

Г р и г о р ь е в. Я.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, арам шөпті жұлатын да тастайтын еді ғой.

Г р и г о р ь е в. Жұлынуы ғажап емес.

Н а м ы с ұ л ы. Онда менің атым арам шөп екен, жұлыңыз да тастаңыз. *(Айналып кетпек болады.)*

Г р и г о р ь е в. Бұл нендей тәртіп?

Ч у п р о в. Кімнің алдында тұрғаныңды білемісің?

П а н ф и л о в *(Чупров пен Григорьевтің бұл мінездерін жақтырмаған түрде қарайды да, Намысұлына жақындайды).* Тоқта. Кешке штабқа келесің. Бар! *(Намысұлы кетеді. Чупровқа.)* Жә, бұл не, жолдас полковник?

Ч у п р о в. Бұл біздің ең піспеген батальон. Мына мінез, мына қылық соның айғағы.

П а н ф и л о в. Сіз піспеген деген сөзді әрқашанда айтасыз, пісіретін күніңіз бар ма, жоқ па? Олай болуыңа себеп не, кінәлі кім?

Г р и г о р ь е в. Сіздердегі қазақтары көп батальон осы еді ғой.

Ч у п р о в. Иә, осы. Біздегі ең осал батальон да осы.

П а н ф и л о в. Мен оны сұрап тұрғаным жоқ, себебін сұрап тұрмын сізден.

Ч у п р о в. Ол себеп белгілі емес пе, Иван Васильевич. Бұлар армияның темір тәртібіне төселмеген елдің баласы ғой.

П а н ф и л о в. Ендеше, сіздің төселген тәрбиеңіз қайда, толған тәжірибеңіз неменеге керек? Мен сізге ескертейін, қатты ескертейін: бәрін білдік, таныдық деп жүреміз, сонымен қабаттасып, тексерілмей жүретін оқ өтпес бір бітеулік те жатады ішімізде. Қазақ деп, халқына сын тақпақсыз ба? Түңілер жайыңыз бар ма? Қай қасиетін білуші едіңіз? Енді қайтып естіртпеңіз бұл сөзді маған. Бұдан былайғы біздің бүкіл дивизияның таразысы сол піспеген осал батальоныңыз болады. Сол батальон еңіреген ер, жалыны алау атып аспан құшқан өрттей өр, балғын батальон болғанда ғана дивизия деген жеріне жетті, биік белге шықты дерміз, серт осы ғана.

Ч у п р о в. Серт етуге дайынмын, Иван Васильевич. Бірақ бір адам емес, он адам емес, бүтіндей бір батальонды мұндай етіп шығару көп уақытты тілемей ме?

П а н ф и л о в. Ендеше, сол батальонды менің өз бақылауыма беріңіз.

Ч у п р о в. Алыңыз. Бірақ ол тілекке жету үшін командиріңіз сай болсын.

П а н ф и л о в. Намысұлы сай емес пе?

Г р и г о р ь е в. Ол әлі де командир болып қалсын деймісіз?

П а н ф и л о в. Сіздер қалай дейсіздер?

Г р и г о р ь е в. Ол орнынан алыну керек сияқты.

П а н ф и л о в. Онда Намысұлының жаңағы өзіміз кінәлаған мінезінен біздің айырмамыз не болады? Ойлану керек. Жә, жүріңіздер, жауынгерлермен әңгімелесейік.

Бұлар кетеді, блиндаждан Төлеген мен Мейрам көрінеді, сырттан Намысұлы келеді.

Мейрам. Жә, жәй-күйді білдіңіз бе?

Төлеген. Не аңғардыңыз?

Намысұлы. Аңғар жайсыз, біз кінәлі сияқтымыз ба, қалай? Қорытылуы жетпеген қорғасындай қалпымыз, шемендей басып жатыр.

Төлеген. Қорытылмаған қорғасыны несі! Қайнаған болаттай-ақ ұрып жүрген жоқпыз ба осы?

Мейрам. Не болып еді сонша?

Намысұлы. Тәжірибеміз аз, тәртібіміз кем, көп нәрседен кендеміз.

Төлеген. Тіпті тәртібіміз де еш нәрседен кем емес.

Намысұлы. Сенің осыныңның өзі тәртіпсіздік емес пе әуелі.

Төлеген. Қалайша?

Намысұлы. Политрук емессің, командир емессің, қымыздың қызу кеңесінде отырғандай кие-кие жөнелесің.

Төлеген. Бас көрікті, ал қойдым, жанжал құрысын.

Намысұлы (*ақырын*). Смирно, қара тұрысын. (*Төлеген жым болады.*) Біз әлі етек-жеңімізді жинай алмай, салақ- салғырт жүрміз. Ширағанымыз жоқ. Сенің ротаң да, сондай ездің взвод командирі болып жүруіңнің өзі де осыны көрсетеді. (*Кетеді. Төлегендер де көрінбейді.*)

Жанбозов. Қауіпсіз жерге жеттік қой деймін, сіз енді айтыңызшы, мен кімге қарыздармын, сіз кімсіз осы?

Нина (*күлін*). Мындаған, жүздеген қарындастың бірі деп білсеңіз жетпей ме?

Жанбозов. Жөніңізді неге айтпайсыз?

Нина. Өзіңіз де әлі айтқан жоқсыз ғой.

Жанбозов. Мен сіз айтпағандықтан іркілемін.

Нина. Әлде мен сізге шпион, сайқал болып көрінемін, солай ма?

Жанбозов. Бұл не дегеніңіз?

Нина. Жау қолында қалған командирді құтқарған болып, өзі өткелі жүрген шпион болсам ғажап па? (*Күледі.*)

Жанбозов. Айтпайтын түріңіз бар екен, айтпассыз. Бірақ, кім де болсаңыз, тірлікте сізден зор қарыздар жаным болмас. Білмегенім үлкен арман болар да қалар! (*Намысұлы мен Төлеген келіп тұра қалады.*)

Нина. Менің де соншалық еңбек етіп өлімнен өзім құтқарған ердің жөнін білмеуім арман болар.

Н а м ы с ұ л ы (*тани кетіп, тұра ұмтылады*). Сабыр, бауырым.

Т ө л е г е н. Сабыр!

Ж а н б о з о в. Бақытжан аға! Төлеген бауырым!

Н а м ы с ұ л ы. Бауырым-ау, бар ма едің, тірі ме едің? Төлеген, санитарларды шақыр. (*Төлеген кетеді.*) Сенен айрылғалы көңілім алай-түлей күйде еді. Сен есіме түскен сайын жүрегім тілім-тілім болушы еді. Ал, сөйлеші, қалай құтылдың? Мына кісі кім?

Ж а н б о з о в. Осы кісі, мені құтқарған.

Н а м ы с ұ л ы. Ой, көп жасаңыз! Апырай, сіз кім едіңіз?

Н и н а. Мен советтің жәй бір қызымын.

Ж а н б о з о в. Қарыздарым да осы кісі, жөнін білмеген жұмбағым да осы кісі.

Н а м ы с ұ л ы. Жұмбағым! (*Сезіктенеді.*) Сіз қалай кездестіңіз, қайдан келе жатыр едіңіз?

Н и н а. Мен бір дивизия штабын іздеп келемін.

Н а м ы с ұ л ы. Қай дивизияның?

Н и н а. Сіздер қай дивизияныкі едіңіздер?

Н а м ы с ұ л ы. Маған сұрау бермей, жауап берсеңіз кайтеді, қарындас. Қай дивизияны іздеп жүрсіз?

Н и н а. Издеген дивизиям сіздердікі болар деймін. Мені штабқа жеткізсеңіздер кайтеді?

Н а м ы с ұ л ы. Ол тілегіңіз орындалады. Мынандай қымбат жолдасымызды аман алып келгеніңіз үшін, бәріміз де сізге борыштымыз. Бірақ, айыпқа бұйырмаңыз, сіздің жөніңізді айтпай жұмбақ тастап кеткеніңізге қайранбыз, оны да жасырмайын.

Н и н а (*күліп*). Ол айып емес, күдікті жасырмағаныңыз жақсы. Сіз турашыл екенсіз.

Н а м ы с ұ л ы. Күйінгенім мен сүйінгенім бәрі де тілімнің ұшында жүретін кісі едім.

Н и н а. Ол жақсы сипат, бірақ әр мінездің әр алуан кезі бар ғой. Егер менің орнымда болсаңыз, мүмкін сіз де мен тәрізді боларсыз.

Н а м ы с ұ л ы. Солай ма, жарайды. Қазір, қарындас. Адъютант! (*Адъютант келеді. Намысұлы оған Нинадан сезіктенгендігін айтып тұрғандай болады.*)

Н и н а (*Жанбозовтың қолын ұстан*). Қош болыңыз, Сабыр. Менің атым Нина. Ұмытпайсыз ғой!

Ж а н б о з о в. Сізді мәңгі ұмытпаймын, Нина.

Н и н а. Ал, тек тез жазылыңыз, қош! *(Шеткерек барып, киімдерін жөндеп кие бастайды.)*

Ж а н б о з о в. Ағып өткен жұлдыз ба қалай, көзді еріксіз тартып кетті ғой.

Н а м ы с ұ л ы. Көзің тұнжырап-ақ қалған екен, ә!

Ж а н б о з о в *(күліп)*. Ағай, өзіңіз де, алдынан өткен мысыққа қараған бүркіттей қадалып-ақ қалдыңыз-ау деймін.

Н а м ы с ұ л ы *(күліп)*. Сен немене, арыстандай болып арқасына мініп келіп, өзің көтеріп келгендей, қызғанайын деп пе едің?

Осы кезде Мейрам мен Төлеген жетіп келеді. Жүгіріп келген бойы Жанбозовты құшақтаймын дегенде оның жаралы аяғына соқтығады.

Нина сол үшін қайта жүгіріп келеді.

Н и н а. Көзіңе қарасаңшы, жолдас.

М е й р а м. Ғафу етіңіз, байқамадым. Бәсе, сені ажал жеңді дегенге сенбеп ем, шынымен топырақ астында тыпырлауға да келмей қалсаң, жыламас едім, қорланар ем.

Ж а н б о з о в. Жарайсың, құрдас. Жоқтау өлең шығарып қойған екен десем, өліміме өкпе артқалы жүр екенсің ғой.

М е й р а м. Қайтейін. Құрдасың қалып қойды деген мына Төлегеннің табасынан құтылмай-ақ қойдым.

Т ө л е г е н. Бас көрікті.

Н а м ы с ұ л ы. Тұрыңдар! *(Бәрі ұшып түрегеледі.)*

П а н ф и л о в. Мынауың кім, Жанбозов па?

Ж а н б о з о в. Сәлеметсіз бе, жолдас генерал! *(Чупровтармен де солай амандасады.)*

П а н ф и л о в. О, Жанбозов! Жокқа саналған батальон аман келді, өлді деген сен тірі келдің, қандай жақсы!

Ч у п р о в. Ал, сөйлеші, қалай аман қалдың?

Г р и г о р ь е в. Кім жеткізді?

Ж а н б о з о в. Мен құлаған блиндаж астынан қыбырлап жер бетіне шыққан едім, қанша уақыт өткенін білмеймін, сәтімен ана бір қыз кездесті де, ұзақ бейнетпен сол алып келді.

П а н ф и л о в. Жараң ауыр емес пе?
Ж а н б о з о в. Жарам онша ауыр емес.
Н и н а (*Мейрамға*). Генерал-майор Панфилов осы кісі ме?

М е й р а м. Осы кісі.

Н и н а. Жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Я, не айтпақ едіңіз?

Н и н а. Рұқсат па?

П а н ф и л о в (*оңашарақ*). Ал, сөйлеңіз.

Н и н а. Мені сізге неміс қолында қалған Руза деревнясындағы Захар қарт жіберді.

П а н ф и л о в. О, қарт Захар ма, ол тірі ме, сау ма?
Не күйде, не деді?

Н и н а. Әзірше тірі. Кетерде өзіңіз тапсырған жөнменен арнаулы сәлеммен жіберді.

П а н ф и л о в. Сіз оның несі едіңіз? Атыңыз кім?

Н и н а. Мен немересі едім. Атым Нина.

П а н ф и л о в. Нина? (*Ойланып.*) Ол кісі маған барлық балаларын, немерелерін, келіндеріне дейін атап-атап айтқан еді, сізді неғып айтпады?

Н и н а. Ол кезде менің өлі-тірілігім атама мәлім емес болатын, сондықтан айтпаған болар.

П а н ф и л о в (*ойланып*). Жарайды онда, біздің штабқа барыңыз да, мені тосыңыз. (*Намысұлына.*) Мына кісіге біреуді қосып бер, штабқа ертіп барсын. (*Нина кетеді.*)

Ч у п р о в. Иван Васильевич, Валя келе жатыр. (*Қасында санитаркалар бар Валя келеді. Чупров Панфиловты нұсқап.*) Валя, өне папаң?

В а л я. Папа! (*Тұра ұмтылып келіп, Панфиловтың иығына асылады.*)

П а н ф и л о в. Валя, мұның қалай? (*Валяның қолдарын өз қолымен орын-орындарына қойып.*) Раз, два, три! (*Намысұлына қарай бұрып жібереді.*)

В а л я. Жолдас старший лейтенант, сіздің шақыруыңызбен келген медсестра Панфилова.

Н а м ы с ұ л ы. Мынау жаралы кіші лейтенант Жанбозовты тезінен санбатқа жеткізіңіздер.

В а л я (*санитарларға*). Көтеріңдер!

Г р и г о р ь е в. Валя, көріспегенімізге көп болды ғой осы!

П а н ф и л о в. Мұның өзі папасын сағынбайтын болу керек, іздемейді де.

В а л я. Сағынғанмен қайтейін. Соғыс!

П а н ф и л о в. Дұрыс айтасың, соғыста кім папасының бауырында жүр! Жаралы жанға жәрдемді тез беріңдер. Осы менің сізден өтінетінім, жолдас медсестра.

В а л я. Құп, жолдас генерал. *(Жанбозовты әкетеді.)*

П а н ф и л о в *(Намысұлына жақындап)*. Жә, жолдас Намысұлы, өлді деген Жанбозов тірі келді. Ал сіз өлімге бұйырған адамның қылмыс жағдайы не болды?

Н а м ы с ұ л ы. Менімше, Жанбозов жағдайы өзгергенімен, қылмыс жағдайы өзгерген жоқ, жолдас генерал.

Г р и г о р ь е в. Сіздің осы қыңырлық жағдайыңыз өзгертін күн бар ма?

Н а м ы с ұ л ы. Менде өзгертін түк жоқ.

П а н ф и л о в. Сенің жеке басыңда алғырлық та, ерлік те бар. Сені жауынгерлердің де қатты сүйетінін жаңа көріп келдім. Әсіресе, қоршауда қалған сапарда, сенің мінезің оларды қатты сүйсіндіріпті. Бірақ, сонымен қатар батальонның болашағына келтіретін ұрыншақ, ағаттықтарың да бар. Сондықтан амал жоқ. Әзірше байлау сол. Сен батальон командирлігінен алынасың. *(Бұл сөз Намысұлына оқтай тиеді.)*

Т ө л е г е н. Бас көрікті...

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Екінші сурет

Дивизияның штабы. Перде ашылғанда Панфилов пен Григорьев екеуі карта үстінде отыр.

П а н ф и л о в. Москва... Москва... Қайнар күн, қысылшаң сағат жетті, міне, жолдас комиссар. Жау бүгін

Москваға қарай жүлқынады. Осы хал, әсіресе, осы сәтте әр жауынгердің санасына жетті ме екен? *(Телефон сылдырлайды.)*

А д ъ ю т а н т. Кім керек? Жолдас генерал, телефонға.

П а н ф и л о в. “Алатау” тыңдап тұр. Айта беріңіз, қай рубежге? Иә! Бұлар неше кісі еді? Жиырма сегіз! Міні жігіт, әсіресе, көзге түскен кімдер екенін білдіңіз бе? Ал, жолдас Чупров, сізге айрықша бұйрық — осы 28-дің, әсіресе, сол үшеуінің мына қайратын бар батальон, бар рота, бар взводқа жеткізіңіздер! Әсіресе, мына артиллерияға бағынғалы отырған соғыстың кезінде тез жеткізіңіз де, бір сағатта мәлімдеңіз. Сол 28-дің барлығына, Клочков, Қожабергенов, Добробабиндерге менен арнаулы сәлем айтыңыз. Қуаныштымын деп айтты деңіз. *(Телефонды қойып.)* Міне, жаңағы үлкен сұраудың, Москва сұрауының бір жауабы айтылғандай.

Г р и г о р ь е в. Олар не істеген?

П а н ф и л о в. 28 кісі өздерінен бір кісісі де жараланбастан жаудың бір рота автоматчиктерін жойған.

Г р и г о р ь е в. Ендеше, осыны бүкіл дивизияға мәлім етіп, үлгі ету шарт. *(Телефонды алады.)* “Оралды” бер. Бұл кім? “Орал” керек... Сөйлеп тұрған “Волга”. Сіздердегі барлық саяси қызметкерлер тегіс қазір аттану керек, жөнелуге әзір тұрсын, мен де қазір барам. Тез, тез! *(Телефонды қояды.)* Жаңағы сіз бағалаған жауап біреу болмай, әлденеше болуына әзірлік жасаймыз. Ол үшін барлық саяси қызметкерлер, барлық окоп, блиндаждар да болады. Мен соған кеттім.

П а н ф и л о в. Мұныңыз тамаша жақсы болар еді-ау. Егер, аз ғана топтың ұшқындай ерлігінен өрт лаулата алсақ, кеудеміз бір кеңір еді. Барыңызшы. Жауынгерлердің жүрегіне ез мың өлгенде, ердің бір-ақ өлетіндігін жеткізіп көріңіздерші. Ә, кішкене, әлгі, Намысұлын қайтеміз?

Г р и г о р ь е в. Менімше, оны әзір қоя тұрған жөн.

П а н ф и л о в. Тоқтаңыз. Ендеше, біз осы жөнінде толық ұғысайық. Намысұлы туралы сіздің түгел ойыңыз немене осы?

Г р и г о р ь е в. Мен оның ерлігі мен жеке басының қасиетіне шәк қылмаймын. Бірақ командир болу үшін әлі әскерлік тәртіп, тәрбие жағынан олқысы бар. Ұрыншақ, тез қатыру мінездері көп. Сол себепті оның қамын жақсы ойлаған күнде мұны әбден пісіріп, шындап, жетілдіріп ап

қосуымыз керек іске. Мұндай адам бізде аз. Біз оның жайын жауапты түрде қатты ойланып, сақтай пайдалануымыз керек. Егер біз осыдан тағы ұрындырып алсақ, оны қайта оңалдырып алу қиын. Өйткені, ол майыса білмейтін болат сияқты, бір сынса қатты сынатын морт адам.

П а н ф и л о в. Мұныңыздың бәрі рас! Ендеше, маған рұқсат етіңіз. Мұндай адамды мынау соғыс жағдайында көп бөгеу жасытып жіберу болады. Батыл сеніммен баса қимылдатсақ, мұндай кісіден жалын тез шығады. Сол себепті бұны қайтадан мықтап тұрып іске қосамын. *(Адъютантқа.)* “Талғарды” бер.

Г р и г о р ь е в. Олай болса, өзіңіз арылып сөйлесіп көріңіз. Егер іске қазір қоссаңыз, онда әрдайым өз көмегіңізге алыңыз.

П а н ф и л о в. Болды. Байлау сол, сіз тез қайтқайсыз. *(Григорьев кетеді. Панфилов телефонды алып.)* “Талғармысың?” Сөйлеп тұрған “Алатау”. Артиллерия айтылғандай қапысыз орналасты ма? Не көрінеді жау бетінде? Не хал болып жатыр? Қандай күштермен қағысып жатырсың? Қалың деймісің? Асықпа резервке! Есінде болсын, резервті маған білдірмей жұмсаушы болма. Осы бастан артиллерияға жақсы сүйене біл. Жарты сағатта маған хабар бер. Мақұл. *(Телефонды қойып, тағы алады.)* “Ертісті” бер? “Ертіспісің”? “Алатау”, ал айта бер. Артиллерияны ма? Оның дұрыс. Бірақ снаряд үздіксіз жеткізіліп тұр ма? Дұрыс. Қай батальонды қоршамақ? Оның оң жағындағы қай батальон еді? Бар бейілінді сол жерге сал... Жоқ, мен талай айттым ғой. Резервтің көзін өзім айтамын, мақұл, бар. Сол жерге жетісімен маған хабар ет! *(Телефонды қояды, қайта алады.)* “Алматыны” бер! “Алатау”. Жайды айтыңызшы? Сізде артиллерия қимылы қандай! Солай, солай, өте жақсы. Иә! Апырай, не дейсіз? Бір батальонға жаудың бір танковый дивизиясы тап болғаны ма? Болмаған қыспақ екен. Резервті ме? Амал жоқ, бөліп-бөліп ретімен салыңыз. Кейінге де сақтаңыз. Ең ауыр толқын артта келеді. Москваға түйілген ең үлкен соққысы осы болды, көтердің де зоры осы. Ал, енді ширап, шыдап бағыңыз. Кешікпей өзім де қасыңызға жетермін. Оған дейін үрдіс хабарды үзбеңіз. Мақұл. *(Телефонды қояды, ауыр ойда картаға қарап отыр. Дежурный келеді.)*

Д е ж у р н ы й. Жолдас генерал, старший лейтенант Намысұлы келіп тұр.

П а н ф и л о в. Келсін.

Н а м ы с ұ л ы (*келеді*). Жолдас генерал, сіздің шақыруыңыз бойынша келдім.

П а н ф и л о в. Отыр, Намысым, отыр... Сенің кешегі тың ерлігің менің үмітімді ақтай бастады. Бірақ сенің бөліміндегі бар жүрек бір кеудедегі жүректен соқса, барлық бастағы ой бір өзіңнің ойындай толғанса, барлық білек бір өзіңнің білегіндей қайрат серпіп, бірдей ұрса деуші едім. Сенің алдындағы үлкен сын осы екенін ұғынып жеттің бе?

Н а м ы с ұ л ы (*ұшып түрегеліп*). Жолдас генерал! (*Панфилов қайта отырғызады.*) Иван Васильевич, сіз маған үлкен қамқор командирдің де, туған әкенің де айтатын сөзін айттыңыз. Бұл шынайы сөзіңіздің орайына, маған да бір шыншыл жауап айтуға рұқсат етіңіз.

П а н ф и л о в. Айт. Екеуміз сырлас болмай, болмайды.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, мен Отанымның жауына қарсы осы майданға не алып келдім, немен келдім? Партияның таза тәрбиесін алып келдім, жауға деген жиреніш, Отанды сүйген жүректі ғана әкелдім. Әскери білім, ысылған тәжірибе әкелгенім жоқ қой.

П а н ф и л о в. Оны кім түгендеп әкепті? Бәріміз де осы соғыстың әр сағатынан, әр қыспағынан оқып-тоқып келе жатқан жоқпыз ба?

Н а м ы с ұ л ы. Бәсе, ендігі ойым: әкелмегенім есеп емес. Өлсем де соны табуым керек, жетуім шарт. Менің сыным сол болу керек деймін.

П а н ф и л о в. Ол сенің ғана сының емес, менің де сыным болсын. Сен жетесің, мен жеткіземін. Ең керекті қасиет – жаңағы өз айтқандарың, ол сенің өз бойыңда бар. Ал тәжірибе мен тәртіп жолдан табылады, жүре табылады. Оны сен табасың, мен тапқызамын.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, осыдан басқа арман жоқ.

П а н ф и л о в. Арманың жоқ болса, сен батальоныңа қайта командир боласың.

Н а м ы с ұ л ы. Қалайша? Қалайша, Иван Васильевич?

П а н ф и л о в. Біз сырласып болдық. Енді бұйрықты тыңда. Мезгіл ауыр, хал қатер. Қазіргі осы жүріп жатқан соғыстан бастап бізге үлкен соққы түйілді. Бүгінгі, ертеңгі

күндер жаудың бізді басып-жаншып Москваға өтеміз деген күні, сенің полкің, соның ішінде сенің батальоның зор қатердің алдында тұр. Мың жүректің бір жерден соғатын кезі жеткені осы. Не дейсің осыған?

Н а м ы с ұ л ы. Осы айтқаныңызға бар қайратым құрбан.

П а н ф и л о в. Ендеше, батальон рубежін, не болса да, ертең кешке дейін үстіңнен жау өткізбей ұстап тұрамысың?

Н а м ы с ұ л ы. Сізше маған келетін жаудың күші неше есе артық болуы мүмкін?

П а н ф и л о в. Сенің батальоныңа жаудың бір танковый полкі шабуыл жасауы мүмкін.

Н а м ы с ұ л ы (ұзақ пауза). Онда өткізбеймін деп айта алмаймын. Бірақ бір адым шегінбеске ант етемін.

П а н ф и л о в. Қолыңды әкел! Олар өтпейді ендеше? (Қол алысады.) Бүгіннен бастап сен өз қарамағымдасың. Ерлігің ел-жұртыңның мақтаны болатындай болсын, сондай бақыт тілеймін. Қош! (Намысұлы кетеді. Панфилов оны есікке дейін шығарып салып, ауыз үйде біреуді көргендей болады.) А, сендер де жеттіңдер ме, келіндер. Бері жүріңдер! (Жанбозов, Тоқтаров, Нина келеді.) Иә, жөнелуге әзірсіңдер ме?

Ж а н б о з о в. Әзірмін, жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Естеріңде болсын, мен үшеуіңді әдейі Намысұлының батальонынан алып отырмын. Сендер барар жерді білдіңдер ғой? Ендігі міндеттерің екі түрлі. Ең алдымен осы райондағы жаудың бар күшін біліңдер. Бүгінгі, ертеңгі соғысқа кірісетін күшінен басқа таяу жерде тұрған резервтері бар ма? Соны біліңдер. Оны білу үшін алдымен мынау Нинаның атасы Захар қарттан сұрап алыңдар да, өздерің тексеріп шығыңдар. Екінші міндет. Қалайда бір “тіл” әкеліңдер. Оның штаб адамы болуын, Төлеген, саған айрықша міндеттеймін.

Т ө л е г е н. Е, ол оңай ғой.

П а н ф и л о в. Ол оңай емес, қиын. Сен тағы да немістің өлексесінен әкеп жүрме.

Т ө л е г е н. Ай, осы жолы тас төбеке көтеріп-ақ әкелермін-ау.

П а н ф и л о в. Жарайды. Ал мынау Нина ел жағдайын, жер жағдайын жақсы біледі. Сендер мұны пайдалана біліңдер. Өзін күтіңдер.

Т ө л е г е н. Оны күтуді ағай міндетіне алған.

П а н ф и л о в. Ол не сөз?

Т ө л е г е н (*сасыңқыран*). Кешіріңіз. Нинаның алдындағы борышына шашы жетпейді ғой.

П а н ф и л о в. А, сен соны айтамысың? Осындай қиын сын сапарда біріңе-бірің сүйене біліңдер. Міндет түсінікті ме?

Ж а н б о з о в. Түсінікті.

П а н ф и л о в. Ендеше, тез жөнеліңдер! (*Қоштасады, Нинаның қолынан ұстап.*) Захар қартқа менен алғыс айт. Жасымасын. Қайта көрісетін күн алыс емес деп айтты де, қош! (*Төлегенге жақындап.*) Сенің қолыңа түскен немістерді (*қолымен ойнап*) бүйте салатының болатын, құдай үшін осы жолы тірі әкелші.

Т ө л е г е н. Осы жолы тірі әкелуге серт етемін, жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Бар! (*Бұлар кетеді, телефон сылдырлайды.*)

А д ъ ю т а н т. Жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Иә, “Алатау” мен. Не хал, тез айтшы, не дейсің? Әлі де шегініп бара ма? Амал не, резервті салыңдар. Бірақ, бүйіріңнен қысып кетпесін, сақ, берік бол. Жақсы. (*Телефонды қойып, картаға келеді.*) Хал ауырланды. Талғар полкінің қатарындағы көрші дивизия шегініп кетті. Біздің сол жағымыздан қауіп қатты түйілді. “Балқашты” бер! Хал қалай? Дәліңді айт, ұстап тұруға сенімдімісің? Басқа полктің халі сенікінен де ауыр, бірақ шегінген жоқ. Сен де тапжылма, берік ұста. (*Григорьев кіріп келеді.*)

Г р и г о р ь е в. Иван Васильевич, корпус командованиесі сол жақтағы дивизияның шегінуі бізге зор қатер туғызатынын ескертеді.

П а н ф и л о в. Не істе дейді? (*Телефонды тастап жібереді.*)

Г р и г о р ь е в. Шегініңдер дейді.

П а н ф и л о в. Сіз не жауап айттыңыз?

Г р и г о р ь е в. Мен шегінбеймін деген жауапты беріп салдым. Бірақ, жау біздің бүйірден де тиіп кетуі мүмкін, төтеп бере алар ма екенбіз?

П а н ф и л о в. Саяси қызметкерлеріңіз тегіс аттанды ма?

Г р и г о р ь е в. Аттанды. Қазір майданға өзім де барамын.

П а н ф и л о в (*картаға төніп отыра кетеді.*) Москва,

Москва... біздің сол жағымыз қатер болғанмен, алдымыз, оң жағымыз әлі мызғыған, тапжылған жоқ. Біз әлі де төтеп бере аламыз. Тағы сұрай қалса солай деңіз.

Д е ж у р н ы й. Жолдас комиссар, сізді телефонға шақырады.

Панфилов жалғыз, ауыр қиналуда. Валя келеді.

В а л я (*әкесінің сырын сезгендей*). Папа, пап!

П а н ф и л о в. Валя, кел, келші.

В а л я (*отырған әкесінің құшағына кіреді*). Уақытыңызды алмаймын ба, папа? Балалардан, маманнан хат алып, соны сізге әкеліп едім.

П а н ф и л о в. Не дейді, аман ба екен?

В а л я. Аман. Жалғыз уайымдары сізден хат бармағандық көрінеді.

П а н ф и л о в. Ол рас. Мен үшін сен жазшы. Қазір міне. (*Сүйеді.*) Сені сүйгендей бәрін сүйдім, сүйдім деп айтты де, бар.

В а л я. Папа, сіз бүгін қандай едіңіз?

П а н ф и л о в. Сен менің балам ғана емессің, жауынгер серігім де болдың Валя, Валюша! Азаматтық тірліктің ең зор сын таразысына жеттік, сәт санап сын қатаңдап келеді. Сен осыны түйе біл. Өз орнында тастай берік бол! Ұқтың ба осыны?

В а л я. Ұқтым, папа, сен де өз орнында сондай берік бол! Берік бол! (*Әкесінің маңдайынан сүйеді.*)

Г р и г о р ь е в (*қайта келеді*). Иван Васильевич, командование бізді шегіну керек деп тапты.

П а н ф и л о в. Шегіну! Тағы да шегіну. Қайда ғана шегінбекпіз? Шегін дегенше өліс десе болмай ма? (*Отыра кетеді.*)

В а л я. Папа!

П а н ф и л о в. Валя, бар деймін саған, бар! (*Валя кетеді, телефон сылдырайды.*) Иә, мен тыңдап тұрмын, не дейсіз? (*Ұшып түрегеледі, қуаныш.*) Бағанағы жиырма сегіз бе, Ключковтар ма? Сол орнында ма? Он сегіз, бәрін жайратқан ба? Жиырма сегіз-ақ адам. Ал, жиырма бес жыл армияда болсаңыз да, осындай ерлік естіп пе едіңіз? А, сіз ғана емес, мұндай ерлікті елдердің жыр дастаны

да, тарихы да естіген жоқ. Осы ерлік біздің дивизияның үстінде енді тудай толқу керек. Өзгеше атой осы болсын. Мен қазір, міне, сіздерге қарай шықтым. *(Телефонды қоя салып, Григорьевқа күлімсірей қарап.)* Ал, жолдас комиссар, сіздің жауабыңыз менің де жауабым, айнымас жауап сол: дивизия шегінбейді. Иә, дивизия шегінбейді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ІІ АКТ

Үшінші сурет

Майданның алдыңғы линиясы. Сыртта, алысырақта соғыс сарыны. Батальонның команда пункттерінің қасы. Жоғарыда немістің құлап түскен самолеті жатады. Перде ашылғанда жаралы Намысұлын доктор мен Валя алып келе жатады.

Н а м ы с ұ л ы. Жә, осы жер де жетеді, тез орандар!
Тез, тез!

А д ъ ю т а н т. Жолдас капитан, сіз жарадарсыз ғой.

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас адъютант, менің жаралы екенімді хабарлаушы болма, ұқтың ба?

А д ъ ю т а н т. Ұқтым, жолдас командир. *(Кемеді.)*

Д о к т о р. Қане, мына жерге жантайыңыз. *(Қарай бастайды.)*

Н а м ы с ұ л ы. Соғыс үдеп барады, тездетіңіз.

Д о к т о р. Әй, мына жара сізді соғысқа жібере қоя ма екен, қан көп қой.

Н а м ы с ұ л ы. Қан ештеңе емес, сүйегім аман. Тез байлаңыз.

Д о к т о р. Сүйек, сүйек! Досым-ау, жараңыз жеңіл емес, етіңізде оқ тұр ғой.

Н а м ы с ұ л ы. Оқ болса, алыңыз да тастаңыз.

Д о к т о р. Алыңыз да тастаңыз! Ол сіздің нағаныңыздағы оқ емес, жүріңіз. Валя, ұста ар жағынан, алып жүр.

В а л я. Жүріңіз, ағай.

Н а м ы с ұ л ы (*докторға*). Сіз не деп тұрсыз, қайда алып барасыз?

Д о к т о р. Медпунктке апарамыз. Операция керек, қане тұрыңыз.

Н а м ы с ұ л ы. Бұл жерде пышағыңыз өтпей ме, мен ешқайда бармаймын, осы жерде алыңыз.

Д о к т о р. Достым, мүмкін еместі айтпаңыз, жүріңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Мен бармаймын деп айттым ғой сізге.

Д о к т о р. Неге бармайсыз?

Н а м ы с ұ л ы. Не деп барамын, бүгін не болады, не болғалы тұр? Кешегі жиырма сегіздің қайсысы қаным ақты, жаралымын деп майданды тастады? Солардың асыл қаны, намыс қаны ақпай өлді деймісіз. Оқты алыңыз енді.

Д о к т о р. Мына кісі не қылған адам? Валя...

Н а м ы с ұ л ы. Валя, мына кісімен бұзылысатын түрім бар, сен айтып көндірші.

Д о к т о р. Мен бұл жерде операция жасауға правом жоқ, оған сіз түсініңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Сіздің правоңызды қорғайтын қолхат берейін, сонда сіз мен өлсем де құтыласыз ғой, істей беріңіз.

В а л я. Ағай, бұл жерде операция жасау өте қауіпті, қансырап қаласыз, көнсеңіз қайтеді?

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, көну мүмкін емес. Өзің ойлашы, менің батальоным бүгін ұлы сынның үстінде. (*Тістеніп*). Жара ма екен осы неме? Тұла бойынан саулап аққан қанын өзі кешіп, ажалға қарсы ақырып ұмтылған жоқ па еді, кешегі менің бауырым Қожабергенов Асқар. Жоқ, жетті! (*Валяны сілкіп жіберіп, атып тұрады.*) Жолдарың болсын, барындар. Бар, доктор. Мен майданға кеттім. (*Жүре бергенде доктор мен Валя ұстай алады.*)

В а л я. Ағай, тоқтаңызшы, қымбатты ағай, бауырым, қазір, қазір.

Н а м ы с ұ л ы. Бәсе, айналайын, тезірек дайындашы. (*Осы кезде Нина келеді.*) А, Нина. Міне, менің емім де келді. Мен енді лезде жазыламын, әкелші қолыңды.

Н и н а. Бақытжан ағай, не болған сізге? Жаралысыз ғой. (*Құшақтай алады.*) Сүйікті Бақытжан, сізге де тиген кесел оқ.

Н а м ы с ұ л ы. Кесел емес, түк емес. Қазір жазыламын, жаным. Жөніңді айт, өзгелер қайда? Олжалы қайттыңдар ма?

Н и н а. Жоқ, Бақытжан, сұрама, жаман.

Н а м ы с ұ л ы. Не дейсің? Төлеген мен Сабыр қайда?

Н и н а. Төлеген бөлініп кеткен еді, білмеймін. Ал Жанбозов? Есіл Сабыр. *(Жыламсырап айта алмай қалады.)*

Н а м ы с ұ л ы. Не сұмдық айтып келесің, өлді ме әлде... *(Тұра бастайды.)*

В а л я. Ағай, сабыр етіңізші, жатыңызшы, қайда барасыз?

Н и н а. Апырай, сіз әуелі жараңызды емдетсеңізші.

Н а м ы с ұ л ы. Бұл жара түк емес, сыртқы жара, сен іш жарасын әкеліп тұрсың ғой. Айт, бәрін айт. Өлі ме, тірі ме?

Н и н а. Ол тірі, бірақ немістердің қолында қалды.

Н а м ы с ұ л ы. Не дейсің? Тірідей қолға түсті ме? Өлі түспей тірі түскен ондай езді несіне тірі деп тұрсың ендеше?

Н и н а. Бақытжан! Ол ез емес, мен қасиетін танып келдім оның. Мен қадірлеймін, сіз аяңыз.

Н а м ы с ұ л ы. Аяңыз! Не қылған аяу, не қылған қадір?

Н и н а. Жоқ. Бақытжан, айтпаңыз олай. Егер ол өлсе, сіз оның қанына айналарсыз, мен оның қабірін құшармын.

Намысұлы *(аз ойланyp)*. Апырай, жан сөзі ғой мынауың. Өз басыңнан не кештің, соны айтшы, ұғындыршы тез!

Н и н а. Мен жайымды кейін айтамын, әуелі емделіңізші.

Н а м ы с ұ л ы. Жағалай жұмбақ. Ол да, Төлеген де жоқ десейші онда. Доктор, ал енді тез!

Д о к т о р. Жоқ, мен бұл жерде ала алмаймын.

Н а м ы с ұ л ы. Мына күйіктің үстінде мен енді неден болса да тайынбаймын. Аласыз ба, жоқ па? *(Наганын суырып алады.)*

В а л я. Апырай, тоқтаңызшы. *(Қолынан ұстай алады.)*

Н и н а. Ағай, бұныңыз қалай?

Н а м ы с ұ л ы. Қоя бер қолымды. *(Докторға.)* Сіз түсінесіз бе, жоқ па?

В а л я. Алып көрсеңіз қайтеді?

Д о к т о р. Жоқ, қансырап қалады. Ала алмаймын.

Н а м ы с ұ л ы. Ал, ақырғы рет айтамын, өтінемін сізден. Жан күйігін түсіне біліңіз. Жалынамын, алыңыз. Доктор, өтінемін сізден.

Д о к т о р. Ай, мен сіздей адамды көргенім жоқ. Қыздар, көмектесіп жіберіңдер. Валя, аспаптар, бинт, дәрілер...

Н а м ы с ұ л ы. Ой, рақмет сізге. *(Жайланып жатқызылады.)*

Н и н а *(сыртта Төлегеннің 1-картинкадағы әні естіледі)*. Төлеген! Бақытжан, әне Төлеген аман келеді.

Н а м ы с ұ л ы. Төлеген!

Бір немістің екі аяғын беліне салып, сүйретіп келе жатады.

Т ө л е г е н. Жоқ, мен Төлеген емес. Алтайдың көкжалымын, немістің қабанын алып қашқан.

Н а м ы с ұ л ы. Бауырым-ай, тым болмаса сен келші, келші бері.

Т ө л е г е н. Аға, ағажан. Не болған сізге. *(Құшақтай алады.)* Не болған, айтыңызшы?

Н а м ы с ұ л ы. Ештеңе емес, сен дайындала бер. Қазір тұрамын да, сен екеуіміз майданға кіреміз.

Д о к т о р. Ал, біз кірісеміз. Бірақ мұнан кейін сенің тиыштық алуың аса керек. Болмаса, кейін қансырайсың, достым.

Н а м ы с ұ л ы. Достым, мен де сізге айтайын. Белдің мұндай сырт жарасы түгіл, шығып кеткен белін өзі салып жіберіп, соғысқа кіріп, қырғын да салған әнеукүні біздің бір жігіт.

Д о к т о р. Әнеукүні? Ол не қылған жігіт?

В а л я. Мүмкін емес, ағай, оныңыз кім?

Н а м ы с ұ л ы. Ол мына Төлегеннің ағасы, біздің Ер Тарғын деген жігіт. Және сол күні қандай қырғын салған, оны мына Төлеген де көрді.

Т ө л е г е н. Бас көрікті.

Д о к т о р. Кішкене қырындаңыз.

Н а м ы с ұ л ы *(ауырсынғанын әр уақытта сездіргісі келмей)*. Сен “тіл” әкелмей, өлексе әкелгенбісің тағы?

Т ө л е г е н. Қойыңызшы, жоқ сұмдықты айтпай. Тап осы жолы орамалға орап-ақ әкелдім.

Н а м ы с ұ л ы. Тұншығып өлді ғой, орамалын алсаңшы.

Т ө л е г е н. Оған да өлуші ме еді? *(Немістің аузына тыққан орамалын алады.)* Ал, тыныға тұр. Өзі де қабанның ішіндегі бір қабыланы.

Н а м ы с ұ л ы. Ал, бұл қабыланды қалай соқтың, соны айтшы.

Т ө л е г е н. Қабандардың жымын аңдып жатқан арыстандай бұлардың жүрер жолын аңдып жатыр едім, дес бергендей бір үшеуінің алдымнан шұбырып өте бергені. Ең артындағысы мына пақыр екен, атылдым да, артынан жұлып түсірдім. Сонан кейін басынан құс ұшырғам жоқ. Жалғыз-ақ баж еткен соң үн қатпа деп өкпеден бір тептім. Онан басқаның бәрі аса сыпайы болды.

Н а м ы с ұ л ы. Сыпайы екенсің, сүйреп әкелдің ғой?

Т ө л е г е н. Е, қабан жетекке жүруші ме еді, мойныма мінгізейін десем, бала қылдың деп өкпелер дедім.

Н а м ы с ұ л ы. Жеткенше сүйреп келдің бе?

Т ө л е г е н. Иә.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, оның өліп қалған.

Т ө л е г е н. Ә! *(Немістің қасына барып.)* Ей, тұршы, кісіні шошытпай. *(Қозғайды, неміс қозғалмайды.)* Ойбай-ау, мынау шын өліп қалған ба? Жолдас доктор, мынау итті көріп бере көріңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Өлген немене доктор не істейді, тіле құдайдан.

Төлеген. Ойбай, доктор, мынаны адам қыла гөр. Генералға тірі әкелемін деген сертім бар еді, енді қайттім. Уа, қай құдайдан тілейін сенің жаныңды, иттің ғана баласы-ау? Ақсарбас айтқаныма сен болмайсың. Немістің құдайы қайсысы болатын еді, білетіндерің бар ма?

Н а м ы с ұ л ы. “Майн гот!” деп тіле.

Т ө л е г е н. Иттердің құдайының да құдай сиқы жоқ екен ғой. Аты неткен жаман еді!

Н а м ы с ұ л ы. Қой, жаман да болса құдай ғой, жалбарынып тілеп көр.

Т ө л е г е н. Қап! Жолдас доктор, құдай үшін мынаны қарап беріңіз. Тек тілге келтірсеңіз болғаны. *(Доктор немістің екі қолын ұстап бір көтеріп, бір түсіреді. Аздан соң неміс қыбырлағандай болады. Төлеген қуанып.)* Жоқ, жоқ, жаны бар екен. Иә, сәт, бүгінше тірі болшы! Ей, әкенді ертең өзім-ақ танытам.

Д о к т о р. Қозғама, кішкене жатсын.

Т ө л е г е н. Уһ, жаным жаңа жай тапты ғой.

Д о к т о р *(қолын жуып жатып Валяға).* Біз мынау үшін

сотқа кетеміз. (*Намысұлына.*) Достым, тіл ал. Біз айналып келгенше, мына кісіні ешқайда жіберме.

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас доктор, қолыңызды әкеліңізші. (*Қол алысады.*) Мен амалсыздықтан тасырлық еттім, кешіріңіз. Рақмет сізге.

Д о к т о р. Қош болыңыз, бірақ неміспен соғысуды күшейтіңіз. Ал медицинамен соғысуды қойыңыз.

Н а м ы с ұ л ы. Мақұл, қош болыңыз. (*Доктор кетеді.*)

Н и н а (*Төлегенге*). Төлеген-ау, мынауың қашан тұрады?

Т ө л е г е н. Ол бүгін тұрады ғой, ал Сабыр екеуің не әкелдің? Соны айтшы.

Н а м ы с ұ л ы. Сабыр деймісің? Не болғанын білмеуші ме едің Сабырдың?

Т ө л е г е н. Оған не болды? Қайда өзі? Нина?

Н а м ы с ұ л ы. Сұрама, сұрама? Ол енді бізге жоқ.

Төлеген. Не дейсіз?

Н а м ы с ұ л ы. Ол тұтқында қалған.

Т ө л е г е н. Қалайша? (*Нинаға.*) Екеуің бірге кетпеп пе едіңдер? Сен қалайша құтылды?

Н а м ы с ұ л ы (*басын көтере бастайды*). Бірге кеткен? Бұл қалай? Сен неғып қолға түспедің?

Н и н а. Мен де түскен едім.

Н а м ы с ұ л ы. Жаным-ау, мынау не дейді? Онда сен қалай құтылды?

Төлеген. Сенің жұлдызың неден ыстық болды неміске.

Н и н а. Төлеген, тоқта, айыптамақпысың мені.

Н а м ы с ұ л ы. Қылыш үстінде серт жоқ, сұлу қыз. Кінәламай, күдіктенбей қайтеді?

Н и н а. Бақытжан! Сіз де айттыңыз ба осыны? Сенбейсіз, сенбесеңіз де айтайын. Мені Сабырдың өзі құтқарды. Оның фашистер алдындағы бар сөзі, бар қимылы көз алдымда менің. Ол мені білмейтін кісі болып, бөліп жіберді өзінен. Сонда мен не естідім оның аузынан? Мәңгілікке есімнен кетпес сөздер естідім. Немістің сол қысым тергеуінде тұрып, Москва үшін жан қиятынын айтып келіп, немістерге түсініксіз, маған айқын бір сырын ашты. Ол сыры мені сүйетіндігі екен. Ең алғаш айтқаны, мүмкін ең соңғы айтқаны болар ол. Соны ести тұра мен амалсыздан амандыққа, тірілікке кеттім? Не жүрекпен

кеттім. Бірақ бұл оның бұйрығы еді. Мен кеттім! Сүлдерім кетті. Жаным Сабыр! *(Жылап жібереді.)*

Т ө л е г е н. Бұл не деген таңғажайып?

Н а м ы с ұ л ы. Жә, болды. Адьютант, бері кел! Соғыс не боп жатыр! Айтшы.

В а л я. Сіз жаралысыз ғой, жолдас командир.

Н а м ы с ұ л ы. Жара бітті, мен әл жидым, айта бер. Батальон жайы қандай?

А д ъ ю т а н т. Жолдас командир, бір толқын шабуыл тойтарылған екен, бірақ екінші үлкен толқын тағы білінді. Қарсы соққан тосқауылдың ең қысылшаң шағы жетті. Ғалиевтің өзі жарадар.

Н а м ы с ұ л ы *(атып тұрады)*. Не дейсің? Онда ертерек неге айтпадың? Кім командовать етіп жатыр? Төлеген, соғысқа әзірлен. *(Адьютантқа.)* Сен мынау немісті штабқа тез жеткіздір.

В а л я. Ағай, қайда, қайда барасыз?

Н а м ы с ұ л ы. Енді үндеме, жаным.

В а л я *(өзіне)*. Енді қайттім?

Н и н а. Бақытжан аға, мен сізбен бірге майданға барып, Сабыр үшін жауға оқ атамын, рұқсат етіңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, рұқсатым жоқ.

Н и н а. Сұраймын сізден, өтінемін, Бақытжан аға!

Н а м ы с ұ л ы. Токтат сөзді.

Н и н а. Жалынамын, Бақытжан аға.

Н а м ы с ұ л ы *(Нинаға аз қаран)*. Жарайды. Төлеген, ана немістің автоматын Нинаға бер! *(Төлеген бергісі келмейді.)* Бер деймін!

В а л я. Апыр-ай, енді қайттім. Ендеше, сізбен бірге мен де кетемін. Рұқсат етіңіз, жолдас капитан.

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, қазір қауіпті, оқ нөсердей жауып тұр. Сені өлтіріп алсам, генералға не деймін. Қал, шырағым, қал!

В а л я. Жоқ, Бақытжан аға, мен сізден аяулы емеспін ғой, рұқсат етіңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, рұқсатым жоқ! Төлеген, жүр кеттік. *(Төлеген мен Нинаны екі жағына алып кетеді.)*

В а л я *(жалғыз)*. Кетті соғысқа! Соғыстың қайнар шағына кез келді-ау. Басқара алар ма екен, қаптап келеді, тағы да, тағы да қаптап келеді.

Панфилов, Чупров, адъютант шыға келеді.

П а н ф и л о в. Валя, сен мұнда неғып жүрсің?

В а л я. Намысұлы жараланып, соған жәрдем берейік деп келіп едік, кетіп қалды.

П а н ф и л о в. Жарадар болып, кетіп қалды? Қайда?

В а л я. Соғысқа.

П а н ф и л о в (*Чупровқа*). Сіз оны естіп пе едіңіз?

Ч у п р о в. Намысұлы жарадар екенін хабарламауға бұйырған, жарасын елемеген.

В а л я. Елемейтін жара емес еді. Қансырап қалуы да мүмкін қазір.

П а н ф и л о в. Ендеше, ол соғысты қалай басқарады? Қасыңа санитарлар ал да, алып кел, бар!

Ч у п р о в. Ойпыр-ай, қазір қауіпті ғой, жауып тұрған оқтың астына қалай барады?

В а л я. Қорықпаңыз, қалай баруды өзім білем. Жолдас генерал, бұйрығыңызды орындауға рұқсат етіңіз.

П а н ф и л о в. Рұқсат. Тез бар! (*Валя тез кетеді.*)

Ч у п р о в. Апыр-ай, Валяны ажалға көре тұра жібердіңіз-ау, Иван Васильевич.

П а н ф и л о в. О, қойыңыз, жолдас полковник! (*Бинокльмен қарап тұр.*) Немістің тылынан Захар қарттан соңғы сағатта Нина әкелген хабар анық бола бастады. Көрдіңіз бе? Үлкен соққы дәл осы араға түйіліп келеді, сіз де артиллерияны осы тұсқа жақындатыңыз. Құрыңыз тез. Жаңағы резервті де осы араға тартыңыз. Әзір тұрсын, дер кезін айтам. Мен бір полкті аралап өттім, тапжылмай, тайсалмай ұрып жатыр бәрі де. Бүгін бар кеудені кернеген жалғыз ғана кек, жалғыз ғана ашу, жалғыз ғана ұран бар. Ол — жиырма сегіз бауырдың кешегі еткен ерлігі. Алар болсын солар кегін, ақтар болсын солар үлгісін. Бүгінгі әрбір снаряд жиырма сегіз деп ұшатын болсын. Міне, осыған бәрі де, бәрі де әзір болсын. Барыңыз, мен сізді осы арадан тосамын.

Ч у п р о в. Құп, жолдас генерал. (*Тез кетеді.*)

А д ъ ю т а н т. Жолдас генерал, көкте самолеті, жерде танкісі, оған ілесе жаяу әскері тағы қаптап кетті ғой.

П а н ф и л о в (*бинокльмен қарап тұрып*). Алдыңғы толқындары әдемі соққыға ұшыраған, мықтап қаусаған. Көрдің бе, селдірей бастапты. Батальонның оғы мен оты

ұтымды, сондықтан да олар өзінен басым күшті бастырмай тұр. Сол үшін төкті жау мына резервін.

А д ъ ю т а н т. Артқылары тақап қалды ғой.

П а н ф и л о в. Өктеп келеді! Қалың келеді-ау. Тақапты, тосар жерге жетіпті. Әкел телефонды. *(Телефонды алып.)* Жолдас “Алматы”. Артиллерияның бар батареясына төккіз аямас оқты. *(Қайтадан бинокльмен қарап тұр.)* Бой бермей, кернеп келеді-ау танкісі. Қашан, қашан әлгі артиллериясы? *(Алыста артиллерияның қою үні естіледі.)* Ә, бәсе, үн қатты ма, бастады ма?

Н и н а *(сахнаға шыға бере құлап)*. Жолдас генерал, Иван Васильевич!

П а н ф и л о в. Бү кім? Жарадар ғой. *(Тез барып.)* Сіз кімсіз? Нина! Жаралысың ғой! *(Көтеріп әкеледі.)*

Н и н а. Жарам онша емес, Иван Васильевич.

П а н ф и л о в. Қайдан жүрсің? *(Сүйеп отырғызады да, жарасын қарай бастайды.)*

Н и н а. Иван Васильевич, тыңдаңыз, менің келісім асығыс.

П а н ф и л о в. Токта, мен жаранды байлайын. *(Нинаның етігін шеше бастайды.)*

Н и н а. Иван Васильевич, мұныңыз қалай? Мен шыдаймын, санитарлар келеді ғой.

П а н ф и л о в. Олар қашан келмек? Үндеме, мен де жаман санитар емеспін. *(Таңып жатып.)* Жараң жеңіл, қорықпа. Ал айта бер енді.

Н и н а. Намысұлы сізге жіберді. Батальонда шығын көп, жарадар көп. Жау қалыңдап кетті. Сізге сәлем айтты. Сертіме берікпін, шегінбеймін деді, соны айт деді сізге.

П а н ф и л о в. Өзі де соғысып жатыр ма? Жарасы қандай? Қайтсын дегенім қайда?

Н и н а. О, Иван Васильевич, ол қайтатын емес. Жарасы дейсіз бе? Сол жарасы қазір жанын жаныған секілді. Денесінен оқ өтпестей. Болатқа тиіп, майырылып жерге түскендей көрінеді. Әрбір үні жиырма сегіз деп ұрандайды, әрбір оғы жиырма сегіз деп шығандайды. *(Панфилов жараны таңып болады.)*

П а н ф и л о в. Өзі сондай, ал батальоны қандай? *(Сыртқа қарайды.)*

Н и н а. Батальоны дәл өзіндей. Тұтасқан қалың өрттей

шарпи ұрып тұр жауды бетке. Ой, Иван Васильевич, ол қазіргі сағатта сондайлық батыр, сондайлық нұрлы.

П а н ф и л о в. Жиырма сегіз біреу ғана екенін жаулар да білсін бүгін. *(Сыртқа қарай түсіп.)* Қауіп әлі айығар емес, төніп тұр. *(Телефонды алып.)* Жолдас полковник, Намысұлының батальоны жаудың резервін де ұстап тұр. Жетті кез, салыңыз енді резервті, шапшаң салыңыз, тез! Жаудың алды тоқтаған жоқ па? Дұрыс, жаңа ғана оңдала бастады. Артиллерия батальонға мықтап қосты тізесін. Алдыңғы қираған танкілерден артқылары өте алмай жатқан жоқ па осы? Тегіс тоқырай бастаған. Тіпті кейінгілер бұрыла бастады ғой. Қашуға айналады. А-а, біздің резерв те жеткен екен ғой.

Н и н а. Иван Васильевич, жау қаша бастады. Жаңағы менің айтқаным рас емес пе? Мынау батырдың ісі емес пе?

П а н ф и л о в. Шыдаған жүректің алдында болатың да майырылып жатқанын көрдің бе?

Қуанышты тұрады, осы кезде күн кешкірген, қар жауа бастады. Соғыс сарыны үзіле бастаған.

Ч у п р о в *(жетіп келіп)*. Жолдас генерал, бүгін егес соғыс ерен қатты болса да, біздің полк бір адым да шегінген жоқ.

П а н ф и л о в. Тек сіздің полк қана емес, біздің бүкіл дивизия бүгін бұрын-соңды болмаған қатты соғыс жүргізсе де, бір адым шегінген жоқ. Міне енді, шегінбейміз деп берік айта аламыз. Бірақ кім бар, кім жоқ? Осы батальонға салмақ бәрінен де көп түсті ғой, қандай қазасы бар? Қайда бұл Намысұлы? Неғып келмей жатыр? *(Григорьев келеді.)*

Г р и г о р ь е в. А, мұнда ма едіңіз, Иван Васильевич! Хал енді қандай?

П а н ф и л о в. Хал жақсы. Рақмет, жолдас комиссар! Сіздердің үгіттеріңіз бүгін снарядтардың да отын күшейтіп жіберді-ау деймін, сол үшін барлық саяси қызметкерлеріңізге жауынгерлер атынан алғыс айтамын. *(Сырттан біреулерді көргендей.)* Мынау не, мыналар кім?

Н и н а. Санитарлар, жаралыларды әкеле жатыр ғой.

П а н ф и л о в. Жаралылар! Кім екен? *(Ілгері жүре бастайды, барлығы да ілгері жылыжиды, алдында Ғалиевті носилкаға салып әкеле жатқан санитарлар көрінеді.)* Мынау кім?

С а н и т а р. Политрук Ғалиев, жолдас генерал.

П а н ф и л о в. Ғалиев! Жарасы қандай?

С а н и т а р. Ауыр сияқты.

П а н ф и л о в. Тез, тез жеткізiңдер! Мынау кiм? Тоқтаров қой, бұ да ауыр жаралы ма?

Т ө л е г е н (*санитарларға*). Тоқта! Жолдас генерал, менің жарам ауыр емес.

П а н ф и л о в. Сен мұнда қайдан келдің? Өзіңе берілген бұйрық қайда?

Т ө л е г е н. Жолдас генерал, бұйрығыңыз орындалды. Әкелген офицерім штабыңызда.

П а н ф и л о в. Жарайсың ендеше, Алтайдың алғыр қыраны, жігітсің. Бар, бар да тез жазылып шық.

Т ө л е г е н. Жазылуым тұр ғой, оны қойыңызшы. Қалай, бүгін біз жиырма сегіздің кегін ала алдық па, жоқ па?

П а н ф и л о в. Алып болғанымыз жоқ, бастадық дейік. Ерлік айнымаса, кек кетпек емес. Жау қалың еді бүгін, өзiң немене, қобалжыдың ба, жоқ па?

Т ө л е г е н. Қалың дейсiз бе? Білгенiм жоқ. Тiрiсiн санаған кiм бар, мен өлісiн ғана санадым.

П а н ф и л о в (*күлiн*). Ә, мұның жауап-ақ! Бар ендi, тез жазылып кел. (*Оны әкетедi.*) Тағы кiмдер жаралы екен, шақыршы Намысұлын.

Бұл кезде Валя мен бiр санитар жарадар Намысұлын әкелген.

В а л я. Намысұлы мұнда, жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Не дейдi? Намысым, сен тағы жарадар болдың ба?

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас генерал, ең алдымен сiзге алғысымды айтуға рұқсат етiңiз.

П а н ф и л о в. Айт, Намысым, айт!

Намысұлы. Сiз артиллерия мен резервті дер кезiнде, дәл кезiнде берiп, батальонға абырой алып бердiңiз. Аман алып қалдыңыз, рақмет сiзге.

Панфилов. Өңiнде тамшы қан қалмапты ғой, Намысым. (*Маңдайынан сүйедi.*) Сендердi өсiрген халықты сүйгенiм! Өлiнiң қазасын, тiрiнiң жарасын ақтар күн алдымызда, алыс емес, Намысым. Сол абыройдың иесi сенсiң! Тек жараң қандай, соның жайын айтшы маған.

Намысұлы. Иван Васильевич, менің жарам Мәскеу жарасын емдесе арман бар ма? (*Әлсірейді.*)
Бәрі (*шошынып*). Намыс, Намыс...

ШЫМЫЛДЫҚ

III АКТ

Төртінші сурет

Зор кеңсенің бір бөлмесі. Қабырғада неше түрлі карталар. Перде ашылғанда армия генералы мен қызмет адамы сөйлесіп келе жатады.

Армия генералы. Біздің фронтта бүгінгі соғыс туралы хабар жетті ме сіздерге!

Қызметкер. Жетті, жолдас генерал армия.

Генерал. Кеше бір жиырма сегіз ердің қимылы бар еді, соның хабары жетті ме екен?

Қызметкер. А, ол жетті ғой. Олардың мұндағы әсері үлкен болды.

Генерал. Ол жақсы екен. (*Ойланып.*) Осы жайлы болар ма? Иә, сіз мені бұл жолы не жөнімен шақырғанын білдіңіз бе?

Қызметкер (*күліп*). Ол жайды мөлшермен айтпасам, дәл айту қиын екенін түсіндіңіз ғой.

Генерал. Мөлшер де болса айтыңызшы, көмегі болар.

Қызметкер. Волоколамск бағытындағы ұрыс жайын ең алдымен сұрар деймін.

Генерал. Рас, рас, қисынды. Ал, ендеше, мен сіздің картаға біраз үңіліп, көз қандырып алайын. (*Екеуі карта жанында.*) Крюково! Истра, Дубосеково, Волоколамскінің жолы, Рокоссовскийдің армиясы. (*Арт жақта Сталин шығып, бұлардың сыртына келеді, тұрғандар байқамайды.*) Қалың ұрыс үстінде, қатты сында тұрған дивизия... Дивизиялар! Мынау, мынау түс.

Қызметкер. Мынау ең алда тұрған қай дивизия? Осы жайлы айрықша сұрауы мүмкін.

Г е н е р а л. Бұл дивизиялар туралы болса, қиын емес.
С т а л и н. Ал сол дивизиялардың ротасы туралы болса,
не дер едіңіз?

Г е н е р а л. Ротасын ба? (*Жалт қарап Сталинді көреді.
Сталин оның қолын алып, столға қарай ерте жүреді.*) Иосиф
Виссарионович, сіз қай ротаны сұрамақ едіңіз?

С т а л и н. Рота емес, жеке жауынгерлерді сұрамақ
едім, айта аласыз ба?

Г е н е р а л. Жеке жауынгерлерге дейін білу қиын,
бірақ сұрап көріңіз.

С т а л и н. Қиын ба? Тегі ерлік бірде туып, көпке
жетеді. Бұйрық көпке арналып, бірге жетеді, солай ма?

Г е н е р а л. Солай, Иосиф Виссарионович.

С т а л и н. Ендеше, сол бұйрығымыз жететін
жауынгерге білігіміз бірге жетсе, әсем болмас па еді? (*Орын
нұсқап.*) Отырыңыз.

Г е н е р а л. Дауым жоқ. Өте түсінікті.

С т а л и н. ЖӘ, Рокоссовский армиясы шегінуді
тоқтатты ма?

Г е н е р а л. Тоқтатпағанымен қатты азайтты.

С т а л и н. Шегінбеген дивизия да бар емес пе?

Г е н е р а л. Бар.

С т а л и н. Ол қай дивизия?

Г е н е р а л. 316-жаяу әскер дивизиясы. Олар бүгін бір
адым да шегінген жоқ.

Г е н е р а л. Осы дивизия Рокоссовскийдің жаңа
тактикасын қолданған еді ғой!

Г е н е р а л. Қай тактикасын айтасыз?

С т а л и н. Жаяу әскерді кей-кейде артиллерияға
бағындырып соғыстыру тактикасын айтам.

Г е н е р а л. А, олар оны жақсы қолданды. Шегінбеудің
себебі де сол. Сол бір дивизияның өзі бүгін жаудың екі
жаяу, бір мото дивизиясын және бір танк дивизиясын қатты
шығынға ұшыратып, тапжылтпай ұстап тұр. Қазір қатты
қырғын соғыс үстінде.

С т а л и н. Міне, осы дивизияның тәжірибесі үлкен
ой салуға татырлық. Командирі кім?

Г е н е р а л. Генерал-майор Панфилов.

С т а л и н. А, ол есімде, Чапаевтың ұясынан
ұшқандардың бірі. Соның оты ма? Анық ер жалқы болса

жарамас, артынан өзіндей ер халқы жүрсе жарасар... Дивизиясы Қазақстаннан, Алматыдан келіппеді осы?

Г е н е р а л. Иә, Алматыдан.

С т а л и н. Жә, тобынан үздік шыққан ерлері бар ма екен?

Г е н е р а л. Бар ғой онысы. Кешегі жиырма сегіз жайын естідіңіз бе?

С т а л и н. Дубосековадағы елу танкімен алысқан жиырма сегіз бе?

Г е н е р а л. Иә.

С т а л и н. Сол осы дивизияныкі ма еді?

Г е н е р а л. Осыдан.

Сталин. Ендеше, солардың командирі кім? Жауынгерлері қай-қай ұлттан? Аттары тегіс мәлім бе?

Г е н е р а л. Бәрінің атын әзір айта алмаймын. Бірақ бір-екеуінің аты бүгін бүкіл армияға жайылды.

С т а л и н. Олар кім екен, не істеген?

Г е н е р а л. Бірі сол ротаның политругы Клочков, екіншісі қазақ жауынгері Қожабергенов. Осы екеуінің бірінің сөзі, бірінің ісі бүгінде майдан үстінде тудай толқып, шарықтап тұр.

С т а л и н. Қандай сөз, қандай іс?

Г е н е р а л. “Ресей кең болса да, шегінер жер жоқ, артымызда Москва тұр!” деп ұран салыпты политрук Клочков. Ал Қожабергенов бар жолдасы қырылып, бар қаруы біткен соң, екі қолын артына ұстап, жаудың келген соңғы танкісіне окоптан атып шығып, ажалға қарсы ақыра ұмтылыпты.

С т а л и н (өзіне). “Ресей кең болса да, шегінер жер жоқ, артымызда Москва...” Ендеше, мұның атын өлім емес, тарих білмеген жаңа туыс деп тану керек. Клочковтың жаңағы сөзі Отан ұраны болсын. Міне, жеке жауынгерлерге дейін білгеннің артықтығы осы емес пе, мұныңыз жақсы. Ал енді, осы жиырма сегіздің бәрінің де аттары мен қайраты барлық армияларға, барлық Отанға, әсіресе, бар әлемге мәлім болсын. Осылай ету қажет, бұл бізге қарыз. Біз олардың істерін үлгі етейік те, мақсұтын іс етейік.

Г е н е р а л. Менімше, қорытынды осы.

С т а л и н. Ең әуелгі қорытынды мынау сияқты. Бір жауынгер ерлігі бүкіл бір батальонға ғажайып қаһармандық

бігіре алады ма екен, ал бір взвод тұтас біз дивизияның табыс тасқынын ертегідей жорыққа жеткізеді екен. Ол ғана емес, тұтас армия, тіпті телегей қалың майданның да тәсіл-тактикасын өзгертерлік ұран тастайды екен.

Г е н е р а л. Иосиф Виссарионович, сол ұран бір жер емес, әр жерден шығып, тұтасып, үдеп келеді.

С т а л и н. Дұрыс айтасыз, солай болатын мезгіл жетті. Менің ойымша, барлық армия соның ішінде. Сіздің майдандағы армия енді жалғыз нәрсе күтеді, ол қарсы шабуыл. Біз де осы сағатты күтіп едік, сол сәт жетті, сол сағат соқты. Жауды Москва түбінде тоқтатып қою ғана емес, қатты соғып, қаһармен ұрар шақ жетті. Солай емес пе?

Г е н е р а л. Ендеше, рұқсат етіңіз, менің сіз сұрайтын жайлардан соң алдыңызға қоймақ мәселемнің өзі осы еді.

С т а л и н. Дұрыс, мен оныңызға ризамын. Екеуміз екі шеттен бір ойдың арқауын ұстаппыз. Енді сіз мені майданға бастаңыз.

Г е н е р а л. Иосиф Виссарионович, бұл қалай? Қажет пе осы байлауыңыз?

С т а л и н. Қажет, шарт. Майдан советін жиып отырып, өзім сөйлесем. Ертең шабуыл!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Бесінші сурет

Неміс дивизиясының штабы тұрған үй.

Перде ашылғанда штаб бастығы Штольберг отырады. Аздан соң ызалы түрде дивизия командирі полковник Фогель келіп кіреді. Штольберг ұшып түрегеліп, чест береді.

Ф о г е л ь (*мысқыл түрде*). Отырыңыз, дивизия штабының начальнигі, құрметті офицер Штольберг. Мен сіздің қорлық хабарыңызға қанықпын. Жіберген мәлімдемеңіз мезгілін мұндай тауып бармас. Иә, иә, мен корпус командованиесінде

отырғанымда дәл барды. Және армияның бас штабының екі үлкен генералының көзінше жеткіздіңіз. Жеткіздіңіз де, менің тілімді кесіп, үнімді өшірдіңіз. Айнала бергенде ту сыртымнан дивизияның сұмдық масқара хабарын жеткізіп, өлтірердей оқ аттыңыз. Иә, иә, солай еттіңіз, мырзам.

Ш т о л ь б е р г. Мәртебелі командирім, өзіңізге мәлім ғой. Соғыс хабарын іркер шарам бар ма еді, менің.

Ф о г е л ь. Білем, білем. Шараңыз жоқ, шарасыздық қамапты. Дивизия о да шарасыздықтан қорлық күнге көніпті. Менің дивизиям Европаның талай елінде, Польшада, Францияда, Грецияда талай майданда жайдай жарып өткен, неше айлар бойы Россия елін де таптап-жаншып алда келе жатқан дивизия не күнге жетті? Москваға ең алдымен кіруге ант еткен де біз едік. Бүгін ең алдымен беті қайтқан, әсіресе, қашқан, қашқан дивизия біз болдық па? Шақырдыңыз ба, бағанағы мен бұйырған полк командирін?

Ш т о л ь б е р г. Шақырттым, келді.

Ф о г е л ь. Келтіріңіз мұнда. *(Штольберг ауызға кетеді, аздан соң полк командирі Курц келеді. Фогель шұғыл өзгерген, монтаны баяу кісіше сөйлейді.)* А, Курц мырза, келіңіз, келіңіз. Отырыңыз, менің қарсыма отырыңыз. Ал, көңіліңіз жақсы ма, деніңіз сау ма?

К у р ц. Шүкірлік, зор мәртебелі командирім.

Ф о г е л ь. Әкеңізден хат-хабар үзілмей келіп тұр ма, халі қалай екен? Лоздь шәһерінде поляктардан тартып алған жібек фабрикасының жұмысы тәуір жүріп келе жатыр еді ғой, ә? Әлі де жаман емес шығар?

К у р ц. Жоқ, жаман емес көрінеді.

Ф о г е л ь. Жаман болуы мүмкін емес. Өйткені, сіздің өтінішіңіз бойынша, Украинаның мұжықтарынан бірнеше жүз жұмыскер де берілді ғой. Табысы қазір көп шығар.

К у р ц. Шүкірлік, онша жаман дей қоймайды.

Ф о г е л ь. Ал, сіздің өнеукүнгі мынау Белоруссиядағы Лида қаласының қасынан алған жер-мүлкіңіз де маған сонша ұнаған еді. Оны басқаратын адамдарыңыз келіп пе?

К у р ц. Келген көрінеді.

Ф о г е л ь. Әкеңіз ол шаруаны да меңгере бастаған, ә? Ол мықты қарт. Солай ма?

К у р ц. Жаман емес.

Ф о г е л ь. Әкеңіз сіздің ер. Ал біз жиырма сегіз адамды басып өте алмай, елу танкісін қаусатқан сізді кім дейміз? Полкінің қақ жарымын қырғызып, қақ жарымын алып қашқан сізді кім дейміз? Осы сұмдық мерезін бүкіл дивизияға жайған сізді кім дейміз? Сталиннің кешегі шабуыл жариялап берген бұйрығына, бүгін ең алдымен бас иіп, бетімізге қара таңба басқызып келген сізді кім дейміз? Сол жеген жеміңізді ақтағаныңыз осы ма?

К у р ц. Мәртебелі командирім, жүз жорықтағы қайратым, сіздің бастауыңызбен көзіңізше өткен қайратым, маған мынау (*омырауындағы кресті нұсқап*) қасиетті сыйларды әперген қайратым, бір-ақ күнде басқа тебілмек пе? Жоқ, жоқ, ол мүмкін емес.

Ф о г е л ь. Сіз (*кресті нұсқап*) сонымен ақталмақсыз ба?

К у р ц. Сіз ақтамағанмен, толық ұғынып білсе, мені бас командованияның өзі ақтайды.

Ф о г е л ь. Сіз қорқақтың қорғаны бас командование демексіз бе енді.

К у р ц. Мені жазалаңыз, бірақ қорқақ деп, менің офицерлік арымды жараламаңыз. Ол мен емес. Сондықтан да ақтайды мені бас командование.

Ф о г е л ь. Ендеше, сол бас командование барды біліп-ұғынды. Мәлім етейін, сіздің бұл қасиетті қаракетіңіз майдан командованиясы түгіл, фюрердің өз штабына дейін жетті.

К у р ц. Ендеше, мен сонда ақталам.

Ф о г е л ь. Рас, сіз ақталасыз. Бірақ кім ақтайды? Немен ақтайды? Мен ақтаймын. Міне, мынамен ақтаймын. (*Атып салады, Қури құлап түседі. Штольбергке.*) Алып кетсін, шақыр. (*Қури алып кетеді. Штольбергке.*) Жаңағының полкін талқандап, біздің дивизияларды бастырмай тұрған жаудың қандай күші, анықтадыңыз ба?

Ш т о л ь б е р г. Тағы сол генерал Панфиловтың дивизиясы.

Ф о г е л ь. Бір-ақ дивизия ма? Неткен қорлық! Соның солдаттары мен офицерінің бірсыпырасы азиаттар, монғолдар емес пе?

Ш т о л ь б е р г. Азиат болғанда, қазақ дей ме, немене.

Ф о г е л ь. Солардың өз тілінде листовка жіберілді ме, орындадыңыз ба?

Ш т о л ь б е р г. Әзір орындай алмай тұрмын, мәртебелі командирім.

Ф о г е л ь. Не дейсіз? Неге?

Ш т о л ь б е р г. Қазақ тілінде жазатын кісі қолға түспей жүр.

Ф о г е л ь. Біреу түсті дегеніңіз қайда?

Ш т о л ь б е р г. Оның көрмеген азабы жоқ, бірақ көнбей қойды.

Ф о г е л ь. Көнбей қойды!? Неге көнбейді, неге көндірмейсіз? Командир болса кәріңіз өтпейді, кәрі-құртаң кемпір-қатындарға ғана қаһармансыз ба, немене осы?

Ш т о л ь б е р г (*ызаланып*). Мен оның жүрегін суырып алып, итке салатын едім, өзіңіз ғой керекке жаратқанша өлтірме деген.

Ф о г е л ь. Маған келтіріңізші. (*Штольберг кетеді, аздан соң өңінде ауыр азап белгісі бар, үсті жүдеу Жанбозовты екі солдап алып келеді.*) Отырыңыз. Сіз азиатсыз ғой, ө?

Ж а н б о з о в. Иә.

Ф о г е л ь. Қазақсыз ғой.

Ж а н б о з о в. Иә, қазақпын.

Ф о г е л ь. Қазақ, қазақ. Ендеше, өз туған халқыңызға, қазіргі мынау майданда жүрген қазақ бауырларыңызға не үшін жаныңыз ашымайды?

Ж а н б о з о в. Ашымайды деуге дәлеліңіз не?

Ф о г е л ь. Дәлелім мынау! Мына листовканы неге қазақшаға аудармайсыз?

Ж а н б о з о в. Мен сол жан ашығандықтан аудармаймын ғой деймін.

Ф о г е л ь. Сіздің жаныңыз ашығаны — бауырыңызды қанға батыру ма?

Ж а н б о з о в. Елі үшін ері қаны тұрсын, жанын да қиятын.

Ф о г е л ь. Елі үшін! Сіздің елмен соғысқан кім? Сіздің Отаныңыз анау алыс Азияда жатыр. Оған біз бардық па?

Ж а н б о з о в. Бармайын деп жүрген сіз жоқсыз, жете алмай жүрсіз ғой.

Ф о г е л ь. Міне, сіздің мынау жаңа орыс генералының айдауында жүрген қазақ солдаттарының қатесі осы. Біздің жұмысымыз жоқ, сіздің Отаныңызда.

Ж а н б о з о в (*күліп*). Олар сіздің бұл сөзіңізге күлсе қайтесіз?

Ф о г е л ь. Күледі, неге?

Ж а н б о з о в. Айыпқа бұйырмасаңыз, айтайын. Ол елдің ежелгі бір мінезі күлкі жай болса, тек қалмай, өлерінде күліп өлетін. Олар немістің бір атақты полковнигі жиырма бес жыл тұяқ серіппей ұйықтап, биыл ғана ояныпты деп дүниеге жар салып жүрмесін.

Ф о г е л ь. Сіздердің сол бір ғана сарынмен адасып жүргендеріңді білем. Біз туралы, әсіресе, шығыс халқына арнаған ұранымыз туралы түк білмейсіздер.

Ж а н б о з о в. Ол қандай ұран?

Ф о г е л ь. Сіздің ел, мұсылман еді ғой, ә?

Ж а н б о з о в. О да әлгі жиырма бес жылдың ар жағында жатқан жай. Сонда да айта беріңіз.

Ф о г е л ь. Біздің фюрер бүкіл дүниедегі мұсылман халқына достық жариялап отыр, одан да түк білмейсіздер.

Ж а н б о з о в. Бұл сіздің фюреріңіздің жаңалығы ма еді?

Ф о г е л ь. Енді кімдікі?

Ж а н б о з о в. Мұны мұнан отыз жыл бұрын сіздің патшаларыңыз II Вильгельм де жариялап еді ғой.

Ф о г е л ь. Вильгельм! Сіз ол туралы не білуші едіңіз?

Ж а н б о з о в. Не білгенімді сізге тегіс айтайын, рұқсат етіңіз.

Ф о г е л ь. Ал, айтып көр.

Ж а н б о з о в. Мен ол кісінің, мұнайы көп, порттары көп шығыс елдеріне ерекше мейірімі түсіп, ынтық боп аралап, Мысырға барғанын білем. Онда монтаны сопы шапанын киіп, Мұхаммед пайғамбар салған ғазуат сәлдесін басына салып, өзін ісләм дінінің қорғанымын деп, жар салғаннын білем. Өз суретінің астына құраннан аят, пайғамбардан хадис жазып, дүниеге таратқанын білем. Одан бері де, сіздің фюреріңіз бен Муссолини екеуі де, жаңағы сіз айтқандай, өздерін мұсылманшылықтың биік қорғанымыз деп жариялағанын және білем.

Ф о г е л ь. А, сіз бәрін біледі екенсіз ғой, бір-ақ сіздің шындыққа көзіңіз жете ме, шындыққа!

Ж а н б о з о в. Шындық дейсіз бе? Шындық болса, сол қорғандығын әлем алдында ақтап, “қамқор” қанатын алдымен Албанияға жайып, оған сол қанатта от пен ажал төккенін білем. Сол “қамқор” қанатын Ливияға жайып,

оған да оқ пен ажал төгіп тұрғанын білем. Сол “қамқор” қанатын Мысырға да созып, от пен ажалын төккелі төніп тұрғанын да білем. Осының бәрі сіздің мұсылмандық достығыңыз еді-ау.

Ф о г е л ь (*столды қойып қалып*). Жетті, қысқарт бұл сөзді.

Ж а н б о з о в. Ол ғана емес, Турцияға да, Иранға да, Иракқа да, Индияға да — бәріне де сол от төгіп, ажал шашатын қамқор қанаттарыңызды жаймақсыздар, ынтықсыздар. Оны да білем.

Ф о г е л ь. Өшіремісің үніңді? Штольберг! (*Басын изеп қалады.*)

Ж а н б о з о в. “Дранг нах остен” деген, шығысқа ұмтылған армандарыңызды білемін. Ол арман өрмекшінің шыбынға ұмтылған арман, ынтықтығы.

Ф о г е л ь. Болдың ғой. Ал енді мен саған айтайын, сенің осы сөздерің өзінді ажалдан анық құтқарды.

Ж а н б о з о в. Қалайша?

Ф о г е л ь. Сендей адам бізге өте қымбат. Не тілегенің болады, бірақ қазір мынаны қазақшаға аударасың.

Ж а н б о з о в. Жоқ, қателеспейсіз. Аударатын кісі мен емес.

Ф о г е л ь. Сен сыйлағанды біл. Біз орыс тұтқындарымен бүйтіп ешуақытта сөйлескен емеспіз. Аударасың ғой, ә! (*Жанбозов басын шайқайды.*) Сен аударасың, мен аудартамын.

Ж а н б о з о в. Сіз аударта алмайсыз, мен аудармаймын.

Ф о г е л ь. Штольберг, салыңдар. (*Екі ефрейтор жетіп келеді. Олар Жанбозовтың қолын қайырып, қинай бастайды.*)

Ж а н б о з о в (*бұғауды салғызбай, алысып, айғайлап*).

Осы бұғау ғой менің еліме әкеле жатқаның.

Ф о г е л ь. Кимеймін, өлмеймін десең көн айтқанға.

Ж а н б о з о в (*мойнында бұғау, қылғына айқайлап*).

Көнгенім, өлгенім болар, азамат ажалын шақырдым басыма.

Ф о г е л ь. Ақырғы рет айтамын!.. Өлемісің, жоқ көнемісің?

Ж а н б о з о в. Өлтіріңдер!

Ф о г е л ь. Әкет! (*Сүйрей жөнеледі.*)

Ж а н б о з о в (*кетіп бара жатып*). Ез таппайсың Отанымнан.

Ш т о л ь б е р г. Қандай жазамен өлтіруге бұйырасыз?
Ф о г е л ь. Әзір өлтірме, мен мұны өзім көндірем.
Барыңыз. *(Штольберг кетеді. Фогель телефонды алып.)* Ал,
айта беріңіз. Не дейсің? Ә, сендерге шегін деп бұйырған
кім? Қоршауда қалатын менің штабым ба? Өшір үніңді.
Бұйырамын, бір адым да шегінбейсің. *(Екінші телефон
сылдырлайды.)* Мен тыңдап тұрмын. Жау сыртымызға шығуы
мүмкін, қалайша? Ол сөз емес. Менің штабым ба, жоқ, мен
шегінбеймін, сен де шегінбейсің. Бұйрық сол. *(Телефонды
тастай салады.)* Иә, бұйрық сол. *(Ауыр ойда.)* Қатер төнді.
Алдым аяз болса, артымда ажал. Қайтпек керек? Курцті атқан
оғым өзімнің де үкімімді айтқан. Жоқ, мен Курц болмаймын.
(Телефон шылдырлайды, телефонды алып.) Иә, мен тыңдап
тұрмын, бұл қайдан? А, сіз бе едіңіз. Иә, иә, дұрыс, дұрыс.
Қажет, сол қажет. Рақмет мұныңызға, рақмет. Жетсе, жетіп
үлгірсе болды. Одан арғының барлығына басыммен кепілмін.
(Телефонды қоя салады. Асығыс киінеді.) Штольберг! Корпустан
хабар жетті, қорқақтың орнын ер басады, селдіреген жерлерге
селдей күш төгіледі. Штольберг! Корпус көмегі жөнеліпті
осылай. Солар жетіп үлгіргенше, тапжылмай, тайсалмай
тұруымыз керек. Штольберг! Орыстар, орыстар ма “СС”-тің
болат дивизиясын қоршайтын. Ол болған емес. Болмайды.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

IV АКТ

Алтыншы сурет

Сахна сол бөлме.

Бірақ енді Жанбозов Фогельден жауап алып отыр. Жауаптың соңғы
кезі. Есік жақта Төлеген.

Ж а н б о з о в. Осы бөлменің ішінде олай да тергесіп,
бұлай да тергесіп, сіз екеуіміз көп ырғалдық-ау, жолдас
Фогель. Сіз мені тергеуден бастап, ақырында өзіңізге өзіңіз
үкім айтатын сәтке жеттіңіз. Жә, енді қысқартайық. Сіз не
тілейсіз, не таңдайсыз, кесігін өзіңіз айтыңыз.

Ф о г е л ь. Мен сізден ештеңе тілемеймін. Жаңағы жауаптан басқа айтарым тағы жоқ.

Ж а н б о з о в. Сіздің жауабыңыз осындай қысқа болса, менің үкімім де қысқа. Ендеше, байлайық па соған? (*Фогель үндемейді.*) Мен сізден жауап күтем.

Ф о г е л ь. Сіз менен жауап күтпестен бұрын өзіңізге өзіңіз дұрыс сұрау беріп көрдіңіз бе? Германның тұтқын полковнигін не өлтіру, не тірі қалдыру правосы бар ма екен өзіңізде?

Ж а н б о з о в. Сол праволарды маған беретін сіздің дәл осы арадағы мінезіңіз болмақшы. Қатаң мінез ұстансаңыз, қатал үкімге менің қолымды қазір шешкенім деп біліңіз. (*Түрегеледі.*)

Ф о г е л ь (*жасаңдап*). Менен өзіммен тең дивизия командирі жауап алсын деймін.

Ж а н б о з о в. Оған бір-ақ сауда бар. Жаңағы мен сұраған жайдан бар білген, бар шыныңды айтар болсаң, сонда ғана барасың. Айтпасаң, онда барар жол жоқ. Түсінікті ме?

Ф о г е л ь. Менің де алдымдағы сауда біреу-ақ. Осы мен тірі қалам ба, жоқ па?

Т ө л е г е н (*күліп*). Бас көрікті! (*Әнімен*).

Ау, екі қара

Жалын тара,

Батырдың мына отырған түрін қара!

Ж а н б о з о в. Сіз ажалды талай жанға жұмсай білген адамсыз. Тірлікті не құнымен арашалап қалуды да сіз жақсы білесіз. Менің мәслихатым — тірлігіңізді сақтаңыз, қайтесіз. Ар азабын сіз шекпессіз. Бронь сіздердің танктеріңізде, арыңызда емес қой. Иә!

Ф о г е л ь. Жарайды, сіз мені дивизия штабына жіберіңіз.

Ж а н б о з о в. Енді сіз барасыз.

Н а м ы с ұ л ы (*кіріп келін*). Жә, “С” пункті жайлы бар білгенін айтты ма, мына полковнигің?

Ж а н б о з о в. Түгел айтуға жалған намысы жібермей тұр. Өзімен тең командирлер алдында сөйлесуге келістік.

Н а м ы с ұ л ы. Ә, ө, тәкаббарлық тоны екен ғой. Айбар, қасиет болмысы ғой. Жарайды, біз мұның өзімізге керек шындығын сол тонын жыртпай-ақ суырып ала білеміз. Барсын, апарыңдар!

Ф о г е л ь (*жақындаған Төлегеннен шошынып, Намысұлына*). Штабқа жеткенше менің өміріме қатер жоқ па? Мені жолшыбай жазым еткізбеуіңізді өтінем?

Н а м ы с ұ л ы. Өтінбесті өтінесіз. Ол мінез сіздің штабыңызда қалған, барыңыз! (*Екі қызыл әскер оны айдап алып кетеді.*)

Ж а н б о з о в. Қайсар жатыр келесі.

Т ө л е г е н. Неткен қайсар? Қасқырдан қайрат кеткенде, ешкіні апа депті ғой. Қайсарың сол қасқырдың дәл өзі болған жоқ па?

Н а м ы с ұ л ы. Е, тұтқын полковникті қорқыттық та, күш айттық, ал майданда қандай күш аттық? Осы жорықта біздің батальон тағы баяу соқты ма, қалай болды осы?

Т ө л е г е н. Қайдағы баяу? Штабының шаңырағын ортасына түсіріп, полковнигіне дейін інінде басқан біз емес пе осы? Тұқырта бермеңізші.

Н а м ы с ұ л ы. Әй, Төлешім-ай! Серпе бересің-ау сен де. Қамауда қалған штабты алдық, қамалын бұзып алдық па? Иван Васильевич бізді не деді екен осы жолы? Тым құрыса соны біліп айтсаңшы. Басқалардан біздің түсірген олжамыз да аз көрінеді. (*Төлегенге сыбырлап, сыртқа жібереді де.*) Сабыр, сен бері келші. (*Екеуі пештің ар жағына кетеді.*) Сен осы келгелі, Нинаны көрдің бе, жоқ па?

Ж а н б о з о в. Жоқ. Қайда өзі? (*Бұл кезде Нинаны Төлеген жетектеп әкеліп теріс отырғызады. Нина түсінбей аң-таң. Төлеген Жанбозовты оған қарсы отырғызады.*)

Т ө л е г е н. Ал, таныс болыңыздар! (*Намысұлының қасына кетеді.*)

Н и н а. Сабыр!

Ж а н б о з о в. Нина.

Н а м ы с ұ л ы. Тоқта, мынау қайтер екен?

Т ө л е г е н. Ал көптен бергі күдігіңіздің ашылатын сәті келді.

Н а м ы с ұ л ы. Тоқта!

Н и н а. Сенейін бе, сенбейін бе? Анық сіз өзіңіз, Сабыр.

Ж а н б о з о в. Мен де сізді қайта көрем деп ойлап па едім?

Н и н а (*ендігі сөздерін жанып сөнгендей, сөніп жанғандай, күліп тұрып жылап, жылап тұрып күліп жіберіп айтады*). Сізден айрылғаннан бері ақылым сенбесе де,

көңілім әлденеден сізді тағы бір көресің деуші еді де тұрушы еді. Енді міне *(күліп жіберіп)*, айта алмай да тұрмын... Түу, не десем екен? Міне, бәрі де сол! *(Жылап жібереді.)*

Ж а н б о з о в *(шашынан сипап, арқасынан қағып)*. Нина, аяулы Нина. Сіз аман кетіп бара жатқанда, мен сол оттың ортасында өртеніп, жанып күл болып кетсем де, өмірімнің қақ жартысы сізбен бірге құтылып, жарқырай жайнап, аман кетіп бара жатқандай көрдім де, үміт те, дәрмен де тауып ем.

Н а м ы с ұ л ы. Мыналарың не деседі, жаным-ау?

Төлеген. Міне, от дариясынан өтіп табысқан Сейфүлмәлік — Жамалың! *(Сабыр сүйеге ыңғайланады.)* Бас көрікті!

Н и н а *(ұялып сыртқа шығып кетеді. Мейрам екеуі жәшік әкеледі)*. Сабыр, міне мынау сізге, сізге арналған, Иван Васильевичтің сізге жіберген сәлемдемесі.

М е й р а м. Сіз тағы жаңағыдай жарым жолға барып және жеткізе алмай қалдыңыз. Рұқсат етесіз бе, мен айтайын?

Н и н а. Ал айтыңыз, сіз айтыңызшы.

М е й р а м *(жәшікті ашады, алма, вино, консерві шығара бастайды)*. Бұл Иван Васильевичтің саған арнап жіберген сәлемдемесі. Ал өзі одан әрі, өзіміздің елден! Алматының саялы, сәнді, сағынышты бағынан келген. *(Алманы иіскен.)* Иісі, иісін ғана көрсеңші. Ана жүрегінің лебі дермісің, не болмаса Алатаудың таңғы лебі, бау-бақшалы даласының кешкі самал желі дермісің?

Ж а н б о з о в. Жүректі қозғадың-ау. Сен өлең айтып барасың ғой. Солай емес пе, Бақытжан аға?

Н а м ы с ұ л ы. Солай.

Ж а н б о з о в. Айт, айта түсші, құрбым.

Н а м ы с ұ л ы. Бұл ақындардай-ақ желге мініп, Алатау кезіп серпіп отыр, бірақ Жартыбайдың жортағынан басқа ұйқасты мен әлі көргем жоқ.

М е й р а м. Оныңыз рас. Ей, Төлеген, желісін мен айттым, келісін сен келтірші. Ұйқасын тапшы ең болмаса.

Н а м ы с ұ л ы. Осы сенен бірдеңе шығады, деп жіберші.

Т ө л е г е н.

Алыңыздар елдің асыл алмасын,

Ел сәлемі қам жүректі жалғасын.

Қиядағы, қырымдағы топ қыран
Тағы талай,
Талай тағы самғасын, самғасын!
Ал ар жағын сіз жалғап әкетіңіз.

М е й р а м.

Төлегенге тізгін бер,
Өлең шіркін, қайдасың.
Т ө л е г е н. Тоқта, тоқта, енді өзіме қоя бер.
Қалған ұйқас бар болса,
Төлеген өзі қармасын. (*Виноны қолына алады.*)
Талайы өлі табылад,
Мынаны ішіп алғансын, алғансын.

Н а м ы с ұ л ы. Сен жаңа ұйқасты таптың, бірақ үйлесті
көрген жоқсың. Шырқау барып, алыста жүрсің. Ауызға
түспес өлең тақ қасында тұрған жоқ па? (*Жанбозов пен
Нинаны нұсқап.*) Осылардың жаңағы кездесуінің өзі қандай?
Бал-бұл жанып, балдай оралысқан жоқ па, біріне-бірі?

М е й р а м. Оныңыз рас, өзгеше болды.

Н а м ы с ұ л ы. Е, ендеше, соған орай бір нәрсе
тапсаңшы.

М е й р а м. Ендеше, орай мынау болмас па? Біз
айтпағанды ел тудырып еді ғой, Төлеш.

Төлеген Жанбозов пен Нинаның арқасында тұрып “Екі жирен” әнін
бастайды, бұған бәрі қосылады, осы кезде Панфилов кіріп келеді.

Н а м ы с ұ л ы. Тұрыңдар! (*Төлегендер сасқалақтап,
алма ұстаған күйі честь береді. Панфилов оған күліп,
мазақтайды.*)

П а н ф и л о в. Айта беріңдер, айта беріңдер,
бөгелмендер. Жанбозов! Ал, тағы айтыңдар. (*Тағы да өлең
айтылады.*)

Н а м ы с ұ л ы. Ал, Иван Васильевич, сіз енді шешініңіз.

П а н ф и л о в. Немен сыйлайсың?

Н а м ы с ұ л ы. Бесбармақпен сыйлаймын.

П а н ф и л о в. Онда шешіндім.

Т ө л е г е н (*повардың қолынан ет салған табақты
алып*). Ал енді соғыста сіздердің бәріңіз командирсіздер,
қазір осы стол басында мен командир болайыншы.

П а н ф и л о в. Бола ғой, бол!

Т ө л е г е н. Ендеше, бәріміз бір табақтан жейміз. Бірінші команда сол.

П а н ф и л о в. Дұрыс мұның.

Т ө л е г е н (*тәрелкелер әкелгенде*). Тәрелкені әрі әкет, екінші команда сол.

П а н ф и л о в. Жолдас командир, бұйрығыңызға бір қосымша айтуға рұқсат па?

Т ө л е г е н. Айтып көріңіз, тыңдайын.

П а н ф и л о в. Ендеше, мынау шанышқыңызды да қоя тұрсаңыз, өзіміздің ауылдағыдай қолмен жесек!..

Т ө л е г е н. Құп, жолдас генерал, қосымшаңызды қабыл алдым. Повар, су дайында. (*Бәрі қол жуып, қайтып келеді. Панфилов телефонды қолына алады.*) Пәле, жолдас генерал, сіз өйтіп тәртіпті бұзбаңыз, қайтадан қолыңызды жуыңыз.

П а н ф и л о в (*күлімсіреп*). А, сіздің елдің тәртібі солай еді-ау. (*Қайтадан қолын жуады. Бәрі стол басында.*)

Т ө л е г е н (*үлкен табақпен етті алып келеді*). Түйсіне қарап, сүйсіне жеңіздер!

П а н ф и л о в (*Жанбозовқа*). Бұл “барсакелместен” келген сенің қуанышың, алыңдар. (*Бәрі де ішіп, етті жей бастайды.*) Бәріміздің ортақ қуанышымыз. (*Нинаға қарап күлімсіреп.*) Ал енді жеке-дара өзгеше қуанған кісілер бар, сен соны білдің бе?

Н и н а. Иван Васильевич, не айтқалы келесіз, менің рұқсатым жоқ.

П а н ф и л о в. Сіздің рұқсатыңыз болмаса, сізге менің айтпаймын деген сертім де жоқ-ты. (*Жанбозовқа.*) Сен неміс штабында қатты қысым тергеу үстінде Нинаны сыртыңмен атып, ішіңмен сүйіп, сол сүйгенінді немістерге білдірмей, мұның өзіне ғана сездіріп, жақсы көретінінді айтып қалғаның рас па? Нина сені сүйтті деп мақтанып келді.

М е й р а м. Мынау шын сұрарлық сыр екен, айтшы, ей?

Н и н а. Сабыр, айтпаңыз!

П а н ф и л о в. Мен Нинаның өтірігін де, шынын да қазір тегіс білуім керек. Мұның әкесі Захар қарт емес, әзірше менмін, айт.

Ж а н б о з о в. Апыр-ай, қинадыңыз-ау. Не дегенімді ұмытып та қалыпшын.

М е й р а м. Ой, немістің офицерінен жасырмағанды бізден жасырайын деп пе едің? Айт енді.

Н а м ы с ұ л ы. Айт, артында тағы бір сыр тұр.

Ж а н б о з о в. Ендеше, Нина сол алғашқы жолы шынын айтып келген болар.

П а н ф и л о в. Ә, дұрыс. Олай болса, тағы бір сыр бар. Сен қалып, Нина келгелі мына Бақытжан ағаң не ойлады екен, сол жайын бұл айтты ма?

Н а м ы с ұ л ы (*түрегелін*). Иван Васильевич, олай болса, мұны айтуды өзіме қоя беріңіз. Мен Нина туралы күмәнданып жүріп қызығып, қызыға жүріп күмәнданып, алай-түлей күйде едім. Жаңа мыналардың түрін көргеннен бері ұялам да қуанам, енді бақсам, бұлар жайы – қарлы суық жартас құздан жоғарылап ұшып, биік мөлдір көк аспанда алтын күннің шұғыласын құшып, ақ қанаттарымен жанасып, сүйкесіп табысқан ақсұңқарлардың кездесуіндей көрінеді... міне, бұл менің жаңа сырым, Иван Васильевич.

П а н ф и л о в. О, мынау қандай сұлу теңеу айтты. Бұл үшін, Нина, Жанбозов, мұның бар айып, бар кінәсін кешпеске шараң жоқ. (*Жұрт күлісін, тұра бастайды.*)

Н и н а. Ағай, сіз қандай жақсы едіңіз!

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, жақсы ағаң жақсы көңілмен бір сүйсін, келші! (*Сүйіп, арқасынан қағады.*)

Т ө л е г е н. Бас көрікті! Ал, қолдарыңызды жуыңыздар, ақырғы команда сол! (*Бәрі қолдарын жуады. Төлеген Панфиловқа жақындап.*) Жолдас генерал, Иван Васильевич, Нина партизандардан бір ән үйреніп келіпті, өзі партизандардың сәлеміндей жақсы ән. Соны тыңдап көрсек қайтеді?

П а н ф и л о в. Нина, сен бір жақсы ән біледі дейді, соны айтып жіберші.

Н а м ы с ұ л ы. Төлеген, қосыл Нинаға!

Т ө л е г е н. Қане, бастап жібер! (*Нина бастайды, Төлеген, Жанбозовтар қосылады. Партизан әні айтылады.*)

Н а м ы с ұ л ы. Иван Васильевич, сіз бәріміздің бар сырымызды айтқыздыңыз ғой. Енді сізден бір сыр сұрауға бола ма?

П а н ф и л о в. Сұра.

Н а м ы с ұ л ы. Бүгінгі шабуыл жорықта біздің батальон басқалардан кем соқты ма, дәлі қалай шықты осы?

П а н ф и л о в. Өз көңіліңе қалай, күдігің бар ма, жоқ па?

Н а м ы с ұ л ы. Күдігім бар сияқты.

П а н ф и л о в. Ендеше, сол өз көңілің таразы.

Н а м ы с ұ л ы. Бәсе, тағы солай. Бірақ ендігінің мәнін ұқпай, қиналып жүрмін. Неліктен?

П а н ф и л о в. Сен батальоныңмен табан аудармай, тапжылмай тұрып ұруға әлі жаттыққан жоқсың. Сен өзің күрестің бар әдісін білемісің?

Н а м ы с ұ л ы. Қай күрестің?

П а н ф и л о в. Әлгі өздеріңнің, қазақ пен қырғыздың жақсы күресін айтам, ол өзі аса қызық күрес.

Н а м ы с ұ л ы. Е, оны білем ғой!

П а н ф и л о в. Білсең, екі түрлі жығыс бар емес пе еді? Біреу бар, өзі қайрат етпей шаптан тіреп жатып алып, анау омырау еткенде ғана қапысын тауып жығатын. Ал енді біреуі екпіндеп, батыл қимылдап ұмтыла барып шалатын, жамбасқа алатын, арқалап соғатын. Сен шаптан тіреуге жақсы едің, шалуға келгенде әлі олақ болып тұрсың. Міне, батальонның жайы осы.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, мен бар ой, бар қайратымды шалуға салармын.

П а н ф и л о в. Дұрыс айтасың, біз бар дивизиямызбен сол қимылға шықтық. Бірақ шалып алып, шалқасынан түсетін де болатын, оны да ойла.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, сондай бір сын келсе екен.

П а н ф и л о в. Сын деймісің? *(Ойланыңқырап.)* Жә, достар! Бірің емес, бәріңе, бәрімізге аса бір үлкен сын келе жатыр. Оның шағы күнмен емес, сағаттармен саналып тұр. Тек жадында тұт бәрің де. Өзгеше үлкен сын келеді, қапысыз қайратқа әзір тұрыңдар. Әзірге айтарым сол ғана. *(Телефон сылдырайды.)*

Т ө л е г е н *(телефонды алып)*. Кім керек? А, қазір, жолдас генерал!

П а н ф и л о в *(телефонды алып)*. Иә. Мен тыңдап тұрмын. Генерал армияның өзі келген бе, қазір барам. *(Кетуге ыңғайланады.)* Ниеттеріңе, әсіресе, бесбармақтарыңа үлкен рақмет. Ал, менің жаңағы айтқандарымды есте әрдайым тұтыңдар! *(Кетеді.)*

Н а м ы с ұ л ы. Жә, достар! Жаңағы сөзге түсіндіңдер ме?

Б ө р і. Түсіндік, түсіндік.

Т ө л е г е н. Түсінбейтін не қалды.
Н а м ы с ұ л ы. Түсіндік пе ендеше.
Ж а н б о з о в. Түсіндік, Бақытжан аға.
Н а м ы с ұ л ы. Олай болса, дәл осы шабуылда ел бетін
ер болып көруге серт берейік, мақұл ма?
Б ә р і. Бердік сертті! *(Бәрі партизан әнін айтады.)*

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Перде алдында генерал армия мен Панфилов сөйлесіп тұр. Олардан аулағырақ жерде Григорьев, Петров, Намысұлдары тұрады.

Г е н е р а л. Қорытынды осы. Ал, жолдас Панфилов! Бұл сіздің дивизияға әдейі арнап, атап берген өзгеше міндет, өзгеше сын. Сын болғанда жалғыз сіздің дивизияңыз емес, жалғыз командир өз басымыз емес, бүкіл біздің майданның және менің де өзгеше міндетім, өзгеше сыным. Мен сізге сенем. Оған өзіңіздің қара басыңыз кепіл. Жүріп өткен жолыңыз кепіл, барлық дивизияңызбен кешіп келген кешулеріңіз кепіл, ғасырлар бойы сарапқа түсіп, талай сында талмай шыққан ұлы орыс халқының құралы кепіл, шыдамы таудай, шындаған сайын шымырлай түсетін елің кепіл! Бұл жорықта сіздің серігіңіз — ұлы қолбасының сенімі. Қайырлы, бақытты сапар тілеймін.

П а н ф и л о в. Рақмет, жолдас генерал! Түсіндім, түйдім бәрін де. Жауабым — ісім болсын, істе көресіздер! Бізді келесі көретін жеріңіз, осы өзіңіз жұмсап тұрған бүгінгі жау қолындағы сол “С” пункті болсын.

Г р и г о р ь е в. Жақсы айттыңыз. Талабыңыз орынды. “С” пунктін алып, жау корпусын қоршап болған сәтіңізде, мен қасыңыздан шығамын. Қош болыңыз.

П а н ф и л о в. Қош болыңыз. *(Генерал армия мен Григорьев кетеді. Панфилов Чуров пен Намысұлына жақындайды.)* Достар! “С” пунктіне шабуыл жасау бұйрығы — бізге бас қолбасшының арнайы берген бұйрығы. Жолдас Сталиннің бұйрығы, бізге арнап берген бұйрығы ғой.

Ч у р о в. Бізден үлкен үміт еткен екен.

Н а м ы с ұ л ы. Ерекше сенген болды.

П а н ф и л о в. Иә. Ерекше сенген. Бұл майданда алысып жатқан армия аз емес, дивизия одан да көп. Сол көптің ішінен бізді атап бергені тек беріс емес, сеніп бергені. Жай осындай, бұл қандай сын екенін түсінесіңдер ғой.

Ч у п р о в. Түсінеміз, түсіндік.

Н а м ы с ұ л ы. Түсіндік.

Г р и г о р ь е в. Сіз айтқан “С” пунктін мақұл тауыпты.

П а н ф и л о в (*накетті алады*). Картаны жайыңдаршы! (*Үшеуі картаға қарай бастайды.*)

Н а м ы с ұ л ы. Жә, достар, түсінікті ме?

Т ө л е г е н. Түсінбейтін не қалды?

Н а м ы с ұ л ы. Түсіндік пе ендеше?

Ж а н б о з о в. Түйдік, Бақытжан аға.

Н а м ы с ұ л ы. Олай болса, дәл осы шабуылда ел бетін ер болып көруге серт етейік, мақұл ма?

Б ә р і д е. Еттік, бердік сертті!

Н и н а. Ендеше, мен де еремін! Сабыр, қатарыңызда, қасыңызда боламын бар жолда. (*Қол сілкіседі.*)

П а н ф и л о в (*картаны жинай бастайды*). Дұрыс, осымен бағанағы байлау бекітілді. Ендеше, “С” пунктіне алдымен шабуыл жасауды сіз алдыңыз ғой? Есіңізде болсын! Жаудың бір дивизия емес, екі дивизиясын емес, үлкен бір корпусын қоршағалы отырмыз. Бұл біздің дивизияның бүгінге дейін көрмеген қиындығы, аспаған асқары. Бәріміздің де есімізде болсын. Сол пунктке дивизия түгел жетіп, басып алғанда ғана жау қоршалады, бұйрық орындалды дейміз. Түсінікті ме?

Ч у п р о в. Түсінікті.

Н а м ы с ұ л ы (*Чупровка*). Жолдас полковник, рұқсат па?

Ч у п р о в. Рұқсат.

Н а м ы с ұ л ы. Шабуылды біздің полк бастайды екен. Мүмкін болса, менің өтінішім, сол шабуылдың алдына менің батальоным түссе екен!

Ч у п р о в. Мақұл, сіздің батальоныңыз бастайды.

Ж а н б о з о в (*Намысұлына*). Жолдас батальон командирі, енді сізге Ғалиев екеуміздің айтар өтінішіміз, батальон ішінде тұңғыш шабуылды алдымен біздің рота бастаса екен?

Намысулы. Мақұл, сіздің рота бастайды.

Чупров. Рақмет сендерге. Жақсы! Ал енді сайланындар. Бөлімдеріңе жетіңдер, әзірленіңдер.

Панфилов. Жолдас комиссар, біз қазір осы түн бойы бар әзірлікті байқап шығайық. Таңға шейін бар жауыңгер қай қамалға шабатынын тегіс білсін де, іштей, тыстай тас-түйін әзір болсын.

Панфилов. Иә. Қатал сындар ер намысын жанысын, намыс ері иіместей кек атсын. Тосқауыл соғыста естен кетпес жиырма сегіз ер өктесе, шабуыл соғыста сан жиырма сегіз самғап шықсын.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Жетінші сурет

Сахнаның сол жағы кірпіш үй. Жоғарыда ұзыншалау терезесі, төменде оқ ататын тесіктері бар. Үйге жалғаса, әріректе төбешік. Төбешіктен оңға қарай жалғаса созылған шатыр мен құймалардың шеттері көрінеді. Алыста жел диірмендер, шіркеулері бар поселка. Қар жауып тұр, ала көлеңке кез.

Перде ашылғанда сахнаның төр жағында Намысулы еңбектеп келе жатады. Екінші жақтан Төлеген бір топ жауыңгерлермен бірге шығады.

Намысулы. Ал, достарым, жау жүрегіне сермелген найза біздің батальон болса, сол найзаның болат жебесі сендерсіңдер. Өйткені жау бекінісіне ең алдымен ілінген сендер болып тұрсындар. Ендеше, батальон, тіпті батальон емес, бүгін бар шабуылдың тағдырын шешетін тағы сендерсіңдер. Сендер жауды осылай алдап қалың күшін бұрсаңдар, біз оң жағынан айналып келіп соғамыз. Жарып кіреміз. Ер шығарлық өр де осы, бізді көмер көр де осы. Біздің батальон, біздің полк осы бекіністі тегіс басып алып, жау желкесін кеспес болса, жорық жолсыз, қан рәсуа, түсінікті ме?

Бөрі. Түсіндік, Бақытжан аға, түсіндік.

Намысулы. Ендеше, бекіндік, байладық осыған. Соңғы сертіміз мынау болсын. *(Автоматын көпке қарай*

кезенін.) Қасиетті халқымыз, ардақты анам, асыл атам, бір өзіңсің туған Отан. Адал құрбан бола алсақ, ақтаушы да өзін бол. Осы шоқтай тобымыздан қалтырар қол, жігерсіз жүрек білінсе, әділ, қатал қазысы да өзін бол. *(Барлық жауынгер автоматтарын ұстап тұрып, осы антты қайталайды. Ант біткеннен кейін Намысұлы жауынгерлерді кезектеп сүйеді. Төлегенді оңаша алып шығып сүйеді.)* Қош бауырым, Төлеш!

Т ө л е г е н. Қош, Бақытжан аға, қош. *(Намысұлы кетеді. Төлеген жауынгерлеріне келеді.)* Қане, достар, нешеу қалдық. Әттең, бесеу-ақ қалыппыз ғой. Енді осы бесеуіміз, қазір бес рота болып от төгуіміз керек. Жаудың есін шығарып, осы арадан қалың сел қаптағандай көрсетіп, барлық оты мен оғын өзімізге аударып төккізуіміз керек. Неге бекінгенімізді түйдіндер ғой. Арыстанның аузына, түрікпеннің түбіне барғалы тұрмыз. Сөз жоқ, жаулар да оғын от пен қардай боратады. Азар болса ажал ма, қасқайып қара тайсалмай. Бар еді ғой ер егесі, ұл таптым, деп қалжа жеді ғой, айналайын анамыз. Солай емес пе, достарым!

Б ө р і. Түсінікті, Төлеш, түсінікті.

Т ө л е г е н. Асан, сен анда бар! Коля, сен мұнда бол! Бейсен, Миша, мынау арада болыңдар! *(Бәрі сарт-сұрт орындарына отыра қалады.)* Бас қимылға бөрің де! Жаудыр оқты! *(Бәрі ата бастайды, біраздан соң жау отының бұларға аударылғаны анық сезіледі. Сахнада, биіктен, зуыл қағып, ысқырып оқтар өтіп жатқаны сезіледі. Оқта-текте прожектор, қараңғыланған сахнаны жарқыратып жіберіп, қайта сөніп тұрады. Сол жарыққа ілесе сахна үстінен шуыл қағып, ағып өтіп, алысқа түсіп жатқан снаряд, миналардың үні білінеді. Ерлер әзір аман, қатты соғыс үстінде. Соңғы бір сәтте сарай жана бастайды.)* Орын ауыстырыңдар! Жау оты ауды бізге, қайтадан алғашқы орындарыңа барыңдар!.. Ал, төк іркілмей, төк. *(Соғыс қыза түседі. Қараңғылық түсіп кетеді, оқ жауып тұр, шатыр жанып жатыр, жалғыз Төлегеннің айғайы шығады.)* Қайран достар, бауырлар! *(Әр тесіктен тұрған құралмен кезек-кезек атады. Осы кезде 5-6 неміс оны қоршай бастайды.)* Тірідей қолға түсірмек. Қоршамақ, бұлар көп, мен жалғыз. Тәуекел! *(Оқопқа жасырынады.)*

Н е м і с. Ей, русь, сдавайся. *(Төлеген екі қолын көтере тұра келеді. Аузында гранат. Немістер алданып, екінші жаққа орала береді.)*

Т ө л е г е н. Мә, сен итке сдавайся. (*Гранатты лақтырып жібереді*). Бас көрікті. (*Сол кезде арт жағынан немістің офицері келіп бас салады. Екеуі алыса түседі. Кезек жығыспен окоптың ішіне келіп түседі. Аздан соң немісті буындырып өлтіріп тұра берген кезде, немістің біреуі оны атып жібереді. Ол немісті екінші жақтан шыға келген Мейрам атып құлатады.*)

М е й р а м. Төлеген! Есіл Төлеген, бауырым! (*Үстіне құлап түседі, қайта басын көтеріп.*) Ерліктің шың биігін алып тұрып өлдің-ау, қайран Төлешім. Аязды биік басына айнымай келіп, ту тіктің. Құлатпаймын туыңды. (*Төлегенді көтеріп әкетеді. Сол кезде алыстан шабуыл сарыны сезіледі. "Отан үшін!" деген Намысұлының айғайы естіледі. Сол айғаймен сахнаға Намысұлы шығады. Қолында қызыл ту.*)

Н а м ы с ұ л ы (*туды өртенген сарайдың маңдайшасына қадап*). Отан үшін! Алға! (*Жауынгерлерді ертіп кетеді. Осы кезде аржақтан қолы жаралы Жанбозов, екінші жақтан Нина шыға келеді.*)

Н и н а. Сабыр бауырым, сен тағы да жарадар! (*Тез байлай бастайды.*)

Ж а н б о з о в. Ой, Нина, неткен тамаша бұл! Көрдің бе, жау жөңкіле бастады.

Н и н а. Алдымен өзі жетті, ағай, жан аға!

Ж а н б о з о в. Әне, мына жақтан да қалың сел қаптап келеді. Байлай бер енді, байлай бер! Алынды қамал, алынды.

Н и н а. Ұлы мұрат орындалды, қуаныш, неткен қуаныш, Сабыр, Сабырым. (*Сабырды құшақтай алады. Екеуі сүйісіп тұрған кезде, әлдекімді іздегендей жан-жағына алақтап Намысұлы шыға келеді.*)

Н а м ы с ұ л ы. А, сүйер көбейсін! Сәукеле мен отауы ғана жетпей тұр екен.

Ж а н б о з о в. Жолдас командир, ротаға тапсырған бұйрығыңыз орындалды.

Н а м ы с ұ л ы. Мен ротаңа сүю туралы ешқандай бұйрық бергенім жоқ! Қолдарың тимей-ақ жүр екен пақырлар!

Ж а н б о з о в. Мұның мәні бар еді, себебі...

Н а м ы с ұ л ы. Жә, қоя ғой! Сүю себепсіз болса да, жазықты емес. Жә, енді шығынды айтшы, кім бар, кім жоқ?

Ж а н б о з о в. Бізде шығын ауыр, Бақытжан аға, өздеріңіз ше?

Н а м ы с ұ л ы. Біз де қатты шығындап, қан кешіп келдік. Ал, Төлеген қайда, көрдің бе?

Ж а н б о з о в. Ісін танып тұрмын, бірақ өзін әлі көре алмадым.

Н а м ы с ұ л ы. Ол қайда, аман ба екен өзі?

Ж а н б о з о в. Аман болар. *(Сол кезде Мейрам кіріп келеді.)* А, Мейрам, келші, аманбысың, бауырым?

М е й р а м. Ә, Бақытжан ағай-ай, мен тірілігімді қайтейін, қайран Төлеш кетті ғой.

Н а м ы с ұ л ы *(шошына қиналып)*. О не дейді?

Н и н а. Не дейсіз? Есіл Төлеген! *(Бір топ жауынгерлер мылтықтың үстіне салып, Төлегенді алып келеді.)*

Н а м ы с ұ л ы *(Төлегеннің қасына келеді, үнсіз тізесін бүгіп, Төлегеннің жарасын сүйеді)*. Жаранды сүйдім, қыран бауырым. Қимас қыран бауырым. Сенің жараң кешілмес кек болып орнасын біздің жүрекке. Ызаға, әділ ашуға толы жүрекке, Төлешім. Қанатым едің, болат қанатым едің, Төлешім. Сенің атың бар кегімнің аты болсын, сенің атың жау ажалын жеткізер бар оғымның аты болсын. Сенің атың қасиетті еліңнің ер туының аты болсын, Төлешім. Тамшы қаным қалғанша, жадымдасың сен менің, жолыңдамын мен сенің. Намысың – мен, ант еттім, Төлешім!

Ж а н б о з о в. Асыл Төлешім.

Н а м ы с ұ л ы *(көп қаран)*. Кешікпей, кідірмей ажалдай соғар кек болсын. Сен үшін, досым, сен деп соғамыз. Сендей болып өлген барлық бағлан, жас ұландар үшін соғамыз. Сен қорғаған жас бауыр, қор болған қарындас, налыған ата-ана үшін соғамыз. Қан болған дала, жау қолында күңіренген қазыналы қалалар үшін соғамыз. Кек қана деп ұшсын біздің қазалы оқ, кекпен сермелсін біздің семсер! *(Панфилов пен Чупров жетіп келеді.)* Жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Баяндамай-ақ қойыңыз. Бәрін де көріп тұрмын. *(Төлегеннің басына келеді.)* Тоқтаров! Төлеген! Төлеш! Ұзақ ерлік сапарын күтуші ем, мен сенен. Өміріңнің осынша қысқа болғаны несі. Бірақ аз жорықта армансызсың. Ер елінің ата қаны мұздамаған сенің тамырыңда. Ұл туса анадан сендей болып тусын, Төлеген! Кешегі Клочков, Қожабергенов, Қосаев, Есболатов, Сеңгірбаевтардай болып

тусын. Өлімнің өкіндірсе, ерлігің сүйсіндіре бастасын тағы талай ерлікке. *(Маңдайынан сүйеді, бәрі нағанмен оқ атады.)* Алып барыңдар! *(Төлегенді алып кетеді. Панфилов соның соңынан жүріп барып қайта оралады.)* Жә, достар! Бүгін біз не қимыл еттік, қандай кешу кешіп өттік? Дивизияның майдандағы жас тарихында біз бүгін екінші асудан астық деп тұрмыз. Ол Москва кегін ту етіп шабуылға шығу еді. Тұңғыш жорық, сын жорық еді бұл бізге. Біздің бұл сапарға ұлы партияның өзі бастап еді, сіздер, жауынгерлер, командир, саяси қызметкерлер, қымбатты бауырларым, ере білдің, ақтай білдің ұлы қолбасының сенімін. Алғыс айтам сол үшін! *(Бағанадан Төлегеннің өлігі кеткен жаққа қарап ауыр ойда тұрған Намысұлының қасына барып, арқасынан қағады.)* Намысым, уайым серік емес, ер жігітке қайрат серік. Қамықпа! Жолдас Чупров басқа дивизияға командир болатын болды. Соның орнына командир сен боласың. Құтты болсын, жолдас полк командирі.

Ж а н б о з о в *(қуанып)*. Бақытжан аға!

Ч у п р о в. Құттықтаймын, жолдас полк командирі. *(Қол алысады.)* Иван Васильевич көрген екен. Мен де енді таныдым сені. Қасиет тұттым, құрмет еттім, сендердей ер ұлдарын тудыра білген, өсіре білген, бауыр етіп әкеліп берген қадірлі қазақ халқына.

Н а м ы с ұ л ы. Сізге де рақмет... *(Панфиловқа.)* Жолдас генерал! Жай бір жатқан көк темір, от пен суға кезек түссе, қайнай келе жалын жұтқан көк болат шығатын. Осындай қыспақ кешуде ұяңыздан ұшқан қыран балапандарыңыз – дивизияңыз түгелімен, тұтасымен сол темір қанат көк болат дивизиясы болсын. Осы менің талабым да жауабым.

Ж а н б о з о в. Бақытжан аға, құттықтаймыз.

М е й р а м. Құттықтаймыз.

Н и н а. Құтты болсын, Бақытжан аға. *(Намысұлы Жанбозовты барып сүйеді. Осы кезде Григорьев пен Валя таласа шығады. Олардың соңынан қуанышты жауынгерлер шыға бастайды.)*

В а л я *(Григорьевке)*. А-а, мұнда екен. Жолдастар, дивизия комиссары, рұқсат па?

Г р и г о р ь е в. Валя, тоқта, асықпа... сабыр...

В а л я. Осы қуанышты хабарды папама мен айтайын... мен жеткізейін... рұқсат, рұқсат етіңізші...

Г р и г о р ь е в. Валя!.. Қой, тоқта... ол болмайды... болмайды...

В а л я. Жок, рұқсат етіңіз... мен... мен айтам.

Г р и г о р ь е в. Валя!..

В а л я. Жоқ... Папа!..

П а н ф и л о в. Иә. О не?.. Не бар осы сендерде?..

Ә с к е р л е р. Тоқта... Тұра тұр! Қайтер екен. Иван Васильевич... Қалай қуанар екен... *(Осы кезде Григорьев жетіп келеді.)*

Г р и г о р ь е в. Иван Васильевич! Мен зор бақыт хабарын алып келдім сізге, сіздерге, достар! Біздің ұлы қолбасы мен асыл Отан бізге арнаулы үлкен сый берген.

П а н ф и л о в. Не дейсіз, рас па?

Г р и г о р ь е в. Иә, бір емес, екі сый берген. Біздің 316-дивизия бұдан былай ол ат емес, қасиетті зор атпен аталады. Ең әуелі біздің дивизияға гвардия атағы берілген. Біз бұдан былай 8-гвардия дивизиясы аталамыз! *(Шу, қуаныш.)*

Б ө р і *(қуанышпен)*. 8-гвардия!

Г р и г о р ь е в. Ол ғана емес, және, және тыңдаңдар! Гвардия атағын алған бірнеше дивизияның ішінен біздің дивизияны тағы ерекше бағалап, еліміздің жауынгер жүрегіне ең ыстық сыйы — Қызыл Ту орденін берген. *(Уралаған шу.)* Құттықтаймын, игі болсын! Бақытқа, Отан бақытына бастасын біздің осы ту. Келші, Иван Васильевич! *(Құшақтасып сүйіседі, жұрттың бәрі қуаныш үндермен бірімен-бірі сүйісіп жатады.)*

П а н ф и л о в *(тез басып келіп Чуровты сүйеді де, одан Намысұлын сүйеді. Төбе басына шыға беріп, көпке)*. Қуанындар, жаулана қуанындар, бауырларым! Сендермен бірге мен де қуанам. Бірақ қуана тұрып басқаны айтам. Ұшқыннан өрт шыққандай, қуаныштан жеңіс туып, Отан қуанышы туса, сонда ғана бұл қуаныш баянды. Өлінің қазасы, тірінің жарасы не деп үн салады саған бүгін? Соған ғана құлақ сал. Соған ғана жүрек тік. Тіксіне тік кекке толы жүректі. Саған бүгін жау зеңбірегінің үнінен де басымдап, ар жағадан бөбектер шырқырап үн қатады. Саған бүгін айуан тепкісінде адал мейір, ақ сүті ақтарылған жарадар ана, арманда ата үн қатады ол өлкеден. Соған ғана тік кекке толы жүректі. Саған бүгін сол жағадан, жау жайлаған жағадан

бойы нақақ қанға боялған ормандар өксіп үн қатады. Саған бүгін тарихтар бізге табыс еткен мұнарадай мұралар күрсіне күйреп, үн қатады. Саған бүгін өрт құшағында қалалар, мола басқан далалар құтқар, балам, ұмтыл, деп үзілместей үн қатады. Соған ғана тік кекке толы жүректі. Осыны ғана тілейді өлінің қазасы, тірінің жазасы. *(Тудың алдына барып.)*
Мынау жандай жақын, жалындай ыстық ту!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

С о ң ы

**Мұхтар Әуезов,
Лениндік, Мемлекеттік
сыйлықтардың лауреаты,
Әлжаппар Әбішев**



НАМЫС ГВАРДИЯСЫ

**Үш перделі, алты суретті
қаһармандық драманың екінші нұсқасы**



Қатынасатындар

Панфилов Иван Васильевич.
Намысұлы Бақытжан – батальон командирі.
Григорьев – дивизия комиссары.
Ғалиев Мейрам – политрук.
Қайсар Айбаров – автоматчик.
Нина – партизан өлкесінен келген қыз.
Жанбозов Сабыр – рота командирі.
Валя – медсестра.
Фогель – неміс дивизиясының командирі.
Курц – неміс полкінің командирі.
Штольберг – неміс штабының бастығы.
Доктор, санитарлар, адъютанттар,
командирлер, қызыл әскерлер,
неміс солдаттары.

Оқиға 1941 жылы, күз айларында,
Москва түбінде болады.

І ПЕРДЕ

ПРОЛОГ

Сахнаның қақ ортасында мәңгілік от маздап тұр. Оның екі жағынан төгілген шымылдық ту секілді біріне-бірі иіледі. Кенереден жіберілген үш тармақ прожектордың екеуі сол мәңгілік оттың екі жағында, құрметті қарауылда тұрған екі солдаттың бетіне, енді бірі алыстан келе жатқан солдаттың бетіне түседі. Басына каска киіп, автомат асынған ол мәңгілік отына жете бере тоқтайды.

С о л д а т.

Ей, адамзат!..

Ей, отандастар!..

Армандастар!..

Замандастар!..

Бәріңе айтар сырымыз бар,

Бәріңе айтар жырымыз бар.

Көкірекке тоқыңыздар,

Мәңгі маздар отымыз бар!..

Ей, ұрпақтар!

Сендер де мәңгі маздатыңдар!

Сендер де мәңгі ұмытпаңдар!

“Ұмытпаңдар, ұмытпаңдар

Құрбан болған батырларды!

Лаулап жанып жүректерде,

Өлгендердің оты қалды.

Өлгендердің атақ-даңқы

Найзағай боп шатырласын!

Өлгендердің махаббаты

Мәңгі-бақи лапылдасын!

Батпасын күн қан жамылып,

Атсын әр кез күліп таңдар.

Ей, тірілер, ей, тірілер!

Өлгендерді ұмытпаңдар!”

Бірінші сурет

Алыста қарсыласқан қатты соғыс жүріп жатыр. Біздің жауынгерлер соғыса шегініп келеді. “Шегініңдер! Шегініңдер!” деген дауыс естіледі.

Сахна көлденеңінен тартылған траншея. Шегінушілер ауық-ауық автоматтардан оқ төге шегініп, сол орға түсіп кетіп жатыр. Сахнаның оң жағынан “Токтатыңдар!” деген өктем дауыс естіледі. Траншеяның зал жағымен Қайсар келе жатыр. Ол автоматын сүйретіп зорға келеді. Арғы бетке шыға келген Жанбозов көрінеді. Ол Қайсарды көре сала аңырып қалады.

Ж а н б о з о в¹. Қайсар! Сенің қолың сынып қалған ба?

Қ а й с а р² (*булығы*). Жоқ, шегіне-шегіне сағым сынды.

Ж а н б о з о в (*суық түспен*). Тоқтат, ондай сөзді!

Қ а й с а р. Жоқ, сіздер шегінуді тоқтатыңыздар!

Мен мына жерді танып келемін. Бұл Москваның жері, Москваның... (*Еңіреген күйі етпетінен түседі.*)

Ж а н б о з о в. Ой, ез неме! Қатындар құсап жылағаны несі-ей, мынаның! Жаның барында, тұр жылдам! (*Автоматын кезейді.*)

Қ а й с а р. Мұнан да қатын болғанның өзі жақсы, жолдас командир. (*Тұра бастайды. Осы кезде сырттан Намысұлының дауысы естіледі.*)

Н а м ы с ұ л ы³. Тоқтатыңдар! (*Жоғарыға шыға келін.*) Жолдас Жанбозов, шығар қоршаудан шықтық, шегінер жерімізге шегіндік. Тірліктегі ең соңғы қорғанымыз да, өлсек көмілер көріміз де осы белестер. Жанбозов! Сенің ротаңның ең соңғы қорғайтын қорғанысы осы өткел, ие бол! (*Бинокльмен алысқа қарайды.*)

Ж а н б о з о в. Айбаров! Сенің ең соңғы қорғайтының осы траншея. Ие бол!

Әрі асып кетеді. Қайсар Намысұлының қасына жетіп барады.

Қ а й с а р. Бақытжан аға! А, кешіріңіз, жолдас комбат! Анық па? Анық шегінбейміз бе?

Н а м ы с ұ л ы. Артымызда Москва, енді қайда, қайда ғана шегінбексің? (*Жүріп кетеді. Соғыс саябырлайды.*)

Қ а й с а р (*шаттанып траншеяға секіріп түседі*). Уһ, ар байғұс аман қалды-ау, әйтеуір. (*Ойланып.*) Соның құрметіне

айтып жіберетін Мейрам ағайдың кешегі өлеңі қалай еді?
(*Автоматын домбыра қылып ақырын әндетеді.*)

Біз құрбан, туған елім, сен аман бол,
Асқар тау, бетегелі бел, аман бол,
Қанымдай қасиетті суың қымбат,
Айдын көл шалқып жатқан, сен аман бол!..

(*Әнінің аяқ жағына Жанбозов келіп қосылады.*)

Ел десек, елемеуші ек жауған оқты,
Белдескен басушы едік талай топты.
Москва, сен емес пе ең біздің ана,
Ана үшін болмаймыз ба айтқан тоқты.

Намысұлы шығып жақындайды.

Н а м ы с ұ л ы. Па, серілердің серпер жерін тапқанын.
Жау қырам деп қыра алмай, ерлер отыр үялмай. Жауды
қуып келудің орнына қашып келгенге мәзбіз-ау, сірә?

Қ а й с а р. Ба-с көрікті!

Ж а н б о з о в. Әй, батыр-ай, осы жолы көрікті баса
алмай қалдық қой деймін. Комбатымыз төбеден дәл ұрды
ғой.

Н а м ы с ұ л ы (*бинокльмен алысқа қарап тұр*).
Кеудеден жан кеткендей әннен сән кетіп тұр-ау, бауырлар!
Сонау Москваның үстінде ашық аспан бетіне бедер салған
жұдырықтай қара түтіндерді көрдіңдер ме?

Ж а н б о з о в. Көріп тұрмыз-ау...

Н а м ы с ұ л ы. Көрсең, ол не?

Ж а н б о з о в. Не деуге болады? Жан анаңа, ғазиз
анаңа тиген тепкі дермісің?..

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, сол тепкі біздің кекті жанысын.
Мұқалмас, өшпес кекті жанысын!

Қ а й с а р. Жанып-ақ, жаланып-ақ ұрып жүрген
жоқпыз ба осы. Құрсауын үзіп, қоршауын бұзып-ақ келдік
қой.

Н а м ы с ұ л ы. Бұзып-ақ келдің! Қайда келдің?
Шегінгеніңе шелиемісің? Москваға жеткенге мәзбісің?

Қ а й с а р. Әй, енді кім шегінсе де атармын-ау.

Намысұлы. Қайнар қаның, қайнар. Бірақ әлі қайнап піскен жоқсың, жалғыз сен емес, тіпті, біздің бар батальон әлі піскен жоқ. Бәріміз де әлі шикіміз. Батальон жайын ойласам, жігерім құм болады. Жаудың қоршауын бұзып шыққанымыз өзімізге әлдеқандай көрініп еді, ойласам, олай емес екен.

Жанбозов. Енді қалай?

Намысұлы *(сырттан біреуді көргендей)*. Оны кейін естірсің, бара тұрыңдар! *(Қайсар мен Жанбозов кетеді, қасында Григорьев пен адъютанты бар Панфилов келе жатыр.)*

Панфилов⁴ *(сахнаға шыға бере траншеяның кемерін ұстап көріп)*. Мына қорғандар жауынгерлерді желдің өтінен де қорғай алмас! *(Өзіне қарай беттеген Намысұлын көріп.)* Намыс! Жайыңды естідім, баяндамай-ақ қой! Айтшы! Тайғақтың асуындай осы кесір асуда ер кім болды, ез кім болды? Соны тани білдің бе?

Григорьев. Осылардың ері көп, езі аз болған-ау деймін.

Панфилов. Сен неге үндемейсің?

Намысұлы. Ерлікті таңдап алу да, ездікті таңбалап беру де қиын ғой, жолдас генерал. Біз осы екеуінің бірінен шығып, біріне жете алмай, аралықта жүрмесек.

Панфилов. Дұрыс, мақтанбасаңыз мақұл.

Григорьев. Әрине, әсіресе жаралы жолдасын жау қолына тастай қашқан қорқағы бар командирдің мақтанбауы сыпайы.

Панфилов. Жә, Ғалиевті жау қолына тастай қашқан “батырды” шақыртшы.

Намысұлы. Жолдас генерал! Ол біздің арамыздан кеткен-ді.

Панфилов. Қайда?

Намысұлы. Ол атылды.

Панфилов. Атылды?

Григорьев. Кім атты?!

Намысұлы. Сол жазалары үшін біз аттық.

Панфилов. Аттық?! Рұқсат еткен кім?

Намысұлы. Рұқсат еткен де, атқан да мен өзім.

Панфилов. Мен өзім? Саған мұндай правоны берген кім?

Намысұлы. Неміс қоршауында бар совет үкіметі бір өзім болдым, енді қайтейін.

П а н ф и л о в. Сенің осыныңда ағаттық бар ма, жоқ па, өзің не дейсің?!

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас генерал, оған ешқандай шәк-шүбәм жоқ, ағат емес.

Г р и г о р ь е в. Сонда сен өз бетіңмен ата бермекпісің?

Н а м ы с ұ л ы. Ондай ез, намыссыз, қорқақты ату керек, әлі де атамын!

Г р и г о р ь е в. Сөйтесің бе сен? Алды-артыңа қарамай, тап беріп, тарс жарылып отырсаң, армия не болмақ? Ала мінез қаптамай ма, егінді басқан арамшөптей?

Н а м ы с ұ л ы. Арамшөп?!

Г р и г о р ь е в. Иә!

Н а м ы с ұ л ы. Ондай арамшөпті жұлатын да тастайтын еді ғой.

Г р и г о р ь е в. Жұлынуы ғажап емес.

Н а м ы с ұ л ы. Онда менің атым арамшөп екен, жұлыңыз да тастаңыз. (*Айналып кетпек болады.*)

Г р и г о р ь е в (*ақырып*). Тоқта! Бұл нендей тәртіп? Кімнің алдында тұрғаныңды білемісің?

П а н ф и л о в. Кешке штабқа кел.

Г р и г о р ь е в (*Намысұлына жақындайды*). Ашумен емес, ақылмен кел, бар! (*Намысұлы кетеді, Григорьевтің көзі ол кеткен жақта.*) Бұл не, жолдас генерал?

П а н ф и л о в (*бинокльмен алысқа қарай тұрып сөйлейді*). Бұл біздегі әлі түлеп болмаған түлектей жас батальон. Мына мінез, мына қылық соның айғағы.

Г р и г о р ь е в. Біз піспеген, жас деген сөзді әрқашан да айтамыз, пісіретін күніміз бар ма, жоқ па?

П а н ф и л о в. Иә, иә, біздің төселген тәрбиеміз қайда? Толықсыз толған тәжірибеміз қандай? Егерде оларымыз өз басымыздан аспайтын мардымсыз бірдеңе болса, мардамсу неменеге керек?

Г р и г о р ь е в. Соның жауабын табайықшы.

П а н ф и л о в. Оның жауабы сол: мұнан былайғы біздің бүкіл дивизияның таразысы сол жас батальонымыз болады. Сол батальон еңіреген ер, балғын батальон болғанда ғана дивизия деген жеріне жетті, биік белге шықты дерміз, серт осы ғана. Тек, ол тілекке жету үшін командирі сай болсын.

Г р и г о р ь е в. Намысұлы сай емес пе?

П а н ф и л о в. Сіз оны әлі де командир болып қалсын деймісіз?

Г р и г о р ь е в. Сізше қалай?

П а н ф и л о в. Ол орнынан алынуы керек сияқты.

Г р и г о р ь е в. Онда Намысұлының жаңағы өзіміз айыптаған мінезінен біздің айырمامыз қайсы?

П а н ф и л о в. Сіз енді аяй бастадыңыз ба оны?

Г р и г о р ь е в. Оны аясам, сізді де аяғаным. Өйткені сізге сондай батыр командирлер ғана серік бола алады.

П а н ф и л о в. Ойлану керек. Жә, жүріңіз. Қоршаудан келген жауынгерлердің жайын көрейік. *(Бұлар кетеді, блиндаждан Қайсар мен Жанбозов көрінеді. Сырттан Намысұлы келеді.)*

Ж а н б о з о в. Иә, жәй-күйді білдіңіз бе?

Қ а й с а р. Не аңғардыңыз?

Н а м ы с ұ л ы. Аңғар жайсыз, біз кінәлі секілдіміз.

Ж а н б о з о в. Қалайша?

Н а м ы с ұ л ы. Қорытылуы жетпеген қорғасындай қалпымыз, шемендей басып жатыр.

Қ а й с а р. Қорытылмаған қорғасыны несі, қайнаған болаттай-ақ ұрып жүрген жоқпыз ба осы?

Ж а н б о з о в. Майдандағы барлық батальон дәл біздің батальондай соғысса, біздер ендігі Берлинге де жететін едік.

Н а м ы с ұ л ы. Тәжірибеміз де, тәртібіміз де кем, көп нәрседен кендеміз.

Қ а й с а р. Тіпті тәртібіміз де ешкімнен кем емес.

Н а м ы с ұ л ы. Сенің осыңның өзі тәртіпсіздік емес пе?

Қ а й с а р. Мен не жаздым?

Намысұлы Командир емессің, политрук емессің, қымыздың қызу кеңесінде отырғандай кие-кие жөнелесің, бұл не?

Қ а й с а р. Бас көрікті! Ал қойдық, жанжалы құрысын.

Н а м ы с ұ л ы *(ақырып)*. Смирно! Қара тұрысын. Кр-у-го-м, ша-гом-арш! *(Қайсар оның айтқанын орындап кете барады. Намыс Жанбозовқа ашулы көзбен қарап аз тұрады да, өзін-өзі күшпен тежеп.)* Егер осыдан Мейрам жау қолында тірі қалған болса, менен аяуды да, соғыс сотынан қорқуды да күтпе! *(Жүріп кетеді.)*

Ж а н б о з о в. Жолдас комбат...

Намысұлы. Жаралы жолдасын жау қолына тастайтын сондай қорқақтың ротасында взвод командирі болып жүру – сенің ездігің. Жүр, генерал сенің ротаңа қарай беттеп

келеді. *(Екеуі кетеді. Сахна аз уақыт бос. Аздан соң, жаралы Мейрамды сүйемелдеп Нина келеді.)*

Мейрам⁵ *(жан-жағына қаран)*. Қауіпсіз жерге жеткен секілдіміз, сонау бір ағашқа отырып демалайықшы.

Нина. Майдан шебінен өттік, бірақ қауіпсіз жерге әлі жеткеніміз жоқ. Шыдаңыз.

Мейрам. Майдан шебінен өтсек, уәделі жерімізге де жетіппіз ғой. Енді айтыңызшы, мен кімге қарыздармын, сіз кімсіз осы?

Нина. Мыңдаған, жүздеген қарындастың бірі деп білсеңіз жетпей ме?

Мейрам. Жөніңізді неге айтпайсыз?

Нина. Өзіңіз де әлі айтқан жоқсыз ғой.

Мейрам. Мен сіз айтпағандықтан іркілемін.

Нина. Әлде мен сізге шпион, сайқал болып көрінермін, солай ма?

Мейрам. Бұл не дегеніңіз?

Нина. Жау қолында қалған командирді құтқарған болып, өзі өткелі жүрген шпион болсам ғажап па?

Мейрам. Айтпайтын түріңіз бар екен, айтпассыз. Бірақ, кім де болсаңыз, тірлікте сізден зор қарыздар жаным болмас. Тек білмегенім үлкен арман болар да қалар! *(Бұлар сахнаның орта тұсына жеткен кезде, Намысұлы мен Қайсар келіп тұра қалады.)*

Нина. Өлімнен өзім құтқарып әкелген ердің жөнін білмеуім маған да арман болар.

Мейрам. Ұмытшақ екенсіз, мен атымның Мейрам екенін айттым ғой.

Намысұлы. Мейрам! *(Тани кетіп, тұра ұмтылады.)*

Қайсар. Мейрам, ағатай!

Мейрам. Бақытжан аға! *(Екеуі сүйіседі.)* Қайсарым! Батыр бауырым!

Намысұлы. Бауырым-ау, бар ма едің, тірі ме едің? Қайсар, шақыр санитарларды! *(Қайсар кетеді.)* Сенен айрылғалы алай-түлей күйге түсіп, жүрегім тілім-тілім еді. Ал, сөйлеші... мынауың кім?

Мейрам. Осы кісі мені құтқарып келген.

Намысұлы. Сіз кім едіңіз?

Нина. Мен советтің жәй бір қызымын.

Мейрам. Қарыздарым да, жөнін білмеген жұмбағым да осы кісі.

Н а м ы с ұ л ы. Жұмбағым? Сіз қалай кездестіңіз, қайдан келе жатыр едіңіз?

Н и н а. Мен дивизия штабын іздеп келемін.

Намысұлы. Қай дивизияның?

Н и н а. Сіздер қай дивизияның адамы едіңіздер?

Н а м ы с ұ л ы. Маған сұрау бермей, жауап берсең қайтеді, қарындас. Қай дивизияны іздеп жүрсіз?

Н и н а. Іздеген дивизиям сіздің дивизия болар. Мені штабқа тезірек жеткізсеңіз қайтеді?

Н а м ы с ұ л ы. Ол тілегіңіз орындалады. Мынадай қымбат жолдасымызды аман алып келгеніңіз үшін, бәріміз де сізге борыштымыз. Бірақ жөніңізді айтпай жұмбақ тастап кеткеніңізге қайранбыз, оны жасырмаймын.

Н и н а (күліп). Сіз тым турашыл екенсіз.

Н а м ы с ұ л ы. Күйінгенім мен сүйінгенім бәрі де тілімнің ұшында жүретін кісі едім.

Н и н а. Ол жақсы сипат, бірақ әр мінездің әр алуан кезі бар ғой. Егер менің орнымда болсаңыз, мүмкін сіз де мен тәрізді жұмбақ боларсыз.

Н а м ы с ұ л ы (күлімсіреп). Ынтықтыра біледі екенсіз, қарындас, бара ғой. (*Адьютантына*). Мына кісіні штабқа сен алып бар. Немене аузың ашылып, көзің жұмылып кеткен... (*Күбірлен.*) Көзің мәңгі жұмылып кетпесін. (*Картаға үңіледі.*)

Н и н а. Қош болыңыз, аңғал досым. Менің атым Нина, ұмытпаңыз.

М е й р а м. Нина! Сізді мәңгі ұмытпаспын, Нина. Бірақ аңғал атандырған айыбымды білсем екен.

Н и н а. Оны білу үшін тез жазылыңыз. (*Адьютантқа.*) Мен тәртіпке келіп алайын, кішкене мұрсат беріңіз. (*Шеткері барып, тарана бастайды. Мейрам онан көз алмай күрсінеді.*)

Н а м ы с ұ л ы. Е, не болды сонша?

М е й р а м. Ағып өткен жұлдыз ба қалай, көзді еріксіз тарта береді.

Н а м ы с ұ л ы. Көзің тұнжырап-ақ қалған екен.

М е й р а м (күлімсіреп). Өз көзіңіз де түлкіге шүйілген қыранның көзіне ұқсап кетті-ау, деймін.

Н а м ы с ұ л ы. Қашан?

М е й р а м. Жаңа сол қыз алдыңыздан өте берген шақта.

Н а м ы с ұ л ы (күліп). Е, сен арыстай болып арқасына

мініп келгенің аз болғандай, енді қызғанайын деп пе едің?
(*Осы кезде Қайсар мен Жанбозов жетіп келеді.*)

Ж а н б о з о в. Бәсе, сені ажал жеңді дегенге сенбеп ем,
келші бері. (*Ол ұмтылып келіп құшақтай бере, Мейрамның
жаралы аяғына соқтығады.*)

М е й р а м. Ой, аяғым... аяғым! (*Нина ұшып келеді.*)

Н и н а. Жолдас, сізде көз бар ма?

Ж а н б о з о в. Рапу етіңіз! (*Жалт қарайды.*) Ақыным-ау,
сенің жаралы аяғың үшін жаны торғай болып шырылдаған
бұл кім еді?

М е й р а м. Кім екенін даусынан-ақ таныған жоқсың
ба?

Ж а н б о з о в (*қадала түсін*). Жоқ, тани алмадым,
бұл кім еді?

М е й р а м. Аярлығы жоқ, адал жанның даусын қалай
танымадың?

Ж а н б о з о в. Сен ақындығыңа басып кеттің, оған
менің миым жетпейді, онан да бетінді әкел. (*Құшақтап
сүйін.*) Шынымен топырақ астында тыпырлауға да келмей
қалсаң, жыламас едім, қорланар ем.

М е й р а м. Қайран Сабырым-ай, бір жылда туған
қадірлес құрбым-ай, сен болмасаң менің өліміме өкпені
кім айтады?

А д ь ю т а н т. Генерал келе жатыр.

Н а м ы с ұ л ы. Тұрындар! (*Мейрамнан басқалары атып
тұрады.*)

П а н ф и л о в (*сөйлей келеді*). Жолдас Намысұлы!
Осындай толасты пайдаланып, қорғандарды нығайтып
алындар. (*Мейрамды көре сала қуанышты үнмен.*) Мынау
кім? Мейрам!

М е й р а м. Сәлеметсіз бе, жолдас генерал! Жолдас
комиссар!

П а н ф и л о в. О, жолдас Ғалиев! Жоққа саналған
батальон аман келді, өлді деген сен тірі келдің, қандай жақсы!

Г р и г о р ь е в. Ал, сөйлеші, қайда қалдың? Қалай
келдің? Кім жеткізді?

М е й р а м. Мен басып қалған топырақ астынан
қыбырлап жер бетіне шыққан едім, қанша уақыт өткенін
білмеймін, сәтімен мына бір қыз кездесті де, ұзақ бейнетпен
сол алып келді.

П а н ф и л о в. Жараң ауыр емес пе?
М е й р а м. Онша ауыр емес.
Н и н а (*Қайсарға күбірлен*). Генерал Панфилов осы ма?
Қ а й с а р. Осы, жок, білмеймін, білсем де айтпаймын.
А д ь ю т а н т. Иван Васильевич, Валя келе жатыр.

Қасында екі санитарка бар Валя келеді.

В а л я. Папа! (*Ұмтылып келіп әкесін құшақтай алады.*)
Папа!

П а н ф и л о в (*Валяның маңдайынан бір сүйеді де, бетін Намысұлы тұрған жаққа бұрып, арқасынан бір қағады*). Сен енді медсестрасың.

В а л я (*Намысұлының алдына барып*). Жолдас аға лейтенант! Сіздің шақыртуыңызбен келген медсестра Панфилова.

Н а м ы с ұ л ы. Мынау жаралы кіші лейтенант Ғалиевті тезінен санбатқа жеткізіңдер.

В а л я (*санитарларға әмір етеді*). Көтеріңіздер!

Г р и г о р ь е в. Валя, көріспегенімізге көп болды ғой осы!

П а н ф и л о в. Мұның өзі папасын көп сағынбайтын болу керек, іздемейді де.

В а л я. Сағынғанмен қайтейін, соғыс.

П а н ф и л о в. Дұрыс айтасың, соғыста кім папасының қасында жүр! Мына Ғалиевті менің қолыма тез жазып беріңіздер. Осы ғана менің сізден өтінетінім, жолдас медсестра.

В а л я. Құп, жолдас генерал! (*Мейрамды әкетеді.*)

Н и н а. Сәлеметсіз бе, жолдас генерал!

П а н ф и л о в (*жалт қаран*). Сіз кім едіңіз?

Н и н а. Иван Васильевич, мүмкін болса, сізге оңаша айтарым бар еді.

П а н ф и л о в (*оңашарақ барып*). Ал, айтыңыз.

Н и н а. Мен сізге жау қолына өзіңіз қалдырып кеткен Руза деревнясындағы Захар досыңыздың, онан арғы ормандарда жатқан партизандардың сәлемін әкелдім.

П а н ф и л о в (*барлап қаран*). Захар? Ол кім?

Н и н а. Ол менің әкем, басқаның кім екенін өзіңізден сұраңыз.

П а н ф и л о в. Өзімнен қалай?

Н и н а. Онда Чапаевтың жорықтарынан сұраңыз.

П а н ф и л о в. Атыңыз кім?

Н и н а. Ескі атымды ұмыттым, жаңа атымды сіз айтыңыз. *(Панфилов оның екі жарылып маңдайына түсіп тұрған шашының сол жақтағы шоғын қайырады да, көзіне қарайды.)*

Н и н а *(күлімсірен)*. Жаңылып тұрған қолыңыз ба, ойыңыз ба?

Панфилов маңдай шаштың оң жақтағысын қайырып қарайды да, мөлдір қара меңді көреді.

П а н ф и л о в. О, менің Нина дейтін өжет партизан қызым сен бе едің? *(Қол алысып.)* Менің ол қарт досымның халі қалай, жақсы ма?

Н и н а. Ар жақтан келгенім кеше ғана еді, үмітінен басқа жақсы халін көре алмадым.

П а н ф и л о в. Өз халің қандай?

Н и н а. Чапаев атындағы партизандардың сіздерге ұшырған тұңғыш қарлығашымын, халім қанатсыз болса, бұлай алысқа ұша алмас едім ғой.

П а н ф и л о в. Қызым, сен мені қатты қуандырдың, ендігі әңгіме штапта болсын. Машинаға отыра бер, мен де кешікпеспін. *(Нина мен адъютанты кетеді. Панфилов Намысұлына жақындап.)* Жә, жолдас Намысұлы! Өлді деген Ғалиев тірі келді, ал сіз өлімге бұйырған адамның қылмыс жағдайы не болмақ?

Н а м ы с ұ л ы. Меніңше, Ғалиевтің жағдайы өзгергенімен, қылмыс жағдайы өзгерген жоқ, жолдас генерал.

Г р и г о р ь е в. Сіздің осы қыңырлық жағдайыңыздың өзгеретін күні бар ма?

Н а м ы с ұ л ы. Менде ешқандай қыңырлық жоқ, сондықтан өзгеретін де түгім жоқ, жолдас комиссар.

Г р и г о р ь е в. Жолдас генерал! Кешіріңіз, мен Намысұлын танымай келіппін.

П а н ф и л о в. Сенің жеке басыңда алғырлық та, ерлік те бар. Сені жауынгерлердің де қатты сүйетінін жаңа көріп келдің. Әсіресе, қоршауда қалған ауыр күндерде де, сен олардың көңіл күйін таба біліпсің. Бірақ, сонымен қатар батальонның болашағына келтіретін ұрыншақ, ағаттықтарың

да бар. Сол себепті сен батальон командирлігінен алынасың!
(*Қасындағыларға иек қағып.*) Жүріңдер! (*Олар кете береді.*)
Қ а й с а р (*ақырын ғана*). Ба-с кө-рік-ті.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Екінші сурет

Дивизияның штабы. Перде ашылғанда Панфилов, Григорьев екеуі картаға қарап ой үстінде отыр.

П а н ф и л о в. Москва... Москва... Қайнар күн, қысылшаң сағат жетті, міне, жолдас комиссар. Жау бүгін Москваға қарай жүлқынуда, әлі мұнан да қатты жүлқынады. Ондай тасқын апатқа қарсы қояр менің барлық тосқауылым да, қарсы соғар барлық қайратым да, жұмсайтын барлық айла-тәсілдерім де осылар. Қалай, ажалдың мұндай шахматы сізге ұнай ма?

Г р и г о р ь е в. Жок, ұнамайды.

П а н ф и л о в. Неге?

Г р и г о р ь е в. Айла-тәсілдеріңіздің бәрі де тамаша. Әсіресе, артиллерияны алға шығарып танкімен жекпе-жек соғыстырмақ болған жаңа тәсіліңізге қатты сүйсіндім. Бірақ генерал Фогельдің тыңайып алған танк дивизиясы біздің қарсымызға келіп тағы түсті. Бұл сапар екі жағына “СС”-тың екі полкін ала түсті. Полк болғанда қандай, Москваның көшелеріндегі соғысқа арналып, бақайшақтарына дейін моторланған нағыз дүлейлер. Біздің бір ғана дивизия үшін бұл аса ауыр, жолдас генерал, ауыр.

П а н ф и л о в. Иә, жеңіл емес. Европаны таптаумен жемсауын темір крестерге толтырған генерал Фогельдің Москваға бірінші болып кіруге ант еткен күні кешегі күн. Біздің міндет — оларды қалайда осы жерде қаусату.

Г р и г о р ь е в. Ол үшін корпустан көмек сұраңыз.
(*Телефонға беттейді.*)

П а н ф и л о в. Көмек сұралар да, алынар, бірақ бұл мақсатқа жетудің кілті көмекте емес, сіздердің қолдарыңызда, жолдас комиссар.

Г р и г о р ь е в *(телефонды ала беріп тоқтайды)*. Қалайша?

П а н ф и л о в. Жауды Москваға жеткізбей қаусата алатын құрал дәл қазір солдаттардың қолында емес, жүрегінде. Ол жүректі жауға қарсы жұмсай алатын сіздер, комиссарлар, саяси қызметкерлер! Осы хал, Отанымыздағы осы намыс жауынгердің санасына түгел жетсе — жеңдік, жетпесе — жеңілдік, екiнiң бiрi.

Г р и г о р ь е в. Ол жетуде, әлі де жеткіземіз. *(Телефонды алады.)* “Оралды” бер! Бұл кім? “Орал” керек... Сөйлеп тұрған “Волга”. Сіздердегі саяси қызметкерлер қайда? Бәрі де алдыңғы шептерде ме? Жақсы. Қазір біз де аттанамыз, әзір тұрыңыз! *(Телефонды қояды.)* Мен кеттім, жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Барыңызшы. Жауынгерлердің жүрегіне ез мың өлгенде, ердің бір-ақ өлетінін жеткізе біліңіздерші. Клочковтардың бүгінгі ұшқындай ерлігінен ертең өрт қаулар ма екен, барыңыздаршы. А, кішкене! Сол Намысұлын кайтеміз?

Г р и г о р ь е в. Меніңше, оны әзір қоя тұрған жөн. *(Кетуге ыңғайланады.)*

П а н ф и л о в. Онда тоқтаңыз! Біз осы жөнінде де өзіміз ұғысып алайық. Намысұлы туралы сіздің нақты ойыңыз немене осы?

Г р и г о р ь е в. Мен оның ерлігіне, тапқырлығына шәк қылмаймын.

П а н ф и л о в. Солдаттар арасындағы беделіне де шәгiңiз болмас?

Г р и г о р ь е в. Оған да. Бірақ командир болу үшін әскерлік тәртібі мен тәжірибесі жеткілікті емес. Сол себепті ғана қарсымын. Ұсақ ұлттардан шыққан мұндай ер адам бізде аз. Сондықтан біздер оның жайын жауапты түрде қатты ойланып, сақтай пайдалануымыз керек. Егер оны осыдан тағы сүріндіріп алсақ, қайта көтеріп алу қиын. Өйткені ол майыса білмейтін болат сияқты, бір сынса, қатты сынатын морт адам.

П а н ф и л о в. Оның бойындағы қасиеттерді өте дұрыс байқағансыз. Бірақ мен сізге бір құпия сыр айтайын: оның қорқақты атуы сүріну емес — сілкіну. Бүкіл батальонды сілкіндіру. Ол жағдайдың өмірі. Мен мұны солай түсінемін де, мұндай арыстан адамды мынау қатерлі шақта жаумен алыстырмай ұстап отыру қылмыс деп білемін. *(Адъютантына.)* “Талғарды” жалға!

Г р и г о р ь е в. Олай болса, өзіңіз арыла сөйлесіңіз. Егер ұрысты басқаруға қазір қосатын болсаңыз, өз көмегіңізге алыңыз.

П а н ф и л о в. Болды, байлау сол. Сіз тез оралғайсыз. *(Григорьев кетеді. Панфилов телефонды алып.)* “Талғарды” бер! Сөйлеп тұрған “Алатау”. Артиллерия алдыңғы шепке жетті ме? Енді, снаряд үздіксіз жеткізіліп тұрсын! Дұрыс. Қай батальонды қоршамақ? Оның оң жағындағы қай батальон еді? Бар пейіліңді соған сал... Жоқ, резервтің кезін өзім айтамын, мақұл, бар. Сол жерге жетісімен маған хабар ет. *(Телефонды қояды, сылдырды естіп қайта алады.)* Иә, апырай, не дейсіз? Тағы да Клочковтар ма айқасып жатқан. Бұл жолы қиратқаны нешеу дейсіз? Он жеті! Ғажап... ғажап... иә, ол бір жігіт... бірақ сіз алданып қалмаңыз, бар күшін бірден лақ еткізетін немістер де ақымақ емес, бұл алдыңғы толқыны ғана болар. Сіз кейінгі ауыр толқынға, Москваға тікелей түйілген соңғы соққыға әзір тұрыңыз. Кешікпей ол да басталар. Резервті салар кезіңіз сол. Кешікпей өзім де қасыңызға жетермін. Оған дейін үрдіс хабарды үзбеңіз. *(Телефонды қояды. Адьютант келеді.)*

А д ь ю т а н т. Жолдас генерал! Аға лейтенант Намысұлы келіп тұр.

П а н ф и л о в. Келсін. *(Адьютант кетеді. Намысұлы келеді.)*

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас генерал, сіздің шақыруыңыз бойынша келдім.

П а н ф и л о в. Отыр, Намысым, отыр... Алдымен саған бір ерлік хабарды айтайын. Өзіңнің досың политрук Клочков бастаған азғана топ мана таңертең жаудың он төрт танкісін қиратып еді, жаңағы бір кезде жау шабуылын күшейткен екен, он жеті танкісінен тағы айрылыпты.

Н а м ы с ұ л ы. Бұл бүкіл армияның үмітіне от беретін ерлік екен.

П а н ф и л о в. Сенің кешегі тың ерлігің де менің үмітімді ақтай бастады. Бірақ сенің бөліміңдегі бар жүректер, барлық бастағы ой бір өзіңнің ойындай толғанса, барлық білек бір өзіңнің білегіндей қайрат серпіп, бірдей ұрса деуші едім. Сенің алдындағы үлкен сын осы екенін ұғынып жеттің бе?

Н а м ы с ұ л ы (*атып түрегелін*). Жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Отыр.

Н а м ы с ұ л ы (*қайта отырады*). Иван Васильевич, сіз маған үлкен қамқор командирдің де, туған әкенің де айтатын сөзін айттыңыз. Бұл шынайы сөзіңіздің орайына, маған да бір шыншыл жауапты айтуға рұқсат етіңіз.

П а н ф и л о в. Айт, екеуіміз сырлас болмай, береке болмайды.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, мен Отанымның жауына қарсы осы майданға не алып келдім, немен келдім? Партияның таза тәрбиесін алып келдім, жауға деген жиреніш, Отанды сүйген жүректі ғана әкелдім. Жауынгер халық бола тұра, жүз жыл бойы қолына қару алуға правосы болмай келген елімнің намысын әкелдім. Әскери білім, ысылған тәжірибе әкелгенім жоқ қой.

П а н ф и л о в. Оны кім түгендеп әкеліпті? Бәріміз де осы соғыстың әр сағатынан, әр қыспағынан оқып-тоқып келе жатқан жоқпыз ба?

Н а м ы с ұ л ы. Бәсе, ендігі ойым: әкелмегенім есеп емес. Өлсем де соны табуым керек, жетуім шарт. Менің сыным сол болу керек деймін.

П а н ф и л о в. Ол сенің ғана сының емес, менің де сыным. Сен жетесің, мен жеткіземін. Ең керекті қасиет — жаңағы өз айтқандарың, ол сенің өз бойыңда бар. Ал, тәжірибе мен тәртіп жолдан табылады, жүре табылады. Оны сен табасың, мен тапқызамын. Ол үшін сен батальоныңа қайта командир боласың.

Н а м ы с ұ л ы. Қайтадан?! Қалайша?

П а н ф и л о в. Біз сырласып болдық. Енді бұйрықты тыңда! (*Сөйлей түрегеледі. Намысұлы атып тұрады.*) Мезгіл ауыр, хал қатер. Қазіргі осы жүріп жатқан соғыстан бастап, бізге үлкен соққы түйілді. Бүгінгі, ертеңгі күндер жаудың бізді басып-жаншып Москваға өтпек күні. Сенің батальоның сол зор қатердің алдында тұр. Мың жүректің бір жерден соғатын кезі жеткені осы. Не дейсің осыған?

Н а м ы с ұ л ы. Москва үшін жаным құрбан деуден басқа айтарым жоқ, жолдас генерал.

П а н ф и л о в. Үстіңнен жау өткізбей, батальон рубежін не болса да, ертең кешке дейін ұстап тұра аламысың? Есінде

болсын, саған жаудың бір полкі шабуыл жасауы мүмкін. Өйткені сенің батальоның өткелде жатыр.

Н а м ы с ұ л ы (*ұзақ ойланып*). Онда, өткізбеймін деп айта алмаймын. Бірақ бір адым шегінбеске ант етемін!

П а н ф и л о в. Қолыңды әкел! Олар өтпейді ендеше! (*Қол алысады*). Бүгіннен бастап, сен өз қарамағымдасың. Ерлігің ел-жұртың мақтан етерліктей болсын, сондай бақыт тілеймін. Қош! (*Намысұлы кетеді. Панфилов оны есікке дейін шығарып салып, ауыз үйде әлдекімдерді көргендей болып.*) А, сендер де жеттіңдер ме, келіңдер! Бері жүріңдер! (*Нина, Мейрам, Қайсар келеді.*) Иә, жөнелуге әзірсіңдер ме?

М е й р а м. Әзірміз, жолдас генерал.

П а н ф и л о в. Басқаларың қайда?

М е й р а м. Сыртта тұр.

П а н ф и л о в. Жасыратыны жоқ, бұл жорықтарыңның жүгі ауыр, жолы қиын, айтатындарың жоқ па?

М е й р а м. Өзіңізде болмаса, бізде жоқ.

П а н ф и л о в (*ойланып*). Мен айтарымды айтып болған секілдімін. Москвадан қалған қан ғана — қан, Москвадан қалған жан ғана — жан. Анасын сүйген әр жүректің Москва үшін оқ боп атылып, бомба боп жарылар шағы жетті. Сендерге де, сендер бара жатқан партизан бауырларға да ендігі айтарым сол ғана.

М е й р а м. Сәлеміңіздің оларға Отан әміріндей болып жететініне сеніңіз.

П а н ф и л о в. Мен саған әрқашан да сенемін. Соңғы бір айтарым, қайтар жолда мына Нинаның әкесі Захар қартқа соғып, Фогельдің жай-күйін біле келіңдер. Айбаров, саған айрықша міндет: сол Фогельдің штабынан бір “тіл” әкелесің.

Қ а й с а р. Е, ол оңай ғой.

П а н ф и л о в. Оңай емес, қиын. Сен тағы да фашистердің өлексесін әкеліп жүрме.

Қ а й с а р. Осы сапар маған да сеніңізші.

П а н ф и л о в. Жарайды. Нина! Бар аманатты мыналарға, бұларды саған тапсырдым. Бұлардың амандығы үшін, барлық айла-тәсіліңді аяма! (*Мейрамға.*) Сендер мұнан күдіктене бермей, жүрегін тыңдай біліңдер.

Қ а й с а р. Ол тыңдауды Мейрам ағай міндетіне алған.

П а н ф и л о в. Ол не сөз?

Қ а й с а р (*абыржып*). Нинаның алдындағы борышына шашы жетпейді дегенім ғой.

Н и н а. Өзің алтынды Алтайдың талай қызына борыштарсың-ау, ә, бауырым?

Қ а й с а р. Оның рас, тәтежан. Кейде сол қыздардың шолақ айдарын да сағынамын.

П а н ф и л о в. Сағын, сағын... Сағынарыңның бары жақсы. Осы сапар үшеуің біріңді-бірің сағынатындай болып келіңдер. (*Нинаның қолын қысып.*) Әкеңе менен алғыс айт, үлкен достық сәлем айт. Жасымасын. Қайта көрісетін күн енді алыс емес деп айтты де, қош! (*Қайсарға жақындап.*) Қолыңа түскен фашистерді (*қолын сығымдап*) сенің бүйте салатының болатын, құдай үшін осы сапар тірі әкел!

Қ а й с а р. Мен айтқанымнан қайтпаймын. Тірі әкелемін дедім, амал жоқ, фашист болса да тірі әкелемін.

П а н ф и л о в. Алдын ала рақмет саған. (*Қолын Мейрамның иығына салып.*) Сен автоматпен қаламды қабат жұмсап, немістерді өзіңе қатты өшіктіріп алдың, сақ бол!

М е й р а м. Менің оларға деген өшпенділігім мұнан сегіз жыл бұрын рейхстаг өртенген күннен бастап тұтанғанды.

П а н ф и л о в (*күлімсіреп*). Сегіз жылға бір-ақ сарт еттің-ау.

Н и н а (*өзіне*). Қиырдан қиырға ұратын нажағай секілді.

П а н ф и л о в (*қолын қысып*). Сәт сапар!

М е й р а м. Қош болыңыз!

Бұлар кетеді. Панфилов солар кеткен жаққа қарап ойда тұр,
телефон сылдырлайды.

А д ъ ю т а н т (*тыңдай сала*). Қазір! Жолдас генерал!

П а н ф и л о в (*телефонда*). Мен тыңдап тұрмын. Не хал, тез айтшы, не дейсің? Әлі де шегініп бара ма?.. Өз халдерің қалай? Амал не, резервті салыңдар. Бірақ арғы бүйіріңнен қысып кетпесін! Сақ, берік бол! (*Телефонды қойып, қартаға келеді.*) Иә, хал ауырлады, Талғар полкінің қатарындағы көрші дивизия шегініп кетті, біздің сол жағымыздан қауіп қатты түйілді. (*Григорьев кіріп келеді.*)

Григорьев. Иван Васильевич! Корпус командования есі сол жақтағы дивизияның шегінуі бізге зор қатер төндіргенін ескертеді.

Панфилов. Не істе дейді?

Григорьев. Шегінін дер дейді.

Панфилов. Қандай қатердің төнгенін де, олардың шегінін дер дейтінін де, шегінер жердің қалмағанын да біліп отырмын. Саяси қызметкерлеріңіз аттанды ма?

Григорьев. Тегіс аттанды. Қазір алдыңғы шепке өзім де барамын.

Дежурный. Жолдас комиссар, сізді телефон күтіп тұр.

Григорьев. Берер нақты жауабымыз не болмақ?

Панфилов. Қатердің ауырлай түскенін ескерткендеріне алғыс айтыңыз, басқа жауабымыз әзір жоқ.

Григорьев. Олардың күткен жауабы бұл емес қой.

Панфилов. Менің олардан күткен бұйрығым да бұл емес. *(Ашынып.)* Түсінесіз бе, жолдас комиссар, бұл емес, бұл емес.

Григорьев. Сіз өзіңіз үшін сол дивизияңызға төнген қатерден де ауыр, зор қатер жасап тұрсыз, жолдас генерал.

Панфилов. Қате! Ол не? Сіз оны жақсы білсеңіз, мынаны айтыңызшы! Отанымыз дүниеде теңдесі жоқ алып бола тұра біздер, ұятынан бет өртенетін мұндай өкініші мол күйінішті күйге қалай түстік?

Григорьев. Оның жауабын ертең тарих береді.

Панфилов. Онда тарихтың жүгін арқалап әуреленбеңіз.

Григорьев *(шіміркеніп)*. Сіз шаршапсыз, жолдас генерал.

Панфилов. Көмейіңізге түсіндім. Иә, дәл айттыңыз, шегіне-шегіне шаршадым, жолдас комиссар. Қолбасшыға оны да айта барыңыз. *(Григорьев басын бір шайқайды да, тез кетеді. Сыртта соғыс сарыны үдей түседі. Панфилов жалғыз ауыр қиналуда.)* Шегіну! Тағы да шегіну! Қайда? Москва ма ендігі жауға таптарымыз? Қайда, қайда біздегі намыс? *(Отыра кетеді. Денесі мұздағандай бірте-бірте бүрісе түседі. Сыртта соғыс сарыны үдеп барады. Оны елейтін емес, бір нысанадан көз алмай қатып қалған. Анда-санда күбірлейді.)* Намыс! Намыс! *(Осы кезде Валя кіріп келеді.)*

В а л я (*көңілді кірсе де әкесінің көңіл-күйін тез сезе қалады*). Папа! Па-па!

П а н ф и л о в (*оған қарамастан қол созып*). Кел, келші, қызым!

В а л я (*әкесінің алдына келіп тізерлеп отыра кетеді*). Уақытыңызды алмаймын ба, папа? Балалардан, маманнан хат келіп, соны сізге әкеліп едім.

П а н ф и л о в. Не дейді, аман ба екен?

В а л я. Аман. Бар уайымдары сізден хат бармағаны көрінеді.

П а н ф и л о в. Ол рас. Мен үшін сен жазшы. Қазір, міне сені сүйгендей, бәрін де сүйдім деп айтты де, бар.

В а л я. Папа, сіз бүгін...

П а н ф и л о в. Сен менің балам ғана емес, жауынгер серігім де болдың, Валя, Валюша! Азаматтық тірліктің ең зор сын таразысына жеттік, сәт сапар, сын қатаңдап келеді. Сен соны түсіне біл. Өз орнында тастай берік бола біл! Ұқтың ба, осыны?

В а л я. Ұқтым, папа, сен де өз орнында сондай берік бол! Берік бол! (*Әкесінің маңдайынан сүйеді.*)

Г р и г о р ь е в (*қайта келеді*). Иван Васильевич, командование бізге қалайда шегіну керек деп тапты.

П а н ф и л о в. Шегін десе, оның жауабы да айтылған еді ғой. (*Ашумен.*) Сіз оны неге айтпадыңыз?

В а л я. Папа!

П а н ф и л о в (*зілмен*). Валя! Сен әлі кеткен жоқ па едің? (*Валя шыға жөнеледі.*)

Г р и г о р ь е в. Сіздің соғыс сотының алдында тұрғаныңызды көргім келмейді, сол себепті айта алмадым.

П а н ф и л о в. Соғыс сотынан қорықпаңыз. Бүгін осында майдан қолбасшысы Рокоссовский жолдастың өзі келмек. Оның мені қолдайтынына сенемін. (*Телефоншы ұсынып тұрған трубканы алып.*) Иә, мен тыңдап тұрмын, не дейсіз? Он тоғыз танкі! (*Қуанышты*). Манағы Ключков бастаған жиырма сегіз бе? Он төрт... он жеті... он тоғыз... Бір күнде елу танкіні қиратқан жиырма сегіз-ақ адам. Ал, жиырма бес жыл армияда болсаңыз да, осындай ерлікті естіп пе едіңіз? А, сіз ғана емес, мұндай ерлікті елдердің жыр дастаны да, тарихы да естіген жоқ. Осы ерлік біздің

дивизияның үстінде енді тудай толқитын болсын. Өзгеше атой осы болсын. Мен қазір, міне, сіздерге қарай шықтым. *(Телефонды қоя салып, Григорьевке шаттана қарайды.)* Ал, жолдас комиссар!.. Айнымас жауап сол: дивизия шегінбейді. Иә, дивизия шегінбейді!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

II ПЕРДЕ

Үшінші сурет

Сыртта, алысырақта соғыс сарыны. Батальонның команда пунктінің қасы. Жоғарыда немістің құлап түскен самолеті жатыр.

Перде ашылғанда жаралы Намысұлын доктор мен Валя алып келе жатады.

Н а м ы с ұ л ы. Жә, осы жер де жетеді, тез орандар. Тез!.. Тез!.. Жолдас адъютант, менің жаралы екенімді генералға хабарлаушы болма, ұқтың ба?

А д ъ ю т а н т. Ұқтым, жолдас командир. *(Кетеді.)*

Д о к т о р. Кәні, мына жерге жантайыңыз. *(Қарай бастайды.)*

Н а м ы с ұ л ы. Соғыс үдеп барады, тездетіңізші.

Д о к т о р. Әй, мына жара сізді соғысқа жібере қояр ма екен, қан көп қой!

Н а м ы с ұ л ы. Қан ештеме емес, сүйегім аман. Тез байлаңыз!

Д о к т о р. Сүйек! Сүйек! Досым-ау, дененізде оқ тұр ғой.

Н а м ы с ұ л ы. Оқ тұрса, алыңыз да тастаңыз!

Д о к т о р. Алыңыз да тастаңыз. Ол сіздің нағаныңыздағы оқ емес. Валя, жарасын мықтап байландар да, санбатқа апарыңдар.

Н а м ы с ұ л ы. Бұл жерде пышағыңыз өтпей ме?

Д о к т о р. Достым, мүмкін еместі айтпаңыз.

Н а м ы с ұ л ы. Мен ешқайда бармаймын. Не деп барамын? Бүгін не болды, не болғалы тұр? Кешегі жиырма сегіздің қайсысы қаным ақты, жаралымын деп майданды тастады? Солардың асыл қаны, намыс қаны ақпай өлді деймісің? Сөзді қойыңыз да, оқты тез алыңыз.

Д о к т о р. Менің бұл жерде операция жасауға правом жоқ, оған сіз түсініңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Сіздің правоңызды қорғайтын қолхат берейін, сонда сіз мен өлсем де құтыласыз, жасай беріңіз.

В а л я. Ағай, бұл жерде операция жасау өте қауіпті, қансырап қаласыз.

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ! *(Тістеніп.)* Жара ма екен осы неме? Тұла бойынан саулап аққан өз қанын өзі кешіп, ажалға қарсы ақырып ұмтылған жоқ па еді, кешегі менің бауырым Қожабергенов Асқар. *(Осы кезде Нина келеді.)* А, Нина! Міне, менің емім де келді. Мен енді лезде жазыламын, әкелші қолыңды!

Н и н а. Бақытжан аға, сіз жаралысыз ба? *(Қолынан ұстай алады.)* Мен сізге оқ дарымас деуші едім.

Н а м ы с ұ л ы. Дарығанмен қазір қалып қоятын бірдене. Өз жөніңді айтшы, өзгелер қайда? Маған неге көрінбейді? Мейрам, Қайсар, қайдасындар?

Н и н а. Бақытжан аға! Олар бұл жерде жоқ.

Н а м ы с ұ л ы. Не дейсің? *(Басын көтеріп алады.)* Олар қайда?

Н и н а. Қайсар екі барлаушымен бөлініп кеткен еді, білмеймін. Ал, Мейрам?.. Есіл Мейрам!.. *(Айта алмай қалады.)*

Н а м ы с ұ л ы. Сен қыз, не сұмдық айтқалы келесің, қайда, өлді ме?

В а л я. Ағай, сабыр етіңізші, жатыңызшы, қайда барасыз?

Н и н а. Сіз әуелі жараңызды байлатыңызшы.

Н а м ы с ұ л ы. Бұл сыртқы жара, сен іш жарасын әкеліп тұрсың. Айт, жаныңның барында. Өлі ме, тірі ме?

Н и н а. Ол тірі, бірақ немістердің қолында қалды.

Н а м ы с ұ л ы. Не дейсің? Тірідей қолға түскен біздің Мейрам ба? Анық па? Анық болса, ондай езді несіне тірі деп тұрсың?

Н и н а. Ол ез емес, оның қасиетін танып келдім, оны мен қадірлеймін, сіз аяңыз.

Н а м ы с ұ л ы. Аяңыз! Не қылған аяу, не қылған қадір?

Н и н а. Өтінемін, айтпаңыз олай. Егер ол өлсе, сіз оның қанын қасиет тұтарсыз, мен оның қабірін құшармын.

Н а м ы с ұ л ы (*аз ойланып*). Апырмай, жан сөзі ғой мынауың. Жағалай жұмбақ. Бұл не? Шынымен-ақ екеуінен бірдей айрылғаным ба? Доктор, енді қашан?

Д о к т о р. Жоқ, мен бұл жерде ала алмаймын.

Н а м ы с ұ л ы. Мына күйіктің үстінде мен енді неден болса да тайынбаймын. Аласыз ба, жоқ па? (*Наганын суырып алады.*)

Н и н а. Тоқтаңызшы. (*Қолынан ұстай алады.*)

В а л я. Бұныңыз не, жолдас комбат! Сіз осындай ма едіңіз?

Н а м ы с ұ л ы. Қоя бер қолымды. (*Докторға.*) Сіз түсінесіз бе, жоқ па?

В а л я. Алып көрсеңіз қайтеді?

Д о к т о р. Жоқ, қансырап қалады, ала алмаймын.

Н а м ы с ұ л ы. Ал, ақырғы рет өтінемін сізден. Жан күйігін түсіне біліңіз. Жалынамын, алыңыз, доктор, өтінемін сізден.

Д о к т о р. Ай, мен сіздей адамды көрсем... Қыздар, көмектесіп жіберіңдер. Валя, аспаптар, бинт, дәрілер...

Н а м ы с ұ л ы. Ой, рақмет сізге. (*Жайланып жатады. Сырттан Қайсардың бірінші суреттегі әні естіледі.*)

Н и н а (*сырттан біреуді көргендей*). Қайсар! Бақытжан аға, өне Қайсар!

Н а м ы с ұ л ы. Қайсар!

Қ а й с а р (*бір немісті екі аяғынан беліне салып, сүйретіп келе жатады*). Жоқ, мен Қайсар емес. Алтайдың көкжалымын, немістің қабанын алып қашқан.

Н а м ы с ұ л ы. Тым болмаса сен келші, келші бері!

Қ а й с а р. Жолдас командир! Не болған сізге?

Н а м ы с ұ л ы. Ештеңе емес, сен дайындала бер. Қазір тұрам да, сен екеуіміз майданға кіреміз.

Д о к т о р. Ал, біз кірісеміз. Бірақ мұнан кейін сенің тиыштық алуың аса керек, болмаса қансырайсың, достым.

Н а м ы с ұ л ы. Достым, мен де сізге айтайын. Дененің мұндай сырт жарасы түгіл, шығып кеткен белін өзі салып

жіберіп, соғысқа кіріп, қырғын да салған өнеукүні біздің бір жігіт.

Д о к т о р. Өнеукүні? Ол не қылған жігіт?

В а л я. Мүмкін емес, ағай, оныңыз кім?

Н а м ы с ұ л ы. Ол мына Қайсардың ағасы, біздің Ер Тарғын деген жігіт. Және сол күні қандай қырғын салғанын мына Қайсардан сұраңдар.

Қ а й с а р. Бас көрікті!

Д о к т о р. Кішкене қырындаңыз.

Н а м ы с ұ л ы (*ауырсынғанын әр уақытта сездіргісі келмейді*). Сен “тіл” әкелмей, өлексе әкелгенбісің тағы?

Қ а й с а р. Қойыңызшы, жоқ сұмдықты айтпай. Тап осы жолы орамалға орап-ақ әкелдім.

Н а м ы с ұ л ы. Тұншығып өлді ғой, орамалын алсаңшы.

Қ а й с а р. Оған да өлуші ме еді? (*Немістің аузына тыққан орамалды алады.*) Ал, тыныға тұр. Өзі де қабанның ішіндегі бір қабыланы.

Н а м ы с ұ л ы. Ал, бұл қабыланды қалай соқтың, соны айтшы.

Қ а й с а р. Қабандардың жымын аңдып жатқан жолбарыстай бұлардың үй күзетшісін жайратып тастап, өздерінің келер жолын аңдып жатыр едік, дес бергенде, үшеуінің масаңдау болып келгені. Ең артындағысы мына пақыр екен... Алдыңғы екеуі үйге кіріп, бұл есікке енді жеткен кезде атылдым да, жұлып түсірдім. Сонан кейін басынан құс ұшырғаным жоқ. Жалғыз-ақ, баж еткен соң, үн қатпа деп өкпеден бір-ақ нұқыдым. Онан басқаның бәрі аса сыпайы болды.

Н а м ы с ұ л ы. Сыпайы екенсің, сүйреп әкелдің ғой?

Қ а й с а р. Е, қабан жетекке жүруші ме еді, мойныма мінгізейін десем, бала қылдың деп өкпелер дедім.

Н а м ы с ұ л ы. Жеткенше сүйреп келдің бе?

Қ а й с а р. Иә!

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, оның өліп қалды.

Қ а й с а р. Ә? (*Немістің қасына барып.*) Ей, тұршы, кісіні шошытпай. (*Қозғайды, неміс қозғалмайды.*) Ойбай, мынау шын өліп қалған ба? Жолдас доктор, мынау итті көріп бере көріңіз?

Н а м ы с ұ л ы. Өлген немеңе доктор не істейді, тіле құдайдан.

Қ а й с а р. Ойбай, доктор, мынаны тірілте көр. Генералға тірі әкелем деген сертім бар еді, енді қайттім? У-а, қай құдайдан тілейін сенің жаныңды, иттің ғана баласы-ау? Ақсарбас айтқаным сен болмайсың. Немістің құдайы қайсысы болатын еді, білетіндерің бар ма?

Н а м ы с ұ л ы. “Майн гот!” деп тіле.

Қ а й с а р. Иттердің құдайының да құдай сиқы жоқ екен ғой. Аты неткен жаман еді!

Н а м ы с ұ л ы. Қой, жаман да болса, құдай ғой, жалбарынып тілеп көр.

Қ а й с а р. Қап! Жолдас доктор, құдай үшін мынаны қарап беріңіз. Тек тілге келтірсеңіз болғаны. *(Доктор немістің білегін ұстап байқайды. Аздан-соң неміс қыбырлағандай болады. Қайсар қуанып.)* Жоқ, жоқ, жаны бар екен. Иә, сәт, иә, сәт, бүгінше тірі болшы! Әкенді ертең өзім-ақ танытамын.

Д о к т о р. Қозғама, кішкене жатсын.

Қ а й с а р. Үһ! Жаным жаңа жай тапты ғой.

Д о к т о р *(Намысулына)*. Достым, тіл ал. Біз айналып келгенше қозғалмай жата тұр. Валя, мен келгенше мына кісіні ешқайда жіберме.

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас доктор, қолыңызды әкеліңізші! *(Қол алысады.)* Мен амалсыздан тасырлық еттім, кешіріңіз. Рақмет сізге.

Д о к т о р. Сізге де рақмет, бірақ неміспен соғысуды күшейтіңіз. Ал медицинамен соғысушы болмаңыз.

Н а м ы с ұ л ы. Мақұл, қош болыңыз. *(Доктор кетеді.)*

Н и н а. Қайсар-ау, мынауың қашан тұрады?

Қ а й с а р. Ол бүгін тұрады ғой, ал Мейрам екеуің не әкелдіңдер? Соны айтшы?

Н а м ы с ұ л ы. Мейрам деймісің? Не болғанын білмеуші ме едің Мейрамның?

Қ а й с а р. Оған не болды? Қайда өзі?! Нина!

Н а м ы с ұ л ы. Сұрама, сұрама! Ол енді бізге жоқ.

Қ а й с а р. Не дейсіз?

Н а м ы с ұ л ы. Ол тұтқында қалған.

Қ а й с а р. Қалайша? *(Нинаға.)* Екеуің бірге кетпеп пе едіңдер? Сен қалайша құтылдың?

Н а м ы с ұ л ы *(басын көтере бастайды)*. Бірге кеткен? Бұл қалай? Сен неғып қолға түспедің?

Н и н а. Мен де түскен едім.

Н а м ы с ұ л ы. Жаным-ау, мынау не дейді? Онда сен қалай құтылдың?

Қ а й с а р. Сенің жұлдызың неден ыстық болды неміске?

Н и н а. Қайсар, тоқта! Айыптамақысың мені?

Н а м ы с ұ л ы. Қылыш үстінде серт жоқ, сұлу қыз. Кінәламай, күдіктенбей қайтеді?

Н и н а. Иә, сенбейсіздер, сенбесеңіздер де айтайын. Мені Мейрамның өзі құтқарды. Иә... иә, өзі құтқарды. Оның фашистер алдындағы бар сөзі, бар қимылы көз алдымда менің. Кіршіксіз, ақ қарға жаңа тамған алқызыл қандай, бусанып тұр көз алдымда. Ол ажал аузында тұрса да соншалық сабырлы ер, соншалық тапқыр, дана болып көрінді. Ол мені білмейтін кісі болып, бөліп жіберді өзінен. Сонда мен не естідім оның аузынан? Мәңгілікке есімнен кетпес сөздер естідім. Немістің сол қысым тергеуінде тұрып, кеңшілікте, бірге жүрген жолымызда тазалықпен іркіп жүрген, айтпай жүрген сырын ашты. Жүрегінің, жан жүзіне айтылмаған, қасиетті сыры екен ол. Москва үшін жан қиятынын айтып, өзінің адамшылық білім тәрбиесімен Москваға қаншалықты қарыздар екенін айтып келіп, немістерге түсініксіз, маған айқын бір сырын ашты. Ол сыры мені сүйетіндігі екен. Ең алғаш айтқаны, мүмкін ең соңғы айтқаны болар ол. Соны ести тұра, мен амалсыздан амандыққа, тірлікке кеттім! Не жүреппен кеттім! Бірақ оның бұйрығы мен үшін Отан бұйрығы еді. Мен кеттім! Сұлдерім кетті. *(Жылап жібереді.)*

Қ а й с а р. Бұл не деген таңғажайып?

Н а м ы с ұ л ы *(ойланып)*. Иә, сыры жырдай! Неткен бөлек сыр еді! Көңіл ойды қақ жарғандай... Не өзгеше бөлек жақсы жансың, Нина! Не қиын терең сырлысың да, қырлысың. Екеуіне де қызығам да қиналам.

Н и н а. Айықпаңыз күдіктен. Күндер солай, ол сіздің правоңыз.

Н а м ы с ұ л ы. Жә, болды. Адъютант, бері кел! Соғыс не боп жатыр? Айтшы!

А д ь ю т а н т. Сіз жаралысыз ғой, жолдас командир.

Н а м ы с ұ л ы. Жара бітті, мен әл жидым, айта бер. Батальон жайы қандай?

А д ь ю т а н т. Жолдас командир, бір толқын шабуыл тойтарылған еді, екінші үлкен толқын тағы білінді. Қарсы соққан тосқауылдың ең қысылшаң шағы жетті.

Н а м ы с ұ л ы. Қайсар! Соғысқа әзірлен! *(Адъютантқа.)* Сен мынау немісті штабқа тез жеткіздір!

В а л я. Жолдас капитан! Сіз қайда бармақсыз?

Н а м ы с ұ л ы. Енді үндеме, жаным.

Н и н а. Бақытжан аға! Мен сізбен бірге барып, Мейрам үшін жауға оқ төккім келеді, рұқсат етіңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, етілмейді.

Н и н а. Сонда ғана біле аласыз менің кім екенімді, өтінемін. *(Намысұлы үнсіз қадалады.)*

Қ а й с а р *(жақтырмай)*. Бас көрікті!

Н и н а. Есіңізде болсын, Мейрамның кегін менсіз ала алмайсыз. Тек, мына немістен айрылып қалмаңыздар.

Н а м ы с ұ л ы. Қайсар! Адъютанттың автоматын Нинаға әкеліп бер.

Қ а й с а р *(кетіп бара жатып өзі күңкілдейді)*. Бас көрікті! Өзімізді жазым етсе ғой... *(Тез барып бір автоматты әкеледі де, Нинаға береді.)*

В а л я. Ал, мен!

Н а м ы с ұ л ы. Сен өз командиріңнің бұйрығын орында.

В а л я *(Намысұлының алдына тұра қалады)*. Онда мен сізді жібермеймін. Сіз қайда барсаңыз, сонда барамын.

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, саған рұқсат жоқ, кеттік, достарым. *(Нина мен Қайсар оны екі жағынан демеп әкетеді.)*

В а л я. Өзі жарадар, соғыстың қайнар шағына кез келді-ау? Басқара алар ма екен, қаптап келеді. *(Соғыс сарыны үдей түседі. Осы кезде Панфилов адъютантымен шыға келеді.)*

П а н ф и л о в. Жарадар болып кетіп қалды? Қайда?

В а л я. Соғысқа.

А д ъ ю т а н т. Намысұлы жарасын елемей сізге хабарламауды бұйырыпты.

В а л я. Елемейтін жара емес еді, қансырап қалуы да мүмкін.

П а н ф и л о в. Ендеше, ол соғысты қалай басқарады? Қасыңа санитарлар ерт те, алып кел бері.

А д ъ ю т а н т. Апыр-ай, қазір қауіпті ғой, жауып тұрған оқтың астына қалай барады?

В а л я. Қорықпаңыз, қалай баруды өзім білемін, жолдас генерал, бұйрығыңызды орындауға рұқсат етіңіз.

П а н ф и л о в. Рұқсат, тез бар. *(Валя тез кетеді.)*

А д ъ ю т а н т. Апыр-ай, Валяны ажалға көре тұра жібердіңіз-ау, Иван Васильевич?

П а н ф и л о в (*анадайдан Григорьев келеді*). Жолдас комиссар, немістің тылынан Нина әкелген соңғы хабар анық бола бастады. Көрдіңіз бе? Үлкен соққы дәл осы араға түйіліп келеді.

Г р и г о р ь е в. Мен бар полкті аралап өттім, тапжылмай, тайсалмай ұрып жатыр бәрі де. Бүгін бар кеудені кернеген жалғыз ғана кек, жалғыз ғана ашу, жалғыз ғана ұран бар. Ол – кешегі жиырма сегіз батырдың еткен ерлігі.

П а н ф и л о в. Алар болсын солар кегін, ақтар болсын солар үлгісін. Бүгінгі әрбір снаряд жиырма сегіз деп ұшатын болсын. Міне, осыған бәрі де, бәрі де әзір болсын! Ал, Сіздің өзіңізден айрықша жеке тілек, сіздер солдаттардың жүрегін бомба етіп жұмсай білдіңіздер, сол үшін наградаға ұсынылмаған бірде-бір саяси қызметкер қалмасыншы.

А д ъ ю т а н т. Жолдас генерал, көкте самолеті, жерде танкісі, оған ілесе жаяу әскері тағы қаптап кетті.

П а н ф и л о в (*бинокльмен қарап тұр*). Алдыңғы толқындары соққыға ұшыраған, мықты қаусаған. Көрдің бе, селдірей бастапты. Батальонның оғы мен оты ұжымды, сондықтан да олар өзінен басым күшті бастырмай тұр. Сол үшін төкті жау мынау резервін.

Г р и г о р ь е в. Артқылары тақап қалды-ау? (*Соғысқа кетеді.*)

П а н ф и л о в. Өктеп келеді, қалың келеді. Тосар жерге жетіпті, әкел телефонды. (*Телефонды алып.*) “Алматыны” бер. Жолдас “Алматы!” Артиллерияның бар батареясынан төгіңіз, аяма оқты! (*Бинокльмен әлі қарап тұр.*) Бой бермей, кернеп келеді танкісі. Қашан, қашан әлгі артиллериясы! (*Алыстан да, жақыннан да артиллерияның қою үні күркіреді.*) Ә, бәсе, үн қатты, бастады ма?

Н и н а (*сахнаға шыға бере құлап*). Жолдас генерал, Иван Васильевич!

П а н ф и л о в. Бұл кім? (*Тез барып.*) Нина! Сен жаралысың ғой!

Н и н а. Жарам онша емес, бір қаңғырған оқ тіземді жалап кетті.

П а н ф и л о в. Қайдан жүрсің? (*Сүйеп отырғызады да, жарасын қарай бастайды.*)

Н и н а. Иван Васильевич, мұныңыз қалай? Мен шыдаймын, санитарлар келеді ғой.

П а н ф и л о в. Олар қашан келмек? Үндеме, мен де жаман санитар емеспін. *(Таңып жатып.)* Жараң жеңіл, қорықпа. Ал айта бер енді.

Н и н а. Намысұлы сізге жіберді. Батальонда шығын көп, жарадар көп. Жау қалындап кетті. Сізге сәлем айтты. Сертіме берікпін. Тек “шегін” деген бұйрық бере көрмесін, берсе де шегінбеймін, соны айт деді сізге.

П а н ф и л о в. Өзі де соғысып жатыр ма? Қайтсын дегенім қайда? Жарасы қандай?

Н и н а. Жарасы дейсіз бе? Сол жарасы қазір жанын жаныған секілді. Денесінен оқ өтпестей болатқа тиіп, майырылып жерге түскендей көрінеді. Сондай өрт, сондай намыс, сондай ашумен түйілген жанды көрдім. Әрбір үні жиырма сегіз деп ұрандайды, әрбір оғын жиырма сегіз деп шығандайды. *(Панфилов жараны таңып болады.)*

П а н ф и л о в. Батальон жайы қандай екен, ә? *(Сыртқа қарайды.)*

Н и н а. Батальоны дәл өзіндей. Тұтасқан қалың өрттей шарпып ұрып тұр жауды бетке. Ой, Иван Васильевич, ол қазіргі сағатта сондайлық батыр, сондайлық нұрлы.

П а н ф и л о в. Жиырма сегіз біреу ғана емес екенін жаулар да білсін бүгін. *(Адьютантқа.)* Чупровты бер! *(Телефонда.)* Жолдас полковник, Намысұлының батальоны жаудың резервін де ұстап тұр. Жетті кезі, салыңыз енді резервті, шапшаң салыңыз, тез!

Н и н а. Иван Васильевич, соғыс қазір қандай?

П а н ф и л о в. Естіген, көзбен көргендей бола ма? Кел, көр. *(Сүйемелдеп тұрғызады.)* Қара, көрдің бе? Жаудың алды тоқтаған жоқ па?

Н и н а *(Панфиловқа сүйене тұрып, бинокльмен қарайды.)* О, жау жаңағыдай емес, жамсапты ғой.

П а н ф и л о в. Дұрыс, жаңа ғана оңдала бастады. Артиллерия батальонға мықтап қосты тізесін.

Н и н а. Байқайсыз ба, алдыңғы қираған танктерден артқылары өте алмай жатқан жоқ па осы?

П а н ф и л о в. Өте алмаған емес, соңғылары тегіс тоқырай бастаған жоқ па?

Н и н а. Тіпті, кейінгілер бұрыла бастады ғой?

П а н ф и л о в. Бұрылу тұрсын, кашуға айналды. А-а, біздің резерв те жеткен екен ғой!

Н и н а. Иван Васильевич, жау қаша бастады. Жаңағы менің айтқаным рас емес пе? Мынау нағыз батырдың ісі емес пе? Ол осындай жақсы. Бірақ бар айыбы – маған әлі сенбейді.

П а н ф и л о в. Ол асау, бірақ сен шыда. Анаған қарасаңшы, шыдаған жүректің алдында болатың да майырылып жатқанын көрмеймісің? *(Күледі, осы кезде күн кешкірген, қар жауа бастайды. Соғыс сарыны үзіле бастаған.)*

П а н ф и л о в. Тек оның полкі ғана емес, біздің дивизия бүгін бұрын-соңды болмаған қатты соғыс жүргізсе де, адым шегінген жоқ. Енді біз шабуылға да шығамыз. Бірақ кім бар, кім жоқ? Осы батальонға салмақ бәрінен де көп түсті ғой, қандай қазасы бар? Қайда бұл Намысұлы? Неғып келмей жатыр? *(Сырттан біреулерді көргендей болып.)* Мыналар кім?

Н и н а. Санитарлар ғой, жаралыларды әкеле жатқан.

П а н ф и л о в. Жаралылар! Кім екен?

Ілгері жүре бастайды, барлығы да ілгері жылжиды, алдынан жаралыларды носилкаға салып әкеле жатқан санитарлар өтіп жатады.

Г р и г о р ь е в *(сөйлесе кіреді)*. Тез, тез жеткізіндер.

П а н ф и л о в. Мынау Айбаров қой, жарасы қандай?

Қ а й с а р *(санитарларға)*. Тоқта! Жолдас генерал, менің жарам ауыр емес.

П а н ф и л о в. Сен мұнда қайдан келдің? Өзіңе берілген бұйрық қайда?

Қ а й с а р. Жолдас генерал, бұйрығыңыз орындалды. Әкелген офицерім штабыңызда.

П а н ф и л о в. Жарайсың, Алтайдың алғыр қыраны, бар, бар да тез жазылып шық.

Қ а й с а р. Жазылуым тұр ғой, оны қойыңызшы. Қалай, бүгін біз жиырма сегіздің кегін ала алдық па, жоқ па осы?

П а н ф и л о в. Алып болғанымыз жоқ, бастадық дейік. Ерлік айнымаса, кек кетпек емес. Жау қалың еді бүгін, өзін қобалжыдың ба, жоқ па?

Қ а й с а р. Қалың дейсіз бе? Білгенім жоқ. Тірісін санаған кім бар, мен өлісін ғана санадым.

П а н ф и л о в (*күліп*). Ә, мұның жауап-ақ! Бар енді, тез жазылып кел. (*Оны әкетеді.*) Тағы кімдер жаралы екен, шақыршы Намысұлын!

Бұл кезде Валя мен бір санитар Намысұлын сүйемелдеп келеді.

В а л я. Намысұлы мұнда, жолдас генерал.

П а н ф и л о в. Не дейді? Намысым, сен тағы жарадар болдың ба?

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас генерал, ең алдымен сізге алғысымды айтуға рұқсат етіңіз. Сіз артиллерия мен резервті дер кезінде, дәл кезінде беріп, батальонға абырой алып бердіңіз. Аман алып қалдыңыз, рақмет сізге.

П а н ф и л о в. Өңінде тамшы қан қалмапты ғой, Намысым. (*Маңдайынан сүйеді.*) Сендерді өсірген халықты сүйгенім, Отанымыздың намысын сүйгенім! Өлінің қазасын, тірінің жарасын ақтар күн алдымызда алыс емес, Намысым! Сол абыройдың бір иесі сенсің! Тек жараң қандай, соның жайын айтшы маған.

Н а м ы с ұ л ы. Иван Васильевич, менің қаным Москва жарасын емдесе, арман бар ма? Жарам бұйым емес!

Жарасы жанына батса да, қайсарлана түседі.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Төртінші сурет

Неміс дивизиясының штабы тұрған үй. Перде ашылғанда штаб бастығы Штольберг. Штольберг честь беріп, ұшып тұра келеді.

Ф о г е л ь (*мысқыл түрде*). Отырыңыз, дивизия штабының начальнигі, құрметті офицер Штольберг. Мен сіздің қорлық хабарыңызға қанықпын. Жіберген мәлімдемең мезгілін мұндай тауып бармас. Иә, иә, мен корпус командованиесінде отырғанымда дәл барды. Және армияның бас штабының екі үлкен генералының көзінше жеткіздіңіз. Жеткіздіңіз де, менің тілімді кесіп, үнімді

өшірдіңіз. Айнала бергенде, ту сыртымнан оқ аттыңыз. Иә, иә, солай еттіңіз, мырзам.

Ш т о л ь б е р г. Мәртебелі командирім, өзіңізге мәлім ғой. Соғыс хабарын іркер шамам бар ма еді менің?

Ф о г е л ь. Білем, білем. Шараңыз жоқ, біздерді шарасыздық әлден қамапты. Дивизия – ол да шарасыздықтан қорлық күнге көніпті. Менің дивизиям Европаның талай елінде, Польшада, Францияда, Грецияда, тағы талай майдандарда жайдай жарып өткен, неше айлар бойы Россия елін де тапап-жаншып, алда келе жатқан дивизия не күйге жетті? Москваның Кремліне ең алдымен кіруге ант еткен де біз едік. Бүгін ең алдымен беті қайтқан, қашқан, қашқын дивизия біз болдық па? Шақырдыңыз ба манағы мен бұйырған полк командирін?

Ш т о л ь б е р г. Шақырттым, келді.

Ф о г е л ь. Келтіртіңіз мұнда.

Штольберг кнопкені бір басып қалады, солдат келеді.

Ш т о л ь б е р г. Курц мырза мұнда келсін. *(Солдат кетеді, аздан соң полк командирі Курц келеді.)*

Ф о г е л ь *(шұғыл өзгерген, монтаны баяу кісіше сөйлейді).* А, Курц мырза, келіңіз, келіңіз. Отырыңыз, менің қарсыма отырыңыз. Ал, көңіл-күйіңіз жақсы ма, деніңіз сау ма?

К у р ц. Шүкірлік, рақмет, зор мәртебелі командирім.

Ф о г е л ь. Әкеңізден хат-хабар үзілмей келіп тұра ма, халі қалай екен? Поляктардан тартып алған жібек фабрикасының жұмысы тәуір жүріп келе жатыр еді ғой, ә? Әлі де жаман болмас?

К у р ц. Рақмет сізге, жаман емес көрінеді.

Ф о г е л ь. Жаман болуы мүмкін емес. Өйткені сіздің өтінішіңіз бойынша, Украинаның мужықтарынан бірнеше жүз жұмысшы да берілді ғой. Табысы қазір көбейген болар?

К у р ц. Рақмет сізге, жаман емес көрінеді.

Ф о г е л ь. Әкеңіз сіздің ер. Ал, бір жиырма сегіз адамды басып өте алмай, елу танкіні орыстарға қаусаттырған сізді кім дейміз? Осы сұмдық мерезін бүкіл дивизияға жайған сізді кім дейміз? Ол қылмыстарыңыз аз болғандай орыстардың кеше ғана жасаған шабуылына бүгін ең алдымен бас иіп,

бетімізге қара таңба басқызған сізді кім дейміз? Сол жеген жеміңізді ақтағаныңыз осы ма?

К у р ц. Жүз жорықтағы қайратым, сіздің бастауыңызбен көзіңізше өткен қайратым, бір-ақ күнде басқа тебілмек пе? Жок, жок, ол мүмкін емес.

Ф о г е л ь. Сіз сонымен ақталмақсыз ба?

К у р ц. Сіз ақтамағанмен, толық ұғынып білсе, мені бас командованиенің өзі ақтайды.

Ф о г е л ь. А, сіз бас командованиені қорқақтардың қорғаны көресіз бе?

К у р ц. Мені жазалаңыз, бірақ қорқақ деп, офицерлік арымды жараламаңыз. Ол мен емес. Сондықтан да ақтайды мені бас командование.

Ф о г е л ь. Ендеше, сол бас командование барды біліп ұғынды. Мәлім етейін, сіздің қасиетті әрекетіңіз майдан командованиесі түгіл, фюрердің өз штабына дейін жетті.

К у р ц. Ендеше, мен сонда ақталам.

Ф о г е л ь. Рас, сіз ақталасыз. Бірақ кім ақтайды, немен ақтайды? Мен ақтаймын. Міне, былай ақтаймын. *(Атып салады. Қуір құлап түседі, Штольбергке.)* Алып кетсін! *(Қуірті алып кетеді. Фогель Штольбергке.)* Жаңағының полкін тойтарған, біздің дивизияларды бастырмай тұрған жаудың күші қандай, анықтадыңыз ба?

Ш т о л ь б е р г. Тағы да сол генерал Панфиловтың дивизиясы.

Ф о г е л ь. Бір-ақ дивизия ма? Неткен қорлық! Соның солдаттары мен офицерлерінің бірсыпырасы азиаттар емес пе?

Ш т о л ь б е р г. Азиат болғанда, қаза... қазақ дей ме, немене?

Ф о г е л ь. Солардың өз тілінде листовка жіберілді ме, орындадыңыз ба?

Ш т о л ь б е р г. Әзір орындай алмай тұрмын, мәртебелі командир.

Ф о г е л ь. Неге?

Ш т о л ь б е р г. Қазақ тілінде жазатын кісі қолға түспей жүр.

Ф о г е л ь. Біреу түсті дегеніңіз қайда?

Ш т о л ь б е р г. Оның көрмеген азабы жок, бірақ көнбей қойды.

Ф о г е л ь. Көнбей қойды? Неге көнбейді, неге көндірмейсіз? Командир болса кәріңіз өтпейді, кәрі-құртан кемпір, шалдарға ғана қаһармансыз ба, немене осы?

Ш т о л ь б е р г (*ызаланып*). Мен оның жүрегін суырып алып, итке салатын едім, өзіңіз ғой керекке жаратқанша өлтірме деген.

Ф о г е л ь. Маған келтіріңіз. (*Штольберг кнопкені екі рет басып қалады, екі солдат жетіп келеді.*)

Ш т о л ь б е р г. Тұтқынды келтіріңіз! (*Солдаттар кетеді.*)

Ф о г е л ь. Үш жылдан бері талай даңқты жорықтардың жемісін бірге татысқан менің қарт досым, Штольберг мырза! Сіз мына бір сырыңызды жасырмай айтыңызшы. Менің байқауымша, Курцті атқан оғым сізге де қадалған сияқты, бұл қалай?

Ш т о л ь б е р г. Менің қиналуда екенім рас. Бірақ оған кінәлі сіздің оғыңыз емес.

Ф о г е л ь. Енді не?

Ш т о л ь б е р г. Сол оқты өз қолыңызбен жұмсаған қылығыңыз.

Ф о г е л ь. Солай ма? Сіз мұндай үкімді менен күтпеп пе едіңіз?

Ш т о л ь б е р г. Мен мұны сіз түгілі, немістің жай генералдарынан да күткен емеспін. Өйткені ол әлсіздіктің белгісі.

Ф о г е л ь. Онда менен мұнан былай сіз де сақтан-ғайсыз. (*Осы кезде жаңағы солдаттар өңінде ауыр азап белгісі бар, үсті жүдеу Мейрамды алып келеді.*) Отырыңыз! Сіз азиатсыз ғой, ә?

М е й р а м. Иә!

Ф о г е л ь. Қазақсыз ғой?

М е й р а м. Иә, қазақпын.

Ф о г е л ь. Ендеше, өз туған халқыңызға, қазіргі мынау майданда жүрген қазақ бауырларыңызға не үшін жаныңыз ашымайды?

М е й р а м. Ашымайды деуге дәлеліңіз не?

Ф о г е л ь. Дәлелім мынау! Мына листовканы неге қазақшаға аудармайсыз?

М е й р а м. Мен сол жан ашығандықтан аудармаймын ғой деймін.

Ф о г е л ь. Сіздің жаныңыздың ашығаны – бауырларыңызды қанға батыру ма?

М е й р а м. Елі үшін ер өз қанына да батады.

Ф о г е л ь. Сіздің елмен соғысқан кім? Сіздің Отаныңыз анау алыс Азияда жатыр, оған біз бардық па?

М е й р а м. Бармаймын деп жүрген сіздер жоқ, жете алмай жатырсыздар ғой.

Ф о г е л ь. Міне, сіздің және орыс генералының айдауында жүрген қазақ солдаттарының қатесі осы. Біздің жұмысымыз жоқ сіздің Отаныңызда.

М е й р а м (*күліп*). Олар сіздің бұл сөзіңізге күлсе қайтесіз?

Ф о г е л ь. Неге, не үшін күледі?

М е й р а м. Атақты генерал болсаңыз да, жиырма бес жыл артта қалыпсыз, сол үшін.

Ф о г е л ь. Сіздердің өздеріңізден басқаның бәрін желке жақтарыңыздан көретіндеріңізді мен де білем. Біз туралы, әсіресе, біздің шығыс халқына арнаған ұранымыз туралы түк білмейсіздер.

М е й р а м. Ол қандай ұран?

Ф о г е л ь. Сіздің ел мұсылман еді ғой, ө?

М е й р а м. Ол да әлгі жиырма бес жылдың ар жағында жатқан жай. Сонда да айта беріңіз.

Ф о г е л ь. Біздің фюрер бүкіл дүниедегі мұсылман халқына достық жариялап отыр, одан да түк білмейсіздер.

М е й р а м. Бұл сіздің фюреріңіздің жаңалығы ма еді?

Ф о г е л ь. Енді кімдікі?

М е й р а м. Мұны мұнан отыз жыл бұрын сіздердің патшаларыңыз II Вильгельм де жариялап еді ғой.

Ф о г е л ь. Вильгельм!

Ш т о л ь б е р г. Сіз ол туралы не білуші едіңіз? (*Бір солдат келін Штольбергті шақырып әкетеді.*)

М е й р а м. Ол кісінің мен, мұнайы көп, порттары көп шығыс елдеріне ерекше мейірімі түсіп, ынтық боп аралап, Мысырға барғанын білемін. Онда монтаны сопы шапанын киіп, Мұхаммед пайғамбар салған ғазуат сәлдесін басына салып, өзін ислам дінінің қорғанымын деп, жар салғанын білемін. Өз суретінің астына құраннан аят, пайғамбардан хадис жазып, дүниеге таратқанын да білемін. Одан бері де, сіздің фюреріңіз бен Муссолини екеуі де, жаңағы сіз

айтқандай, өздерін мұсылманшылықтың биік қорғанымыз деп жариялағанын және білемін.

Ф о г е л ь. О, сіз бәрін білетін тарихшы екенсіз, тек шындықты ғана білмейді екенсіз, шындықты.

М е й р а м. Сізше бұл бекер ме? Онда сол “қамқор, қорғандығын” әлем алдында ақтап, “қамқор” қанаттарыңызды алдымен Албанияға жайып, оған сол қанаттан от пен ажал төккендеріңізді де бекер дерсіз. Сол “қамқор” қанатын Ливияға жайып, одан да оқ пен ажал төгіп тұрғандарыңызды да бекер дерсіз. Сол “қамқор” қанатын Мысырға да созып, от пен ажалын төккелі төніп тұрғандарыңызды да бекер дерсіз. Осының бәрі сіздің мұсылман “достарыңыз” еді-ау?

Ф о г е л ь. Біздер жаңа дүние орнатушылармыз. Ескі дүние өртелмей, жаңа дүние орнатылмайды. Тарихтың бәрін білгенде, өрттің оттан ғана шығатынын қалай білмейсіз?

М е й р а м. Білем. Ол ғана емес, сіздердің сол мақсатпен бүкіл жер шарына от төгіп, ажал шашатын “қамқор” қанаттарыңызды жаймақсыздар, оны да білемін. Мен сіздердің “Дранг нах остен” деген, шығысқа ұмтылған армандарыңыздың өрмекшінің шыбынға ұмтылған арман, ынтықтығы екенін де білемін, осы ма еді сіздің менен білеміңіз.

Ф о г е л ь. Болдың ғой. Ал енді мен саған айтайын, сенің осы сөздерің өзіңді ажалдан анық құтқарды.

М е й р а м (*кекетіп*). Рақмет.

Ф о г е л ь. Сендей адам бізге өте қымбат. Не тілегенің болады, ол үшін қазір мынаны қазақшаға аударасың.

М е й р а м. Қателеспеніз. Мен азғын емеспін.

Ф о г е л ь. Сен сыйлағанды біл. Біз орыс тұтқындармен бұлай еш уақытта сөйлескен емеспіз. Сен аударасың, мен аудартамын.

М е й р а м. Мен аудармаймын, сіз аударта алмайсыз.

Ф о г е л ь. “СС”-тың батырларының қолына берсем, қалай аударғаныңызды өзіңіз де білмей қаларсыз.

М е й р а м. Бере беріңіз. Менің еліме әкеле жатқан бостандығыңыз “СС”-тың темір бұғауы екенін айтпасаңыз да білемін.

Ф о г е л ь. Ақырғы рет айтамын. Өлемісіз, жоқ, көнемісіз?

М е й р а м. Көнгенім — өлгенім болар. Азамат ажалын шақырдым басыма. (*Штольберг кіріп келеді.*)

Ш т о л ь б е р г. Хайль Гитлер!

Ф о г е л ь (*көңілсіздеу*). Хайль! Не болып қалды?

Ш т о л ь б е р г. Барлау мәліметтеріне қарағанда, орыстардың қарсымыздағы армиясы мен желкеміздегі партизандары бізді таң ата қыспаққа алмақ.

Ф о г е л ь. Қайдағы партизан?

Ш т о л ь б е р г. Олардың қалың тобы осы түннің ішінде желкеміздегі орманға келіп кірген секілді. Сол партизандар мен армияны байланыстырғандардың бірі өзіңіздің жалған досыңыз Захардың қызы да, екіншісі алдыңызда тұр.

Ф о г е л ь (*Мейрам мен Штольбергке кезек қаран*). Анық па?

Ш т о л ь б е р г. Оның анықтығына айғағым, осыдан екі сағат бұрын партизандар Захар досыңызды ұрлап әкетіпті.

М е й р а м (*естіп қалын*). А, оның қызы қайда? Нина қайда? Нина?

Ш т о л ь б е р г. Сен оны білмейтін, танымайтын едің ғой.

М е й р а м (*қабырғадағы сағатқа қаран*). Сағат таңғы алтыға бес минут қалыпты. Енді бір бес минуттен кейін ол қызды сіздер де танысыздар.

Ш т о л ь б е р г. Мынау есінен адаса бастапты.

Ф о г е л ь. Сен қай жердегі партизандардан келдің?

М е й р а м. Енді екі сағаттан кейін осы жерден табылатын партизандардан келдім. Олардың қазір қайда екенін штабыңыздың бастығы дәл айтып тұр.

Ф о г е л ь (*өш көзі Мейрамда, тістене сөйлейді*). Бұған қазаның ең ауыр, ең жаңа түрін табыңыз, қазір табыңыз. Мен мұны сізге айтып тұрмын, Штольберг мырза!

Ш т о л ь б е р г. Естіп тұрмын, ойлап та тұрмын. Ату, асу, отқа жағу, оның бәрі сізге ескі көрініп кеткенін де сезіп тұрмын.

Ф о г е л ь. Сіз жаңағы хабарды анықтатыңыз, анықтап қана қоймай, егер рас болса, партизандарды орманымен қоса жоқ етіңіз? Барыңыз! (*Штольберг кетеді, телефон сылдырлайды. Фогель телефонды алып.*) Айта беріңіз. Не дейсіз? Сендерге шегін деп бұйырған кім? Қоршауда қалатын менің штабым ба? Үніңді өшір де, бір адым да шегінбе! Бұйрық сол! (*Телефонды тастай салады.*) Иә, бұйрық сол! (*Ауыр ойда.*) Бұл не? Бір түннің ішінде бәрі бірдей қалай қат-қабаттап кетті бұл? Курцті атқан оғыммен

өз үкімді де айтқаным ба? Жоқ. Ол еш уақытта бола қоймас. Жүрегім неге дірілдейді? *(Телефон сылдырлайды, телефонды алып.)* Иә, мен тыңдап тұрмын. Бұл қайдан? *(Шаттанып, сақия қалады.)* Хайль Гитлер! Рақмет, рақмет. Жетсе, жетіп үлгірсе болды. Одан арғының барлығына басыммен кепілмін. *(Телефонды қоя сала, асығыс киінеді.)* Штольберг! *(Штольберг жетіп келеді.)* Корпустан хабар жетті, қорқақтың орнын ер басады, селдіреген жерлерге селдей күш төгіледі. Корпус көмегі жөнеліпті осылай. Солар жетіп үлгіргенше тапжылмай, тайсалмай тұруымыз керек. Орыстар ма Фогельдің болат дивизиясын қоршайтын?! Ол болған емес, болмайды... Ха-ха-ха!

Ш т о л ь б е р г. Хайль Гитлер!

Ф о г е л ь. Хайль Гитлер!!

Қайсар бастаған бір топ автоматтарын кезеп кіріп келеді.

Қ а й с а р. Мырзалар, қолдарыңызды көтере түсіңіздер.

Штольберг сасқалақтап тұрып қалады. Фогель қолын көтере бере қаша жөнеледі, қарсы алдынан Мейрам бастаған топ шыға келеді.

М е й р а м. Кеш қалдыңыз!

Кенет алыстан уралаған дауыстар естіледі. Дауыс бірте-бірте күшейе түседі. Фогель үрейленіп, қолын көтерген күйі шегіне береді. Мейрам нағанын кезеніп жақындай түседі.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ІІІ ПЕРДЕ

Бесінші сурет

Сахна сол бөлме. Бірақ енді Мейрам Фогельден жауап алып отыр.
Жауаптың соңғы кезі. Есік жақта Қайсар тұр.

М е й р а м. Осы бөлменің ішінде олай да тергесіп, бұлай да тергесіп, сіз екеуіміз көп ырғастық-ау, генерал Фогель.

Сіз мені тергеуден бастап, ақырында өзіңізге үкім айтатын сәтке жеттіңіз. Жә, енді қысқартайық. Сіз не тілейсіз, не таңдайсыз, кесімін өзіңіз айтыңыз.

Ф о г е л ь. Мен сізден ештеңе тілемеймін. Жаңағы жауаптан басқа айтарым тағы жоқ.

М е й р а м. Сіздің жауабыңыз осындай қысқа болса, менің үкімім де қысқа. Ендеше, байлайық па соған? (*Фогель үндемейді.*) Мен сізден жауап күтемін.

Ф о г е л ь. Менен жауап күтпестен бұрын, өзіңізге өзіңіз дұрыс сұрау беріп көрдіңіз бе? Немістің тұтқын генералын өлтіру не тірі қалдыру правосы бар ма екен өзіңізде?

М е й р а м. Сол праволарды маған беретін сіздің дәл осы арадағы мінезіңіз болмақшы. Қатаң мінез ұстасаңыз, катал үкімге менің қолымды қазір шешкенім деп біліңіз.

Ф о г е л ь. Менің байқауымша, сіз тарихшы, ақын секілдісіз. Мысықтан қорыққан жолбарысты ешбір елдің тарихынан яки әдебиетінен оқып көрдіңіз бе?

Қ а й с а р. Рұқсат етіңізші. Өзін жолбарыс көретін немені мысықтың тырнағына ілінген тышқан қып жіберейін.

М е й р а м. Сіз ажалды талай жанға жұмсай білген адамсыз. Тірлікті не құнмен арашалап қалуды да сіз жақсы білесіз. (*Сөйлей түрегеледі.*) Енді сіз сонау екі ағаштың басына қалай асылуды да жақсы білесіз. Үкіміңізді мана өзіңіз айтқансыз. Енді сол үкімді орындаңыз.

Ф о г е л ь (*үрейленіп атып тұрады*). Өтінемін, мені дивизия штабына жіберсеңіз екен.

М е й р а м (*суық жымып*). Сіздің ендігі барар жеріңіз өзіңіз айтқан манағы қарғалардың көмейі. (*Фогель қалтырай түседі.*)

Қ а й с а р. Е, мынау жаңа ғана ешкіні көрген қасқырдай еді, енді қасқырды көрген ешкінің өзі болып кетті ғой.

М е й р а м (*жиіркене қаран*). Әкетіндерші!

Н а м ы с ү л ы (*кіріп келін*). Жә, не дейді мына генералың? Шақырмастан неге келдік дейді.

М е й р а м. Жалған намысы жіберер емес, бізді қазақ деп әлі де қорсынады.

Н а м ы с ү л ы. Ә-ә, тәкаббарлық тоны да бар екен ғой. Бензині таусылып, моторы күйреп, теңкиіп қалған

өздерінің танкісіндей қампиған сырты ғой. Жарайды, біз мұның өзімізге керек шындығын сол тонын жырtpай-ақ суырып ала білеміз. Барсын, апарыңдар!

Ф о г е л ь (*Намысұлына мөлтеңден*). Капитан мырза! Мені өлтiртпеуіңзді өтiнемiн.

Н а м ы с ұ л ы. Өтiнбестi өтiнесiз. Ол мiнез сiздiң штабыңызда қалған, барыңыз!

Қ а й с а р. Мөлтеңде, мөлтеңдей түс. Талайың әлi еңкiлдерсiңдер. (*Екi солдат оны айдап алып кетедi.*)

Н а м ы с ұ л ы. Е, тұтқын генералды қорқыттық та, күш айттық, ал майданда қандай күш аттық? Осы жорықта бiздiң батальон тағы да баяу соқты ма, қалай болды осы? (*Оймен жүрiп кетедi.*)

Қ а й с а р. Қайдағы баяу? Штабының шаңырағын ортасына түсiрiп, генералына дейiн iнiнде басқан бiз емес пе осы? Тұқырта бермеңiзшi!

Н а м ы с ұ л ы. Қайсарым-ай! Серпе бересiң-ау сен де. Иван Васильевич бiздi не дедi екен осы жолы? Тым құрыса соны бiлiп айтсайшы. (*Оймен алысып жүр.*) Ех, Жанбозов! Тағы да сен қаяу салдың-ау?.. (*Кенет басқа ойға түсiп, Қайсарға сыбырлап, оны сыртқа жiбередi.*) Мейрам, сен берi келшi. (*Екеуi пештiң аржағына барады.*) Сен осы, келгелi Нинаны көрдiң бе?

М е й р а м. Жок, қайда өзi? Қашан көрер екем?

Н а м ы с ұ л ы. Сенiң көруiң қажет! Сол өзi...

Қайсар Нинаны жетектеп келiп терiс отырғызады. Нина түсiнбей аңтаң. Қайсар Мейрамды оған қарсы отырғызады.

Қ а й с а р. Ал, таныс болыңыздар! (*Намысұлының қасына барады.*)

Н и н а. Мейрам!

М е й р а м. Нина!

Н а м ы с ұ л ы. Тоқта, мынау қайтер екен?

Қ а й с а р. Ал, көптен бергi күдiгiңiздiң ашылатын сәтi келдi.

Н и н а. Сенейiн бе, сенбейiн бе? Анық сiз өзiңiз, Мейрам?

М е й р а м. Мен де сiздi қайта көрем деп ойлап па едiм?

Н и н а (*ендiгi сөздерiн жанып сөнгендей, сөнiп жанғандай,*

күліп тұрып жылап, жылап тұрып күліп жіберіп айтады).
Сізден айрылғаннан бері ақылым сенбесе де, жүрегім әлденеден сізді тағы бір көресің деуші еді де тұрушы еді. Енді міне... *(Күліп жіберіп.)* Айта алмай да тұрмын... Түү, не десем екен? Міне, бәрі де сол! *(Жылап жібереді.)*

Мейрам *(шашынан сипап).* Нина, аяулы Нина! Сіз аман кетіп бара жатқанда, мен сол оттың ортасында өртеніп жанып, күл болып кетсем де, өмірімнің қажартысы сізбен бірге құтылып, жарқырай жайнап, аман кетіп бара жатқандай көрдім де, үміт те, дәрмен де тауып едім.

Намысұлы. Мыналарың не деседі, жаным-ау!

Қайсар. Міне, от дариясынан өтіп табысқан Сейфүлмәлік — Жамалың. *(Мейрам Нинаны сүйеге ыңғайланады).*

Қайсар. Бас көрікті! *(Нина ұялып, ата жөнеледі. Есікке жеткен кезде қарсы алдынан жәшік көтерген Валя келеді.)*

Валя. Мынаны Сіздің тапсырғаныңыз абзал.

Нина Валяның қолындағы жәшікті алып қайта келеді.

Нина. Мейрам! Иван Васильевичтің сізге арнап жіберген сәлемдемесі.

Валя. Сіз бүгін Мейрамнан басқаның бәрін ұмыттыңыз-ау.

Нина. Өзгені ұмытсақ та, ел сәлемі, ел сағынышы... *(Мейрам екеуі ашып, ішінен алма, вино, қазы-қарта шығара бастайды).*

Мейрам. Бақытжан аға! Мынаны қараңыз. *(Бір қызыл алманы қолына алып.)* Алматының саялы, сәнді, сағынышты бағынан келген. *(Алманы иіскеп.)* Иісін, иісін ғана көрсеңші! Ана жүрегінің лебі дермісің, не болмаса Алатаудың таңғы лебі, бау-бақшалы даласының кешкі самалы дермісің?

Қайсар. Жүректі қозғадыңыз-ау.

Намысұлы. Сен өлең айтып барарсың ғой.

Нина. Онда айта түсіңізші.

Қайсар. Домбыра! *(Жәшіктің ішінен шыққан қызыл жалаулы домбыраны алып.)* Мына тамашаны қараңыздар!

Н а м ы с ұ л ы (*домбыраны қолына алып*). Ел сәлемі
неткен ыстық еді! Тартшы, Қайсарым!

Н и н а. Айта түс те, тарта түсші!

М е й р а м. Тым болмаса, ұйқасын тапшы.

Н а м ы с ұ л ы. Осыдан ақындық та шығып кетуі
мүмкін, жаны ақын ғой.

Қ а й с а р.

Алыңыздар елдің асыл алмасын,

Ел сәлемі ер жүректі жалғасын.

Қиядағы, қиырдағы топ қыран

Тағы талай, талай самғасын!

Ар жағын сіз жалғап әкетіңіз.

М е й р а м.

Қайсарыма тізгін бер,

Өлең шіркін, қайдасың!

Қ а й с а р. Тоқта, тоқта, енді өзіме қоя бер.

Қалған ұйқас бар болса,

Қайсар өзі қармасын.

(*Виноны қолына алады.*)

Талайы әлі табылар,

Мынаны ішіп алғасын, алғасын.

Келіндер!

Н а м ы с ұ л ы. Ал, келіндер, мұның да көңілі
қалмасын! (*Бәрі де ішеді.*) Сен жаңа ұйқасты таптың, бірақ
үйлесті көрген жоқсың. Шырқау барып, алыста жүрдің.
Ауызға түспес өлең тақ қасыңда тұрған жоқ па? (*Мейрам
мен Нинаны нұсқап.*) Осылардың жаңағы кездесуінің өзі
қандай? Бал-бұл жанып, балдай оралысқан жоқ па, біріне-
бірі?

Қ а й с а р. Оныңыз рас, өзгеше болды. Бірақ...

Н а м ы с ұ л ы. Е, ендеше, соған орай бір нәрсе
тапсаңшы.

Н и н а. Ағай, сіз бүгін қандайсыз осы? Қандай жақсы
өзгергенсіз? Әсіресе, мен туралы өзгергенсіз. Жасыра
алмаймын, қуанамын да қайранмын.

Н а м ы с ұ л ы. Үндемеңіз, менің өзім де қайранмын.
Табындар орайын.

Қ а й с а р. Ендеше, оның орайы мынау болмас па? Біз
айтпағанды ел тудырып еді ғой.

Ақырын “Екі жирен” әнін бастайды, бұған бәрі қосылады, осы кезде
Панфилов келеді.

П а н ф и л о в (*әнін тоқтатып түрегелгендерге*).
Бөлмендерші, айта беріңдерші. (*Мейрамды келіп бір қолымен
құшақтайды.*) Үлкен рақмет саған. Енді сен де қосыл. (*Тағы
да өлең айтылады.*)

Н а м ы с ұ л ы. Иван Васильевич, сіз енді шешініңіз.

Қ а й с а р. Ал енді соғыста сіздердің бәріңіз де
командирсіздер, қазір осы стол басында мен командир
болайыншы.

П а н ф и л о в. Бола ғой, бол!

Н и н а. Мүмкін, Валя екеумізді де командир дерсің?

В а л я. Мұның көзіне өзінен басқаның бәрі командир.

Қ а й с а р. Басқаны білмеймін, сен екеуіңді генералдай
көретінім рас.

П а н ф и л о в. Ол неліктен?

Қ а й с а р. Бірінің әкесі, екіншісінің тағы бірдеңесі...

Н а м ы с ұ л ы. Сен қылжақты қой.

Қ а й с а р. Кешіріңіз!

П а н ф и л о в. Командир адам солдаттынан кешірім
сұрамас болар.

Қ а й с а р. Онда бұйрықты тыңдаңыздар! (*Ішімдік
құйылған ыдысын қолына алып.*) Сіздер мұны: дәрежені
талғамайтын, жанын аямайтын, намысымыздай батыл,
арымыздай биік, жанымыздай мөлдір достықтың үлгісін
көрсеткен Нина үшін! Оның бақытты келешегі үшін
алыңыздар! Бірінші бұйрық сол.

Н а м ы с ұ л ы. Міне, бұл нағыз командирдің бұйрығы.

П а н ф и л о в. Жолдас командир! Бұйрығыңызға бір
қосымша айтуға бола ма?

Қ а й с а р. Айтып көріңіз.

П а н ф и л о в. Біздің бүгінгі талқандағанымыз
жаудың Москваға жеткен елу бір дивизиясының біреуі ғана.
Сондықтан да бүгінгі күн біздер үшін аса қадірлі.

Қ а й с а р. Онда сол үшін көтерейік.

П а н ф и л о в. Осы тұңғыш жеңістің ішінде,
менің бір кездегі командирім Чапаевтың атындағы

партизандардың да үлесі бар. Солардың жалынын әкеп, отымызды үдетіп жіберген сендер үшін, Мейрам мен Нина! (*Бәрі де ішеді.*)

Қ а й с а р. Міне, нағыз генералдың сөзі. Қане, іше отырып жеп, жей отырып ішіңіздер!

П а н ф и л о в (*Мейрамға*). “Барсакелместен” келген сен үшін бәріміз де қуаныштымыз. Ал енді, жеке-дара өзгеше қуанғандарымыз да бар. Сен осыны аңғардың ба?

Н и н а. Иван Васильевич, не айтқалы келесіз, менің рұқсатым жоқ.

П а н ф и л о в. Сіздің рұқсатыңыз болмаса, менің айтпаймын деген сертім де жоқ-ты. (*Мейрамға.*) Сен тұтқында қалып, өзі келген күндерде мынау Нина маған бір емес, он рет сені жоқтап, жасын төкті.

Н и н а. Он рет! Иван Васильевич, бекер, жала мұныңыз.

П а н ф и л о в. Сенбе бұл сөзіне. Өзі ешнәрсе айтты ма саған?

М е й р а м. Айтпаса да, менің көңілім алғысқа толы.

П а н ф и л о в. Бәсе, ендеше бір сыр, бір шындық сұрауға рұқсат па?

М е й р а м. Рұқсат.

П а н ф и л о в. Сен неміс штабында, қатты қысым тергеу үстінде Нинаны сыртыңмен атып, ішіңмен сүйіп, сол сүйгенінді немістерге білдірмей, мұның өзіне ғана сездіріп қалғаның рас па? Нина сені солай деп мақтанып келді.

Н а м ы с ұ л ы. Мынау шын сұрарлық сыр екен, айтшы, ей?

Н и н а. Мейрам, айтпаңыз!

П а н ф и л о в. Мен Нинаның өтірігін де, шынын да қазір тегіс білуім керек. Мұның әкесі Захар емес, әзірше менмін, айт!

М е й р а м. Апырай, қинадыңыз-ау, не дегенімді ұмытып та қалыппын.

В а л я. Немістің офицерінен жасырмағаныңызды бізден жасырасыз ба, айтыңыз?

П а н ф и л о в. Айт, артында тағы бір сыр тұр.

М е й р а м. Ендеше, Нина сол алғашқы жолы шынын айтып келген болар.

П а н ф и л о в. Ә, дұрыс. Олай болса, тағы бір сыр бар. Сен қалып, Нина келгелі мына Бақытжан ағаң не ойлады екен, сол жайын бұл айтты ма?

Н а м ы с ұ л ы (*тұра келін*). Иван Васильевич, олай болса, мұны айтуды өзіме беріңіз. Мен Нина туралы күмәндана жүріп қызығып, қызыға жүріп күмәнданып, алай-түлей күйде едім. Ол ескі сырым еді. Жаңа мыналардың түрін көргеннен бері ұялам да қуанам. Енді бақсам, бұлар жайы – қарлы суық жартас құздан жоғарылап ұшып, биік мөлдір көк аспанда алтын күннің шұғыласын құшып, ақ қанаттарымен жанасып, сүйкесіп табысқан ақсұңқардың кездесуіндей көрінді... Міне, бұл менің жаңа сырым, Иван Васильевич.

П а н ф и л о в. О, мынау қандай сұлу теңеу айтты. Бұл үшін, Нина, Мейрам, мұның бар айып, бар кінәсін кешпеске шараларың жоқ. (*Жұрт күлісін, тұра бастайды.*)

Н и н а. Ағай, сіз қандай жақсы едіңіз!

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, жақсы ағаң сені жақсы көңілімен бір сүйсін, келші! (*Сүйіп, арқасынан қағады.*)

Қ а й с а р. Бас көрікті! (*Панфиловқа жақындап.*) Жолдас генерал! Біздің Нина партизандардан бір ән үйреніп келіпті. Өзі партизандардың сағынышындай ыстық ән. Соны тыңдап көрсек қайтеді?

П а н ф и л о в. Нина, сен бір жақсы ән біледі дейді, соны айтып берші.

Н а м ы с ұ л ы. Қайсар, қосыл!

Қ а й с а р. Мен әзірмін ғой. (*Нина бастайды. Бәрі қосылады. Ән аяқталады.*)

П а н ф и л о в (*Қайсарға*). Сен әнді онша жақсы айта алмасаң да, тани біледі екенсің-ау. Бәріңе де рақмет.

Н а м ы с ұ л ы. Иван Васильевич, сіз бәріміздің бар сырымызды айтқыздыңыз ғой. Енді сізден бір сыр сұрауға бола ма?

П а н ф и л о в. Неге болмайды?

Н а м ы с ұ л ы. Бүгінгі шабуыл жорықта біздің батальон басқалардан кем соқты ма, дәлі қалай шықты?

П а н ф и л о в. Өз көңіліңе қалай, күдігің бар ма?

Н а м ы с ұ л ы. Аздап бар.

П а н ф и л о в. Ендеше, сол өз көңілің таразы.

Н а м ы с ұ л ы. Бәсе, тағы солай. Бірақ ендігінің мәнін ұқпай, қиналып жүрмін, неліктен?

П а н ф и л о в. Сен батальоныңмен табан аудармай, тапжылмай тұрып ұруға төселдің, ал ұмтылып ұруға әлі жаттыққан жоқсың. Сен өзің күрестің бар әдісін білемісің?

Н а м ы с ұ л ы. Қай күрестің?

П а н ф и л о в. Әлгі өздеріңнің, қазақ пен қырғыздың жақсы күресін айтам, ол өзі аса қызық...

Н а м ы с ұ л ы. Е, оны білем ғой!

П а н ф и л о в. Білсең, екі түрлі жығыс бар емес пе еді? Біреу бар – өзі қайрат етпей, шаптан тіреп жатып алып, анау омырау еткенде ғана қапысын тауып арқалап соғатын. Ал енді біреуі – екпіндеп, батыл қимылдап, ұмтыла барып шалатын, жамбасқа алатын. Сен шаптан тіреп, арқалап соғуға жақсы едің, шалуға келгенде әлі олақ болып тұрсың. Міне, батальонның жайы осы.

Н а м ы с ұ л ы. Ендеше, мен бар ой, бар қайратымды шалуға салармын.

П а н ф и л о в. Дұрыс айтасың, біз бар дивизиямызбен сол қимылға шықтық. Бірақ шалып алып өзі шалқасынан түсетіндер де болатын, оны да ойла.

Н а м ы с ұ л ы. Келсе екен, тезірек келсе екен сондай бір сын.

П а н ф и л о в. Ол тілеген сының бірімізге емес, бәрімізге, бүкіл дивизиямызға келді.

Н а м ы с ұ л ы. Қандай?

П а н ф и л о в. Ол қарсымызда тұрған жау группасын қоршау. Жаудың сондай қалың күшін қоршау үшін қарсы алдынан шабуыл жасау біздің дивизияға жүктелді. Егерде біз кесек қимылдап, бар назары мен жарағын өзімізге аударып алмасак, жаудың қоршатпауы мүмкін. Сондықтан біздің маңдайдан соққан соққымыз жаудың күре тамырын үзетін болуы керек. Ол күре тамыр өздеріңе белгілі Руза деревнясы.

Н и н а (қуанып). Біздің Руза ма?

П а н ф и л о в. Иә, сіздің Руза. (Намысұлына.) Жаудың сол күре тамырын үзуге қалайсың?

Н а м ы с ұ л ы. Егер өзіңіз сенсеңіз.

П а н ф и л о в. Мен саған енді кәміл сенемін. Оған өзіңнің мен танып болған жақсы қасиеттерің кепіл! Батальоныңды бастап өткен жолдарың, кешіп келген кешулерің кепіл. Мұның бәріне: ғасырлар бойы сарапқа түсіп, талай сында талмай шыққан ұлы орыс халқының құралы кепіл! Оған, шыдамы таудай, шыңдаған сайын шымырлай түсетін өз еліңнің намысы кепіл. Ел намысы кегінді жаныса, бұл сыннан шырқап өтетініңе мен кепіл. Кейін қоштасармыз. Қазір сол шабуылдың тәсілдерін қағаз бетіне түсір де, маған алып кел.

Ол есікке беттеген кезде Григорьев келеді.

Г р и г о р ь е в. Иван Васильевич! Қайдасыз? *(Келе құшақтай алады.)* Мен зор бақыт хабарын әкелдім сізге. Сіздерге, достар, ұлы Отанымыз біздерге арнаулы үлкен сый беріпті. *(Сөйлей жүріп жағалай құшақтайды.)* Құтты болсын, құтты болсын!

П а н ф и л о в. Нендей?

Г р и г о р ь е в. Біздер бүгіннен бастап гвардеецтерміз. Дивизиямыз 8-гвардия дивизиясы аталады. *(Бәрі де қуанышты. Әсіресе Қайсар. Ол “уралап” маңайындағыларды кезек-кезек ұршықтай үйіреді. Григорьев әлі сөйлеуде.)* Ол ғана емес, гвардия атағын алған бірнеше дивизияның ішінен біздің дивизия ерекше бағаланып, Қызыл Ту ордені қоса беріліпті.

Н а м ы с ұ л ы *(Панфиловтың алдына тұра қалады.)* Мен басқаратын батальон гвардия атағын ақтайтынына ант етемін, жолдас генерал! Ел дәстүрі бойынша гвардиялық туыңызға тағар байғазым сол.

П а н ф и л о в *(қол алысып)*. Рақмет, Намысым! Бәріңе де рақмет.

В а л я. Папа! Сіз тіпті лезде жасарып кеттіңіз ғой. *(Бетінен сүйеді.)* Қараңыздаршы! Менің папам нағыз гвардеец емес пе?

Қ а й с а р. Жасарып кеткендігі сондай, мен тіпті ғашық бола бастадым, бұл не керемет?

В а л я *(алысқа аңсай қарап)*. Ах, мамам! Сен папамды қазір бір көрер ме едің?

П а н ф и л о в. Қуаныңдар! Жаулана қуаныңдар, достарым, бауырларым, ұлдарым мен қыздарым! Сендермен бірге мен де қуанам, қуана тұрып басқаны айтам. Ұшқыннан өрт қаулағандай бұл қуаныш баянды. Ендігі мұрат сол ғана. *(Григорьевке.)* Штабқа барайық. Қош болыңдар, гвардеецтер!

Григорьев, Валя үшеуі кетеді. Намысұлы солардың соңынан кете берген кезде Жанбозов кіріп келеді.

Ж а н б о з о в. Жолдас командир! Сіздің шақыртуыңыз бойынша келіп тұрған лейтенант Жанбозов!

Н а м ы с ұ л ы. Мен қазір ораламын.

Панфилов кетеді.

Ж а н б о з о в *(қалтасынан бірнеше конверт алып, Мейрамға береді).* Сен енді ел жүрегің тыңда! *(Нина алыстан қарай қалады.)*

Қ а й с а р *(оның назарын хаттан аударғысы келгендей).* Сіз жаңағы бір әнді маған әлі де үйрете түсіңізші. *(Мейрам хаттардың ішінен біреуін таңдап алып, ішінен оқи бастайды. Нина көзін Мейрамнан алмастан ақырын әндетеді. Қайсар қосылады. Намысұлы екпінді келеді, ән кенет тоқталады.)*

Н а м ы с ұ л ы. Нина! *(Картасын алып, стол үстіне жая бастайды.)* Сенің қарындастығыңды маған көрсетер шақ жетті. Міне, Руза деревнясы. Міне, оның қат-қабат қорғаны. Айқын көріну үшін ақ қағазға түсірейін. *(Қағаз бетіне әртүрлі белгілер, сызықтар сала бастайды.)* Маған ең алдымен керегі мынау “Шайтан сайы” жақ шекті қорғаны. Сол қорғанға ұрланып жетудің жолы қайсы? Сен маған соны айтып бер.

Н и н а. Сіздер “Шайтан сайы” атандырған бұл шатқал, қиғашталып келіп мына бір төбешікке тіреледі. Ол төбешік — қазір ажалдың ұясы. Оған баратын жол жоқ.

Н а м ы с ұ л ы. Менің кезегенім сол ажалдың ұясы. Ол алынбай ілгері басу — қырғын табу.

Ж а н б о з о в. Нағыз қырғын табу — сол төбені алу болар.

Н а м ы с ұ л ы. Мұнымен не айтпақсың?

Ж а н б о з о в. Немістер біздің бір ғана Дубосеково төбесін алу үшін елу танкісін қиратса, бұл төбе үшін біз де сонан кем қирамаспыз.

Н а м ы с ұ л ы. Мен бірде-бір танкі, бірде-бір артиллерия, бірде-бір самолет жұсмастан, сол төбені сенің взводтыңмен алсам деп тұрмын.

Ж а н б о з о в. Біріншіден, ол мүмкін емес, екіншіден, мен взводтың емес, рота командирімін.

Н а м ы с ұ л ы. Менің соғыста қателесуім мүмкін, сөзде жаңылған емеспін.

Ж а н б о з о в. Түсінбедім.

Н а м ы с ұ л ы. Кейін бәріне де түсінерсің. *(Мейрамға.)*
Сен не айтасың?

М е й р а м. Меніңше, оған баратын жалғыз ғана жол – сол “Шайтан сайының” өзі.

Н и н а. Ол сай түгелінен жаудың қолында ғой?

Н а м ы с ұ л ы. Бола берсін, біздің бір жойқын топ ұрланып барып сол сайға неге түспейді?

Қ а й с а р. Мысалы, Қайсар Айбаров бастаған топ.

Н а м ы с ұ л ы. Иә, Айбаровтар сайға түсіп алып, сол ажал ұясын желкеден неге ұрмайды?

Н и н а. Ол үшін жаудың тылына өту керек қой.

М е й р а м. Өткенде сезікті болмас үшін, сайдың арғы басынан түсетін болып тереңдеп өтпесе болмайды.

Н а м ы с ұ л ы. Арғы басы қанша жер?

Қ а й с а р. Ол сай менің осыдан екі ай бұрын талай шарлап, талай өлшеген жерім, мөлшері жиырма километрден аспайды.

Н и н а *(күлімсірен)*. Қанша шарласаң да, дәл өлшемепсің.

Н а м ы с ұ л ы. Дәлі қанша?

Н и н а. Он жеті киометр.

Қ а й с а р. Онда тіпті жақсы.

Н а м ы с ұ л ы. Жақсы болса, бар. Қасыңа осы ротадан он жеті жау жүректі іріктеп ал да, әзірлен!

Қ а й с а р. Ол он жетіні маған кім береді?

Н а м ы с ұ л ы. Мен беремін. Тек мынаны ескер. Сендер қалың күштей көрініп жауға үрей салу үшін қарудың

әр түрінен оқ төгесіндер. Ол үшін миномет, қол пулеметі, танкі ататын мылтық сияқты қаруларды да аласындар. Адамдарың сол құралдарға сай болсын.

Қ а й с а р (*Мейрамға қаран*). Кімдерді алатыныма сіз көмектесіңіз.

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас Жанбозов! Мен сенен марқұм Бозжановтай батыр командир шығарамын ба деп едім, шығара алмадым. Сен шегінудегі шеберлігіңді шабуылда көрсете алмадың. Сол себепті сен рота командирлігінен алынасың да, бұрынғы взвод командирлігі орнына қайта барасың.

Қ а й с а р (*ақырын ғана*). Бас көрікті!

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас Ғалиев! Бүгіннен бастап ол ротаның командирі сенсің. Ал, Нина қарындас! Қашан Руза деревнясы алынғанша менің кеңесшімсің. Бірінші берер кеңесің Айбаровтың тобын ертең кешке қай тұстан өткізудің жайы, оны кейін кеңесеміз. (*Жағалай қаран.*) Қалай, бәріңе де түсінікті ме?

Жанбозовтан басқа үшеуі үн қатады.

Ү ш е у і. Түсінікті.

Н а м ы с ұ л ы. Сен немене, түсінбей қалдың ба?

Ж а н б о з о в. Жоқ, мен де түсініп тұрмын.

Н а м ы с ұ л ы. Мен сенің түсінгеніңді емес, мансабыңмен қоса құлағаныңды көріп тұрмын. Менің фашистерден кейін қас жауым мансапқорлар екенін ұмытпа!

Ж а н б о з о в. Кешіріңіз, комбат. Мен...

Н а м ы с ұ л ы. Жоқ, ондай жалған сөзге сенген емеспін, көзді жеткізу үшін сен взводтың емес, бөлімшенің ғана командирсің. Түсінікті ме?

Ж а н б о з о в. Түсінікті.

Н а м ы с ұ л ы. Енді маған түсінікті. (*Қайсарға жақындап.*) Қайсар! Мойныма қарыз етпей алда тұрған қауіпті жасырмай айтайын. Егерде ол “ажал төбені” басып ала қалсаңдар, жаудың біздің батальонға арнаған оқ пен оты түгелінен сендердің үстеріңе төгіледі. Оған қарсы жұмсар ең зор құралың — өзіңнің жүрегің. Сол ажалдың аузына өзіңмен бірге түсетін серіктеріңнің жүрегі.

Н и н а. Бақытжан аға! Неткен... *(Сөзін толық айта алмай отыра кетеді.)*

Н а м ы с ұ л ы. Бұл сапар сенің жүрегіңе өшпес от беретін өлінің қазасы, тірінің жарасы. Солар не деп үн қатады. Соған құлақ сал, соған ғана жүрек тік! Тіксіне тік кекке толы жүректі! Саған бүгін жау зеңбірегінің үнінен де басымдап, ар жағадан бөбектер шырқырап үн қатады. Саған бүгін айуан тепкісінде жатқан қалың елің “құтқар, балам, ұмтыл!” деп, үзілместей үн қатады. Соған ғана тік кекке толы жүректі. Осыны ғана тілейді өлінің қазасы, тірінің жарасы. Осы ғана Отанымыздың ендігі бұйрығы!

Қ а й с а р *(жалауды қолына алып)*. Сол “ажал ұясының” төбесіне тігер менің туым еліміздің осы сағынышы болсын. *(Жалауды сүйеді)*.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Алтыншы сурет

Таң белгісі білінген кез. Басына қызыл жалау тігілген “ажал ұясы” үшін қызу айқас жүріп жатыр. Сүрені қатты ұрып жатқан соғыс сұрапылы әлденені айтып бажылдасқан неміс үндерін жөнді естіртпейді. Аздан соң Қайсардың дауысы саңқылдайды.

Қ а й с а р. Төк оқты, төгіндер аямай! Бірде-бірі құтылмасын. Қасиетті Отаным! Адал құрбаның бола алсақ, ақтаушы да өзің бол. Осы шоқтай тобымыздан қалтырар қол, жігерсіз жүрек білінсе, әділ, қатал қазасы да өзің бол! Төк... төге түс!

Біраздан соң жау отының бұларға аударылғаны анық сезіледі. Сахнада биіктен зуыл қағып, ысқырып оқтар өтіп жатқаны сезіледі. Оқта-текте прожектор қараңғыланған сахнаны жарқыратып жіберіп, қайта сөніп тұрады. Сол жарыққа ілесе сахна үстінен зуыл қағып, ағып өтіп, алысқа түсіп жатқан снаряд миналарының үні білінеді.

Ерлер өзін аман, қатты соғыс үстінде. Әр кезде үздік-үздік дауыстары естіледі.

— Карпат! Аржағыңнан бір танк келіп қалды. Ұмтыл, тез! Бастырма ілгері. Солай ұр! Жігітсің, Кавказ! Алтай, ар

жағында келе жатыр. Ал, сақтан. Памир, қайдасың? Шыда, бауырым, шыдандар. Әне, біздің құдайлар да күркірей бастады. *(Қараңғылық түсіп, оқ жауып тұр, сахнаға шыға бере танктер жанып жатыр. Жалғыз Қайсардың айғайы шығады.)* Қайран достар, бауырлар! *(Әр тесікте тұрған құралмен кезек-кезек атады. Осы кезде әр шеттен жау қарасы көріне бастайды.)* О, ақымақтар, оғымның таусылғанын біліп, мені қолға тірідей түсірмек. Тапқан екенсіңдер қолға тірідей түсетін езді. Бұлар көп, мен жалғыз. Қай жақтағысын ала өлсем екен! *(Оғы таусылған автоматты екеуіне кезек кезеп, кезек бұқтырып тұрады, оқоққа жасырынады.)*

Б і р і н ш і н е м і с. Ей, русь, сдавайса!
Е к і н ш і н е м і с *(жер тепкілен)*. Сдавайса!

Қайсар екі қолын көтере түрегеледі. Белінде екі, аузында бір гранат.

Қ а й с а р *(аузындағысын жұлып алып лақтырады)*. Мә, сен иттерге сдавайса!

Белдегі гранаттарын жұлып алып, екінші жақтағыларға лақтырады. Ол оқоптан шыға берген кезде, арт жағынан бір неміс ту сыртынан келіп, бас салады. Екеуі алыса түседі. Қайсардың “өй, әкеңді” деген сөзі ғана естіледі. Кезек жығылыспен, домалап келіп екеуі оқоптың ішіне түседі. Аздан соң немісті қылғандырып өлтіріп, нағанын алып тұра берген кезде, екінші бір неміс офицері келіп қалып, оны атып жібереді. Құлап бара жатып өзі де атып қалады, неміс ұшып түседі де, жылжып кетуге ыңғайланады. Қайсар жаралы, бар күшін жинап, ұмтыла беріп автоматымен офицерді басқа салып жібереді. Офицер өледі, өзі де құлап түседі.

Д а у ы с.
Ұмытпаңдар, ұмытпаңдар,
Ей, адамзат, аққан қанды.
Мәңгі-бақи ұмытпаңдар
Құрбан болған батырларды!

Бірнеше неміс қаша атысып өтеді. Соларды қуа шыққан Мейрам тобы немістерді қуып кетеді де, өзі Қайсардың өлігіне тап болады.

М е й р а м. Қайсар! Есіл Қайсарым, бауырым! *(Үстіне құлап түседі, қайта басын көтеріп.)* Ерліктің шың биігін

алып тұрып өлді-ау, қайран Қайсарым! Құлатпаспын туынды!

Қайсарды көтеріп әкетеді. Сол кезде алыстан қарудың барлық түрінен оқ төккен күшті шабуылдың сарыны сезіледі. Ура салған Намысұлының айғайы естіледі. Селдей қаптаған қалың топты бастап Намысұлы шығады.

Н а м ы с ұ л ы. Батальон! Алға! Алға! *(Іркілместен қаптап өтеді, кейінгі жақтан медсестра міндетінде жүрген Нина мен Валя жүгіріп келеді.)*

В а л я. Ой, Нина, ана тамашаға қара! Дүниенің ең қызығы жауды дүркірете қуған екен ғой. Өне, өрттен қашқан тағылдардай жөнқулерін қарашы. Қызық емес пе?!

Н и н а. Ол қызықты мен Мейрамдар осы шепке жеткен кезден бастап көрудемін.

В а л я. Білем. Сенің көзіңе жау қамалына бұрын жеткеннің бәрі Мейрам.

Н и н а. Соғыс үні өше қалды ғой, не болды?

В а л я. Алынар қамал алынды, ұлы мұрат орындалды. Мына келе жатқан кім? *(Нина келе жатқан Мейрамды көріп тұра жүгіреді. Оның көңіл-күйін аңғармастан бара құшақтай алып сүйеді.)* Мен сені көріп тұрдым, жеңістерің құтты болсын.

Тағы сүйеді, Намысұлы шыға келеді.

Н а м ы с ұ л ы. А, сүйісер көбейсін. Сәукелесі мен отауы ғана жетпей тұр екен.

М е й р а м *(көңілсіздеу)*. Жолдас командир, бұйрығыңыз орындалды.

Н а м ы с ұ л ы. Мен саған сүю туралы ешқандай бұйрық бергенім жоқ. Қолдарың тимей-ақ жүр екен, пақырлар.

Н и н а. Жолдас капитан! Мұның бір себебі бар еді, айтуға рұқсат етсеңіз...

Н а м ы с ұ л ы. Жә, себепсіз болса да сүю жазықты емес, ол үшін қысылмай-ақ қой. *(Мейрамға сескене қарап.)* Мейрам! Қабағың тым қасіретті, не болып еді, жарқыным?

Н и н а *(шошынып)*. Қасірет!

Н а м ы с ұ л ы. Мен көріп тұрмын, мынаның кеудесін кернеген қасірет тіліне дейін байлапты.

Н и н а (*Намысұлына бір қарайды да, көзін Мейрамның көзінен алмастан жақындайды*). Мейрам... Мейрам... (*Қаттырақ.*) Мейрам!... (*Мейрам үндемейді.*)

Н а м ы с ұ л ы (*зілденіп*). Жолдас аға лейтенант Ғалиев! Мен сенен жауап күтіп тұрмын. (*Мейрам онда да үн қатпайды. Осы кезде бірнеше жауынгер автоматтарына салып Қайсарды алып келе жатады.*) Бұл кім еді? (*Жетіп барып тани кетеді де, бар даусымен.*) Қайсар! (*Теңселіп барып, тұрып қалады.*)

Д а у ы с.

Өлгендердің атақ-даңқы
Найзағай боп шатырласын.
Өлгендердің махаббаты
Мәңгі-бақи лапылдасын!

Жауынгерлер Қайсардың денесін жерге қояды.

Н а м ы с ұ л ы (*өзін-өзі күшпен тежеп қатуланып алады да, Қайсардың қасына келеді. Үнсіз тізесін бүгіп, жарасын сүйеді*). Жараңды сүйдім, жан бауырым, қимас қыран бауырым. Сенің жараң кешілмес кек болып орнасын біздің жүрекке! Ызаға, әділ ашуға толы жүрекке толсын, Қайсарым! Тамшы қаным қалғанша жадымдасың сен менің, жолыңдамын мен сенің. Намысыммен ант еттім, Қайсарым.

Н и н а. Асыл, тым асыл еді-ау, Қайсар! (*Екі тізесімен отыра кетеді. Панфилов пен Григорьев келе жатады.*)

Н а м ы с ұ л ы (*атып тұрып*). Жолдас генерал!

П а н ф и л о в. Баяндамай-ақ қой, бәрін де көріп, біліп тұрмын. Ерлігіңе сүйініп келіп едім, қайғыңды көріп күйінудемін. Күйіне тұра бұйырамын! Полк командирлігін қолыңа ал да, баста жойқын шабуылды. Намыс гвардиясының бүгінгі оғы қарудың барлық түрінен бірдей төгіліп алынар болсын Қайсар кегі. (*Намысұлы аңырып қалады.*)

Г р и г о р ь е в. Сен осы сәттен бастап полк командирісің. Дивизион командирі сенің бұйрығыңды күтіп тұр, бар!

А д ь ю т а н т. Жолдас полк командирі, мұнда келіңіз! (*Панфилов пен Григорьев Қайсарға жақындайды. Намысұлы сахна шетінде тұрған адъютанттың қолындағы телефонды алады.*)

Н а м ы с ұ л ы. Жолдас майор! Мен капитан Намысұлы! Рақмет... Онда тыңдаңыз! Менің бірінші бұйрығым сол: бүгінгі ұшар снарядтың барлығы Намыс гвардиясы деп ұшар болсын, қазір бастаңыз, қазір! (*Мұнан кейінгі сөзі естілмейді.*)

П а н ф и л о в (*Қайсарға жақындайды*). Айбаров Қайсар! Өшпес даңқтың иесі, батыр Қайсар! Елінің мақтаны, барша адамның дос бауыры, Қайсар! Бүгінгі замандастарының, ертеңгі ұрпақтарының үлгісі, Қайсар! Мен саған айтар алғысымды жаудың қанымен Москвадан Берлинге дейін, рейхстагтың күмбезіне дейін жазамын.

Б ә р і д е. Берлинге дейін!

Сол кезде бар қарудың үні естіледі. Солдаттар Қайсардың денесін көтереді. Сол кезде катюшаның нажағайы жарқылдайды. Панфилов, Григорьев екеуі Намысұлын ортаға ала биікке қарай көтеріле береді. Қайсардың денесін көтерген топты бастаған Мейрам сол нажағайдың ішінде кетіп бара жатқандай.

Д а у ы с.

Батпасын күн қан жамылып,
Күлім қағып атсын таңдар!
Ей, тірілер, ей, тірілер!
Өлгендерді ұмытпаңдар!

Ш ы м ы л д ы қ



ГВАРДИЯ ЧЕСТИ

Пьеса в трех актах, шести картинах



Действующие лица

Сталин.

Панфилов Иван Васильевич.

Намысулы Бахытжан — командир батальона.

Григорьев — комиссар дивизии.

Чупров — командир полка.

Жанбозов Сабыр — командир роты.

Галиев Мейрам — политрук роты.

Тохтаров Тулеген — автоматчик.

Нина — девушка из оккупированной немцами деревни.

Генерал Армии.

Валя — медсестра.

Фогель — командир немецкой дивизии.

Курц — командир немецкого полка.

Штольберг — начальник штаба немецкой дивизии.

Должностное лицо.

Доктор.

Командиры, бойцы, немецкие солдаты.

I АКТ

Картина первая

Поздняя осень. Пожелтела листва в поредевшем лесу. Время заката.
У блиндажа Тулеген держит свой автомат как домбру и поет.

Т у л е г е н.

Жизни не жаль за тебя, мой народ,
За вас, родные поля и холмы,
Как кровь свою, буду беречь я вас,
Реки светлые мои!

Идет Мейрам и на ходу продолжает песню Тулегена.

М е й р а м.

И пули вражки не устршат,
И орды нас не возьмут,
Мать родная Москва,
За тебя я пришел постоять.

Т у л е г е н. Вздуйте горны!.. *(Подходит Намысулы.)*

Н а м ы с у л ы. Па-а!¹ Нашли же место, песнопевцы!
Угрожали, но не побили врага, и стыдиться не хотим. Или
рады, что бегством спаслись?!

Т у л е г е н. Вздуйте горны!..

М е й р а м. Батыр, пожалуй, тут же не вздуешь горны...
Прямо в цель он ударил.

Н а м ы с у л ы *(смотрит в бинокль)*. Словно жизнь
покидает тело, так же порой и песню покидает ее душа,
брatья. Вы видите, как ясное небо над Москвой испачкано
разрывами снарядов?

М е й р а м. О, видели Бахытжан-ага!

Н а м ы с у л ы. И что же это?

М е й р а м. Что это? Словно мать родную видеть под
пинками...

¹ Ироническое восклицание.

Н а м ы с у л ы. Так пусть эти пинки точат нашу месть. Месть не притупляющуюся, острую.

Т у л е г е н. Ну разве не острым клинком мы бьем его? И пути разорвали, и кольцо разбили, вырываясь.

Н а м ы с у л ы. Разбили... вырывали... Куда вырвался? Гордишься отступлением? Доволен, что уже вот у стен Москвы?

Т у л е г е н. Вдувайте горны! *(Вскочил с места.)* Ну если дальше отступать, я от позора заклею себе лицо сыромятной кожей!

Н а м ы с у л ы. Возмущена, кровь возмущена... Кипишь, но все же сырой! И не только ты, а весь наш батальон. И все мы. Подумаю о части, зло берет. Вырваться из кольца... подвигом казалось... А подумаю, совсем не то.

М е й р а м. А как?

Н а м ы с у л ы. Услышишь, потом. *(Идут Панфилов, Григорьев, Чупров.)*

П а н ф и л о в. Намыс! Боялся за вас, но ты обрадовал. Скажи, как сумел вырваться из-за такой стены? И кто же на этом чертовом перевале Тайгака оказался трусом, кто смелым? Приметил их?

Г р и г о р ь е в. По-моему, у них больше оказалось смелых...

П а н ф и л о в. А ты почему молчишь?

Н а м ы с у л ы. Товарищ генерал, нелегко и смелость отобрать и трусость заклеить. А мы, по-моему, из одного выбираемся, а до другого не добираемся, где-то посередине...

П а н ф и л о в. Пожалуй, ты прав. Лучше без хвастовства.

Г р и г о р ь е в. Особенно, если имеешь взвод, оставивший батальон в окружении.

П а н ф и л о в. Вызови ко мне командира этого взвода! И кто командир роты?

Н а м ы с у л ы. Жанбозов!

П а н ф и л о в. Жанбозов? Вызвать и его!

Н а м ы с у л ы. Товарищ генерал, их обоих уже нет.

П а н ф и л о в. А где они?

Н а м ы с у л ы. Жанбозов опять, благодаря этому командиру взвода, остался под разрушенным блиндажом.

Г р и г о р ь е в. А командир взвода?

Н а м ы с у л ы. Он расстрелян!

П а н ф и л о в. Расстрелян?

Г р и г о р ь е в. Кем?

Н а м ы с у л ы. За все его преступления расстреляли мы сами.

П а н ф и л о в. А кто вам разрешил, кто расстрелял?

Н а м ы с у л ы. Разрешил и расстрелял я сам.

П а н ф и л о в. Ты, сам? Кто тебе дал эти права?

Ч у п р о в. Почему вы это скрывали от меня?

Н а м ы с у л ы. Не скрывать я хотел, товарищ полковник. А решил держать ответ и понести кару только однажды.

Г р и г о р ь е в. Выходит, вы сменили обязанность командира на обязанности военного суда?

Н а м ы с у л ы. В немецком окружении всю советскую власть изображал я сам. Как же иначе?

Ч у п р о в. Что он натворил?

П а н ф и л о в. Как полагаешь, ты был прав или нет?

Н а м ы с у л ы. Товарищ генерал, у меня нет ни капли сомнения в своей правоте.

Г р и г о р ь е в. Итак, вы намерены продолжить саморасправу?

Н а м ы с у л ы. Такое ничтожество нужно уничтожить, и я буду расстреливать.

Г р и г о р ь е в. Вот как! И разбираться, и оглядываться не хотите! Во что же вы превратите дисциплину в армии? Хотите стать сорняком?

Н а м ы с у л ы. Сорняком?

Г р и г о р ь е в. Да!

Н а м ы с у л ы. Ну если сорняк, то его вырывают и выбрасывают.

Г р и г о р ь е в. Не мудрено и вырвать.

Н а м ы с у л ы. Так выбрасывайте меня (*отвернулся, хочет уйти*).

П а н ф и л о в. Стой! Приди ночью в штаб. Иди! (*Намысулы уходит. Чупрову.*) Что это такое, товарищ полковник?

Ч у п р о в. Это у нас самый слабый батальон. Вот поступки и поведение.

П а н ф и л о в. Вы много говорите об их слабости...

А когда же сделаете его неслабым? В чем же причины слабости и по чьей вине?

Г р и г о р ь е в. Большинство этого батальона казахи, да?

Ч у п р о в. Да. Тяжело с этим батальоном.

П а н ф и л о в. Я спрашиваю не об этом, говорите о причинах.

Ч у п р о в. По-моему, причины понятные, Иван Васильевич. Они вышли из народа, который не ведал еще незыблемых законов воинской службы.

П а н ф и л о в. А где же ваше влияние? К чему ваш опыт в этой службе? Только думаем, что все поняли, познали, и очень часто в нас же остаются такие непроверенные уголки, такие тупые непроницаемые предрассудки, что и пулей их не пробьешь. О народе. Вы хотите судить критически? Или уже разочарованы вы в нем? Что вы знаете о его достоинствах? Я вас предупреждаю раз и навсегда, чтоб я не слышал больше подобных ваших мыслей и доводов. Отныне мерилom для всей нашей дивизии будет этот ваш слабый батальон. Только когда он станет самым отважным, беспримерно героическим, крепчайшим батальоном, тогда только скажем, что вся дивизия достигла своей настоящей боевой зрелости. И только таков наш уговор.

Ч у п р о в. Я принимаю этот уговор, Иван Васильевич. Но здесь не один человек, не десяток даже, а целый батальон. Разве не требует времени работа над ним?

П а н ф и л о в. Так дайте этот батальон под мое личное наблюдение.

Ч у п р о в. Берите. Но только имейте подходящего командира.

П а н ф и л о в. А Намысулы? Не подходит?

Г р и г о р ь е в. Вы хотите, чтобы он и дальше оставался командовать?

П а н ф и л о в. А как по-вашему?

Г р и г о р ь е в. Его нужно заменить.

П а н ф и л о в. В чем же тогда разница между нами и Намысулы, поступки которого только осудили сами? Нужно подумать. Ну идемте, поговорим с бойцами. *(Уходят. Выходит Нина, она тащит на спине раненого Жанбозова.)*

Ж а н б о з о в. Мы уже в безопасности. Кому я обязан всем? Кто же вы?

Н и н а (*смеется*). Разве не достаточно, если будете знать как одну из сотен и тысяч сестер своих?

Ж а н б о з о в. Почему не хотите сказать о себе?

Н и н а. Но и вы же не сказали?

Ж а н б о з о в. А меня задерживает только ваша скрытность.

Н и н а. Уж не показалась ли я вам такой коварной шпионкой? (*Смеется.*)

Ж а н б о з о в. Откуда такие мысли?

Н и н а. А что удивительного? Может, спасаю раненого командира из плена только для того, чтобы войти в доверие? (*Смеется.*)

Ж а н б о з о в. Видно, так и не узнать мне о вас. Но кто бы вы ни были, никому я так не обязан в жизни! А что не узнал про вас, останется огромным огорчением. (*Вошел Намысулы, прислушался.*)

Н и н а. И мне, думаете, не жаль не узнать о человеке, которого спасала сама?

Н а м ы с у л ы (*узнал Жанбозова*). Сабыр! Родной!

Т у л е г е н (*входя*). Сабыр!

Ж а н б о з о в. Бахытжан-ага! (*Целуются.*)

Н а м ы с у л ы. Родной мой, ты жив? Буря клокотала во мне. Как взгляну на твою последнюю записку, как вспомню слова “Нет возврата, я отрезан от вас” – сердце остывало. Милый Сабыр!

Ж а н б о з о в. Но где этот негодяй, виновник разгрома моей роты? Покажи только мне его.

Т у л е г е н. А он уже умчался в полет, безвозвратно.

Н а м ы с у л ы. Он погиб собачьей смертью, расстрелян.

Ж а н б о з о в. Кто расстрелял?

Н а м ы с у л ы. Я. И за это сегодня держу ответ. Узнаешь потом. А кто спас тебя? (*кричит*) Вы?

Ж а н б о з о в. Она!

Н а м ы с у л ы. А вы кто? Откуда?

Н и н а. Я советская девушка.

Ж а н б о з о в. И спасительница она, и загадка она же...

Н а м ы с у л ы. Как встретили вы его? Откуда шли сами?

Н и н а. Я шла в штаб одной дивизии.

Н а м ы с у л ы. Какой дивизии?

Н и н а. А вы из какой?

Н а м ы с у л ы. Ну вот, будем задавать друг другу одни вопросы? Какую вы ищете дивизию?

Н и н а. По-моему, это ваша дивизия. А можно провести меня в ее штаб?

Н а м ы с у л ы. Ваша просьба будет исполнена. Мы все обязаны вам за спасение такого нашего человека. Но вы не осуждайте. Я не скрою и своего удивления на то, что вы оставляете нам загадку.

Н и н а (*смеется*). Осуждать я не буду. А что не скрываете свои мысли, это хорошо. Вы прямой человек.

Н а м ы с у л ы. Да, у меня и одобрение, и огорчение тотчас же на языке.

Н и н а. Это хорошее качество. Но для всякого поступка есть своя пора. Были бы на моем месте, и вы бы стали таким же.

Н а м ы с у л ы. Ну, тут я сдаюсь. Даю провожатого, идите. Адъютант, проводите в штаб. Пока, надеюсь увидеться еще раз.

Н и н а. Пока. (*Прощается с Жанбозовом.*) До скорого свидания. Я вас найду сама. Итак, до свидания, Сабыр!

Ж а н б о з о в. Почему вы думаете, что я Сабыр?

Н и н а. Узнала и без вас.

Ж а н б о з о в. А это мое шуточное прозвище среди товарищей... Не верьте...

Н и н а. Так и я возьму себе шуточное имя. Зовите Ниной. Не забудете?

Ж а н б о з о в. Вас никогда я не забуду, Нина.

Н и н а. Только поправляйтесь скорее. Ну! (*Уходит. Все смотрят ей вслед.*)

Т у л е г е н (*громко вздыхая*). Вдувайте горны!

Н а м ы с у л ы. Ну, что с тобой?

Т у л е г е н. Точно падучая звезда, так и приковала к себе глаза.

Н а м ы с у л ы. И помутнели твои глаза.

Ж а н б о з о в (*смеется*). Агай, по-моему, вы смотрели на нее, как смотрит беркут на проходящего мимо него котенка.

Н а м ы с у л ы (*засмеялся*). А ты что, детина? Ехал у ней на спине и думаешь ревновать, будто принес на своих руках? (*Входит Мейрам.*)

М е й р а м. Ну конечно, я не верил твоей гибели. А ну-ка! (*Целуется с Жанбозовым.*) Остался бы ты не пошевеливнувшись под блиндажом, не оплакивать, а злиться бы стал на тебя.

Ж а н б о з о в. Хорош ты, курдас¹! Надеялся, что ты сложил песню плача, а ты и на мою гибель готовил обвинение.

М е й р а м. Что поделаешь? Тулеген все время корил и меня тобой.

Т у л е г е н. Вдувайте горны!

Н а м ы с у л ы. Ну как там, понял что-нибудь?

М е й р а м. По-моему, находят у нас промахи.

Ж а н б о з о в. А что у вас тут?

Н а м ы с у л ы. Мы как переработанная руда, и отсюда тяжести.

Т у л е г е н. Почему переработанная? Ведь бьем же, как булат?

Ж а н б о з о в. Что же произошло?

Н а м ы с у л ы. Нет у нас опыта, нет боевого порядка. Хромаем во многом.

Т у л е г е н. Да и порядок у нас нисколько не хуже других.

Н а м ы с у л ы. А то, что ты делаешь сейчас, вот тут? Порядок?

Т у л е г е н. Что такое?

Н а м ы с у л ы. Ты не политрук, не командир. А ведешь себя точно за кумысом, на жайлау, с такой безудержной...

Т у л е г е н. Вдувайте горны... Ну, молчу... (*Отходит.*)

Н а м ы с у л ы. Неповоротливы, растяпы мы еще. Только об этом и говорит наличие в твоей роте такого командира взвода... (*Идет Панфилов, с ним те же люди.*)

П а н ф и л о в. Это кто? Жанбозов?

Ж а н б о з о в. Здравствуйте, товарищ генерал!

П а н ф и л о в. О, Жанбозов? Вернулся в батальон, вернулся и ты наконец! Как хорошо!

Ч у п р о в. Ну, как ты остался жив?

¹ Курдас – сверстник, друзья-одногодки.

Г р и г о р ь е в. Кто доставил сюда?

Ж а н б о з о в. Засыпало меня землей под блиндажом, и не знаю, сколько прошло времени, я, наконец, выкарабкался на поверхность земли. И дальше подобрала меня девушка одна и тяжелыми усилиями доставила сюда.

П а н ф и л о в. Где это девушка?

Н а м ы с у л ы. Ушла в штаб.

П а н ф и л о в. Как ранен? Не много ли ушло крови?

Вы проверили?

Ж а н б о з о в. Ранен, не так сильно.

Ч у п р о в. Иван Васильевич, идет Валя (*выходит Валя, с ней санитарка*).

В а л я. Товарищ лейтенант, по вашему вызову явилась медсестра Панфилова.

Н а м ы с у л ы. Доставьте раненого младшего лейтенанта Жанбозова в санбат.

Г р и г о р ь е в. Валя, как давно не виделись мы с тобой.

П а н ф и л о в. Она особенно не тоскует об отце, даже и встречи не ищет.

В а л я. Что бы я поделала, если даже и тосковать стала?

П а н ф и л о в. Верно. Воюют не из-за спины своих пап. Но вот только мать ругает нас с тобой. И ты тут, точно я, также не пишешь подолгу. Напиши ей сегодня же. Это моя просьба к вам, медсестра.

В а л я. Слушаюсь, товарищ генерал. (*Уносят Жанбозова. Пришла Нина.*)

Н а м ы с у л ы. Товарищ генерал, вот кто доставила сюда Жанбозова.

П а н ф и л о в. А вы кто?

Н и н а. Вы генерал майор Панфилов, да?

П а н ф и л о в. Да, я. Вы ко мне?

Н и н а. Разрешите, товарищ генерал, сказать вам пару слов наедине. (*Люди отходят.*)

П а н ф и л о в. Ну, говорите.

Н и н а. Меня к вам послал из оккупированной фашистами деревни Роуза дед Захар.

П а н ф и л о в. Дед Захар? Ну как он, жив, здоров? Как он там, что сказал?

Н и н а. Спасибо, пока жив. Послал меня с донесениями по вашим поручениям.

П а н ф и л о в. А вы кем приходитесь ему? Как вас звать?

Н и н а. Я его внучка Нина.

П а н ф и л о в. Нина? Он мне называл всех детей, внуков и невесток, почему же не упомянул о вас?

Н и н а. О, тогда еще дед не знал, жива я или нет. Потому, верно, и не упомянул.

П а н ф и л о в. Хорошо... Идите в штаб и подождите меня. (*Адъютанту.*) Дайте ей человека, пусть поведет к нам. (*Нина уходит, Панфилов к Намысулы.*) Ну, товарищ Намысулы, считали за погибшего Жанбозова, а он вернулся. Как, по-твоему, изменилось теперь обстоятельство вины расстрелянного тобой командира?

Н а м ы с у л ы. Изменение обстоятельств Жанбозова, по-моему, не изменило сути преступления командира взвода, товарищ генерал.

Г р и г о р ь е в. А ваше упрямство изменится когда-нибудь или нет?

Н а м ы с у л ы. Мне меняться не в чем.

П а н ф и л о в. Лично в тебе есть и решительность, и смелость. Я сам убедился сейчас в том, как любят тебя бойцы. Особенно они были довольны тобой в дни вашего нахождения в кольце. Но вместе с тем в тебе много задора, много промахов у тебя, что может повредить батальону в будущем. Поэтому, к сожалению, временно ты снят с командования части. Таково решение. Галиев, прими на себя командование батальоном.

З А Н А В Е С

Картина вторая

Штаб дивизии. Панфилов и Григорьев над картой.

П а н ф и л о в. Вот жесточайший час! Враг рвется, так рвется к Москве! Все звезды Кремля, как взоры гнева и чести глядят они и задают только один вопрос. Как ты постоишь за меня? — будто говорят они. Чувствует ли этот

Шалқар полк командирі,
Дивизия комиссары

Сізді тосад, генерал! (*Генерал белгі етеді. Екі офицер кіреді, амандасады.*)

Генерал (*полк командиріне*).

Жарлық тығыз, полковник,
Таптыңыз ба, айтыңыз
Мен сұраған адамды?

П о л к о в н и к
Комиссар мен екеуміз
Полк ішінен таңдап ап,
Ерді әкелдік жарамды!..
Г е н е р а л
Келтіріңіз өзін мұнда!

Адъютант Жадайды ертіп кіреді. Генерал орнынан қозғалып барып
Жадаймен амандасады.

Ж а д а й
Лейтенант Жадай,
Әміріңізге әзірмін,
Жолдас генерал!
Г е н е р а л
Тыңдаңыз, жолдас лейтенант!
Бұл сапарда бәріміз
Бас штабтан,
Бас команда өзінен
Әмір алған халдеміз!
Жан аямас жолдамыз...
Сегіз күндей дивизия
Қалың сазбен, жолсызбен,
Тоқталмастан осы арадан
Жау сыртынан шыққанда
Найза болмақ қадаған,
Соқпақ жақын қаладан!
Ол Трашково қаласы,
Қалың жаудың панасы,
Жалғыз-ақ түн ішінде
Сол қаланы алмақпыз,
Әзір сәтте, осы түнде
Сіз баршыға бармақсыз.
Штабы бар, склад бар,
Станция мен көпірлер бар,
Бөріне әлек салмақсыз!
Ондағы жау штабта
Маша дейтін әйел бар,
Сол сіздермен жалғассын!

Міндет осы, лейтенант,
Енді айтыңыз, көмекке
Қанша кісі алмақсыз?!
Ж а д а й
Маған салса, бұл сапар
Бесеу жетер керекке!
Г е н е р а л
Бар ма, сондай сіз білетін
Ер жігіттер ерекше?!
Ж а д а й
Рұқсат болса, генерал,
Әкелейін алдыңызға,
Төрт жауынгер серік бар ед.
Сынасып ек талай тайғақ белесте...

Генерал рұқсат етеді. Жадайдың белгісімен Төлеген, Саттар, Баймат,
Зариф кіреді.

Г е н е р а л *(алғаш кірген Төлегенге қарайды, бәрімен
амандаса тұрып, Төлегеннен жөн сұрайды).*

Қай жерденсіз, жауынгер?!

Т ө л е г е н

Қазақстан, Алтайдан ем.

Г е н е р а л

Фамилияң қалай ед?

Т ө л е г е н

Мен Тоқтаров ем.

Г е н е р а л

Тоқтаров па? Мен білемін.

Есімде, Руза бойында,

Автоматпен жойғаныңыз

Жаудың түгел ілегін...

Енді мына сапарда

Тағы да ер атанғын...

Бес дос болып қосыла,

Таппағыңыз тілегім! *(Кейін бәріне арнап сөйлейді.)*

Жолдарың болсын, жолдастар!

Ер сапарды абыроймен

Соңдарыңнан қол қостар...

Серт сол болсын бұл кеште —

Осы түнде тыным алмай алысып!
Таң сәрімен табысайық,
Трашковта жауды жойып егесте!
Ж а д а й
Отан үшін айқасуға әзірмін!

Генерал жігіттердің қолдарын қысып қоштасады. Жадайлар әскери тәртіпшен жөнеле береді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Екінші сурет

Айналаның бәрі сарғайып, қызарып сан бояуға малынып тұрған күз көрінісі. Қалың дүм тоғайдың шеті. Қалғыған қарт алыптай боп, мызғымай тұрған бірі сары, бірі қызыл екі ағаш бар. Осы ағаштарды бетке ұстап, алдын барлап совет әскерлері шығады. Ол баршылардың үлкені Жадай. Айналаны аңыстап алып, артына қол бұлғайды, кейіннен төрт баршы шығады. Олар да алдын бағып, аңдумен келе жатқандар.

Ж а д а й
Тоқта, достар!
Жай басыңдар, берігендер (*Жадай қасына жолдастары топтанады.*)
Халді айтайын сендерге,
Ер серіктер, мергендер... (*Алдын нұсқап көрсетіп.*)
Бұл арада бес қала бар...
Бергі мынау Трашково,
Оқшау жатқан қалың күшпен
Кең жайғасқан баспана бар.
Осыны алып дивизия,
Біздің үлкен шабуылға
Жолды салып сермесін.
Сондай талап алдында,
Біз баршыға келгесін,
Қапшылыстар болмасын.
Трашковта бар күштің
Белгісізі қалмасын,

Склад бар, арсенал бар,
Үлкендерін жоюды
Дәл осы топ қолға алсын...
Табысармыз Ақкөпірде,
Барды жайпап болғасын.

Т ө л е г е н
Бұйрық ет,
Тапсырмаңды тосамыз!

З а р и ф
Міндет тапсыр, командир!..

Б а й м а т
Қайсысымыз қай жұмысқа барамыз?!

Ж а д а й
Трашково — ең үлкені
Жау бекінген бес қаланың,
Штабы мен резерві де осында,
Бәріңменен мен де сонда боламын!

Т ө л е г е н
Мен не міндет аламын?!

Ж а д а й
Сен барасың складқа,
Саттар, саған — станция,
Зариф Саттар көмегінде,
Баймат жүрсін связнойда!

Д о с т а р
Құп, жолдас старшой!
Әмірінді орындауға әзірміз!

Ж а д а й
Асықпаңдар, қас қарайсын,
Бой көрсетпей кеткен жөн!..

Рахман, Файни келеді.

Р а х м а н (*Жадайға*).
Жолдас командир, рұқсат болса,
Айтарым бар!

Ж а д а й
Тыңдаймын, не бұйрық бар?

Р а х м а н
Мен хабаршы, көмекшіге жіберілген,

Таңғы төртте сізден сигнал,
Ақкөпірдің тұсынан,
Трашково қасынан
Батальон командирі тоспақшы!

Ж а д а й

Құп! (*Файниға.*)

Сіз де бізге көмекшіге кеппедіңіз?

Ф а й н и

Мен де сондай хабаршы,
Санитарка және дағы бола алам...

Т ө л е г е н

Қандай жақсы келгенің!

Ф а й н и

Өзіңменен осында,
Бір болғанға қуанам...

Ж а д а й

Мәлім болсын, достарым,
Аңдап, ойлап алыңдар

Үлкен міндет аз уақытқа бергенін...(*Сәлден соң Маша туралы ариясы басталады.*)

Достар, біз сын сапарға берік жанбыз,

Бұл жолда ерлік қана серік жалғыз.

Онан соң алдымызда тағы дос бар,

Маша деп аталады анық сол қыз...

Бас байлап тәуекелмен жау штабта,

Өткізіп әр сағатын жан қыспақта,

Дәл хабар біздің жаққа жеткізеді,

Ерлікке еркін құлаш қарыштап та...

Билеген бес қаланы бір штаб бар,

Аямай айналаның елін таптар.

Сол топта өзі болып істеп жүріп,

Маша кеп сыр ағытар неше қатпар.

Бәрің де өз жолыңда сол Машаны,

Кез болсаң, ебін тауып оңашаны.

Білер ең, әттең, оны табу қиын,

Осы кеш бізге керек тамашаны!..

Сол Машаға кездесуге

Бір хабаршы бізге керек.

Т ө л е г е н

Кім барады, әкелуге
Бәрімізге қымбат дерек?!

Ж а д а й

Менің өзім барсам да
Жетерліктей мол себеп...

З а р и ф

Сен баруға болмайды.

Б а й м а т

Ортамызға командир,
Басшылық керек қарсаңда...

Ғ а й н и

Мен барайын бұл сапарға,
Әйелмін ғой, танылмаспын,
Аз киімді ауысып,
Өң өзгертіп алсам да...

Ж а д а й

Мақұл екен, қас қарайсын,
Сонда бәрің тарайсың!
Тек Рахман қайта берсін,
Сағат төртке деген кезге,
Ақкөпірге қол келсін!..

Рахман кетеді. Достар Ғайниды жөнелтпек боп сырт киімдерін
ауыстырып жатады.

Ашылсын сақтаған сыр, серіктерім,
Талай жол бірге кешкен беріктерім.
Алыстан аңсағаным айнымастан
Анау тұр, жау қолында туған жерім.
Анау су жағасында ойнап-өстім,
Екі жыл айрылуда күндер кештім.
Марфадай анам қалған, жарым Люба.
Любаша жастан сүйген жандай достым!
Бауырында жаңа туған Гаврик қалған,
Ойласам от боп жанад жүректе арман.
Қан шеңгел халық анаға батқан шақта,
Бар ма екен аман қалған жан солардан?!
Қарағай анау тұрған бү-дағы айғақ,

“Саша, Люба, май” деген жазу сайрап,
Мына түр алғаш асыл сыр ашқан жер,
Тақат жоқ, көңілімде кегім қайнап.

Т ө л е г е н (*Ғайни дуэті*).

Жадай дос, ашқан сырың жетті жанға,
Бермекке антым берік бар-ды Отанға.
Ғайнидей қазақ қызы жан серігім
Аттанса, мен аялдап түн тосам ба!
Туған жер шеті мұнда, шегі Алтайда,
Алтайдан мені әкелген қарыз қайда,
Анаң мен жарың, балаң қорғанымыз,
Бар қайрат атар шағым осындайда.

Ғ а й н и

Мен Ғайни, алыс өлке елден келгем,
Отан деп өздеріңдей ерлерге ергем.
Ана мен балаларға бар қуатым,
Төлеген, бауырым да досым едің,
Мен дағы сын сағатты тосып едім,
Бауырлар, жолы болсын бұл жорықтың,
Бәріңмен бір тілекті қосып едім.

Төлеген, Ғайни кете береді, олар сахна шетінде.

Т ө л е г е н

Аязда көк аспанда табысқандай,
Биікте күнге қанат шағысқандай,
Ер де өзін, ару да өзін, асыл досым,
Күн санап көңілім сен деп қабысқандай.

Ғ а й н и

Өзіңмен бірге ойлаймын қалыс қалмай,
Бастаған екеуімізді намыс талмай.
От іші, аяз үсті сүйген шағым,
Тыныштықты сүймес те едім алыс болмай.

Т ө л е г е н

Сақ бол, жаным, оң сапарың тілеймін!

Ғ а й н и

Қасымда сен, қай қиынға жүдеймін?

Кетіседі.

Б а й м а т

Жіберген мені мұнда елім қырғыз,
“Жолында ана, бала – жан” деп жүрміз.
Сол ана өз анамдай алдымда тұр,
Тілек пен жүрек барда бір бауырмыз.

З а р и ф

Ақ Еділ, Самар сулар сәнім бар-ды,
Бесіктен анам айтқан әнім бар-ды.
Үл мен қыз ана қойны қарыз деген,
Өсиет тастамаспын, арым бар-ды.

С а т т а р

Алатау, Шелек бойы — менің өлкем,
Амалсыз қоштасарда менің еркем,
Азамат намысымен ел қорға деп,
Аузымнан сертімді алған кеште көркем...

К в а р т е т

Алатау, алыс Нарын жерім еді,
Ел-жұртым аманымда белім еді.
Қаптаған қанішерге қарсы бар деп,
Отаным ақ бұйрығын беріп еді.
Жадай дос, ашқан сырың қалмайды бос,
Сабырмен сау көрісер сағатты тос.
Болғанда анаң — анам, балаң — балам,
Өзіндей жан аямас досыңа қос.
Сан ана, сансыз жарлар кекті тосад,
Көңілде бар тілекті сол зар басад,
“Кешікпе, күн-түн деме, асыға гөр”,
Дегендей “қанды азаптан шапшаң босат!”
Ал, достар, арман үшін алыс керек,
Жау қайда, қолымызда біздің дерек,
Серт болсын — осы түннің бар бейнетін
Ерлерше атқарайық елден ерек...

Осы кезде Төлеген немістің бір кукушкасын сүйретіп әкеледі.

Т ө л е г е н *(жаралы неміске).*

Көп пе солдат Трашковта?
Айт! Айт! *(Немісті аунатып.)*
Айт жаныңның барында...

Неміс

Трашков... майор... Канцель...

(Жұдырығын Төлегенге зорға түйіп)...

Трашков... русь... капут!.. *(Өліп кетеді.)*

Төлеген

Русьтан бұрын өзің капут!

Солай келмек сенің бабың...

Квартет *(“Бес дос” әнімен).*

Біз достар, бес дос серік қатар атар,

Бес достан жаулар жусар қатар-қатар.

Автомат тына білмес, қыра білер,

Тон тозар, аял қылмас, ат арытар...

Біз бес дос,

Біз бес дос

Келмеспіз кеш,

Атпаспыз бос!

Біз достар жатқа көрлі жаза берер,

Біз емес жау штабқа маза берер,

Бөгесе бөгеп көрсін ажал тартқан,

Қалт етпей, қырдан аспай қаза көрер.

Біз бес дос, біз бес дос,

Келмеспіз кеш, атпаспыз бос! *(Кеміседі.)*

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

II АКТ

Үшінші сурет

Трашково қыстағының бір көрінісі. Сахна төрінде жау склады, оның маңында жырақта жүрген күзет аңғарылады. Түн. Жым-жырт. Сахнаға Люба шығады. Конвоймен өтіп бара жатқан топ адам бұған қарайды да, қарғыс атқандай үн салады. Люба (Маша) қинала тұрып амалсыз тыңдайды.

Х о р

Қарғыс атсын азғынды!
Жақынына қас болып,
Досына көр қазғанды!
Маша бопты Любадан,
Көріңдер анау жазғанды!
Жау тепкісі батса да,
Көрмес халық қызынан
Бұндай ары тозғанды.
Келер дәурен, жетер шақ,
Азбай соны тосамыз,
Сазайын беріп жазалар
Жауларға қол созғанды.

Жұрт күңіренген кекті ажармен өте береді.

Л ю б а (*Маша. Қиналып толқыған күйде*).
“Азғын” дейді, “азғын” дейді өз елім,
Алсын мені сондай болсам тез өлім.
Қарғыс атқан мен болмаспын, қайран ел,
Сен адаспа, не десең де төземін!
Ант еткен аянбасқа мен жалғыз жан,
Санамды, кегім деген, бастайды заң,
Қара түн қараңғысы қаламда тұр,
Атсын деп алысамын ағарып таң.
Өсірген азат Отан баласымын,
Бақ тосқан жазықсыз ұл анасымын,
Қор өмір, қорлық күнге көнерім жоқ,
Серт сонда, арманы сол таласымның.
Сол жолда, сенің әкең алысып жүр,
Сол жолда, көнбеске анаң қарысып жүр.
Сол жолда, балапаным, айып етпе,
Азаппен, тозақпен де табысып жүр.

Люба ақырын барып, склад маңын аңыстап өтіп кетеді. Осы кезде тағы бір әйел жағалап шығады. Ол Файни. Мұны бағып екі неміс жүр.

Н е м і с

Сізге не бар, не керек?
Не қып жүрсіз бұл арада?

Ғ а й н и

Сіз тергемек пе едіңіз
Кімдер барын бұл қалада?

Н е м і с

Жөніңді айтып жауап бер,
Айт жөніңді!.. *(Мылтығын суырады.)*
Болмас десең ажалыңа себепкер...

Ғайниді екі неміс қоршап алады. Тұтқынға алысады.

Н е м і с *(Ғайниге).*

Тарт ілгері, жүр былай!

Алып кетеді. Төлеген шығады. Складты барлап келе жатады. Сонда жаңағы Ғайниды ұстаған екі немістің бірі мұны сыртынан аңдып шығады. Екінші жақтан Люба шыққан. Ол аңыстап тұр. Төлегенге неміс ұмтылады.

Тағы бірі табылды! Тоқта! *(Ұмтылады.)*

Т ө л е г е н

Мә, даурықпа, сыр сақта!

Немісті қанжармен өлтіреді. Оттай шапшаң Люба бері шығады. Ол Төлегенге жау тәрізді емес... Барлай қарайды.

Л ю б а

Қапы болмас дос екен,
Жақын болар біздің қол,
Анық белгі осы екен... *(Төлегенге сенімдірек, батылырақ қарайды.)*

Нені керек етесіз,
Кімді іздейсіз бұ тұстан?

Т ө л е г е н

Рас еді іздегенім
Хабаршы бір қарлығашты...
Маша!..

Л ю б а

Сақ болыңыз, қолға түсті
Жолдасыңыз жаңа келген,
Жақсы болды өлмесе...

Т ө л е г е н

Қандай хабар айттыңыз!
Есіл Ғайни, кеттің бе?
Тез бекініс жерлерін айт,
Аял қылмай, ес жиғызбай
Соқтығатын жеті түнде...

Л ю б а *(Әр тұсты, алыс-жақынды нұсқап көрсетіп тұрып сөйлейді).*

Мынау тұрған склад
Алдыменен жоятын,
Станция бар мынау шетте,
Жау штаб бар сонау үйде
Тегіс құртып қоятын.

Т ө л е г е н

Соқтығармыз сол жерлерден,
Жауды ұйқыдан оятып!
Жөнін айтшы енді, Маша!
Амал бар ма боларлық
Қапыда кеткен Ғайнидың
Ажалына араша?..

Л ю б а

Мен бағайын оның жайын,
Қай штабқа әкетті екен? *(Жөнеледі.)*

Т ө л е г е н

Тап болдым достың асыл тазасына,
Сәт болған жау тартатын сазасына...
Талай жан ажал тапқан осы жерде
Ғайни де жетті ме екен қазасына?
Қыз Ғайни, асыл ару, арманда өттің,
Қалдырап қатарыңнан неге кеттің?
Бірге өлмей, асыл затым, жаным қиып,
Артыңнан айрылудың зарын шектім.
Жолында жауға арналған әділ кектің
Барымды бойымдағы құрбан еттім.
Бір көрмей, бірге шықпай кетерім жоқ,
Айқастым жалынымен жанған оттың...

Бес достың қалғандары келеді. Ортада Жадай.

Ж а д а й
Төлеген, қандай хабар білгенің бар?
Т ө л е г е н
Файни тұтқын бір хабар...
Б а р л ы қ д о с т а р
Файни тұтқын?!
Қандай жаман хабар ед?
Т ө л е г е н
Үмітке бір жалғыз ұшқын,
Қасымызда Маша бар ед.
Ж а д а й
Таптың ба, сен Машаны?
Біле ме екен жау қорғанын,
Қандай сырлар ашады?
Т ө л е г е н *(бұ да көрсетіп, көзен сөйлейді).*
Атап берді соғар жерді,
Бірі – мынау склад!
Бірі – станция анау мұржа!
Тағы бірі – сонау үйде жау штабы!..
Ж а д а й
Болды, достар, кірісейік,
Мезгіл жетті, сертті ұстап.
Саттар, Зариф,
Табысамыз сағат үште
Ақкөпірдің жанынан!..
Ал тараңдар, жалғыз-жалғыз
Қатер жердің маңынан.

Жөнеліседі. Жалғыз қалған Төлегенге Люба келеді.

Т ө л е г е н
Қайда әкетті Файниды,
Маша, қандай білгенің бар?
Л ю б а
Әкетті Канцель кесел штабына,
Салмаққа қанішерлер қыспағына,
Аяр деп ойламаймын есіл жанды,
Текке оны келмей жатып ұстады ма!
Ол штаб қанды қасқыр жын ойнағы,
Азабы қандай болса бар ойдағы,

Бәрін де біздің жандар сонда тартқан,
Қатерлі осы түнде сау қоймағы.
Барды сап мен бағайын айналасын,
Тексермей тым құрмаса жайламасын.
Ақылдас достарыңмен, кешікпесін,
Қояр деп ертеңге аман ойламасын!

Төлеген, Люба дуэт айтады.

Т о л е г е н

Қосылғанда қос тілек,
Жәрдем тосса дос тілеп.
Тартынар ма ажалдан
Намысы бар жас түлек.
Аянбасқа ант етем,
Аялдамай тез жетем.
Жауға жара, жар азат
Болмас болса, бір кетем!..

Л ю б а

Ара түспей болмайды,
Менсіз кімдер қорғайды?
Азабын сап аш аю,
Сыр айтқызбай қоймайды.
Бір баршы емес, бар талап
Жойылардай сәт санап...
Қарыспасам болмайды,
Аз күшімді көп балап!..

Екеуі кете береді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Төртінші сурет

Трашковадағы әскер штабы. Майор Канцель мен екі-үш неміс офицері әбігерде. Шымылдық ашыла бергенде алыстан жарылған взрывтың үні естіледі. Сахнаның алыс түкпірінде лау етіп, аспан атып жанған өрт белгісі байқалады.

К а н ц е л ь

Шапшаң, шапшаң, хабар ал!

Не қылған, кім салған?..

1-о ф и ц е р

Жай өрт емес, қас қимыл.

2-о ф и ц е р

Жау қолынан жанған өрт!

К а н ц е л ь

Тағы да қас! Тағы жау?!

Бар амалы аямау!

Жүрген шығар және де

Партизандар кеп таяу!..

Тағы взрыв, енде шам өшеді, сахна алақөлеңке.

Тағы өрт, неткен өрт?!

Қыру керек, бұл елді!.. *(Телефонда.)*

1-о ф и ц е р

Аямастан бұйрық ет!

2-о ф и ц е р

Әлде тақап қол келді?

К а н ц е л ь *(телефонда ақырады).*

Станцияны бұзған ба?!

Жоямын мен, күл қыламын,

Шыдап көрсін ызғарға!.. *(1-офицерге.)*

Бар да орында, жар қыламын,

Бұл қаланы жау қала деп. *(2-офицерге.)*

Күйретемін бар планын,

Қоса өртендер көп үйлерді,

Айтып көрсін бос жала деп!

Офицерлер жөнеледі. Канцель күзетіне бұйрық етеді.

Келтір мұнда партизанды!

Файниды әкеліседі.

Айт, партизан жатағын айт!

Айт, саны мен қаруын айт!

(Қинайды. Файни үнсіз, жазалайды.)

Айт, партизан жайын айт!
(Жаза. *Ғайни үнсіз*).
Тағы жаза, қорлық жаза керек пе?!

Ұмтылып атуға бейімделеді. Люба кіреді.

Л ю б а

Канцель мырза, тоқтаңыз!
Азға сабыр сақтаңыз... (*Ара түсіп*).
Мен алайын жауапты,
Жасық, жаман тіл білмес,
Маған өзін тастаңыз... (*Канцель тастап жөнеледі*.)

Ғ а й н и

Қайда жүрмін,
Қайда келдім,
Тағы қандай жазасы бар?!

Л ю б а (*сыртты барлап, сақтана сөйлеп*).

Қорқасың ба?
Әлде жаза ауырласа,
Дегеніңнен қайтасың ба?
Сақтаған сыр айтасың ба?

Ғ а й н и

Орыс қызы, өзі жау?... (*Өзіне*.)
Өтірік пе, шыны ма
Көрінісі осынау?

Л ю б а

Жауап тосам сөзіме!

Ғ а й н и

Өлшейсің бе өзіңе?
Азғындай боп көрінем бе,
Кесел баққан көзіңе?

Л ю б а

Жасырмасаң жаның қалад,
Ерегессең отқа салат.
Ойлайсың ба жеткенінді кезіңе!

Ғ а й н и

Бір от емес, жүз от болсын,
Азар болсам атым өшсін!

Л ю б а

Шының ба осы?
Сертің берші,
Советтік ер жауынгердің!

Ғ а й н и (*таңдана тұрып, Любаны барлап*).

Ол жасырар сыр емес,
Бұтарласа кескілеп,
Өртесе де шыдармын,
Серт қана емес, ант бердім!..

Л ю б а

Олай болса мен дағы
Антыңа орай айтармын:
Тергеу емес, барлап едім,
Берік жансың байқадым.
Өзің деп біл мені де,
Көріп пе ең бұл тамашаны!

Ғ а й н и

Тапқаным да ендеше,
Мен іздеген Машаны?!

Л ю б а

Сені мұнда жау қолында
Қалдыруға болмайды.
Аяр залым, алар жанын
Оңайлықпен алмайды. (*Терезені ашып.*)
Терезені ашамын,
Мені шапшаң жық-тағы,
Аялдамай қаша бер!..

Ғайнидың қолын тез босатып жіберіп, өзі жығылады. Нағаны ұшып кеткен болады. Ғайни терезеге ұмтыла береді, сол сәтте Канцель атқып кеп Ғайниды ұстап, Любаның жөнін біледі. Енді халдер шұғыл өзгерген.

К а н ц е л ь (*Любаны айуандай ашумен байлай береді, сабап жазалайды*).

Осылай ма? Солай ма?
Жау үлкені сен бе едің?
Өл! Өлесің!
Тез өлесің қолымнан. Тез! Тез!
Әзірлесін!.. Әзірлетем жаза жайын!

Жөнеледі.

Л ю б а (*зорға ес жиып, Ғайниға*).

Шыда, жаным, қайрат ет.

Не көрсек те енді біз
Шыдамасқа болмайды...

Ғ а й н и

Мен Ғайни, алыс өлке елден келгем,
Еркіммен жауға аттанған ерлерге ергем.
Қан кешу дивизия өткен шақта
Төлеген жаным деген досты көргем.
Тапқам мен өз ойыма алғанымды,
Отанға арнағамын жан, қанымды.
Жайымды айт Төлегенге көрер болсаң,
Қапыда жау қолында қалғанымды.
Барлауға бір топ адам келген едік,
Тұтқында шыдап өлем жаза шегіп,
Қол жөнін айтпақ түгіл, ауыз ашпан,
Жолында бұл жорықтың қаным төгіп...
(*Ғайни, Люба дуэт айтады.*)

Ғ а й н и

Менің сырым аз-ақ еді,
Өлерімде өз елімнен
Жалғыз жанның жүзін көріп,
Кездесем деп ем еліммен.
Жау қатал деп жеңілмен,
Қайсар қызы Отанның,
Бакылдасам өзіңмен,
Досым деген көңілмен.

Л ю б а

Оқпен атпай, отпен атсын,
Талай жалын жанға батсын,
Ер шыдайды өзіңдей,
Нелер удың зәрін татсын.
Менің де азап басымда,
Ажалдасым соң сапарда
Ар қарызы бізді қосқан,
Бауырымсың қасымда!.. (*Пауза.*)
Неге бұндай толасы бар?
Көптен осы болар деп,
Ажалға да қарсы басқам,
Енді тағы қандай жалын
Өлерімде алдым тосқан?
Арманым тек, балам қалды,

Жанымдағы жалғыз жара,
Есітіп ал өлер достан!..

Ғ а й н и

Мен ажалға арналған жан,
Құтылмаспын бұл қамалдан,
Өкінемін сен үшін,
Сұмдық болды сен қамалған!
Аз-ақ сәтке көріссек те,
Жүз жыл қосқан жақындайсың,
Сен бақыл бол, асыл дос,
Қаным бірге жанымдайсың...

Канцель келіп Любаны ұрып, екі әйелді де атуға әзірлейді.

К а н ц е л ь

Алдадың ба сен мені,
Аман қалам дедің бе?
Балаң, анаң құтылмайды қолымнан,
Жансын отта жас балаң! (*Ұрады.*)

Л ю б а

Жоғал, жауыз, жолымнан!..

Канцель екі әйелдің қолдарын қысып байлатып, енді далаға алып шықпақ, атуға әзірленеді. Тағы тепсініп наған төсеп тақай береді. Осы кезде үйге терезеден атқып кеп Төлеген кіреді.

Т ө л е г е н (*Канцельдің сыртынан қанжар салады.*)

Жаза ма? Олай емес, былай жаза,
Ит өлімін ит алсын тартып саза...

Л ю б а

О, дос!..

Ғ а й н и

Жаным Төлеген!.. Сақтан!..

Л ю б а

Сақтан!

Төлегенге екінші бөлмеден жүгіре шыққан екі офицер жабыла береді.

Т ө л е г е н (*екеуін кезек лақтырып.*)

Жайратамын, қас дұспан!

Офицерлер екеулеп Төлегенді қоршап, қысып барады. Тағы бір офицер шығып ұмтылады. Әйелдер қолы байлаулы. Төлеген енді бір офицерді лақтырып ұшырады.

О ф и ц е р
Өлім, өлім саған!

Қысады. Төлеген қатерде. Осы кезде үш дос – Зариф, Баймат, Саттар терезеден ыргып түсіп тап береді.

Д о с т а р
Төлеген! Бізге бер,
Жеке жібер... Өзіме бер!..
(Шапшаң ұйпап, үш офицерді жайратысады.)

Л ю б а
Ал, шапшаң жөнелейік,
Айналада жау мығым...

Т ө л е г е н
Қайда, қалай тартамыз?

Л ю б а
Қала сырты Ақкөпірдің қасында,
Балаған бар огородтың басында,
Сонда болар мені тосқан
Жалғыз жарым досым да...
Ал кетіндер тез-тездеп!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ІІІ АКТ

Бесінші сурет

Айнала күзгі өсіп тұрған огород. Сонда үлкен балаған. Достар осында біртіндеп келіседі. Төлеген жаңа жетеді, оны Баймат қарсы алады. Трио айтысады.

Б а й м а т
Алтай ері Төлеген
Жауға жаза берген,

Лайық па екен осылай
Бір болайық демеген?!
С а т т а р
Таймаса да алыстан,
Достарын тастап, бір өзі
Бір штабпен алысқан,
Асығыстық не деген?
З а р и ф
Төрт досының көмегін,
Есіне алмай керегін,
Асыға түзеп бермек пе
Шабан штаб дерегін!
Т ө л е г е н
Қарыздармын, достарым,
Асыққаным ақталды,
Ара түсіп, ажалдан
Өздерің кеп ап қалдың.
Ғайни, Маша екеуін
Құтқарушы сендерсің!
Л ю б а
Бауыр, бар алғысым,
Бар тілегім жолдарыңда.
Ғ а й н и
Рас па, жаным достарым,
Түс емес пе көргенім?
Қандай жауды жойдыңдар,
Осы ғой деп ем өлгенім!..
С а т т а р
Ғайнижан, Ғайнижан,
Қадірің артық қарындас!
Б а й м а т
Бірге аттанған бауырлас,
Құшағында ажалдың
Қалды деп ем қайрылмас.
З а р и ф
Маша, Ғайни, қадірлейміз
Аман шыққан сапарды. (*Достар.*)
Тек Сашадан бұйрық бар,
Тосып қалған хабарды...
Бір міндетті бітірсек,

Енді шапшаң жету қажет,
Тез жөнелсек жарар-ды!
Т ө л е г е н (*квартет*).
Жолымен жалынды ерлер барармын мен,
Жауымнан аяусыз кек алармын мен!
Атағын сегізінші әлемге ақтап,
Ұранын Клочковтың салармын мен!

Б а й м а т
Намыстан басқа тілек тілерім жоқ,
Жасқанар бүгін жаудан жүрегім жоқ,
Табысқан қалың бауыр қатарында
Аянар сау тұрғанда білегім жоқ.

З а р и ф
Бар тілек тоғысқаны осы майдан!
Талаптың бастағаны осы майдан!
Жау қашып, дос қуанар іс етпесем,
Наразы болсын маған осы майдан!

С а т т а р
Осы түн сынға салар кезім болсын,
Осы түн не көрсем де төзім болсын.
Адал ер атағына дақ салғызбай,
Осы түн асыл сертте сөзім болсын!

Ф а й н и
Таптым мен ойға көптен алғанымды,
Ар көрем бас амандап қалғанымды.
Төлеген, асыл досым, аңдармысың
Мойныма қандай қарыз салғаныңды!

Л ю б а
Көнген ем жаудың оғы атқанына,
Қуанам елім ерін тапқаныма.
Осы түн арманым сол ойымды алған,
Шаттансам, шаттыққа жұрт батқанына!

Өзгелер кетіседі, біргіндеп тарасады. Төлеген, Ғайни артта қалған, екеуі
дуэт айтады.

Т ө л е г е н
Қыз Ғайни, қасымдағы асыл серік,
Ер сапар тілегіне басың беріп,
Ергелі қадірің асты қатарыңа,
Ғайни қыз, серт жолына досың берік.

Шыққанда алыс елден қасыма еріп,
Өзгеше қадір тұтқам досым көріп.
Жүрек пен тілек қосқан қимасымсың,
Қиналсаң ара түсем басым беріп.

Ғ а й н и

Ғайни қыз менің атым, қазақ — затым,
Жар тұтам Отанның ер-азаматын.
Ғайни қыз бұрын әнді айтар болса,
Ерлікпен ақтамақпын қыздың атын!
Төлеген, дос серіктің бәрі жақын,
Бәрінен азаматтың ары жақын,
Досың да, серігің де, сүйгенің де,
Ғайнидың сен дегенде жаны жақын!..

Люба бастап балағанға көп аналар, әйелдер кіреді. Қартаң еркектер —
огородшылар да бар. Бәрінің қоршағаны Люба.

Ш а л

Люба, қызық, Любаш,
Сен азапта қала ма деп
Дос ата-ана келіпті
Хабарласа, таласа...

Л ю б а

Алғыс айтам өзгеше,
Талай жандар қалада
Мені жауға санаса,
Жүрегіме жұбаныш
Өздеріндей ата-ана
Өз қызына баласа.

Қ а р т а н а

Отпен ойнап алысқан
Аналардың асылы,
Балалардың басымы,
Тілеулеспіз алыстан!

Х а л ы қ х о р ы *(бар достар да қосылады).*

Жалғыз-ақ жанда тілек кек алынса,
Жетпекпіз сол арманға көп алыса,
Амандық, барлықпенен бар асылды
Құрбандық еттік түгел деп алысад!
Жауынгер, бәрің қымбат жалындайсың,
Жау жеңбейд, біз бас иіп жалынбаймыз.

Өлтірсе, өртесе де көндіре алмас,
Отымен талас өсіп қабындаймыз.
Тек қана жауды жайпар күн жетсе екен,
Келем деп айбынды әскер белгі етсе екен.
Тосамыз кек сағатын азу басып,
Соғамыз желкесінен ерше бекем.
Тез, тез! Тез жетсін, сол сағат!

Ерлер қоштасып кете береді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

IV АКТ

Алтыншы сурет

Трашково қыстағының шеті. Үлкен өзен үстіне созылған Ақкөпір,
алыста қалың тоғай. Жақын жерде өртенген үйлер қалдығы байқалады.
Осы маңға Жадай келеді.

Ж а д а й (өртенген үйлерді көріп келеді).

Өртеніпті жаңа ғана,
Қаза шеккен қалайша,
Бір үй емес, бар қала?!
(Өз үйін көреді, ол да өртенген.)

А р и я

Жас қайың өзім еккен ер жетіпті...
Панасыз, бұл маңайдан ел кетіпті...
Өртенген орын қалған момын жайдың
Күл-көмір өткен шақтан белгі етіпті!..
Қайдасың, анам, балам, жарым менің?!
Сендер деп жанушы еді жалын демім!
Не болған, аман қалған бар ма бірің?
Қайтермін, жұмбақ бопты халім менің.
Жарайды, не көрсем де шыдағамын,
Отан деп өз бағымды сынағамын.
Қатал жау өрт үшін де өсірерсің
Салмағын бізден алар сыбағаңның.

Әйелдер тобы келеді, жай басып өте береді. Артында конвой. Бұлар — жау тұтқынындағы совет адамдары.

Ә й е л х о р ы

Қарғыс атсын қатал жау!
Ойлағаны өзгеше.
Аздыруға амалдау,
Қинамақшы көргеше!
Қарысармыз, өлерміз,
Азғын болып шатылмай,
Жазаға да көнерміз,
Параңа да сатылмай!..
Саған әсте бас ұрмай,
Тосармыз таң атқанын,
Танығармыз жасырмай
Жаңда жалын жатқанын!..

Ж а д а й *(шеткі бір әйелден жөн сұрайды).*

Білесіз бе, туғандар!..
Кімдер еді, қайда екен
Мынау үйде тұрғандар?

Ә й е л

Оның жайын сұрама!..

Ж а д а й

Неге олайша деп айттың?

Ә й е л

Бұнда Люба деген болған,
Жау боп кетіп жұртына,
Омырауы шенге толған,
Сал болып жүр сыртына!..

К о н в о й

Шығарма сөз, сөйлеме! *(Ақырып әйелдерді айдап кетеді.)*

Ж а д а й

Қандай сұмдық сөз есіттім?!
Көрмегенім жөн болған ба?
Босағасын бұл есіктің
Азғындықпен тозғанда!.. *(Зариф келеді.)*

З а р и ф

Жадай, мәлім етейін,
Орындалды бар мұрат!..

Ж а д а й

Оған алғыс, тек асығыс
Алу керек бас құрап...
Бесеу-ақпыз, алдымызда
Ауыр кешу жол тұрад!

З а р и ф

Бесеу емес, Ғайни бар,
Маша дағы қол сұнад,
Анық ердің сипаты бар,
Кенелсін жөн сұрап!

А р и я

Орыста талай жақсы жан көріп ем,
Көргенге сеніспекке ден беріп ем.
Машадай асыл әйел білген емен,
Әдейі ауыр кешу жолға еріп ем.
Қасиет болса лайық оның аты,
Қауіптің оны үркітпес қат-қабаты,
Өз бойым өскендей боп қуанамын,
Маша сол ел мақтанар асыл заты.

Төлеген, Ғайни, Саттар келеді.

Ж а д а й (*Ғайниға*).

Жолың болсын, аман кепсің!

Ғ а й н и

Алғыс айтам тобыңа,
Барлық мақсат осылай
Ойлағандай шаққа жетсін!..

Ж а д а й

Баймат қайда, тағы кім бар?
Соңғы асу бар, барлық топ
Соны алмаққа серт етсін!..

Т ө л е г е н

Баймат қазір жетеді,
Машаменен екеуі!
Анық ердің жаңа көрдік
Маша сынды екенін.

Ғ а й н и

Мені ажалдан құтқарған,
Бар қайратын көзбен көрдім,

Жорықтағы бар әйелге
Машаны үлгі етемін.
Ж а д а й
Жә, жолдастар, әзір бол!
Артта жау мол, алда қол.
Арасында солардың
Қатты қайрат атарлық
Ауыр кезең келді сол...
Қазір біздер тараймыз,
Бекінеміз әр тұстан,
Орай келсе автоматты
Зеңбірекке санаймыз!
Қажет болса өзімізге
Жаудың оғын аударып,
Жалғызды да жеке қолға балаймыз!..
Жетіп қалды сағат төрт!
Бекініндер, бауырлар,
Шыға қалса бекінісі
Жеткізбестен көпірге,
Деп біліңдер өзіміз
Бөгеуге де жараймыз!

Осы кезде Байматты ертіп Люба келеді.

Т ө л е г е н
Көрмесен де, көп есіттің,
Міне, Маша, таныс бол!
Ж а д а й
Люба?! Сен бе Маша?
Л ю б а
Жадай?! Саша! Саша!
Ж а д а й
Люба жаман, жақсы Маша,
Бұл не қылған тамаша?..
Л ю б а
Жаным Жадай, жайым солай,
Жұрт қарайды маған қырын,
Артқы қолдан есігерсің
Анық адал Маша сырын.
Ж а д а й
Люба, Любаша!
Қуанамын сен үшін,

Маша жайын естігемін,
Бұндағы дос көптен бұрын. *(Екеуі сүйседі.)*

Ж а д а й

Бауырлар, осы сағат естен кетпес.

Д у э т

Өмірде бұдан озған мезгіл өтпес.

Бар жайды жаңа ғана таныдым ғой,

Жасырсам ендігіні арым кешпес!

Отанда жарық жұлдыз мәңгіге өшпес!

Жорықта батыр жолын жаулық кеспес.

Қайтадан жар досымды тауып тұрмын,

Қарсы алар өні қайда біздің “Бес дос”?

Л ю б а

Сағынып көп сарғайтқан ерім келді.

Д у э т

Жыламан, бұрын зармен егілгем-ді.

Сенемін алтын шапақ алдымда тұр,

Дейтін күн: “Отан жауы жеңілген-ді”.

Амандық анаң менен балаң айтад,

Демейді “үйге қайтып өзің жай тап,

Ер болып, елдің жауын жайлаған соң”,

Деседі “содан кейін бізге қайтад!..”

Енді “Бес дос” өнін бар достар майдан алдында тұтас айтады.

Б ө р і

Біз достар, бес дос серік қатар атар,

Бес достан жаулар жусар қатар-қатар.

Автомат тына білмес, қыра білер,

Тон тозар, аял қылмас ат арытар.

Біз бес дос,

Біз бес дос

Келмеспіз кеш,

Атпаспыз бос!

Біз достар, жатша кәрлі қаза берер,

Біз емес жау штабқа маза берер!

Бөгесе бөгей берсін ажал тартқан,

Қалт етпей, қырдан аспай қаза көрер.

Біз бес дос,

Біз бес дос

Келмеспіз кеш,

Атпаспыз бос!

Ж а д а й

Ал тараңдар, баршылар!
Қол жеткенше бағындар,
Ойламаған бөгеттер
Алда талай бар шығар!
Сағат төрт!.. Бекін, достар! (*Ракета атады.*)
Бердім сигнал, жеткен болар,
Жақын болса қолдың оғы
Аялдамас, бізді қостар!
Тарап-тарап бекініндер!
(*Жолдастары тарайды, соғысқа әзірлік.*)
Сақтарымыз Ақкөпір!
Төлеген, сен осы арада
Автоматпен сал нөпір!
(*Өзі кетеді. Сыртта соғыс.*)

Т ө л е г е н (*өз тұсына беттеген жауды көріп.*)

Бұл толқынды тойтармай,
Қан құстырып қайтармай,
Қалар болсам, бар жорық
Бекер болар, мезгіл жетті байқардай!

Атысады. Жау ықтайды. Файни жетеді. Жау жалтара береді.

Ф а й н и

Тайқып қалды талайы
Көргеннен соң алдынан
Өжет оттың тосқанын!..

Т ө л е г е н

Анау шетте жалтарып,
Көресің бе қашқанын!
Тек маған да оқ тиді,
Аяғымнан тигендей,
Көрдің бе қан басқанын!

Файни асығып көмек бере бастайды, жараны таңады.

Ф а й н и

Төлеген, жаным, ардақты ер,
Жарым күннің ішінде
Бастан кешті талай кер.
Сонда дағы азаймас
Бойындағы от, жігер.

Қадіріңді ұмытпас,
Ауыр қатер алдында
Сен құтқарған,
Талай ана атынан,
Бір күшайын, ерік бер!..

Төлегеннің жарасын таңып болып сүйеді.

Т ө л е г е н (*шетке қаран*).

Тағы келед қалың сел!..
Ортасында танкі де бар! (*Шетке.*)
Не де болса жалғыз өзім көрейін.
Жаным Ғайни, қимаймын,
Ажалдан сен аман қал!.. (*Ғайниға.*)
Менің оғым таусылыпты,
Анау жатқан Жадайға бар.
Жарым-жарты оғын ал!..
Баршы жылдам, ептеп бар!.. (*Ғайни жөнеледі.*)
Танк келед көпірге,
Ажал шашқан көрі бар,
Қаймықпасын сонда да,
Отанымның ары бар! (*Танкті қарсы алуға гранаттарын
топтап байлап, әзірлене береді. Ария.*)
Арыстан айға шауып мертіксе де,
Баласы арыстандық етпей қоймас.
Ақсұңқар аңқып ауға шырмалса да,
Балапан сұңқарлығын етпей қоймас.
Жау санап ер майданға араласпас,
Алысқан мұратына жетпей қоймас!
Отан мен партия, елім үшін
Танк түгіл, тамұқтан да ерің таймас.
Қаптаған қалың жауға сермер семсер,
Жастығын ала жатпай кекке тоймас!
Алтын Отан, сен үшін!
Асыл елім, сен үшін!

Ұмтылып барып сахнаға шыға берген танкке соқтығып, аспан атқан от.
Танк тоқтап қалады, жана береді. Осы кезде көпірдің аржағынан, сахна
сыртынан қалың “ура” естіледі. Артағы қалың қол жетіп, жау қашып
жатыр. Бәрі де Төлегеннің басында. Арада Рамазан. Бәрінің кеудесінен
“Жас қазақ” әні туады.

Б ә р і

Қан сапырған қан майдан ер талғады,
Ердің бағын тілемес ел қалмады.
Жалын жұтқан жас қыран сонда келіп,
Отанынан айналып оқ толғады.

Жас қазақ!

Жауға шықты уралап!

Куә болды елінің аспан, жері,
Алтайдың асыр салды ашулы ері,
Жер құшып, қан боп ақты қайғы-шері.

Жас қазақ,

Жауға шапты уралап!

Ер арманы – арттағы қол арманы,
Жау ордасын ойрандап, кек алмағы.
Алып талай жолында қайран қыршын,
Ажал кесел шырмады жез қармағы.

Жас қазақ,

Жауға шапты уралап!

Қалың топ әскер сахнаға толған. Дивизия командирін тосады. Генерал шығады, көп қоршаған айбынды тобы бар.

Г е н е р а л

Ойдағылар орындалды,
Жолы ақталды жорықтың!
Дивизия абыройын
Сақтады полк, жауларына
Ойдағыдай салып ойын!
Осы арада үлкен түйін шешілді,
Алып жатқан аймақ бойын,
Қалың жаудың қыр желкесі кесілді.
Жауды сайған найза болса, барлық полк,
Автоматшы қас қырандар
Алға түсті өжет боп,
Болат найза жебесі боп!..
Орындалды бас команда әмірі,
Дивизия жеңіс тапты тағы ірі.
Ардақты асыл Отанды
Сүйген ерлер жорығы бұл,
Жетсін жұртқа, жеңген батыр дабылы!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ



ҚАРА ҚЫПШАҚ ҚОБЫЛАНДЫ

**Төрт актылы, сегіз суретті
ертегі-геройлық пьеса**



Қатысушы адамдар

Қ о б ы л а н д ы – жас батыр, руы Қара Қыпшақ, 20 жаста.

Қ ұ р т қ а – қалыңдығы, жау кемпір Көкланның қызы.

Қ а р л ы ғ а ш – қарындасы.

А н а л ы қ – шешесі.

Т о қ т а р б а й – әкесі.

Қ а р а м а н – құрдасы, Қият руынан.

О р а қ – Ноғайлының жас батыры.

К ө б і к т і – Қызылбастың хан батыры. Жауларының басы.

Қ а з а н – Көбіктің батыр серігі, әрі батыр, әрі әмірші.

А л ш а ғ ы р – бұ да сондай батыр, әмірші.

К ө к л а н – жау кемпір, Көбіктің досы, Құртқаның

шешесі.

Қ а р л ы ғ а – Көбіктің қызы.

Б і р с і м б а й – Көбіктің батыр баласы.

К ү н і к е й – Бірсімбайдың қалыңдығы, Алшағырдың

қарындасы.

Қ а р а қ о р е н

А қ қ о з ы

Қ о с д ә у л е т

Қ а р а б ұ қ а н

} Қыпшақтың қолбасы батырлары.

I АКТ

Бірінші сурет

Ат керт етіп шөп жемес, ер қылқ етіп су ішпес, арқар баспас азаптың жері. Тас шақаттың арасы тылсымменен тас болып қалған алып батырлардың бейнесіндей боп, бөген ренді серек тастар үңілісіп тұр. Сахна сыртынан жекпе-жек ұрыс дабысы келеді. Асылды асыл қарш-қарш ұрып тұр. Сұр бұлт сөгіліп, от төгілгендей елес бар. Қаракөлеңке сахнаға артыменен шегініп, жасқанып үркіп Қараман шығып келеді.

Қ а р а м а н (*жалғыз*).

Азапқа жерің өлермен,
Қандай ғана сор қуып,
Қай бөлеге кез қылдың (*тілек тілегендей*),
Айқай ием Көк Тәңірі!
Ұлыға көрме аспанға
Жалғыз жортқан бөрідей,
Қайда қайран әруағы
Қырық таңбалы Қыпшақтың,
Қырық мың үйлі Қыпшақтың,
Қолдай көр көкжал шерінді.
Қақ пәледен, хақ тәңірі көкжал, көкжал!
Көнбе, көкжал, бөрің сал.

Жекпе-жек. Қараман бойлап қарап, кейде шошып бұғып қап.

Жанында емес,
Жасанғанда жау емес.
Неткен сұмдық, Қайрахан,
Найза мүйіз, қылыш құйрық
Не сиқыр бұл шабынған. (*Жасқанып.*)
Аяр ма, аяр!
Жеткенің бе, қу ажал...
Аяр... (*Шошынып, шегіне береді.*)

Осы кезде жан-жағынан, ту сыртынан ерекше суық үн шығады. Барлық меніреу, дүлей тастарға ентелеп жат тікендей жағалай ысқырып, ызың салғандай “зу-зу! Арзу, арзу, арзу!” деп кете береді. Бірдеме сусылдап ағындап келіп қалған сияқты.

Мынау тағы қай кесел,
Қай дүлеймен құртасың,
Қайра барсам қайра бар
Әттең, қорқақ қор басым!
Есіл көкжал, сорың да,
Мендей ез ғып берген соң
Сен бейбақтың құрдасын.

Үн күшейіп үдей береді. Бір кезде қабат тастың артынан қара мұнар ішінен лап етіп от шығады. Сол отпен ілесе қара түнде тастан ұшқан қара құстай боп тап беріп, жады кемпір Көклан тас басынан секіріп түседі.

Көклан “Зу-зу-зу! Арзу, арзу!” — деп Қараманды қармай береді. Кішкентай қорыққан Қараман шегіне қашып барып, тасқа тіреліп, шалқасынан серейіп тас үстінде қалады. Кемпір төніп келіп бүргелі тұр.

К ө к л а н

Қандаймын мен, көзіңді аш!

Қандай болып көрінем...

Қ а р а м а н

А-а! Ап, ап..., апатай!

Батыр бағлан мен емес.

К ө к л а н (*теңініп*).

Қандай болып көрінем?

Қ а р а м а н

Басың толған мүйіз ғой (*шошынып*),

Қайрахан, от шығады аузыңнан.

Шашты шайтан! Ақсияды бар тісің,

Алпыс қанжар ажалымды...

К ө к л а н

Кіммін мен?

Қ а р а м а н

Құрығында шыбын жан,

Сен бе ең әлде қан жұтқан

Жады кемпір Көклан?!

К ө к л а н
Күдіретімде қай құның?
Кұтырта соққан құйын мен.
Ұшырсам ба құм қылып,
Күй түбіне лақтырып,
Кұртсам қайттің қоңыз қып?

Қ а р а м а н
Таңдатқаның тажал ғой.

К ө к л а н
Таңдатарым тағы бар,
Тас бола ғой Қобыланға,
Айт қапысын, аяман,
Өлер жері қай жері? *(Қараман үндемейді.)*
Айтамысың, жоқпысың.

Қ а р а м а н
Жоқпын, оған қинама.

К ө к л а н
Ал, ендеше, сорды көр,
Қор етемін әзір-ақ.
Ит етемін ақ мойнақ,
Айт жаныңның барында.

Қ а р а м а н
Білекте қайрат болмасын,
Жүрегінде қасиет бар,
Өлтірсең де тыйым жоқ...

К ө к л а н
Тұрғаның ба осымен?

Қ а р а м а н
Өлсем-дағы тұрғаным.

К ө к л а н
Зу-зу! Арзу! *(Суық түспен тап беріп бүріп, түйреп жөнеле береді.)*

Қ а р а м а н *(шошынып айқайлап).*

Ойбай, өлдім, ойбай!

Қобылан! Көкжал, ойбай!

Осы кезде Қобыланды секіре шығып, Көклан кемпірді сыртынан бүре түсіп, есін жиғызбай көк бұрымын кесіп алады. Алдында зу-зу етіп тұрған дүние үні өшкендей сап болады. Кемпір талықсып, сұлқ құлап түседі.

К ө к л а н (*Қобыландының аяғын құшып*).

Құрттың ғой, Қобылан,
Неңді алып ем осынша?

Қ о б ы л а н д ы

Не қылмап ең сен маған,
Не қылмадың еліме?
Құлжадан қаскөй жіберген,
Үйректен өлім жіберген,
Киіктен кек жіберген
Сен емес пе ең еліме?!
Кім, аярымды жаңағы
Алдымды орап алысқан
Қылыш құйрық қастаның?
Сен емес пе жұмсаған,
Мен емес пе ем жоймағың?

К ө к л а н

Ту, түү, аман-аман, аман бер
Пәле-жала жалғаннан.

Қ о б ы л а н д ы

Жалған емес, жаңа айтты
Өлер жерде аярың,
Құтылып көр ажалдан...

К ө к л а н

Не тілейсің сен менен?

Қ о б ы л а н д ы

Көбіктідей көк ауру
Дұшпаныма болыспа,
Жауым болып жауыңды
Өзімменен алыспа.
Кешірім жоқ кепілсіз,
Тылсым есік ішінен
Шығар қызың Құртқаны
Кесесемін сонымен.

К ө к л а н

Қүтпесіме көшем бе,
Бала батыр сен болсаң,
Бар тілеуің алдыңда,
Жау болыспа менімен.

Қ о б ы л а н д ы

Жаулық түбі өлім бе,

Өктемей-ақ жетемін.
Отқа салып шашыңды,
Көзіңше күл етемін.

К ө к л а н

Ете бер, ол батпайды.

Қ о б ы л а н д ы

Алдаймын деп ойлама,

Аярыңнан білгемін,

Өртесем сеспей қатасың! *(Кемпір шошынып, бүрісіп*

қалады.)

К ө к л а н

Түбіме сен жетесің,

Бар тынысым бітіпті.

Қ о б ы л а н д ы

Шығар қызың Құртқаны.

К ө к л а н

Көр менің қызымды.

Көзім жетіп айтамын:

Көбіктің қос батыр

Қазаны мен Алшағыр

Аңсағаны осы қыз,

Таласында жалғыз қыз.

Алам десең сен мұны,

Қыз алмай қастық аласың,

Көбіктідей күштінің

Жаулығын тілеп аласың.

Қ о б ы л а н д ы

Жесірі емес, жауымның

Өз қызын аяр менен кім?

Кеше ғана Қыпшақтың

Қырық қызын күң қылып,

Алып келген асқақтың

Жанын аяр мен бе екем.

Кегім кеткен Көбікті

Кейқаптай болса кесірі,

Іркіліп соғар ер ме екем. *(Ақырып.)*

Шығар шапшаң қызыңды! *(Кемпір кетеді.)*

Қобыланды тас басына отырып, Қараманды шақырып:

Не қып тұрсың сен, сабаз,
Нені көріп сілейдің?
Қасыма кел, кел, итім,
Қайратыңды баян ет,
Қалай қаштың аярдан?

Қ а р а м а н

Не қыласың, көкжал-ау,
Аяр ұл қашып ажалдан,
Киліккенім қайтейін.

Қ о б ы л а н д ы

Ендеше, бітім жөнін айт,
Құлағым қақас шалды ма?
Әлде шын ба білгенім,
Осы жаңа бір кезде
Бақырған біреу болды ма?
Бай сабаған қатындай
Ойбайлаған болды ма?

Қ а р а м а н

Бәрі болды, не дейін,
Мен қасқаны қайтесің,
Не қыласың қазбалап.

Қ о б ы л а н д ы

Ой, тәңір атсын,
Тәңір атқанша,
Қағысқан жерде қайрандап. *(Мазақтан.)*

Не қыласың қазбалап. *(Бармағымен нұқып жібереді.)*

Қараман ұшып түсіп, домалап барып түрегеледі. Қобыланды қарқылдап күліп жібереді.)

Қ а р а м а н

Ой, осының шының ба?
Ұрғаның ба, көкжал-ау,
Жоқ, әшейін ойын ба?

Қ о б ы л а н д ы

Шыдап отырып қайтемін,
Құрдасым, итім емес пе ең. *(Күледі.)*

Қ а р а м а н

Ойнағаның бұл болса,
Шындағанда не болам?
Бір жыл туып сенімен,
Бір күн сорым қайнар да.

Қ о б ы л а н д ы

Қайран итім, қайтейін,
Ол емес қой бар сөзің.

Қ а р а м а н

Әттең, әттең, соны айтам,
Жалғыз тілек тілер ем:
Кейінгінің өз бағы,
Әңгіме аңыз қылғанда,
Сенің жортқан жолыңды,
Адасса екен аңдамай,
Қасында қайтпас Қараман
Батырға сай құрдас деп,
Екі сөзі бір туып,
Екеуін де тең туып,
Қику сүрен сапты деп,
Атасы мен андасы,
Абызы мен ақыны
Алжасса да айтса екен,
Адасып-ақ кетсе екен.

Қ о б ы л а н д ы

Мен де соны тілейін,
Бірақ кешпес мінің бар.
Қайратсыз-ақ бола ғой,
Одан да бар ғой сұрақтың,
Қорғаныңды қаптармын.

Қ а р а м а н

Олай деме, уай, көкжал,
Танымайсың сен мені,
Қорқақ емес, еркек боп,
Тікендейін болам. *(Қобыланды күле береді.)*
Жылқы мінез жайым бар.

Осы кезде бұлардың сыртындағы, төрдегі қалың қара жартас жарқ етіп ашыла береді. Қараман шошып, бұғып қап.

Қ а р а м а н. Қайрахан, қай бөлесі тағы да.

Аздаған жарық түскен жартас енді көрінеді. Төменгі тұстарын тас бағаналармен безендірген. Пұтқа табынған елдің құдай пірлерінің тастан ойған суреттері бар. Қалың сырлы көрі үңгір. Осындай жат дүниенің арасында, ақ сәуленің ішінде ай шырайлы, бота көз Құртқа шығып қарап тұр.

Қ о б ы л а н д ы (*Қыз шұғыласына елтігендей*).

Жарқ етіп жанған шам-шырақ!..

Шұғыласы қандай-ды?!

Нұр қызы ма көргенім,

Тегі, жөні қайдан ед?

Қ ұ р т қ а

Дәме еткен өзіңсің,

Бұйрығыңа бас иіп,

Келіп тұрған мен едім,

Армаңыз, батыр Қобылан.

Қ а р а м а н

Тілегенің келіпті,

Жады кемпір Көкланның

Жасырған қызы Құртқа ғой.

Қ о б ы л а н д ы

Тыңда, құрдас, тілекті,

Асау ашу жетелеп,

Аптыға бұйрық етіппін,

Сіз іздемей, мен іздеп,

Тас қияны қақ жарып,

Табар жөні бар екен.

Айып етпе, құрбыжан,

Оғаш басып кетіппін.

Қ ұ р т қ а

Қысылмаңыз, Қобылан,

Айып деген онда жоқ.

Көргенімнің өзіне

Көп шүкірлік етемін,

Пәк маңғаздық бойда жоқ.

Қ о б ы л а н д ы

Тас қамаудың ішінен

Тастай жандар күтуші ем.

Жанды ерітер сөзің бар,

Жылы тартар жүзің бар,

Атымды қайдан білуші ең?

Қ ұ р т қ а

Қамауда өскен күн көрмей,

Қапалық басқан жайым бар.

Айналамды қоршаған,

Бала жүрек мұздатқан,

Қаскөй дүние жайындар,
Тек жасытпас жастығым,
Еркімді алған қапастар
Есімді алған жоқ еді.
Арман, қиял досым бар,
Түн аспаны түнеріп,
Тұрса-дағы басымда,
Менің де күткен айым бар.

Қ о б ы л а н д ы
Ай шырайлы аяш-ай,
Арман деген ащы зар.
Тілің ғана айтқан жоқ,
Шарпығандай сездім-ау,
Жүрегіңнің лебінен
Бойым балқып барады.
Санаттан асқан кебінен
Тосқан айың оралып,
Аяғыңа бас иіп,
Тәу етсе де болмай ма,
Сендей жардың барым деп
Жалғыз атқан демінен.

Қ ү р т қ а
Ашылмаған ұяңсыз
Ашылса ме екен әсте-әсте,
Айтылмаған әрлі сөз
Айтылса ме екен әсте-әсте.

Қ о б ы л а н д ы
Баладым де бар көрген
Жан жарығым біреу-ақ,
Десем, жалғыз осы шақ
Өзі қалар, өзі есте.

Қ ү р т қ а
Толықсыған айымды
Қалай суық қол кеспек,
Күтсем-дағы зарығып,
Жаңа көрдім десем бе.

Қ о б ы л а н д ы
Уа, жарығым ынтызар,
Тұтқыныңмын мен сенің,
Жаным сенсің десең де.

Құртқа екеуі бір-біріне иіліп жақындай береді. Бағанадан бағып қарап тұрған Қараман енді тап беріп, арадан кеп сарт етіп тұра қалады.

Қ а р а м а н

Тоқта былай, түр әрі. (*Қобыландыға.*)

Қайда, қайда барасың?

Қайрыла кет артыңа...

Не деп түр сірә, мына қар!

Қ ұ р т қ а (*шошып*). Қар?

Қ о б ы л а н д ы. Қараман?!

Қ а р а м а н. Жолды ұмытпа, тыңдамаймын сөзіңді.

Қоршағанның ішінде жадысы мен жәдігөйі жайлаған жерде дос шықпақ па, қас шықпай. Ай шырайлы аяш па, жоқ сынықсып тұрған аяр ма? Қай сырын білдің бұл қатынның?

Қ ұ р т қ а. Қатынның?! Мен бе қатын дегенің?!

Қ а р а м а н. Сен... Сен!.. Көзім...

Қ ұ р т қ а. Көрген нұр күнім, өртеп кетер от па едің?
(*Жылап жібереді.*)

Қ о б ы л а н д ы. Айналайын аяш-ау! (*Қараманға.*)

Қойшы, құрдас, қинама. Қинама, тілек еттім барымша...

Қ а р а м а н. Жоқ, былай түр. Сынамай алғызұшы ма ем мен саған. Танымастан жалп етіп ұйығаны несі тал бойы... Мені жаңа көк долы кәрмен алмақ болған. Енді сені сұлу жылан зәрімен алса қайтесің? Айдаһардың тіліндей, тіліп өтсе білінбес ынтызардың тілімен алса қайтемін?

Қ о б ы л а н д ы. Өлсем арман етпейін, қойшы, батыр құрдасым?

Қ ұ р т қ а. Қоятұғын не қалды? Біттің бе сен келместей. Қош, қош енді. Сен-дағы әлсіз, жалғыз үмітім!

Қ о б ы л а н д ы. Налымашы, құрыған... ол құрдасым еді. Құрдас тілі зәр еді. Әдейі айтады. Сондықтан, Қараман... қинама енді, қажаман енді.. шыдамды...

Қ а р а м а н (*Құртқаға*). Шыныңды айт та, жөніңді өзім тергеп шығамын. Майыспа да бұралма өйтіп. Сиқыр маған жүрмейді. Арымайтын ермін мен. Кәні жау Қыпшақтың бөрісін сен қалайша таңдайсың? Не күн туды басыңа?

Қ ұ р т қ а (*қайғылы үнмен сөйлейді*). Улы жылан ордасында жаңсақ шыққан бір гүлмін мен. Жат деген де біреуді, жау десе де біреуді жалындай түсіп, ынтығып көрсем дерім сол еді. Көптен бері бұл жердің шошып айтар,

кектеніп айтар жауы бар. Жаңа жеткен жас пері деуші еді. Сол еді менің тосқаным, сондағым еді Қобыланды. Әсіресе асыға күтіп ем бұл кезді. Қазан менен Алшағыр екі жақтан қызықты қызумен таласты. Бірақ ол да менің сорым да. Танып, көріп-білген соң жеркенумен безіп ем. Қос бүйірден қабатын қос бөрідей көруші ем. Керегі не, не дейін?! Арман алыс, өткел жоқ. Кестіңіз ғой келер деген бақ жолын.

Қ о б ы л а н д ы. Жетті ғой жалған, болды ғой, қинама енді, қинамашы, Қараман. Жалынамын, қинамашы, құрбыжан!..

Қ а р а м а н. Тоқтат деймін, тергеймін (*Құртқаға*). Шын күткенің бұл болса, айғағың бар ма тым құрса?

Қ ұ р т қ а. Айғағым деп нені айтам? Арман алыс болған соң, тым құрмаса қиялда алданышым болсын деп, келер ием достығымды көрсін деп, күн көзіне көрсетпей, жел лебіне қақтырмай, құлынынан өскен Тайбурылдай тұлпарым бар еді. Үстіндегі қаруын, оқ өтпес, кәр өтпес батыр киер сауыт — бәрін өзім иектеп ем. Сенер болса көңіліңіз, бір кепілім сол дер ем.

Қ а р а м а н. Көрсетші сол тұлпарды!

Кұртқа артына қарай қозғалып, екі алақанын ақырын қағып-қағып қалады. Сыры қалың, кара үңгірдің бір бұрышы жарқ етіп ашыла береді. Көк тұлпардың басы көрінеді. Үстінде әбзел, ер-тұрман, бұнда ердің қалқаны мен сауыты, сапысы мен найзасы тұр. Қобыланды мен Қараман ынтық бола қарайды.

Қ ұ р т қ а (*Тайбурылдың үстінен сапы мен найзаны әкеп Қобыландыға ұстатады. Сауытын әкеп кигізе береді*).

Таңды таңға ұрғызған

Ақ еді ғой арманым!

Тәңір ием жар болса,

Ақ сауыттың көзінен

Жау жарасы дарымас.

Қайда жүрсең аман жүр,

Жарым өзің, алғаным...

Қ о б ы л а н д ы

Ақ шырайлы аяшым,

Бойымдағы қасиет,

Ойымдағы тілектің

Бәрін саған арнадым... (*Сүйеді*.)

Қ а р а м а н. Е, енді сүйсең сүйе бер. (*Құртқаға.*) Ал өзім сынап шықтым ғой. Енді саған бір сыр айтайын. Ақыл таптың, айтып-айтпай немене, әйтеуір, байға жарыдың, қатын.

Қ ұ р т қ а. Тағы да не дедіңіз?

Қ а р а м а н. Жо, бұл шын сөзім. Байға жарыдың. Жарығаның сол, ай сайын алысқа кетеді. Жылында жарым ай көрсен, соның өзі әлдеқандай, көрерсің...

Қ ұ р т қ а. Жаңа тілек үстінде жаны ашымас қандайсыз?

Қ а р а м а н. Жоқ, әлі тұра тұр, ол жарты айдың жартысын және өзінді сабаумен өткізеді.

Қ ұ р т қ а. Жазығым не, осынша?

Қ а р а м а н. Бірақ жалғыз медеу, батыр, түбі қайыр, шошыма. Бұл ұзаққа кеткенде өзім бармын, байың өзім боламын, мұқама.

Қ ұ р т қ а (*қалжыңды енді түсініп*). А, ендеше, арманым жоқ. Сіздей құрдасым болса, мұңым бар ма. (*Күлкі, түсінісу.*)

Құртқа Қобыландының басына асыл қалпак, дулыға әкеліп кигізеді. Осы кезде құтырып, құлшынып Көклан шығады. Тайбурылды көреді. Бұнда кемпір күтпеген жарастық болғанын біледі.

К ө к л а н

Қыз да болса қияғым ең,
Менен бүйтіп безініп,
Не қорлыққа бекіндің.

Қ ұ р т қ а

Қорлық емес, бақ таптым,
Асау да болсаң анамсың.
Қорлық емес, бақ таптым,
Оң тілек ет, қабыл көр.

Қ о б ы л а н д ы

Өз қолыңмен қостым де.

К ө к л а н

Қоспаймын мен, қаспын мен.

Қ о б ы л а н д ы

Қасың болса жұмсап көр
Жарым деген Құртқаны.
Енді айырар айлаң жоқ,
Қазір бірге алып кетем.

К ө к л а н (*тулап, булығып*).

Қазір әкетем?
Өртеп неге кетпейсің,
Ендеше бар, барымды.

Қ ұ р т қ а (*Қобыландыға*).

Қазір ап кетпеңіз, батырым,
Серт, уәдеміз сол болсын.
Аяғынан кездескен саяқтай боп бармайын.
Қазір бар да, қайта кел,
Ырғап келіп, жырғап ал,
Осы менің тілегім.

Қ о б ы л а н д ы

Қабыл еттім тілегіңді, Құртқажан,
Тек ере жүр азғантай.

Қ ұ р т қ а

Ере барып, қолымнан,
Оң қолымнан аттандырам,
Оң тілекпен, Қобыланым.

Қобыланды Құртқамен шығып кетеді. Кемпір жалғыз.

К ө к л а н

Күркірей соғар күндей боп,
Кие соғар жауыңды.
Кек Көбікті, қайдасың?
Қара құйрық қабылан,
Қанға тойған қан шелек,
Көрлі Қазан, қайдасың?
Алпыс екі айлалы
Тарғыл ала жолбарыс,
Талмас үдер тарланым,
Ал, Алшағыр, қайдасың?
Тап-тап мынау жауыңның,
Тап үдетпей айласын!

“Зу, зу, арзу-у, арзу-у” деп құтыра құйындайын барлық тастар тағы да
зу-зу етіп, ысқыра түнеріп бара жатады.

Ш ы м ы л д ы қ

Екінші сурет

Қара құйрық қабылан хан-қараның ордасы. Кент қоңырауы қағылып, даңғаза боп ұрып тұр. Қара құлдар жүйткіп жүр. Орда бүгін үлкен қонақ күтеді. Құл нөкері қоршаған батыр Қазан өзі шығады. Алып батыр кер, асқак. Кісі басындай екі шойын шоқпарды асықтай атып ойнап келеді.

Қ а з а н (*қос шоқпарды кезек атқылап тұрып*). Кеке!
Кеке! Кекке, ке-е!

Деп құлдар қолына шоқпарларын тастай береді. Әр шоқпарын бес-алты құл тәлтіректеп зорға көтеріп апарып, анадайға қояды. Қазан тақта отырып:

Көз алмасын, көздесін,
Оқыс келіп қалмасын!
Көбіктідей көк ауру —
Хан-сұлтанның мықтысы,
Кінәшілдің кектісі.
Тәу етіп күтіп алмасаң,
Келіп пәле салмасын!

Құлдар күп болады дегендей анталай тарасады.

(*Қазан ырғалып отырып.*)

Кекке! Кекке-ке! Ке-е!

Н ө к е р (*жетіп келіп*). Алдияр (*еріне қарап айт дегендей*), сұлтандардың күткені келіп жетті, тақсырым...

Қ а з а н (*қалтаң етіп тұра беріп*).

Көбікті! Сұлтандардың сұлтаны,

Ханның ханы Көбікті...

Қасында кім бар нөкерден?

Н ө к е р

Бекзадасы Бірсімбай,

Ханзадасы Қарлыға —

Қасына ерген ұл-қызы...

Қ а з а н (*бойын тарап, қалбаң етіп қылқиып*).

Ханзадасы Қарлыға!

Кеке! Кекке-ке!

Ханым деуге қимайтын,

Досым деуге сыймайтын,

Оң назарын бермеген,
Қарақ суын тілесем,
Мазак етіп қыз сайқал,
Зәрдің суын іш деген. Кеке...
Тағы кім бар қасында?

Н ө к е р

Алдияр! Ақ піл мінген айдынды
Алшағыр бар бір бөлек!

Қ а з а н *(нөкерді ауызға қойып қалып, шалқасынан түсіріп, кеудесінен басып тұрып).*

Жап аузыңды, жалпыетек,
Жалынып өткен жаппар құл!
Қабылан Қазан тұрғанда
Алшағыр ма еді айдынды!

Н ө к е р *(аяғының астында жатып).*

Алдияр тақсыр, жаздым мен,
Айдынды емес Алшағыр...

Қ а з а н *(алақанын қағып қалады. Уәзір сынды бір нөкер кіреді).*

Шығар Қыпшақ тұтқынын!

Уәзір белгі етеді. Тұтқынды кескекпен тіркестіріп алып шығады.

Ханның ханы Көбікті
Көк пілінен түсерде,
Көк күмбезге кірерде,
Көлденең тартып бауыздап,
Хан жолына шалыңдар!
(Тұтқындарды алып кетеді.)

Қарбаласқан әбігер. Қазан бір отырып, бір тұрып, аюдай қолбаң етіп,
өзін-өзі бүйірден қойып қалады.

Көбіктіден күшті емес
Қарлығадан қорыққан
Ит кеудені не дейін?

Көп шамдалы жағылып, күмбез сырты жалт етеді. Көк пілдің басы көрінеді. Піл үстіне орнатқан жібек шатыр ішінен Көбікті түсе береді.

Қарлыға, Бірсімбай бірге түседі. Кент қоңырауы қаңғырлап, бай Қазанның бәйтөбетіндей үріп тұр. Қонақтар орда ішіне кіре береді.

Алда оқшау келе жатқан батыр сұлтан Көбікті. Қазан тағынан аптығып түсіп, Көбіктінің алдына бас қойып жығылып:

Қадамыңнан садаға
Қадірсіз құлың Қазаның!

Көбіктінің артында Бірсімбай, Қарлыға, Алшағыр тұр.

К ө б і к т і (*таққа отырып, сыртқа қарай қол сілмен*).

Тоқтат қаңғыр-күңгірін.

Қ а з а н (*өз нөкеріне*).

Өшір қоңырау үндерін. (*Қоңыраулар сап болады.*)

К ө б і к т і (*Қарлығаға*).

Келтір Көклан күштіні!

Қарлыға сыртқа шыға бере белгі етіп, бастап келеді. Доғы кемпір, суық түсті Қараман жын бұғандай орғи түсіп, жұлына кіреді. Отырғанның бірде-біріне қарамай, аман-жаман жоқ оқшау барып, жасқанбай тас басына қонақтаған тазқарадай отырады. Көкланға көз салып:

Сені бұған ақ марту

Ашу боп мені шарпысын.

Әмір боп жетсін шетіне,

Мынау отырған мұрдарға. (*Өзі сілкінгендей бүрк-сарқ етіп тұра береді.*)

Белде-белде, белде еді. (*Отырған жұрт атқып тұрып, сілкінбей тынады. Ақырып сөйлеп.*)

Көк иесі — көк тәңірі,

Жер иесі — Көбікті. (*Үндемегендерге тепсініп, ақырып.*)

Көбікті емей, кім еді.

Жұрттың бәрі “жер иесі — Көбікті, Көбікті” десіп, тегіс етпетінен түсіп, бастарын жерге қояды. Көклан ғана қоймайды.

К ө б і к т і (*мазақтан*).

Көбікті... Көбікті.

Ендеше, білсін тегіс жүрген.

Естімеген бір қорлық;

Көбіктіні тірідей

Қара жерге көміпті.

Қ а з а н (*елден бұрын атқып тұрып*).

Кекке, ке-е!

Қандай қорлық, хан ием,
Қап-қап-қап, не дейді?!
Нұсқасаңшы жау бетін,
Шап десеңші Қазанға. *(Алшағырға.)*
Алшандаған Алшағыр,
Хан күйігін сен көріп,
Қайтіп шыдап кеп тұрсың.

А л ш а ғ ы р

Сап-сап, Қазан, қоя тұр.
Пәле деген сыбысты
Естігенім осы ара...

К ө б і к т і

Қаланы басып Қазан қарық,
Аймақты басып Алшағыр. *(Көкланды нұсқап.)*
Көремісің мынаны,
Көреген көзім кім еді?
Сақ құлағым кім еді? *(Ақырып.)*
Кіммен кегім кім еді,
Көрер ме көр көздерің? *(Ақырып.)*

Қ а з а н

Кеке-кеке... *(Деп басылады.)*

К ө б і к т і

Көр мынаны бәрің де,
Есігі ойран тұр қалқан.
Қарақаттай қайран көз
Қамшы бойы жас төгіп отыр, мінеки. *(Көкланға.)*
Төңкерілсең төбем сен,
Салдым бәрін жолыңа,
Айт, аяман бәрін де.

К ө к л а н

Көкте жанған күні сөнсін, дәрі емес,
Тұнжыраған түні солсын, дәрі емес.
Уай-бай, уай, қайдасың,
Айда тұрған ақ пері,
Аямас ием, қайдасың?
Жой, жойғыз дүниесін.
Жан иесі екпінді,
Қара бұлттай кекілді,
Қаптат оның топанын,
Ыраң, көдең, ылаң сордың сойқаны,
Соқ пәленді, алдыңа сал алдымен.

“Арзу, зу, арзу, арзу” деп асығып жүріп кетеді. Құлдары қорқып,
етпеттерінен түседі.

Қ а р л ы ғ а *(алдына иіліп)*.

Ашулы ана, алып ана,
Зар-шеріңнен қайтсана.
Қолында өлет жауыңның,
Ұлдарыңа у сиған
Ашуыңды айтсана.

Қ а з а н, А л ш а ғ ы р. Ашуыңды айтсана.

К ө к л а н

Құмырсқадай қаптаған
Қырық жолбарыс үйірін
Аяр Самбұл ол кетті.
Шығар қанат қарқ болат,
Қой түбінен сыр тартқан,
Арқалар құсым аңдаушым,
Аңырап қалдым, ол кетті.
Қылыш құйрық қияңқым,
Көкке шапқан киең кім,
Жекпе-жекте жер қапты,
Жер қып кетті, ол кетті.
Нені білдің, мұрдар-ау,
Бәрін қырған жалғыз жау.
Құрыған Қыпшақ қасыңнан
Жаланып шапқан басып бері
Қарсы тиген емендей
Қас арманы қалмаған
Қайту білмес Қобыланды.

Қ а з а н

Қобыланды?!

Қ а р л ы ғ а

Қобыланды?

А л ш а ғ ы р

Қыпшақ Қобыланды,
Ат қып мінген құланды,
Ас қып жеген жыланды,
Атаңның көрі алақшы,
Жапа-жалғыз өзім-ақ
Жерге қағып жойсамшы.

Қ а з а н

Қалдыраған қаңқайдың
Бас терісін сойсамшы.

К ө к л а н

Түбіме жетті қас Қыпшақ,
Ай жүзді ару Құртқамды
Азғырумен жар етіп,
Алғалы жатыр сол Қыпшақ.

Алшағыр мен Қазан қатарынан ашынып, атқып тұрысады.

А л ш а ғ ы р

Асыр, асыр, асыр ма!

Қ а з а н. Ке-ке-ке-ке, кекке-ке! (*Алшағырға.*) Қызған-
ғаның мен едім, жеттің бе, арам Алшағыр. Шоқ-шоқ, шоқ-
шоқыр, Алшағыр.

А л ш а ғ ы р

Қарау Қазан, Қазан,
Ісім болса нетуші еді,
Сен таласқан кеселден
Кетіп отырмыз сыртқа,
Сенен тартқан бұл сазам.

Қ а з а н

Сенен, арам Алшағыр!

А л ш а ғ ы р

Сенен, қорқау қор Қазан!
Қайран Құртқа.

Қ а з а н

Қайдан Құртқа табармын, ке-кекке-е!

А л ш а ғ ы р

Сенікі емес, менікі еді.

Қ а з а н

Менің Құртқам болатын.

А л ш а ғ ы р

Садаға кет, менің Құртқам болатын.

Қ а з а н

Қайнатпа, ойбай, қанымды,
Қызғанышым қажама,
Сен емес пе ең, Алшағыр,
Аулақ жүр деп қуғаның.

Шың еткізіп бетінді,
Періп ұрған жоқ па еді.
А л ш а ғ ы р
Сен емес пе ең Құртқадай
Табанындай көрем деп (*сасып қалып*),
Өлсем сүймен дегені.
Қ а з а н
Кеке-ке-ке-ке, кекке-е!
А л ш а ғ ы р (*мазақтан*).
Шеке!.. Шеке!..

Екеуі де ұмтылыса қалады. Көбікті ақырып сап-сап дейді. Бірсімбай екі батырды айырып жібереді. Көкпан жылағаны-күлгені белгісіз сақылдап үркіп, ойнап шығып кетеді.

К ө б і к т і (*батырларына*).
Белде-белде, белде еді!
Батырлар отырысқан
Қыз дегенде қораздай,
Мекиен көрсе мәңгірген,
Қоқиланған неменесі?
Қос текедей бақылдап
Қағынғаны неменесі?
Қ а з а н.
Кеке-кекке-е.
А л ш а ғ ы р
Асыр, асыр, асырды..
К ө к л а н
Тәйт былай!.. Екіленген екеуің
Қас Қыпшаққа қасарған
Қандай қысым көрсеттің?
Қ а з а н
Қаласын алған мен Қазан.
А л ш а ғ ы р
Аймағын алып аңыратқан,
Мен аямас Алшағыр.
К ө б і к т і (*кекетін*).
Жел көріксің жалғанда,
Екеуің де жел көрік,
Шыбын шақты деді ме

Тасырлаған тәртібінді?
Қысылған Қыпшақ көрді ме?
Тұқымым таусылып
Қырылған Қыпшақ көрді ме?
Нәлет, нәлет болсын, Қобылан,
Босқа бөскен алқынды.
Сан ықылым заманнан
Қыпшақтан асқан қасым жоқ!
Ерен-Тұран болғалы
Тұу Кейқауыс тұсынан
Түгесіп бітпес кегім бар,
Қыпшақтан асқан қасым жоқ!
Хан баласы Сияуыш
Кім қолынан өліп ед?
Қыпшақтың бас құныкерім.
Апрасиап өлтіріп,
Ақ сүңгілі тауменен,
Таң түлік деген жолменен
Кеткенінде Кейқауыс
Қандай күнің кеп еді?
Айнымастай ашумен
Арылмас антын беріп ед.
Ол Ереннің нәсілі,
Туыс білсін, бел бусын,
Қыпшақтан асқан қасым жоқ!
Деп Ораққа сеп еді...
Құртпай Ерен келеді...
Құрымай Қыпшақ келеді.
Антым, сертім сол-сол-ақ!
Құмырсадай қырмасам
Қыпшақ деген жынын,
Көбікті кектен өледі.
Мен дегенің азба, ойбай,
Түйіп сертін береді.
Бітсін бүгін бейбіт жол,
Бірің қалмай беттейсің.
Байлан енді, белгің бер,
Кімің бастап, кімің қостап ереді?

А л ш а ғ ы р

Алдияр, шапсын Қазан әуелі!
Мен соңынан соғамын.

Қ а з а н

Торығаның тағы да
Қыпшақ емес, Қазан ғой.
Жағаласқа мен кетіп,
Қыз Құртқаны бейнетсіз
Тигізетін жолына,
Менің сірә жазам ғой?

А л ш а ғ ы р

Қоямысың, ей, Қазан,
Шабыс бар да, намыс бар.
Нені есіттің, не түйдің
Батыр сұлтан сертінен?

Қ а з а н

Түйем түгел бәрін де,
Мен күйдім батыр сұлтан дертінен.

А л ш а ғ ы р

Түйген жоқсың,
Алсардың ішінде
Алшағырдан алыс бар,
Құртқа болса қоймасың,
Алдыңа мен тартайын,
Олжа бар да, табыс бар.

Қ а з а н

Алдайсың сен, сенбеймін,
Тағы қияс сөйлейсің.

А л ш а ғ ы р

Ендеше, алып кел,
Мен Құртқаны беремін.

Қ а з а н

Қолыңда өлем, Алшағыр,
Қорлығыңа көнбеймін.

Б і р с і м б а й

Болды, жетті егесің,
Кім алдында керісіп,
Кімге қияс етесің.
Батыр-батыр дегелі,
Дәу перімсіп екеуің
Әдіден асқан екесің.
Әмір екі болмайтын.

Әкем сөзін елемей,
Жалпы мазақ етесің,
Бар сылтауың — жоқ сылтау,
Анық сырың сендердің —
Қас Қыпшақтан қорыққаның.
Содан тапқан екесің,
Тайған болса табаның,
Тантарымай шыныңды айт,
Өзім берем есесін.

А л ш а ғ ы р

Өртер болды осы сөз,
Қайда барсам Қазанмен
Қағыстырып қызғаныш,
Қатынсыз өтіп қор болдым.

Қ а з а н

Мен де сенің керіңнен
Қатыннан айрылып,
Езіліп қара жер болдым.

К ө б і к т і

Қоямысың, қос мұрдар!

Қ а з а н

Алдияр, алсаң екен жолымнан
Алшағырдай бәлені.

А л ш а ғ ы р

Алдияр, тыйсаң екен Қазанды.

К ө б і к т і

Қылғи жеген қыз алат
Қылығы жетпес сендермен?
Жер жүзінің бар қызы
Жалғыз қыз Құртқа ма еді?
Көрсетші менің көзіме.

А л ш а ғ ы р

Алдияр, тағы да таңдар бір қыз бар.

Қ а з а н

Оған тағы таласпыз.

К ө б і к т і

Қыз біреу де, ер екеу,
Талас болмай не етеді,
О да тимей кетсе.

Қ а з а н
Таласқанның керінен
О да кетер тарпы бар.

К ө б і к т і
Кесір болса араңда
Қыз пәлесін кесемін.
Кете алмайды біріңнен,
Атын ата сол қыздың.

Қ а з а н (*Алшағырға*).
Ал аптыққыш Алшағыр,
Алдыңды алсам өлерсің,
Сен-ақ бұрын айта ғой.

А л ш а ғ ы р
Қара кезек бергішін,
Сен бастадың, өзің айт.

Қ а з а н
Айта алмаймын, айтпаймын.

А л ш а ғ ы р
Неге айтпайсың, не болды?

Қ а з а н
Айта алмаймын, Алшағыр,
Осы жолы өзің айт,
Менен шығар қайрат жоқ,
Мүлде оңбайын, айтпаймын.

К ө б і к т і
Айт қалдырма!.. Жасырма!..

А л ш а ғ ы р
Алдияр, айтсам кәр қылма.

Қ а з а н (*қосылып*).
Кәр қылма!

А л ш а ғ ы р
Құртқадан соң мазақтап
Екеумізді қырқысқан.

Қ а з а н
Қор қылған.

А л ш а ғ ы р
Жез қобыздай шиқылдап,
Жез бүйдалы қалдырған.

Қ а з а н
Салдырған қасыңда отырған.

А л ш а ғ ы р

Қасарған қызың Қарлыға.

К ө б і к т і

Қарлыға? *(Қарқ-қарқ күлін.)*

Белде-белде, белде еді.

Қ а з а н

Кеке! Кеке! Кекке-ке!

А л ш а ғ ы р.

Асыр, асыр, асырды.

К ө б і к т і

Өйтпес болар Қарлыға...

Қ а р л ы ғ а *(атқып тұрып).*

Хан көке, тыңда, хан көке!

Қасиеті асқан ел алат,

Қылығы асқан қыз алат.

Қасиет, қылық білмеген

Қызталақтар нені алат?..

Қ а з а н

Кеке! Кеке! *(Деп шошына береді.)*

Қ а р л ы ғ а

Құртқаны да бер деген

Қорқау мінез осылар.

Қасиетін атасын

Мен тегім деп қосылар.

Бұлдағаны білек пе?

Сүймеймін де тимеймін,

Ірігем жоқ жасырар.

Батыр болса, бұлардан

Мен майданда кем бе екем?

Өнерім бар асырар...

(Деп Қазанның қос шоқпарын алып асықтай атады.)

Түкірмеймін, тимеймін!

Өз теңдесім болмаса,

Ынтығым жоқ бас ұрар. *(Көбікті қарқ-қарқ күле береді).*

К ө б і к т і

Қызығатын жөні бар!

Қыз біреу де, ер екеу,

Қырқысатын жөні бар!

Қ а з а н

Кеке! Кеке! Жөні бар!

К ө б і к т і (*қатайып, суынып*).

Белде, белде, белде еді!
Болды байлау, әмір сол,
Қаусата соғып Қыпшақты,
Қазан жорығын бастайды,
Аңди соғып Алшағыр
Түре қуып тастайды.
Бұйырмайды Қыпшаққа
Қыз Құртқадай асылым!
Қызыл жирен ат мінген,
Қылқа шоқпыт тон киген
Ері алады Ереннің.
Таласың жоқ, жалғыз-ақ
Бұрын жеткен алады!
Соңғыға да сауға бар,
Қарқ алтынға малынтып
Қарлығыны алады.

Қ а р л ы ғ а

Хан көке, не дедің сен, хан көке?

К ө б і к т і

Тіпті бұйрық, байлау сол...

Қ а з а н

Кеке-кеке...

А л ш а ғ ы р

Асыр-асыр, асырды...

К ө б і к т і

Әпкел, антпен түйемін...

Қыпшаққа деген кегімді.

Қ а з а н (*құлдарына бұйрық етіп*).

Келтір қанын Қыпшақтың,

Жау қанымен ант еттің.

Жез тегене келеді, шыныда Қыпшақ қаны.

К ө б і к т і

Батыр қаны қолыңда,

Тегіс батыр еретін,

Қостайтұғын кекке бастар жолымды!

Қазан, Алшағыр, Бірсімбай, Көбікті бәрі қолдарын қанға батырады.

Қарлыға тартынып, түңіліп, кейін жалғыз қалады. Көбікті бастап,
өзгенің бәрі қостап ант айтысады.

Тәңір ием, кең ием,
Қуәм өзің боласың.
Дешті Қыпшақтың алмасам
Тегіс тартып даласын.
Таптырмасам даладан
Бәрі тегіс қырылған
Исі Қыпшақ моласын!
(Дауыстарын үдетіп.)
Осы сертке жетпесек,
Төбесі ашық көк ұрсын!
Төсі түкті жер ұрсын!
Найзағай ием оғы ұрсын!
От иемнің шоғы ұрсын, шоғы ұрсын!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

II АКТ

Үшінші сурет

Ай шырайлы аяштың тойы. Қобыланды батыр ордасы. Тойды күткен қыз нөкер, күй безеген күйшілер. Ата-ананың тобын бастап Тоқтарбай мен Аналық шығады. Қастарында Қараман.

А н а л ы қ (келе жатқан Құртқаны тосып тұр. Қолында жұп шырағы — тілек шырағы. Тоқтарбайды жұп шырақпен тосады).

Қайырымды ием Қамбар-ау!
(Маңдайына шырақ көтеріп, тәу етіп.)
Қаралдымның қызығын
Қарқ боп көрер шақты бер!
Мен болғамын бір кезде
Бота ермеген,
Бозінген боп боздаған,
Мен аңыраған анаң.
Зар күнімнің, сол күнімнің арманы
Осы еді ғой бер деген.

Оюлы шымылдық шыға береді. Ар жағынан Құртқалар.

Кел, кел, айым, кел, айым!
Атаң өзім болайын, анаң өзім болайын!

Т о қ т а р б а й
Құтты қадам, жан балам,
Сапарыңа бақ тілеп
Алдыңда тұр ағайын.
Жалғзым жалқы болмасын,
Өсіп, өрбіп өркенде.
Бар тілегім бір айтып,
Жүп шырағым жағайын! *(Бү да тәу етеді.)*

Шымылдық ашылып, Құртқалар көрінеді. Қасында Қобыланды, Қарлығаш, Орақ сияқты қайын, қайынсіңділер бар. Қобыланды мен Құртқа қатарынан ілгері шығып, Тоқтарбай мен Аналықтың алдына келіп тізе бүгеді. Тосып тұрған үлкендердің бәрінің қолында қос шырақ пайда болады. Үстерінде, айналасында қоршай жанған шам-шырақ. Тоқтарбай бастап, бар жиын қостайды. Сиыну ырымы орындалады.

Т о қ т а р б а й
Жүп шырағым жалындап,
Жад еткенім өзіңсің,
От анасы, жарылқа!

Ж ү р т
От анасы, жарылқа!

Т о қ т а р б а й
Оттай ыстық достық бер,
Жұбын жазбай ұзай бер!
Жар жарастық қызығы,
Қартайғанша арылма!

Ж ү р т
Қартайғанша арылма!

Т о қ т а р б а й
Қарғысы қатты Қайрахан
Қазасынан сен сақта!
Қараңғыны жамылған,
Қараша үйінде қағынған,
Монтаны жарғыш ебінен
Егізімді сен сақта!
Жолын жарық, жарқын ет,

Ұлы пана өзіңсің,
От анасы, жарылқа!
Ж ү р т
От анасы, жарылқа!

Осы сәтте сахнаның төрт бұрышынан лапылдап төрт от жанады.
Құртқа мен Қобыланды сол оттарға кезек-кезек бұрылып, иіліп тізе бүгеді. Жұрт бұл кезде “от анасы, жарылқа!” деп тілек айтып тұрады.
Сыныу бітеді. Оттар сөнеді.

Қ а р а м а н. Уай, қайран ата-аналар! Тілектерің тап болсын, арқауылдай асқарлар. Тек жалғыз-ақ келінің киенкі болмағай-ақта. *(Құртқа қысыла бастайды. Үлкендердің кейбірі түсінгендей күле береді.)* Келмей жатып келінің қатты бұйрық беріп тұр. *(Қарлығаш Құртқаны құшақтап күледі.)* Жеткіз деп тұр сендерге... үлкендер өстіп мүлдем өзеурей бермесін дейді. Қосылған олар емес, бізбіз, өзегімізді талдырмай, қызығымызға тез жеткізсін. Ойын-сауығымызды бастасын тез. Болды енді деп тұр, мінеки. *(Жұрт күледі.)*

А н а л ы қ. Айтпайды оны ақылы толық аяшым.

Қ а р а м а н. Айтпайды? Әттең, айналайын аңқау анам-ай...

Қ ү р т қ а *(Қарлығашқа)*. Қой десеңші, қорғасаңшы, айым-ау!

Қ а р а м а н. Әне, әнеки, көрдің бе? Қарлығашқа да жанағы мен сияқты Құртқа айтқызып тұр. Ол одан да зорын айтқызады. Білмеуші ме ең, анам-ау. Бұл долы кемпір Көкланның қызы емес пе? Өзінің қасында шешесі момын, қоңыр қозыдай.

А н а л ы қ. Қой, қыспа менің қарғамды. Қысталаңда қинама.

Қ а р а м а н. Қайрахан! Бетім-ау, қысталаң болмай оңаша болса, ол мені оңдырар деп пе ең, өңменімнен өткізер. Одан да сол атаған тойменен ойын-сауығын бастайық.

Ж ү р т. Басталсын той! Қайырлы той! Жарқын той!

А н а л ы қ. Бар тілегім жолына, бар қызығын жайып сал қос қарғамның алдына. *(Үлкендер кете береді. Қараман Құртқа мен Қобыланды қасына келеді.)*

Қ ү р т қ а *(күліп)*.

Қайран құрдас, қайтейін,

Досым болып мұндайсың,
Қасым болсаң, қайтер ең?
Қ а р а м а н
Е, қасым дедің, шының ба?
Қасым болсаң, қазір алар үмітім бар.
Қобыландыны қасыңнан қазірден-ақ айырам.
Көкжал! Шық былай! Той-сауықты бастаймыз.

Қобыланды қозғала береді.

Қ ұ р т қ а. Осының да білгенің бе? Жалғыз-ақ күн
жанымда болса нетуші еді. Жалғыз бір күнді жырып алмай-
ақ қойса нетуші еді?

Қ а р а м а н. Қой, жалғыз-жалғыз дей берме.

Қ о б ы л а н д ы. Айтпасыма бола ма? Жалғыз ойым
білдірмей сен-ақ ие болсаң етті бәріне.

Қ а р а м а н. Ой, көкжал, жалғызбын деп өксіме.
Білесің бе, бәрлерің, шыны жақсы өзі де жалғыз болады.
Құмай жалғыз тумай ма. Сен құмайдан жаман ба ең?

Қ о б ы л а н д ы. Жақсыладым дегенде телігенің ит
болды-ау... итім демей не деймін. Жиынға барайық. (*Kemicedi.*)

Жастар жиынға әзірленіп сейіле береді. Сахнада Құртқа,
Қарлығаш ұзақ қалады.

Қ а р л ы ғ а ш
Қинаған жоқ па Қараман?
Жақсы көңіл жасытып,
Қынжыла көрме, жабықпа.
Қ ұ р т қ а
Айым, жаным, айтпа оны,
Жабықтырар әзіл жоқ.
Айтсам тек екеуіңе
Ішімдегі толқыған сырымды.

Қ а р л ы ғ а ш
Айт, жеңеше, жақыным де жаныңдай.

Қ ұ р т қ а. Антым, қабыл алдым мен. Көзім жұмсам
бір сәуле өне бойым балқып, шарпығандай жалындай,
мамыр күні маңғыстап, көк жүзіне еркелеп, қалқып ұшқан
ақ мамықтай ақ бұлт бақ мерейім тойы боп төбеке келсе
дер едім. Бұл кезде түйем: міне күмбезімді көремін бе, ей,
екі жас достарым. Кінә қылма, кеш мені.

Қ а р л ы ғ а ш

Ай нұрындай айтқызған
Ақ тілектің сәулесі,
Қуанам да қызығам.
Тек жалғыз-ақ, жеңеше,
Қысқа тілек тілегендей болмашы.

О р а қ

Қысқа демен, қарқ болдым деп кетем,
Мен күткен бақ, сағым шақ
Осындай-ақ болсашы
Мол есесін-ақ.

Қ а р л ы ғ а ш

Жапа көріп біреуден,
Түңілгендей тілеуден,
Аз қызықты көп көріп,
Не көрдіңіз, қысылдыңыз неліктен?

О р а қ

Алдағы тілек алыс боп,
Қолға жетпес қиын боп
Айырар болса еріктен,
Ей, қалқажан Қарлығаш,
Арман деген ащы зар,
Айта алмасын неліктен?

Қ а р л ы ғ а ш

Жасылды асыл тартқандай,
Бір сырды бір сыр тартар ма?
Бекінісін бұзғандай,
Шықса нетер жеріктен?

Қ ұ р т қ а (*Ораққа*).

Ұзатып мені келгенің
Ұзақ жолда үмітпен,
Содан бері бақсам мен,
Бір жалының бар көрем.
Шығаршы, жас, соныңды,
Нені сүйіп дүниеде,
Неден үміт күйінген?

О р а қ

Ашсам ба екен сендерге
Іздеушісі жоқ болған
Іште жатқан түйінді!

Қ ұ р т қ а (*Қарлығашқа*).

Айт десенші, айым-ау!

Қ а р л ы ғ а ш

Өзінің сырын өзіне

Билетсең нетті өйткенше.

О р а қ

Өз жүрегім билесе,

Өзек жарған мұңымды

Өзім деген жақынға да айта алман...

Мен бір жанмын жиын-тойда

Жалғызбын деп жасықпан,

Кей сәтте сағым көрсе,

Қу далада жалғыз көңіл

Қан базардай қайнаған.

Баққа жеткен бар деймін.

Мен емес оны тапқан жан. (*Қарлығашқа*.)

Бірақ әсте қайғылы емен,

Бір сырым бар жүрегімде,

Жан нұрым сол жебеген.

Тар зынданның ішінде, тас қамауға түссем де,

Қалдырмастай табынғаным өзі сол.

Қасарысқан жауыма

Қан кешуде жақ тартсам,

Арнап айтар айым сол!

Сиынып тартар жаным сол!

Аздым де барымша

Жан жүзінен жасырып,

Бек сақтаған батырым сол.

Бүгін ғана бой жазып,

Айналайын Қарлығаш,

Ашылмаған арманым

Алдыңа кеп бас ұрды.

(*Қарлығаш жылайды.*)

...Ашылмаса жөн бе еді?

Айтылмаса жөн бе еді?

Айттым дағы қиналдым,

Жасқансам да жайым сол...

Қ а р л ы ғ а ш

Шешілместей түйінді

Өзім түртіп толқытқандай болдым ба?

Тұнық көңіл тыныштығын бұздым ба?

О р а қ

Көктем күнін жар тұтып
Қауызын ашқан ақ гүлдей,
Жан сызы ашылады
Өзіңе сеніп сол гүлдей, Қарлығаш.

Қ а р л ы ғ а ш

Тоқыратады деміңіз,
Үндей алмай әзірше,
Бүгін айтар орайым жоқ,
Әзір берер белгімдей.

Қ ұ р т қ а

Қысыламысың әлде, әніме
Еріксіз айғақ боп қалған
Сырласпаған жақыннан.

Қ а р л ы ғ а ш (*Құртқаға*).

Бұрын сырлас болмасаң,
Тәңір қосса бұдан соң
Бар сырға жаны ортақ
Жан қиысар жеңгемсің.
Жасырарым, жасқанарым сен емес.
(*Ораққа.*) Дәлі күні айнамның
Көрем Қобылан тойында,
Бар көңілім бір-ақ тілек соңында.
Енжар болман қыз мұңымен,
Саған айтар барым сол:
Қайда жүрсең аман жүр.
Тірлігіңді тілермін,

Көп тілермін, көп ойлап. (*Орақ бас иеді. Қарашаш,
Қобыланды бастаған жастар тобы жайнай шығады.*)

Қ а р а м а н

Уай, жарандар, жар тыңда!
Алпыстағы Аналық,
Тоқсандағы Тоқтарбай
Толғатып көрген Қобыланы
Жортуыл жүрсе керек-ті.
Маған серік болар деп,
Сеніп берген көкжалын,
Қылдай белі бұралған,
Талшыбықтай оралған
Құлықтысы Құртқасын

Қарқ қызыққа кенелт дейд!
Маған сендер еріндер,
Оңашаға бермейміз.
Емешесі құрысын,
Қолқа салса көнбейді.
Қырық күн ойын, қырық күн той
Тарқамастан тойлаймыз.
Ж а с т а р (*қуанып күліп*).
Қырық күн ойын, қырық күн той
Тарқамастан тойлаймыз.

Дәл осы кезде шеру тартқан керней үні келеді.

Қ а р а м а н. Қайрақан, ой, мынау не мұң екен?
Қ о б ы л а н д ы. Шеру тартқан қол болар.
О р а қ. Ел ме, жау ма, қайдан жүр? Суық тартқан жол
ма екен? (*Шыға береді.*)

Осы кезде сахна сыртына тасырлап келген тұлпарлар дабыры білінеді.
Көк темірге құрсанған бурыл сақал бір батыр найзасын тіреп, ат үстінде
тұра қалады. Артындағы қолына қарап.

Қ о л б а с ы
Тарт, тарт, бері тебін!

Сахна сыртынан шауып өтіп жатқан қол білінеді.

(*Орақ жақындағанда.*)

Аман, аман, аман бол!

О р а қ

Ел, ел, ел бол!

(*Үйдегілер елерін.*)

Ел дейді, ел! Я Қамбар!

О р а қ

Армаң, батыр Аққозы?

А қ қ о з ы

Бар бол! Асығыспын, бар ма Қобылан батыр ұл?

Қ о б ы л а н д ы (*шығып*).

Қай жүрісің бұл жүріс?

А қ қ о з ы

Жүрісімді сұрама,

Қасасқан жау Қызылбас,
Қанқор Қазан қол бастап
Шауып кетті Қиятты.
Ері қырғын, ел сүргін,
Елі, жанын шұбатты,
Аттан, Қобылан, жауыңа!
Аттан, Орақ, бөгелме!
Өш алмасаң — өлгенің,
Қалма сен де, Қараман,
Ер батырдың жанына!
Жет соңымнан, жетіндер,
Тарт намысқа бас ұра! *(Деп жөнеліп кетеді.)*

О р а қ

Аттанбасқа амал не?

Қ о б ы л а н д ы

Кесел Қазан, келдің бе,

Кезігетін жеріме?

Қорған болар ер жоқ деп,

Пана болар жер жоқ деп,

Қан шеңгелді салдың ба?

Жазығы жоқ, жаулық жоқ

Иен жатқан еліме?

Тағы бір шапқын келеді. Тағы әлгіндей қол өте береді. Мұның бастығы үшінші қолбасы.

3-қ о л б а с ы

Кімнің қолы алдымда?

О р а қ

Аққозы кетті ағындап.

Қ о с д ә у л е т

Неғып тұрсың, Қобыланды?

Неге аттанбай тұрсың сен?

Қ а р а м а н

Жаңа білдік мән-жөнін.

Қ о с д ә у л е т

Не тұрыс бар ендеше?

Қ о б ы л а н д ы

Аман ба екен, білдің бе,

Қияттан өзге қалған ел?

Қ о с д ө у л е т
Амандықта сәні жоқ,
Ноғайлыны шауыпты,
Кесескені Қыпшақ дейд.
Жаланып кепті ит Қазан,
Аттан, тұрма, тез қамдан,
Тарт ілгері, Аламан.

Шаба жөнеледі.

О р а қ
Тарт тұлпарды, Аламан!

Жігіті жөнеледі.

Қ а р а м а н
Тарт тұлпарын көкжалдың,
Тайбурылдың өзін тарт!

Қ о б ы л а н д ы
Жақсы досым Қараман,
Аял берші аз ғана.

Қ а р а м а н
Немене, аял, не дейсің?
Алма үрейді, аптықпа.

Қ о б ы л а н д ы
Жалғыз ауыз тіл қатайын Құртқаға (*Үйге кіреді. Үйде қазір Тоқтарбай, Аналық.*)

Асығып күткен қызығың
Астан-кестен болғандай,
Айыбың жоқ, ата-анам,
Алтын ұям, жарымың жоқ сенің де,
Жанбай күнің солғандай,
Амалым бар ма жалғыз-ақ.

Ж ұ р т
Күйзелген шақ жетті,
Естіп қалай тұра алам
Ұран, сүрен сарынын,
Шама бар ма аял қылып қалғандай.

А н а л ы қ
Қуанышым Қобыландым,
Анаң тілек етеді.

Тойынды түгел өткізбей,
Алыстама қасымнан.
Қ а р л ы ғ а ш
Барма, көке!..
Қызығынды үзгендей
Жасқандың ба жылуыңнан?
Қ о б ы л а н д ы
Жарым деген жетсем де,
Жарым күн жарық көп болған,
Не дейсің сен, Құртқажан?
Қ ұ р т қ а
Барма деуге бара алмайды батылым,
Етегіңнен тартам ба,
Ерегісе келгенде
Елі күткен батырын!?
Күйігім көп көңілде,
Содан ғана сескенем,
Тыңдар болсаң сөзімді,
Аз күн аял тілер ем.
Қ о б ы л а н д ы
Жарым, Құртқа, аяшым,
Сен де аттанба дедің бе?
Қ а р а м а н
Емексіме, Қобылан,
Қысылармын сен үшін,
Қиналармын мұныңнан. (*Құртқаға.*)
Әзілім емес, ашу айтам, ей, қатын,
Салқын тарттым жаңа шерткен сырыңнан.
Құр амандық өзі емес,
Қасиетіңнен айырса,
Ердің аты ер болар,
Түйсең нетті тым құрса,
Қан жыласа қалың ел,
Үйшігіне тығылып,
Үйінде қалса сенген ел,
Қанша батыр болса да,
Қатын тілін алам деп
Қатынға тең болған соң,
Болмады ма қара жер,
Осыны білсең негуші еді.

Қ о б ы л а н д ы (Құртқаға).

Бұнысына не дейсің?
Сында тұрған басың бар.

Қ ұ р т қ а

Қысылмас ем Қараманның сөзінен,
Қиналамын сезгеннен,
Қамап тұрған қастығының
Қанталаған көзінен,
Сенушім әлсіз болғанда,
Серігің аз болғанда,
Тым құрмаса зор тәңір
Жат ойлаған жауы бірге болса етті.
Шабуылын шат көңілге төндірген
Тең еместей тарпы бар,
Қазан болмаса жалғыз жау,
Амандығың тілейін.
Сақтаушы ием, бек сақтасын сені онда!
Алыс жолға сен кетіп,
Қорғаны жоқ біз мұнда
Не көрсек те шыдадық.
Тапсырдым зор тәңірге...
Тұрма, батыр, сапар тарт!
Жолың болсын, жолбарысым, жортқанда!
Тілектен басқа дәрмен жоқ,
Өзіңнен басқа ойы жоқ,
Жас тілеуім жолыңа сарп еткемін,
Көңілі күпті, көзі жасты Құртқаң да.

Қ а р л ы ғ а ш

Барма, көке, жалынамын,
Бармашы бұл сапарға.

Қ о б ы л а н д ы

Барам, жаным, жалынба,
Болды байлау, аял жоқ.
Ер тірлігі ежелден
Бәрін салып сарапқа,
Екіталай үстінде,
Намысқа шабар жолында
Қарт тұлпарым бұрылды!

Жігіттер мен Қараман жөнеледі.

Ендігі бақ-талайым
Көк жебенің ұшымен,
Әкпел сауыт, сайманды!

Құртқа өз қолымен киіндіре бастайды. Аналық жылап шөгіп қалған.

Қ а р л ы ғ а ш

Қасарманың бар еді
Қарсы біткен емендей.
Айтпасыма әддім жоқ,
Анталаған жауың көп,
Тас қамауда біз қалсақ,
Жан көке, кімге тапсырдың?
Тоғай толған жылқың бар,
Қора толған қойың бар,
Жан көке, кімге тапсырдың?

Қ о б ы л а н д ы (*қатуланып*).

Алысарға шыққан соң
Аңдап айтар ер емен.
Амандығым садаға
Аңырап кеткен елімнен.

Т о қ т а р б а й

Сапарыңнан тыймаймын,
Ер туады елі үшін.
Тілегенде тәңірден,
Тусын деген жерім жоқ
Аналық пен мен үшін.
Тек кесірге жолықпа!
Астам сөзден алыс бол!
Қас иемнен қарғыс ап,
Қапы кетсең қимаймын.

Қ о б ы л а н д ы (*егесе түсін*).

Жоқ, жоқ, жағаласа шыққан соң
Тау суындай тасамын!
Жалынып бұғар жерім жоқ,
Жолды білмес жасылмын!
Өршеленіп ұрармын,
Өрлегенді білермін!
Қай қастаны кезіксе,
Егесуге шыдармын.
Егестім сол, егесуге құмармын!

Тоғай толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым.
Қора толған қойымды
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай
Жас бөріге тапсырдым.
Ата-анам – қартымды,
Қарлығашым жанымды,
Жар қызығын көрмеген
Жаным сүйген айымды,
Жанымнан асыл барымды,
Қимасам да айтқаным,
Қас иеме тапсырдым...
Жалғыз-ақ мұрат ойладым –
Өшім, кегім кетпесін.
Барды сарп етсем де,
Осыны ғана ойладым.
Зор тәңірге тапсырдым. *(Қаруларын алып.)*
Тарт, тұлпарым қанатым,
Тарт, серігім Тайбурылды! *(Жөнеле береді.)*

Жұрттың бәрінің қолында жұп шырақ. Бүгіліп тілек тілеп қалады.

А н а л ы қ

Жалындаған албырттық,
Астам сөзін аңдама,
Халық иесі Қамбар-ай!
Қарағымның жұлдызын
Оңынан туғыз, Қамбар-ай!
Ақ тілеумен көтерген
Ақ күмбезін жүдетпе,
Жан иесі Қамбар-ай!
Жас тілеуін жад етіп,
Жаңа келген жарының
Ақша бір жүзін суалтпа!
Бақ иесі Қамбар-ай! Қамбар-ай!

Жұрттың бәрі төрт тарапқа иіліп тілек етеді.

Ш ы м ы л д ы қ

Төртінші сурет

Қасқарлының биігі. Ноғайлы, Қиятты шауып, жауланып келген Қызылбас қолы тосқауылда тұр. Қолбасы батыр Қазан. Қазір мұның түсі, сауыт-сайманы жат, суық реңді... Қарқ болатқа шымқанған өзі мен жақын серік батырларының беттерінде неше алуан аю, қабылан тұмсығы рендес қалқан, масқалар бар. Қазан қолы таланған қазыналарды сүйретіп әкетіп жатыр. Кейбір әскерлері тұтқын қыздарды шұбыртып өткізіп жүреді. Сахна ортасында қарауыл биік – Қасқарлының шоқысы. Соның басында Қазан жалғыз қарауыл қарап тұр.

Қ а з а н *(қасына нөкері келгенде).*

Қара қатпа қабақты!

Қайда келед қуған қол?

Қалт етпей бақ жан-жақты!

Анау шаң не?

Анау кім?

Жеткен кезде айт маған!

(Өзі берірек түседі. Тұтқын қыздар өте береді. Қазан саспай қос шоқпарын аспанға атқылап, қыздарға қызыға қарап.)

Кеке! Кеке! Кекке-ке! *(Әскеріне ақыра бұйрық етіп.)*

Таламасын қыз біткенді Қызылбас,

Қылтамақтап өз ордама жөнелтсін.

Шабындыдан түскен қыз,

Өзімнен қалған сарқытты өзім тартам

Қайраты асқан ерлерге.

Қыпшақ қызы қас батырды кенелтсін!

Кеке! Кекке-е!

Н ө к е р *(биіктен).*

Алдияр!.. Таксыр!

Қазан қарайды.

Қуғын алды келіп жетті қасыңа.

Қазан биік басына шыға береді. Қасына өзіндей екі-үш батыр қолбасысы қосылған.

Қ а з а н *(саспай).*

Келсін бері, келіп көрсін,

Жез телпегін ұшырып,

Қызыл телпек кигізермін басына!

(Екпіндеп кеп Аққозы шығады. Артында қолының шеті көрінеді. Қазан ақырып.)

Кеке! Кеке-ке!

Тоқта, сөйлес қыламын!

А қ қ о з ы

Сөйлесерлік нем қалып еді сенімен!

Қ а з а н

Алысамысың ендеше? Кекке-е!

А қ қ о з ы

Алысқанда кескілеспей басылман! *(Ұмтыла береді.)*

Қ а з а н

Кел, кекке, бері, бер таман!

(Аққозы тауға баса бергенде Қазан саспастан тосады.

Аққозының алдына найзасын төсеп, 5-6 батыр тұра қалады.)

Қолың тегіс жетпепті,

Менің қолым жасанып тұр жаланып!

(Аққозы жақындағанда батырлар шанышпақ болып

ұмтыла береді. Қазан әмір етіп.)

Тиме, жібер бері қарай!

Кел, кел, мына көзің сал!

(Аққозы шығып қарайды.)

Тұнжыраған түмен қол!

Селдір екен, аз тобыңа тимеймін,

Тиер болсам ұйпап алам, аптықпа.

Жи артыңды! Аял бердім азғантай.

А қ қ о з ы

Не деп тұрсың сен маған?

Қайдан шыққан қайрымың!

Қасиетің шын болса,

Қарап жатқан халқымды

Қапыда шапқан қай сырың?

Қ а з а н

Еліңді егер қылсам да

Ес жиғызбай құйындай,

Қапыда алман еріңді!

Белдесіп тұрып бек соғам!

Бар қолыңа, артың тос!

Өршеленбе жиынбай! Кеке! Кекке-е!

Сырт айнала береді. Аққозы қолына келеді. Осы кезде қарсысына
Қосдәулет келіп жетеді.

Қ о с д ә у л е т

Қият, Қыпшақ, Қыпшақ, Қият!

(Қол екілене жеткен еді. Аққозы сабыр дегендей белгі етеді.)

Алжастың ба, Аққозы?

Неге тұрсың ұрынбай?

А қ қ о з ы

Тоқта, жетсін бар батыр,

Үшқындаған тобыңмен

Арандайтын жер емес.

Көріп қайттым көзіммен,

Қалың түмен қол жатыр!

Қ о с д ә у л е т

Жау санасып ұрсыппекен,

Не пәлені бастадың?

Неге шаптық ендеше?

А қ қ о з ы

Қой, Қосдәулет, тасыма,

Ел қырғыны жетеді.

Аңдымастан алғызар

Қастаным жоқ, қасыма ерген жасыма!

(Қарақорен жетеді.)

Жетті ме бар батырлар?

Не тұрыс бұл, не қорлық?

А қ қ о з ы

Алысудың кезегін

Аққозы ғана билейді.

Сенің қандай ақың бар? *(Қарақоренге.)*

Кім келеді артыңда?

Қ а р а қ о р е н

Ноғайлының аламан

Асыға жиып аттанған,

Он екі баулы қыраным

Болса керек артымда.

А қ қ о з ы

Жетсін Орақ тым құрыса!

Қарақорен жаурыншы,

Не көрінді балшыға?

Қ а р а қ о р е н

Амандық шығар, қайтушед,

Алыспастан қол тұрса!..
Келді ме, сірә, Қобыланды,
Арқауылым жас ұлан!

А қ қ о з ы

Қобыландысыз сөйлемей ме жаурының?

Қ а р а қ о р е н

Абыроймен сақтаса,
Сол-ақ қорғар бауырын
Қор боп кеткен.
Келмеген ғой ол сірә...

А қ қ о з ы

Жетпеді ғой жетер десе,
Асығыспен жол тартып,
Айырар десе бауырын!

Қ а з а н *(биікте)*.

Кеке! Кеке-ке!
Жетті! Тосып болдым мен,
Жиылдың ба, кемеліңе келдің бе?

А қ қ о з ы

Аял, айла ойлаған
Мен емен, сен қан шелек.
Тоспай-ақ қой, әзірмін,
Қорқушы ма ем ер болып!

Қ а з а н

Шық, ендеше, шық былай!
Содыр басы мен болам,
Соңыма ерген көп бөлек!
Өшің болса бір өзімнің басымда,
Мені жеңсең, елім жеңген боласың.
Байлауым сол, батырыңды бек сайла,
Шығар былай, айттым мана,
Шық қарсыма жекпе-жек! Жекпе-жек!

Барлық Қасқарлының биігінің басы, сай жағы “жекпе-жек, жекпе-жек”
деп құжынай жөнеледі.

А қ қ о з ы

Тілегені жекпе-жек?

Қ о с д ө у л е т

Жалтаратын жер емес,
Екі айтатын кеп емес!

А қ қ о з ы

Бермесіме болмайды,
Тілеп тұрса жекпе-жек!

Қ а р а қ о р е н

Ата батыр Аққозы,
Нұсқағаның барамыз,
Жау тілегі сол болса,
Біз де тілер жекпе-жек!

А қ қ о з ы

Кімді атармын жалғыз-ақ!
Ел-халайық сенгендей,
Ер егесін бергендей,
Қарақұйрық қабылан,
Қасымда жоқ Қобылан!

Д а у ы с т а р

Қайда? Қайда, келмей неғып жүр?

Қ а з а н *(бар қаруын сайланып, саспай оқшау барып).*

Шық, шық, жетті! Шық бермен!
Қайда шығар қарсыма,
Құрысқан ба батырың? Кекке! Кекке!

А қ қ о з ы *(қиналып).*

Тағы айғайын салып тұр,
Құрттың ба? Құрыдық ба жер болып!

Орақ шыға келеді. Қазан “жекпе-жек, жекпе-жек” дейді.

О р а қ

Тілеп тұр ма жекпе-жек,
Кім шығады, Аққозы?

А қ қ о з ы

Өлсем етті бүйткенше,
Тіленіп тұр келсін деп,
Қайда, қайда Қобыланды!

Қ о с д ә у л е т, Қ а р а қ о р е н

Қайда, келмей неғып жүр?
Не қылған ез, қор қылған?

О р а қ

Не деп тұрсың маңырап,
Шығар батыр жоқ па екен?
Қай қорлыққа көнбекпін,

Шыдар жүрек жоқ па екен?
 Бер, Аққозы, жекпе-жек!
 Мен барамын, бер кезек! (*Әзірлене береді.*)

А қ қ о з ы
 Бармайсың сен, сен емес!
 Қ о с д ә у л е т
 Екі-ақ батыр алысад,
 Екеуінің ісімен
 Тарқар болды бұл егес.

О р а қ (*Аққозыға*).
 Сал майданға, мені сал!
 Жау мерейін асырып,
 Бөгелетін жер емес!

А қ қ о з ы
 Тоқтат, сені салмаймын.
 Айт, айт жөнін, айт маған,
 Қашан келед Қобылан?

О р а қ
 Бөгелмес Қобыланды.

Қ а р а қ о р е н
 Қандай бөгет?

О р а қ
 Қалыңдығын жаңа әкелген күн еді...

Қ а з а н (*ақырып*).
 Кеке, кекке-е!..
 Шығамысың, қайдасың,
 Атаңның көрі, алақшы!..

А қ қ о з ы
 Қор қылдың ба Қобыланды.

Қ о с д ә у л е т
 Асты мынау қарақшы!

А қ қ о з ы
 Жауың ғой қызын жаным деп
 Жады болған екенсің,
 Тұлпар десем Қобыланды,
 Жабы болған екенсің.
 Сенен көрдім дермін
 Ер боп көрмес азапты.

Қ о с д ә у л е т
 Қорған ол Қобыланды.

Қ а з а н *(ақырып)*.

Жеңілдің, Қаңқай, жеңілдің.

Ер кезегі — үш кезек,

Үшеуінен ұтылдың,

Жеңілдің, Қаңқай, жеңілдің... Кекке, ке... ке!

(Қолбасы батырлары қостай жөнеледі.)

Д а у ы с т а р

Жеңілдің, Қаңқай, жеңілдің!..

А қ қ о з ы

Әттең, әттең, не болдым?

Қ о с д ө у л е т

Жер қылғандай не қылдым?

О р а қ

Тоқта, тоқта, тыңдашы,

Қиу, сүрен шығады.

Ағындап келе жатқан айқай келеді. Қазандар естіген жоқ.

Қ а з а н

Жеңілдің! Кекке! Жеңілдің!

Осы кезде Қобыландының ұраны шығады. Сахнаның үстіне қарай суылдап ағып сұңқар төнгендей бір сарын.

А қ қ о з ы *(бастан бар Қыпшақ)*.

Сәт-сәт, ақсарбас!

Айттым, тәңір, ақсарбас...

Қ а з а н *(мәз боп тұрған жерінен селт етіп қарап)*.

Кекке! Кекке!

Қ о б ы л а н д ы *(ағындай ақырып, сахна үстінен көк тұлпармен ағызып, ұшып өте бере)*.

Қара Қыпшақ, Қара Қыпшақ, Қара Қыпшақ!

(Деп асып кетеді.)

Қ ы п ш а қ т а р

Тәңірі, тәңірі, зор тәңірі!

Ақсарбас, ақсарбас!

Қ а р а м а н *(жүгіре шығып)*.

Жеттім, міне, мен дағы!

Д а у ы с т а р

Кел, кел! Келші, батыр серігі...

Қ о б ы л а н д ы (*Қазан тұрған Қасқарлы биігіне жарқ етіп атқып шыға келеді*).

Жекпе-жек, жекпе-жек! (*Деп өзі тілек етеді*.)

Қ а з а н

Кеке! Кекке-ке!

Мен тілегем жекпе-жек,
Алысатын Қызылбастың елімен,
Сайысатын менімен...

Қ о б ы л а н д ы

Не қыласың жолымды?
Елім кегін аламын,
Еңіреген ері мен!

Қ а з а н

Атаң сенің кім деймін?
Анаң сенің кім деймін?

Қ а р а м а н (*екіленіп тепсіне сөйлей жөнелін*).

Көзің ақсын, ит Қазан,
Сыбағанды беремін,
Сол емес пе Қобылан!

(*Дабырлай береді, жекпе-жек тәртібін бұзып тұр.*)

Қ а з а н (*ақырып Қобыландыға*).

Тыйшы ананы! Қайдан шыққан көргенсіз.

Қ а р а м а н (*өз кісілерінің тоқта дегеніне қарамай, екілене өршеленіп*).

Қара мұны, Қобыландыны танымай,
Танытайын мен саған!

А қ қ о з ы

Тоқта былай, Қараман!

Қ а з а н

Кеке, кекке-ке! (*Ақырып.*)
Тыясың ба ананы?

Қ а р а м а н

Тыям сені мен өзім! (*Құтыра беріп.*)
Жерге қағам, жоярмын.

Қ о б ы л а н д ы (*ашуланып, Қараманға ақырып*).

Қысқарт, тоқта, Қараман!

Қ а р а м а н (*құтыра береді. Аққозы, Орақ жетіп келіп, ұстай алып сілкі берсе де, тоқтамайды. Орақ жерден жұлып, көтеріп алып сілкіді. Сонда да тоқтамайды*).

Қырам сені, Қызылбас,
Танытамын әкеңді!
Қ о б ы л а н д ы (*Аққозыға ақырып*).
Танытамын әкеңді, өшір деймін,
Өшір үнін үргізбей!
Қ а р а м а н (*Орақ қолында бақырып*).
Қара мұның асқанын,
Қырам, жоям қазір-ақ.

О р а қ (*сілкіп-сілкіп жіберіп, алқымынан алып, бетіне бетін тақап тұрып*). Ей, кер кеткен, бері қара! Жолын бұздың жекпе-жектің. Не боп кеттің құтырып! (*Қараман бұған бақырая қарай қалғанда*.) Алдың Қобыланды, артың қалың қол, құтыртып тұрған сол ғой сені, мас қылып. Бөрі көрсе безіп кеп, бөксесін үйге тығып ап, босағадан шәуілдейтін.

Қ а р а м а н (*есі жаңа кіргендей, екі көзі бақырайып*).
Күшік? Шәуілдейтін? Не дедің, ой, батыр-ау?

А қ қ о з ы. Сүйдеймін.

Қ а р а м а н. Қап, жайымды әбден таптың ғой!
Сілейттің ғой серейтіп... Шоқ, шоқ, шоқ! Тілегенім сол екен, өзіме де обал жоқ. (*Тыйылады*.)

Қ а з а н (*Қобыландыға*).

Кеке, Қазан атым шыққалы
Қарсыласқан жауымның
Аямасы екенсің.
Қан кегімді қайнатқан
Қас дұшпаным екенсің,
Келдің өлер кезіңе. Кекке, кеке-ке!
Астындағы көк тұлпар,
Үстіңдегі көк сауыт,
Алыспай бер жан барда,
Тарт айыпқа өзіме.

Қ о б ы л а н д ы
Астымдағы көк тұлпар
Сен мінсін деп семірткен,
Әкең баққан мал емес!
Үстімдегі көк сауыт
Қорқау Қазан кисе деп,
Ынтық емес, зар емес,
Оң тілекпен тоқыған,
Өз қолымен кидірген

Жан жарымның бергені.
Тілегі болмай қалатын,
Сөзі жерде қалатын
Құртқам тегін жан емес.

Қ а з а н

Құртқа! Кекке! Шының ба?
Сені жойып алармын
Бек тоқыған сауытын,
Тартып алам, қоймаймын.

Қ о б ы л а н д ы (*тап беріп*).
Кел, келе ғой, көрейін!..

Екеуі де жағаласып кетеді. Екі жақ қол тиісе алмай анталасып тұр. Қожырасып тілектерін айтып тұр. “Көкқасқа”, “Ақ мүйізді ақ қошқар, ақсарбас” десіп қояды. Қобыланды бір кезде Қазанды мендетіп кеп қалқайта соғып ұшырып түсіреді. Тап беріп кеудесіне басып, қанжарды салып жіберіп:

Кешпес кегім,
Кетпес болар, аяман! (*Өлтіреді.*)

А қ қ о з ы

Аламан... Аламан!..
Жеңілді жау, аламан!

Жұрттың бәрі “Жеңілді жау, аламан!” деп қалаға қарай қаптай тартады. Сахна сыртынан қашып, жасып кеткен Қызылбас, бастырмалатып, жаулана тартқан Қыпшақтар селі білінеді.

Қ о б ы л а н д ы (*Аққозы, Орақ, Қосдәулеттерге*).

Бар, бөгелмей тарт енді,
Жет қалаға қолыңмен,
Босат тұтқын сорынан.
Кім бар, кім жоқ елімнен,
Тарт, тарт кегін бәрінің де,
Мен қаламын Қасқарлының басында!
Тосып алам осыдан, тарт шапшаң!

А қ қ о з ы

Тарт, ордасын ойран ет,
Тап еліңді, аламан! (*Барлығы жөнеледі.*)
(*Қараманға.*) Қасында қал, Қараман.

Қараман Қобыландыға тақалған.

Қ а р а м а н *(мақтанып)*.

Қандай қылдың Қазанды,
Пай-пай, тойым қалғандай,
Қалай алды мазамды...
Білгем, білгем осылай тынарын!

Қ о б ы л а н д ы

Ей, итім! Сен енді жалғыз бөссең де,
Еркінсисің білемін, солай тұрып соға бер,
Мен ұйықтаймын, тынығам. *(Жатады.)*

Қ а р а м а н *(бөсе беріп, Қазан өлген жаққа қаран)*.

Айттым, айтқам мен саған,
Солай берем сазаңды.
Мен бе, мен, мен әрдайым
Қырмай қайтқан емеспін.
Самғап шығам сәт сайын,
Қойған емен жол болмай,
Ақ жол! Ақ жол мен болам...

Осы кезде сахна сырты жат зуылға тола бастайды. “Зу! Зу! Арзу! Арзу!” деген жады Көклан екпіні. Бөсіп тұрған Қараман алақтай бастайды.

Ой, мынау не, Қайрақан!

Көк долы ма тағы да?

Бәлем, тақап келіп көр,

Жоям өзім көзінді!

(Дей береді. Бірақ өзі жады болғандай есеңгірей бастайды.)

Жоям! *(Талмаурап ұйқыға кетіп бара жатқан сияқты)*.

Не боп барам? *(Қобыландыға қарайды. Ол қорылдап жатыр.)*

Көкжал! *(Көзі жұмыла бере қалғып кетеді.)* Көклан! *(Қалғып*

кетіп.) Кө... көк... көк! *(Деп қорылдайды да, құлап түседі.*

Қарлыға шыға келеді. Үсті-басы көк болат. Қолында ұзын ақ семсер.)

Қ а р л ы ғ а *(Қобыландыны шауып жібергелі жатқанда)*.

Ата-бабам кезінен

Арылмастай у қалған.

Құрыған Қыпшақ, қасым сен,

Аямастай жауым сен!
(*Төніп кеп.*)
Шап, семсерім, тайлықпа!
(*Салып қап, Қобыландыға төне бере тоқырап қалады.*)
Не қылған жүз, мына жүз?
Жазықсыз бесік ішінде
Жат, жаманат білмеген
Маужыраған баладай...
(*Тоқтайды.*)

Тоқырап қалады. “Зу-зу! Арзу” деп Көклян ойнақтап шығады.
Артын ала көпіре шыққан Көбікті.

К ө б і к т і (*Қарлығаға*).
Белде, белде, белде еді!
Алдыға түсіп кетсең,
Семсеріңе сеніп ем,
Жапырттың ба жауыңды?
Қ а р л ы ғ а
Өзіңді тостым, хан көке!
К ө б і к т і
Қан кешуде жора жоқ,
Сыбаға жоқ үлкенге,
Табынары бұл жолдың
Семсер ғана емес пе ед?
Қ а р л ы ғ а (*Көкланды нұсқап*).
Семсерден бұрын серейткен
Долы анамның күші екен.
К ө к л а н
Зу! Зу! Арзу! Кес, кес басын, Қарлыға!
Қас дұшпаным өзі екен!
К ө б і к т і
Қазанымды жайратқан, белде, белде еді!
Біткені ме біздің бақ.
А н а л ы қ (*зарлап*).
Не дейсің?! Не дейді мынау, Қамбар-ау,
Жаманатын естірткенше жалғыздың
Жансамшы мен, өлсемші мен, жалған-ау!
Қ ұ р т қ а (*Қарлығашқа*).
Айым, тыңда, есің жи,
Сенерің жоқ болған соң,

Қайраттан басқа қайыр жоқ.
Көмексіз жаспен жасытпан
Жау алдында жасымды.
Қас мерейін асырсам,
Қор етермін жарымды,
Айым, тоқтал, тыя көр
Жатқа айтпастай зарыңды.

Тоқтарбай келеді. Беті-басы қан.

Қ а р л ы ғ а ш
Айналайын анакем,
Қор болды ма әкекем!..
Т о қ т а р б а й
Арылмаған сор екен,
Арманыммен өтермін,
Кімің тірі қалсаң да,
Жаудың жөнін білгейсің,
Тірі болса, жалғызға
Кегің сондай дегейсің.
Көзін жалғыздың
Жалмауыздай жаланып,
Қас иесі жазмыш,
Қаралдыдан айрылып,
Қалың сорға қамалып,
Қалдық па деп зар жылап.

Қ ұ р т қ а
Айналайын атеке,
Не десе де болжал бар.
Өшіге шапқан ол қасты,
Қасыңды өзің кім дейсің?

Т о қ т а р б а й
Тірі болса қаралдым,
Қас басынар мен бе едім,
Қазан ба деп қамығам.

Қ ұ р т қ а
Жасаған!
Келмесе екен тек Қазан.

Т о қ т а р б а й
Келмесе екен қуа кеткен

Сол жауым.
Оның түрін көргенше,
Жаман атты білгенше,
Өлім тіле тәңірден.
Қалам аузын қандатқан,
Көкке ұлытып Көкланды,
Азалы қып аңыратқан, ызалы жауым осы ма?

К ө к л а н

Бәрі де осы, ал басын!

К ө б і к т і

Көзін оя мен келгем!

(Шаба береді. Қарлыға өз семсерін жолға тоса қалады.)

Қ а р л ы ғ а

Алдияр, тақсыр, хан көке!

К ө б і к т і

Тай жолымнан, Қарлыға!

Қ а р л ы ғ а

Хан көке! Әмірің биік көктейін,

Алдыңнан шығар жерім жоқ.

Тек намысың жыртқаннан

Іркіліп қалар жөнім жоқ.

Бала күннен батыр боп,

Күркіреген күндей боп,

Көбікті боп өскелі

Қапылыста, ұйқыда

Қай жауынды алып ең?

Ойламасаң осыны,

Өкінер қылық еткейсің.

К ө б і к т і *(тоқырап қан)*.

Белде, белде!..

Солай ма еді, не дейді!

Ей, қуарғыр, құрғыр қыз,

Айтпасаң да нетушед?

Айтқаннан соң майрылады қылышым!

Кескілескен кесірге

Қандай сыйлық ет дейсің?

Қ а р л ы ғ а

Алып барып зынданға

Қорлықпенен салайық,

Барлық қаза, жазаның
Бәрін салып басына,
Ұзақ өшін алайық.
(*Қобыландының қол-аяғын өзі байлайды.*)

К ө б і к т і

Әпкел бері ендеше,
Қазан кегін жылан, шаян қоса алсын,
Өзінің соры өлмесе! —

деп Қобыланды, Қараманды екі қолтығына қысып алып, тарта береді.
Көклан “Зу! Зу!” деп қуана ойнақшып шығып кетеді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ІІІ АКТ

Бесінші сурет

Қобыландының ордасы. Қалпы бұрынғыдай. Бірақ тыстан шабуыл, шаншуыл дабылы келеді. Айқай-шу, сиыну, жылаумен қатар қиқұлап ұран, сүрен өктеп шығады. Шабуыл жақындап келеді. Шошынып шулап өтіп жатқан топтар білінеді. Сахнаға Құртқа, Қарлығаш жүгірісе шығады.

Қ ұ р т қ а

Айым, айым, қандай қастық қадалып,
Қан шеңгелі түйілді.

Қ а р л ы ғ а ш

Болжай алман, біле алман.

Қ ұ р т қ а

Айым, айым, қуатым. (*Қарлығашты құшақтайды.*)

Қ а р л ы ғ а ш

Құтырған қасқыр тобындай.

Қ ұ р т қ а

Аяу білмес ажалдай.

Қ а р л ы ғ а ш

Қандай дұшпан қадалған.

Қ ұ р т қ а

Болжай алман, біле алман.

Қ а р л ы ғ а ш
Кеткеннен-ақ шошып ем,
Айырылдым ба шынымен
Жалғызым, бауырым Қобыланнан?! *(Жылайды.)*

Қ ұ р т қ а
Сауға боп кетсемші!
Ақ шұнақ тоқты мен болып,
Асылым, жарым ағаңнан...

Қ а р л ы ғ а ш
Айналайын жеңешем,
Не күн туды басыңа?.. *(Аналық кіреді, зарлап.)*

А н а л ы қ
Қосарыңнан ажырармысың, жарығым!
Аңырармысың зарығып!
Қуанышым қос қалқам!
(Екеуін де құшақтайды.)
Бөрі шапқан қойдай боп
Бөріктім ғой қайтермін,
Үйім ойран, ел қалған,
Жад етемін, пана бол,
Жалбарынам, жасаған.

Қ а р л ы ғ а ш *(қарап шошынып).*
Қаптап келеді осылай,
Кесілген де тілеуім,
Құрыған да қайран шақ,
Мерт болған да Қобылан.
Әке сорлы, не дедің?
Шошындым ғой сөзіңнен.

Қ ұ р т қ а
Не дермін мен, жоқ, жоқ,
Жүрек лүпілдей ме
Теуіп ашып есігін.
Тас қамаудан шыққалы
Қас көбейткен шығармын.
Болмас Қазан, болмас ол,
Жұлдызыма, Қобыландыма сенем мен.
Алыста бол, бар бол, арыстаным,
Не көрсем де шыдармын.

А н а л ы қ
О-о, Қамбар, бере гөр!

Қ а р л ы ғ а ш
Айнымастан шыдармын.

Далада жақындаған шу.

Т о қ т а р б а й

Несіп кетті тағы да?

(*Есіктен қарай бере.*) Келіп қалды...

А н а л ы қ

О, қу басым, не дейім?

Т о қ т а р б а й

Жетіп қалды

Ордама да ойраны.

Қорғап өлем ұямды.

Ұмтыла береді, алдынан қалың нөкер қаптай басып,
қимылдатпай басып алады.

Қ ұ р т қ а (*Қарлығашқа*).

О, тәңір, бере гөр,

Қазан емес, басқа екен.

Қ а р л ы ғ а ш

Ия, сәт. Аман ба екен ағакем.

Қ ұ р т қ а

Біз не көрсек көрдік.

Алшағыр, Бірсімбай жетіп келеді. Бұлардың алдынан екі жаққа
тұра қалған жасауылдар иіліп, тағзым етеді.

А л ш а ғ ы р

Асыр, асыр, асырды!..

Бар сапарым, жол жорығым оңдалды,

Бөгетім жоқ жолымда. (*Құртқаға.*)

Іздей шыққан жоғым дағы оралды.

Қашсаң-дағы құтқаратын мен емес,

Қашқын қыз да біздің қолда.

Қ ұ р т қ а

Нең бар еді қалмайтын,

Неге жүрсің әлі күнге соңымда?

А л ш а ғ ы р

Ел жүрегін жаралап,

Қорлыққа кеткен Құртқа міні,

Намыспен қуған ер болам,

Қуанбасаң сорың да...

Қ ұ р т қ а

Намыскер ер болғаның
Алысар батыр жоғында.
Шал-кемпірдің ұясын
Шапқаның ба ұялмай,
Бұғып келіп бөрідей?

А л ш а ғ ы р

Асыр, асыр, асырды,
Қашанғы мен тоспа қып
Ұзаққа кеткен батырың,
Оралмас болса біржола!

Қарқ-қарқ күледі. Бірсімбай бірге күледі.

А н а л ы қ

Басыңа жетсін дегенің,
Өзіңе болсын сол жора!

А л ш а ғ ы р

Мен емес, келмес жол шеккен,
Шабуыл кеткен шартығың.
Ерді жайлап, елді алып,
Кеп тұрсам да кеммін бе,
Адасса да, Құртқаны
Қоя берер ермін бе?

Қ ұ р т қ а

Садаға кет ер болмай,
Қияда қыран жоғында.
Орнында қалған жеміне
Жетсем бе деген қарақұс!

Б і р с і м б а й

Тарт тілінді, асқақ қыз!
Алшағырға кол жетсе,
Арманы болмас Құртқаның.

Қ а р л ы ғ а ш

Арам болар, тиіп көр!

Б і р с і м б а й

Ендеше, серт етейін,
Ол емес, өзің олжасың.
Сыбағасын алмаса,
Сәні бар ма жортқанның?

А л ш а ғ ы р

Басыр-басыр, басырды. (*Бұйрық етіп.*)

Айтты әмірін бек адам.

Ал, алыңдар тұтқынға! (*Қарлығашты тарта жөнеліседі.*)

Құртқа қорғамақ болғанда, Алшағыр ұстап қалады.)

Тоқта, оны қорғамай,

Өзің құтыл әуелі.

Қ ұ р т қ а

Асқақтама, Алшағыр!

Сұңқар қосқан ұясы

Бұйырғанша құзғынға

Өртенгенінді ем көрер...

А л ш а ғ ы р

Бұйырмаған биікке

Оқыс салған ұяны.

Керегінде келгенімде

Ақиық қыран алатын...

Байқамай бұзды деп пе едің

Торқалы ойын-тойыңды?

Бұйырмайсың Қобыланға.

Қ ұ р т қ а

Бұйырмасам Қобыланға,

Бұйырмаспын жүз есе

Алшағырдай айуанға...

А л ш а ғ ы р

Ал, обалың өзіңе, қысас қылар

Қайратыма келіпсің.

Кесесетін аямай,

Кезегіме келіпсің.

Келер болса тіріліп,

Көмген топырақ басылмай,

Алшағырдай аямас

Жауының алған қатыны

Қуантар болса досыңды,

Қарқ қылар болса Қобыланды,

Сонда ғана сені алар!

Т о қ т а р б а й

Ей, Алшағыр, қуарған,

Ол сұмдықты еткенше,

Бар жанымды қырарсың!

А н а л ы қ

Атың өшсін, айуан,
Тарт қолыңды айымнан!

А л ш а ғ ы р *(өз кісілеріне).*

Кес тілдерін, тапжылтпа!
Ата-анасы осы екен
Аямас жауым Қобыландының!
Ал үстінен лыпасын... *(Екеуін тонайды.)*
Қазір күң мен құл етем,
Тіл табанын қазір-ақ.
Өз ордама жалшы етем,
Қор ететін қысасым!

Қ ұ р т қ а *(азап шеккен ата-енесіне).*

Айым, күнім, ата-енем!
Жат дұшпаным алдында
Айтылмаған серт берем.
Сендер көрген қорлықты,
Көре тұра ұмытсам,
Тірлік қылып қорлықты,
Жасық ойды жүдетсем,
Қуатым, барым Қобыланды
Күндіз-түні ойлаудан
Жас жүрегім суытсам,
Сәтте болсын жарық күн!
Өзге дәурен көргізер
Суалып бітсін қара көз!
Өзге тілек тілетер
Кесіліп солсын қызыл тіл!
Атам-енем, куә бол,
Жаным, жарым, соны біл...

А л ш а ғ ы р

Серт құтқарса көрермін
Аямасқа бекініп, бек ұстаған қолымнан
Алып қалса көрермін.
Жебір-жесір жосытып,
Шұбырта тартқан жолымнан! *(Қолына бұйырып.)*
Өрте, ойран, талқан ет!
Өрте дұшпан ордасын!
(От лаулай бастайды. Жын ойнағындай.)
Тарт, алып жүр бәрін де! *(Алғызып жөнелтеді).*

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Алтыншы сурет

Көк ауру Көбіктің кекшіл, кесір ордасы. Сахнаның жарығы, зындан жарығы. Тас қамау. Тар алаң, зындан іші алақөлеңке. Онда Қобыланды мен Қараман. Алдына Орақты әкеліп, бағып тұрған жендеттер бар.

Қ а р л ы ғ а (*Орақты тексеріп тұр*).

Басып кірме ордама,
Бағып тұрған бөледен
Бас тартпастай сен кімсің?

О р а қ

Бас тартатын жөнім жоқ,
Жауың емес, бейбітпін.

Қ а р л ы ғ а

Құтырған таңқай қалшасы,
Жауым емей, кімсің? (*Жендеттерге.*)
Бар, шығып тұр бұл жерден! (*Әскер кетеді, Ораққа.*)
Көзіңді жұмсам қайтесің,
Тіл, шырайға келместен.

О р а қ

Барға санап келгем жоқ
Өз басымның барлығын,
Досым үшін жан берем,
Орындауға кеп тұрмын
Ар-намысым жарлығын.

Қ а р л ы ғ а

Достық сондай сор ма еді,
Айтқызбаса қинайтын
Ащы сөзін зарлының.

О р а қ

Өтпеп пе еді өз басыңнан дос мұңы.

Қ а р л ы ғ а

Дос деген не өмірде,
Күткен емен әлі күн.

О р а қ

Жас жаның бар, жақсы қыз,
Көрмесең де көксейсің,
Жүгінемін жүрегіңе өзіңнің.

Қ а р л ы ғ а

Жан қиғаның Қобыланды ма?

О р а қ
Қапалымын сол қорлықта қалғанға.
Қ а р л ы ғ а
Алушы ма еді тіліңді?
О р а қ
Көңлім қалып көрмеп ед.
Қ а р л ы ғ а
Жалғыз жол бар, таңдау жоқ
Шығаруға Қобыланды,
Қас батырды қимаймын,
Қараңғыда қара қайғы кеміріп,
Өлмесін ер арманда.
Кек ұмытсын, жат десін
Артында алыс қалғанды.
Өзі өлтірген Қазанның
Орнын басып бек болсын,
Сақтап, билеп, қорғасын
Оң көзі боп ордамды,
Азаттығын әперем,
Ақ бейілім беремін,
Қадірлеймін, бек тұтам
Бұл сертімді алғанды.
Досы болсаң, осыған
Көндірет болсаң, сөзге кел.
Келмес болса қолыңнан,
Көнбес болса Қобыланды,
Білсін қосып аяман
Басына бәле салғанды,
Не дейсің сен сөзіме?
О р а қ
Жасырмаймын, қатал қыз,
Айтқансисың шығар жолдың амалын.
Қапасында зар шегіп,
Көбейтерсің азабын.
Ер намысын жаралап,
Атап тұрсың ең ауырын жазаның.
Қ а р л ы ғ а (*ақырын*).
Тоқтат, босар мен емес!
Екі айтатын мен емес,
Көрінбегі көп болар

Сыбағаң тіпті сенің де,
Енді қайтып көрінбе. (*Жүре береді.*)
О р а қ
Амалым жоқ, аял бер.
Қ а р л ы ғ а
Айт шапшаң!..
О р а қ
Көнөді деп айтпаймын,
Өтілейін алдынан.

Қарлыға белгі береді. Аз қараңғылықтан соң зындан ішіне елес сәуле түседі. Кішкене тесік аузында Қараман қарсысында Орақ тұр. Бұл жерде Қарлыға да қарап тұр.

Қ а р а м а н
Орақпысың?
О р а қ
Бармысың?
Қ а р а м а н
Құрысам етті бар болғанша бұлайша,
Көп азабы, көп биті
Талап, түріп барады,
Қажытты ғой, Орақ-ай.
О р а қ
Қобыланды ше?
Қ а р а м а н
Көкжалдан да жал кетті-ау!
Қ о б ы л а н д ы (*қараңғыда ызамен үн салып*).
Зарлама енді зар жақ болған жетім қозыдай,
Кімге шағып тұрсың,
Сенен артқан не күйі бар Орақтың.
Қ а р а м а н
Зындан емес, тым құрса
Азат аспан астында ғой.
Қ о б ы л а н д ы
Бәсе, мұндай күнді көргенше,
Сөнсе нетті жанарым,
Орақ шабар ер-ақ десем,
Неғып жүрсің тіленшідей тентіреп.
Қ а р л ы ғ а (*жалғыз*).
Тіленшідей!?

Қ а р а м а н

Қалай келдің бұл жерге?

О р а қ

Қорлықпенен кеп тұрмын.

Қ а р а м а н

Мәнін айтшы.

О р а қ. Екеуіңнің билігіңмен осы зындан кілті де, қамау-қоршау күші де балуан қыз Қарлығаның қолында. Сол Қарлыға қыз бұйырған аманатпен кеп тұрмын.

Қ а р а м а н. Не қыл дейді?

О р а қ. Қияс, қастан көңілден Қобыланды қайтсын.

Қ а р а м а н. Орайына не дейді?

О р а қ. Оң шырайым болат дейді.

Қ а р а м а н. Шығара ма зынданнан?

О р а қ. Шығарам, бірақ шырғамда қалат дейді.

Қ о б ы л а н д ы. Қорлыққа сатпақ па екем, мен халқым менен Құртқамды.

Қ а р а м а н. Солар үшін шықсаң нетті әуелі.

Қ о б ы л а н д ы. Құлдыққа сатып басымды алмаймын мен.

Қ а р л ы ғ а. Ал дер емес қой.

О р а қ. Көнбесінді білгемін.

Қ а р а м а н. Көнбессің сен сірә.

Қ о б ы л а н д ы. Өлсін Қобыланды өстіп, оны бүйткенше...

Қ а р л ы ғ а

Қандай қырыс сөз шығады бөрісінен

Қыпшақтың кездеспеген кер асқақ,

Аша алмасқа әддім жоқ,

Кекшіл жүзін көрмекпін.

Жаңсақ айтад,

Жаны ашыған өзінің,

Жаза болса арманың,

Аңсамай-ақ аласың,

Берер болсам азаттық,

Құртқаң үшін беремін,

Қызметімді қыласың.

Қ о б ы л а н д ы (*жетін келін*).

Қайда, қайда сен, қанеки,

Келші бері, бер таман,

Көрінші бір көзіме!..

Қ а р л ы ғ а

Келдім, міне, не дейсің?

Қ о б ы л а н д ы

Дейтұғым сол: танып ал,

Сен атаған азаттық —

Азабымның ащысы.

Жетегінде жүретін,

Шыжымыңмен ұшатын

Кім деп білдің Қобыланды?

Қ а р л ы ғ а

Тек майданда емессің,

Тек жарыңның қолда жоқ,

Қуғанымда өтерсің.

Қатты айта алмай қиналам,

Тарта айтамын амалсыз.

Бірақ білсең нетуші еді,

Қарлыға ма екен асқақтап

Арзанға сатар саяғың.

Қ о б ы л а н д ы

Уай, зарлы қыз, тілің тиді,

Сен емессің кінәласар мұңдасым.

Күткенің көп қылығы, ісінен,

Азынатып қолда ұстап,

Зарықтырып қалдырар,

Айғыры емен қамбар боз,

Байтал көрсе бас ұрар.

Қ а р л ы ғ а

Тарт тіліңді, Қобыланды.

Қ о б ы л а н д ы

Тартпаймын мен, бәрін біл,

Алмаймын мен азаттық

Қас дұшпаным қолынан,

Бақталайым тілермін,

Ақыра құлаш сермесем,

Ысқыра тілген жартасты

Ақ семсерім қолымнан,

Қайта қаптап келермін,

Көбіктідей көк ауыздың

Сыбағасын беремін.

Жалынып алмай сендейді,

Бұрымыңды борт кесіп,
Бүріп алып кетермін,
Бұра тартып жоныңнан.
Бар қастығың қыла бер. *(Ораққа.)*
Жоғал, жаным жасытпа,
Жөнел, жоғал көзімнен! *(Жалт беріп қайта қараңғыға кетеді.)*

Қ а р л ы ғ а *(өз-өзіне).*
Жаралғалы хан боп
Жан жүзінен көрмеген
Қорлығымды көріппін.
Қалай, қалай, неліктен,
Неге талқан етпеймін,
Қайда намыс қайнамай?!
Ашуым, мұқаларым жоқ,
Айыға алмайым, бұл қалай?
Қызықтым ба?..
Әлде бақ па, әлде сор ма!
Аянышым арынымды жеңіпті,
Жайын тауып жайламай. *(Ойланып қалған.)*

О р а қ *(тайқи беріп).*
Біліп едім
Жөнсіз бір сөз боларын.

Қ а р л ы ғ а *(Ораққа).*
Жоқ, жоқ, тоқта!
Шақыр бері жолдасын.

О р а қ
Қараман!
Қ а р а м а н *(тақау келіп ақырын).*

Не қыл дейді тағы да?
Қ а р л ы ғ а *(жетіп барып ақырын).*
Жастың қоры жан екенсің,
Сақтармысың, ашылмастан сыр айтам.

Қ а р а м а н
Айт, айтып көр, тыңдайын.

Қ а р л ы ғ а
Жат ниетпен келсем де,
Қайтып тұрмын бұл сәтте,
Бұным жеңді өзге ойым,
Байлаудағы батырды

Қатты қинар жайым жоқ,
Бара алмады батылым,
Қарлығаның жол ашқан
Шығар емес есігінен,
Бір жасытпай болмайды,
Естіп тұрмын жаманат.
Қ а р а м а н, О р а қ. Қай, қандай жаманат?
Қ а р л ы ғ а
Алшағырдай аш бөрі
Хабарын алып Қобыланның
Ордасын шауып келіпті.
Жанкүйердің барлығын
Қырып, айдап еліне,
Жебір-жесір еріпті.
О р а қ
О не дейді, не дейді!
Қ а р а м а н
Құрысам нетті есіткенше,
Сұм етті.
Қ а р л ы ғ а
Тапсырарым жалғыз-ақ:
Тұспалменен айтпасаң,
Туралап айтпа батырға,
Булығып өлер ашудан.
О р а қ (*Қараманға*).
Рас айтады, тілін ал.
Қ а р л ы ғ а
Ақылыңды айт енді сен,
Не тілесем Қобылан шықпақшы,
Өзім қорғап отырған
Қырсық қамау зынданнан.
Қ а р а м а н
Қандай ғана досым ең,
Айналасын қаралық,
Жалғыз ғана айла бар,
Тұсына әкеп батырдың,
Тақымына бұрау сап
Шыңғыртындар Бурылды,
Шыдай алмас ширығар,
Ашу ғана шығарар.

О р а қ

Болды байлау, амал сол.

Қарлыға, Орақ жөнеледі. Қараман ойда тұр. Зындан. Қараңғы.

Қ а р а м а н

Көкжал-ей, Көкжал,

Мен жиналып тұрмын-ау.

Қ о б ы л а н д ы

Білемін.

Қ а р а м а н. Тұншықтырған тас қамау. Қара қанат албастыдай тағы да кеп төніп тұр. Екеу-ақпыз тағы да.

Қ о б ы л а н д ы. Ал.

Қ а р а м а н. Қайрат серің болмасам да, ақыл серің болсам деуші ем. Не істедік осы біз.

Қ о б ы л а н д ы. Қайт деп едің сен маған?

Қ а р а м а н. Не қыларды білмесең, неге алмадың азаттық?

Қ о б ы л а н д ы. Не қылушы ем үйтіп ап?

Қ а р а м а н. Тілемегің өлім бе?

Қ о б ы л а н д ы. Қорлық тірлік алғанша, қарғыс өлім шақырғам.

Қ а р а м а н. Басың өшіп айтарсың. Бірақ Қыпшақ, Қият ел қайда? Қыс қыстауың Қараспан, жаз жайлауың Жиренкөл тосып қалған қайда? Арманы көп ата-анан, жалын жұтқан жар қайда?..

Қ о б ы л а н д ы. Толқын ұрған жардай қып қаңсытпа жанымды, жаратқан ие мен бе екем? Түбі қылдай жалғыз қып туғызған болса қайтемін. Тілеп алған шер ме екен?

Қ а р а м а н. Жалғыз да болсаң жалын ең. Ойлар деп ем артыңды. Жаман айтпай жақсы жоқ. Құлағаныңа иіле көрме, Қайрахан. Ойлаймысың, құланым. Бүк түсіп біз жатқанда құшағыңда қу тастың, ел шабылып күңіреніп, ата-анамыз қолды боп, жар-досымыз сорлы боп қорлықта жатса қайтеміз.

Қ о б ы л а н д ы *(ширығып кеп, құса болып қайнай бастайды)*.

А-а, не дейсің? Не дейсің?

Өртедің ғой, не дейсің?

Осы кезде өзгеше бір жат үнмен шыңғыра кісінеген Тайбурылдың даусы келеді. Қиналып шыңғырады. Қобыландылар отырған зынданның қабырғасын тепкілеп, жәрдем күткендей жанталаса шыңғырады.

Қ о б ы л а н д ы. Кімнің үні? Кімнің үні мынасы?
Жанымды өртер жақын жанған жалындай. Кімнің үні,
айтсаңшы?

Қ а р а м а н
Сай-сүйегім босады,
Тілеп тұр ғой көмекті.

Қ о б ы л а н д ы
Тайбурыл! *(Аласұрып.)*

Қ а р а м а н
Шақырады Тайбурыл!

Қ о б ы л а н д ы
Жан қанатым Тайбурыл,
Жау азапқа салды ма?

Қ а р а м а н
Алда есіл жануар,
Алыста жатып зар шеккен
Анасындай Құртқаның
Зор айқайын шалды ма?

Қ о б ы л а н д ы
Құртқа, Тайбурыл! *(Шынжырын талқандай бастап.)*
Қайна, қайна, жайрат, аянба!
Қарысып өлмей қолыңда,
Қарғыс айтып қалам ба?

Зындан ішін талқан етіп, шырмауынан босай бастайды. Сырттан жасауылдар жүгіріп келісе береді.

Б а с ж а с а у ы л *(Қылышын жалаңаштап алып).*
Бұзып шықпақ зынданды,
Тос, тос семсермен,
Жет жасауыл батырға,
Көбіктіге хабар ет. *(Бір жасауыл жөнеледі.)*

Жас жасауыл зындан ішін бағып тұр. Қобыланды өз шынжырын талқандап Қараманды және босатып жатыр. Қарлыға, Орақ шыға келеді.

Қ а р л ы ғ а *(жасауыл бастығына).*

Не боп жатыр бұл жерде,

Не көрінді көзіңе?

Б а с ж а с а у ы л

Шыққалы жатыр дұшпаның,

Төсеп тұрмын алдынан

Аяусыз алмас жүздерін.

Қ а р л ы ғ а

Тай, былай тұр жолынан! *(Жасауыл қозғалмайды.)*

Жоғал, өзім тосамын,

Жоғалсын тез іздерің! *(Бұйрық тыңдалады.)*

Б а с ж а с а у ы л

Аздың ба, қыз, жолыңнан!

Қобыланды жақындап зындан есігін бұза береді.

Қ а р л ы ғ а

Жоғал!

Б а с ж а с а у ы л

Кетпеймін, мен азбаймын.

Қ а р л ы ғ а *(қылышын суырып алады. Орақ қоса суырады. Ораққа).*

Тоқтал, жігіт, былай тұр. *(Жасауылға.)*

Алмас болсаң тілімді.

Ж а с а у ы л

Тыңдамаймын тіліңді, тұр былай,

Өлесің өз қолымнан.

Жасауыл таймайды. Қарлыға жолдағы екі жасауылдың семсерін жайдай ойнатып, топ-топ қағып түсіреді. Бас жасауыл тап береді. Қарлыға екеуі қанжарласып кетеді.

Қ а р л ы ғ а *(қағысып жүріп).*

А-а, кел-кел маған, келіп көр,

Асып па едің, адыр құл?

Қобыланды осы кезде есікті талқан етіп шыға келіп, жалт қарап қалады. Қарлыға бас жасауылды қағып шауып, қалпақтай ұшырады.

Қобыландыға салқын ғана салмақпен.

Айып етпе, мезгілі жоқ ойынды,

Алдың ашық, батырым!
Тосар болса тағы да,
Мә семсерім, серігің,
Жөнеле бер жапырып! (*Семсерін созады.*)

О р а қ

Қазір өзім, Қарлыға.

Қ а р а м а н

Қарыздармын, Қарлыға...

Айналайын Қарлыға.

Қ а р л ы ғ а

Неге алмайсың, Қобылан,

Дос қолымен, барымен

Созып тұрған семсерді?

Қ о б ы л а н д ы

Қазір үркем, Қарлыға,

Не деп алам білмеймін.

Қай қайратпен ақтаймын,

Қандай сертпен ырза етем

Осынша жақын досымды!

Қ а р л ы ғ а (*қасына қуанғандай жетіп келіп, семсерді беріп*).

Мә, қиналмай, ала бер,

Досым деген жалғыз сөз

Бар қарыздан құтқарды.

Ырзалығым соншалық,

Қисам дағы аз дермін

Ақ жолыңа басымды!

Осы кезде қатты дабыр, жат сарын келеді. Жау келіп қалған.

О р а қ (*жалт беріп қаран*). Пәле шықты, қайтадан келе жатыр Көбікті.

Қ а р а м а н. Қайрақан! Ал, Қобыланды, есің жи!

Қ о б ы л а н д ы (*саспай Қарлығаға*).

Қалай болды, Қарлыға?

Бір борыштан айықпастан алдында,

Алысар болып әкеңмен,

Қос қыспаққа қалдың ба?

Не қылмақпын мен енді —

Бар тілегім өзіңде!
Ақыл тосам өзіңнен.
Қ а р а м а н
О, Қайрақан, кеп қалды,
Жи есіңді, Қобыланды!
Қайттім, қайттім тағы енді?
Айналайын Қарлыға... Қобыланды!
Қ а р л ы ғ а (*Қобыландыға*).
Әкем де болса амал жоқ,
Айтарым жоқ қайтадан.
Берме есенді, барың сал,
Аянып қалма мен үшін,
Тірлігіңді мен тілеймін, Қобылан!

Көбікті келеді.

К ө б і к т і
Белде, белде, белде еді!
(*Жалақтап күркірей келіп Қарлығаға*). Қап-қара боп,
құса боп, қан қатқандай ішіме, кешпестей боп кек қатқан.
Қас қанымен ант еткен ежелгі жауым осы еді. Білмеуші ме
ең, Қарлыға? Не ғып тұрсың жайратпай?
Қ а р л ы ғ а. Әке, мен бекіндім Қобыланнан.
К ө б і к т і. Айтпа, айтпа сұмдықты. Қайда сенің,
қолыңа сеніп берген семсерім?
Қ а р л ы ғ а. Ол семсерің әнеки, қас жауыңның қолында.
К ө б і к т і. Не қорлыққа көнгенсің? Өлі айрылмай
тірідей семсеріңді жау алып, неге тірі тұрсың сен? Айт, айт
маған мұныңды?
Қ а р л ы ғ а
Айтпағым, жайым сол,
Біле бер, әке, жөнімді.
К ө б і к т і
Өлтірсең нетті, мені өзің,
Жойыл, жоғал көзімнен!
Қыз емес, қара қаншық боп,
Қапсаң нетті мені сен? (*Қобыландыға тап береді.*)
Шық, шық бермен, шық былай!
Қ о б ы л а н д ы
Кел, Көбікті, келіп көр.

К ө б і к т і *(булығып күйгеннен есінен айрылғандай қай қаруын жұмсарын білмей бұрқ-сарқ етеді).*

Белде, белде, белде ме?

Қайнатып өртер қанымды,

Қорлық-қорлық келді ме? Келді ме! *(Жекпе-жек.)*

Жоям, жоям, жоқ етем...

Қ о б ы л а н д ы *(кек салмақпен қағысып жүрін).*

Үш, Көбікті, өлесің,

Өлеріңе келесің.

Кеш, Қарлыға, кеш,

Қарлыға жан досым! Кеш мені!

Қ а р л ы ғ а

Жас тілеуім қолыңда,

Өлме, батыр, аман бол.

К ө б і к т і

Не дедің соған, Қарлыға? *(Соғысып жүрін.)*

Не дедің, сайқал, қара бет.

Келермін мен, келермін,

Еліме сенбе, осыдан

Өз қолымнан көмермін,

Көмермін мен, қара бет! *(Дей бергенде Қобыланды ұшырып түсіреді. Көбікті жайрайды.)*

Қ а р а м а н

А, дос ием, ақсарбас,

Ал, батырлар, аял жоқ,

Жөнелейік тезірек.

Қ о б ы л а н д ы

Жөнелейін, тапжылма!

(Қарлығаның алдына келіп семсерін суырып, иіліп.)

Айыбымнан арылатын күнім жоқ, бердім билік өзіңе, ал барымды. Жарылқа!

Қ а р а м а н *(Ораққа).*

Қайрақан! Не деп кетті мына албыт!

Құтылып ап зынданнан,

Құл ноктаға бас иіп

Қор болары қалды ма?

О р а қ

Шарасы жоқ сүйенбеске,

Есің болса, жолын тап.

Қ о б ы л а н д ы

Не тілейсің, Қарлыға?

Қ а р л ы ғ а

Бар билігің беріпсің,
Бар мұратым жеткендей.
Еркінді алар мен емес,
Тыңда бірақ, батырым!
Жалғыз тілек етейін.
Қайда жүрсең қасыңа
Қан майданға бірге алып,
Қандай сенсең досыңа,
Ала кетсең өзіңмен,
Өзге тілер қолқам жоқ...

Қ о б ы л а н д ы

Бердім, досым, жүр бірге.

Қ а р л ы ғ а

Ердім, баста, батырым!

Қ а р а м а н (*жетіп келіп Қарлығаға*).

Қайран асыл Қарлыға,
Құтты болсын қадамың!
(*Қобыландыға*.) Ерттің ғой сен досыңды?

Қ о б ы л а н д ы

Ерттім, итім, көрдің ғой.

Қ а р а м а н (*Қарлығаға*).

Сен еркінді бердің ғой.

Қ а р л ы ғ а

Бердім.

Қ а р а м а н

Ендеше, қол солай-ды,
Білетұғын бірің жоқ,
Қарлығаның достығын
Сұраймын мен сауғаға.

Қ о б ы л а н д ы

Бас билігім өзі алған,
Маған ерер жолына
Аямаған әкесін,
Ақ бейілін салған,
Өзі ырзалық етпесе,
Соған билік етерлік
Жолым бар ма, Қараман.

Қ а р а м а н

Батырдан сауға барлығын

Білмегесін жол емес,
Ер жолының қарызын
Саудаға салар күн емес,
Берді батыр құрдасым,
Достығым сенде, Қарлыға,
Еркімде болат өзімнің,
Сол болады жаза алғым,
Ер соңымнан, Қарлыға,

Қарлығаны қолынан тартып жөнеледі. Барлығы кетеді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ИНТЕРМЕДИЯ

Бұрынғы Қобыланды ордасының орны. Өртеніп орда, қаңырап қоныс қалған. Тылсым бұғандай жым-жырт боп, жайраған дүниелік арасына баяу басып Қобыланды шығады, жалғыз.

Қ о б ы л а н д ы
...Сенбісің? Бұл сенбісің?
Есіл алтын бесігім.
Жазығым не, жазығым не осынша,
Қарсы алардай жабығып?! *(Толғана күңіреніп.)*
Күндіз бүркек, түн тұман,
Қуарып солған сор заман.
Қайда тұрмын қаңғырып?
Жұрты жатыр, елім жоқ,
Батпағы жатыр, көлім жоқ.
Қаңырап қалған Қараспан,
Баурыңда бұла өскен
Балапаның келіп тұр.
Жазығым не осынша,
Түншыққандай үн шықпай,
Осыншалық дал қылып?
Ол, Қобылан, десең де,
Он атсаңшы, жаңғырық!

Тас болмасаң, қу дүние,
Аясаңшы, айтсаңшы,
Қайда, қайда жүрмін қалғып?

Қобыланды өз мұңымен жым-жырт болып өртенген босағаға сүйеніп
қалған. Бір шеттен жалғыз Орақ шығады, о да жүдеу.

О р а қ

Күйреп қалған дүние
Күл боп жатқан үмітімдей,
Күйрелмеске не қалды,
Аз өмірде алдымда
Алыстағы сары белден
Алтын шапақ нұр атып,
Туар сәтке тосушы ем.
Қуанышым күнімдей,
Зар-шерімді шаққанда
Тірлігімді тілеп ең,
Қайтем сүйткен тірлікті.
Танымаса бар өмір,
Дем бермесе бойыма,
Жылы тартып ойыма
Жалғыз бір қатқан үніндей.
Өзің түгіл, бірің жоқ,
Хан жүзіне жадырап
Қарар менің жүзім жоқ,
Айрылудың арманы
Айығатын күнім жоқ. *(Тұрып кетеді.)*

Қ а р а м а н

Қайран менің құрдасым,
Саған нала келгенше,
Өзіме пәле болсын дер,
Қадірлесім, қимасым,
Кесір айдап келгенде,
Кезең кезіп жүргенде
Амандығым тілейтін
Аяулы жаным, құрдасым,
Өтті ғой зарың, аяулым,
Қайдасың, жаным, құрдасым! *(Ізденіп, тыныштық
таба алмай жүріп, алтын қазық тауып алады.)*
Бү не, бұ не, мынау не?

Бүлінген дүние ішінде
Бұғып қалған белгідей!
Көкжал, Орақ! Бер қара! *(Қобыланды, Орақ жақындайды.)*

О р а қ

Бұ не, не қып ұмыт қалған?

Қ а р л ы ғ а

Тегін бұйым болмас-ты,
Әдейі қалған емес пе,
Тасқа жазу салғандай?

Қ а р а м а н

Тоқта, тоқта, қайттім мен,
Айналайын Құртқажан,
Айналсамшы есіңнен!
Көтер басты, Көкжалым,
Көтер бері, бер қара!
Ай, жұлдыздың тұрақсыз
Тынымсыз кешкен жолында,
Темірқазық аспанда
Тапжылмастай тірегі,
Сол жарықтан айнымас
Қайда жүрсең Құртқаңның
Саған деген жүрегі.
Сол белгісін қалдырған
Жандай жардың жолында,
Талдым, солдым дер болса,
Шіріп-ақ қалса болмай ма?
Ер дегеннің тілегі...
Таста, Көкжал, азаны,
Жұлдызыңа бет түзе.
Қаралы оғың, қаралы,
Көтер деймін басыңды!

Қ о б ы л а н д ы

Қанатыма қанат қос,
Жалыныма жалын қос,
Айтшы, айтшы, тағы аямай,
Айтшы аямай, есіл дос.

Қ а р л ы ғ а

Қадірлесім, Қобыланды,
Аямасың, қасың кім?
Қайда екенін білемін!

Қалдырмайық жұртыңның
Жау қолында жабығып,
Жанып-сөнген тілегін.
Қинамайық Құртқаңның
Қайғыменен қан жұтқан
Жалынға толы жүрегін!
Бар қайратым қан кегінің жолында,
Сарапқа сал серігіңнің білегін!
Сен мұратқа жеткенше,
Қай қамалы тұрса да,
Ашуменен сермелген
Ақ найзаңның ұшы боп,
Алдында өзім жүремін!
Қамдан, батыр, әзірлен!

Қ о б ы л а н д ы

Әзірлен, достар, әзірлен...
Көк жүзіне тырмысып
Көгеріп өскен жас емен.
Тілемесін тәңірінен
Тұнжыраған тыныштықты,
Қас иесі қуып кеп,
Қара бұлттан туып кеп,
Құтыра соққан дауылын
Қарайласым десін ол!
Қарлы мұзы жанаттай
Қарсылай соққан қаңтардың
Сықырлаған аязын
Сыбағам деп білсін ол!
Төңкеріліп аспаны,
Түйіліп келіп төбеден
Күтірлей ұрса кең ие,
Шатырлай түссе найзағай,
Шың етпестен шымырлап,
Тағы соқ деп тұрсын ол!
...Жас емендей жас елім,
Қайсар күшің қайт қылман,
Ала алмайсың, қас өлім!
Көнбес үшін қарысам!
Жеңбек үшін алысам!
Алдында осы жалғыз жол,

Алдымда осы жалғыз жол...
Ер, достарым, соңымнан,
Бол, бол, кегім, басшым бол! *(Тартып кетіседі.)*

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

IV АКТ

Жетінші сурет

Арыны күшті аюдай хан Алшағыр ордасы. Сарайдың ішкі даланына шығатын алаң, ашық үйінде Бірсімбай мен қалыңдығы Күнікей отыр.

К ү н і к е й *(күйеуін тоқпақпен басқа ұрып тұрып, күле беріп)*. Соқ, тоқпағым, соқ-соқ! Соқ, тоқпағым, тоқ-тоқ!

Б і р с і м б а й *(Күнікей қатты сақылдап күлгенде)*. Семсерінді ал да шауып жіберсеңші бұл басымды бұдан да.

К ү н і к е й. Ойын бұзбай, қан шығармай ойнаймын.

Б і р с і м б а й. Осының да тәттілік пе. Қабағы жарасқан қалыңдығыңның оң қарап ұнатқаны ғой, ә?

К ү н і к е й. Ұнатқаны ғана емес, сүйгені сол. *(Күледі.)*

Б і р с і м б а й. Әттеген-ай, онда балуан қыз болмағаның жаман екен, айызың қана түсер еді ғой.

К ү н і к е й. Шыдамасаң, шыныңды айт, көлгірсіме. Бірақ Күнікей жарың осындай.

Б і р с і м б а й. Сүйгені жазадай де. Күйгені қандай десеңші.

К ү н і к е й. Уай, қой әрмен. Күнікей кептерше сүймейді, жүнжіп, жидіп. Сілеусінше сүйеді, тістеп, тырнап. Шыдамаса шандозым өле қалсын ойыннан. *(Сақ-сақ күледі. Алшағыр кіреді.)* Соқ, тоқпағым, соқ-соқ! *(Тағы да күледі.)*

А л ш а ғ ы р. Ойын ба? Ойын бұзған не көред?

К ү н і к е й. Кім бұзады ойынды!

А л ш а ғ ы р *(қатуланып)*. Жау, жау бұзады...

К ү н і к е й, Б і р с і м б а й. Жау? Жау?

А л ш а ғ ы р. Жат жаманат келіп тұр, қамауда жатқан жау Қыпшақ құтылып кетіпті тұтқыннан.

Б і р с і м б а й. Біздің берік зынданнан ба? Қара бассын әкемді. Айырылғаны несі. Алжыды ма. Қара басып, Көбікті!

А л ш а ғ ы р. Айып әкенде емес, Қарлығада.

К ү н і к е й. Қарлығада? Не қылған ол?

А л ш а ғ ы р. Зынданнан өзі шығарып, қашып кетті. Өзі бірге (*тасырлап*) кетті жауыңа еріп, аңшыға ерген қаншықтай!

Б і р с і м б а й. Қаншық? Қансылата жоймасам ба көзіңді. Не қып қалған, неге жоймай айырылып отыр Көбікті? Не қып өлмей тірі отыр.

А л ш а ғ ы р. Тірі емес деп естимін. Жаманат бар, жазым бопты деп отыр.

Б і р с і м б а й (*қайнап*). Кімнен жазым болыпты?

А л ш а ғ ы р. Кетерінде жарып кеткен Қобыланды дейді.

К ү н і к е й. Жау қолынан өлген бе? Не деген қорлық еді?

Б і р с і м б а й. Үйтіп өлген әкем болса садаға болсын шерімнен. Ома қапсын өлмесе. Кегім, кегім, Алшағыр! Қамдан, сайлан, жол тартам. (*Тулап әзірлене бастайды.*)

А л ш а ғ ы р. Салдым барды кегіңе, қамдануға әзірмін. (*Екеуі кете бергенде Күнікей тоқтатып қалады.*)

К ү н і к е й. Кек, кек! Кектен басқа табынатын тәңір жоқ. Тек кезек-кезек кек болсын. Алшағыр, бұйрығым бар! Жауыңа еріп Қарлыға қашса, тегін емес, қатын болып қашқан да. Қайын атамды өлтіріп, Қарлығасын қатын еткен дұшпанды құр өлтіріп қояр болсаң, қорсың өңшең дер едім. Қолыңда отырған жоқ па көк шүберекке түйгендей оның жаны... Құлықтысы Құртқасы. Сен де соны қатын ет. Қорлап қатын еткен соң ғана жауды көздей жөнейсің. Осы менің бұйрығым!

Б і р с і м б а й. Кектің басы осыдан. Ал, Алшағыр, бұйрығын!

А л ш а ғ ы р. Алмасыма шарам жоқ. Өзің білдір бетпаққа, бұйрығыңды өзің айт!

К ү н і к е й. Өзім айтам қазір-ақ. Шақыр! Келтір мұнда күндерді! (*Алақанын қағып-қағып қалады.*)

Бірсімбай, Алшағыр қаруларын қамдай шыға береді. Күнікей жалғыз.

Аздан соң тұтқын Қарлығаш пен Құртқаны алып жасауыл келеді.

К ө б і к т і

Азалы Құртқа сенбісің

Айрылдым деген жарынан?

Қ ұ р т қ а
Не демексің тағы да?
К ү н і к е й
Өлі айрылдым деп едің,
Айрылыпсың тірідей.
Зынданнан босанып,
Көбіктіні өлтіріп,
Құтылыпты Қобылан.

Қ а р л ы ғ а ш
О-о, дос ием Қамбар-ай!
К ү н і к е й (*Құртқаға*).
Сен қалайша қуанбайсың?

Қ ұ р т қ а
Сүйінші болмас тілерің,
Тағы да бар ғой айтпағың.
Айтып тындыр барлығың,
Үздір Құртқа күдерін!

К ү н і к е й
Үздіретін мен емес,
Біл Қобылан қорлығың!
Зынданнан шығарған,
Аямаған әкесін
Қайраты асқан Қарлыға
Қыздан достық тауыпты,
Досын алып кетіпті,
Үйдегі жар ұмыт боп,
Соны тыныс етіпті...

Қ ұ р т қ а
Мен қуанар аз екен,
Білмей тұрмын жалғыз-ақ
Күнікей неге мәз екен?

К ү н і к е й
Өлгенменен өлмек жоқ,
Берген жардың бейілі
Қайта оралып келмек жоқ.
Қарлығаның орайы
Қайтар болды Құртқадан.
Алмақ болды Алшағыр.
Жақсы сөзбен жан тартам
Жарасатын жеңгем деп...

Қ а р л ы ғ а ш

Үніңді өшір, оқ жылан,
Қас тілеуін жалмаған!
Өзіңдей деп ойлап па ең?
Өк дегенде өзеуреп,
Аярлықтан талмаған...
Садаға кетсін Алшағыр
Айналайын ағамнан.
Азатұғын жеңгем жоқ,
Садаға кетсін Құртқамнан!

К ү н і к е й

Болдың ба айтып барыңды,
Сертім болсын, асқақ қыз,
Саған да іш тартармын.
Соныменен ақтармын
Сен былғаған арымды. (*Құртқаға.*)
Не дейсің, сен өзің айт! (*Құртқа үндемейді.*)
Тағы да, жалғаны көп жарыңды?

Қ ұ р т қ а

Таныдым...

Қ а р л ы ғ а ш

Не деп тұрсың, Құртқа, сен?

К ү н і к е й (*Қарлығашқа.*)

Шығарма енді үніңді! (*Құртқаға.*)
Танығаның шын болса,
Таңдар жолың жоғын-дағы білерсің?

Қ ұ р т қ а

Білдім...

Қ а р л ы ғ а ш

Құртқа?..

К ү н і к е й

Құртқа! Ал дедің бе Алшағырдан сүйінші?!

Қ ұ р т қ а

Шақырып бер ағанды,
Айтысатын сертім бар...

К ү н і к е й (*кейін бұйрық етіп.*)

Келсін мұнда Алшағыр,
Келсін бері Бірсімбай! (*Алшағыр, Бірсімбай келген соң.*)
Құртқа айтатын байлау сөз
Әйгіленсін жақынына жауымның,
Келтіріңдер атасы мен енесін!

А л ш а ғ ы р
Келтіріңдер, тыңдасын!

Тоқтарбай, Аналықты кіргізеді. Олар құл мен күн халінде.

К ү н і к е й
Жалтаратын жол емес,
Жасырып айтар сыр емес,
Адасқанның айыбын
Алдына келіп ашатын
Алшағыр тұр.
Сөйле, Құртқа, сертінді.

А н а л ы қ
Қай жазамен қинамақ?
Т о қ т а р б а й
Қандай серт болушы ед?

Қ а р л ы ғ а ш
Шыда, сорлы ата-анам,
Таныр болсаң тосыннан
Білінбеген дертінді.

Қ ұ р т қ а
Жұлдызынан жаңылған,
Жаманатқа таңылған,
Азалыда амал жоқ.
Бұрын бетін серпсем де,
Бүгін үйтер шарам жоқ.
Айтқаның болад, Алшағыр,
Тек жалғыз-ақ Қобыландының
Қарлығыны алғанын
Таныт, көрсет көзіме.
Көрісімен тиемін,
Одан әрі аял жоқ...

А н а л ы қ
Не деп, не деп кеттің сен?

Қ а р л ы ғ а ш
Қайран ағам, қойныңа салмақ болғаның
Жарың емес, жылан ба ед?

А л ш а ғ ы р (нөкеріне өмір етіп).

Тоқтат тілін зәрлінің. (Қарлығашты жасауыл жұлқып ұстайды.)

Т о қ т а р б а й

Не дермін мен, не дермін...
Тентіреген тірлікте
Бұндайда медің көрер күн!
О, сұмырай, көрер күн!..

А л ш а ғ ы р

Алдым, Құртқа, сертінді!
Бұрымын кесіп сайқалдың,
Басын кесіп Қобыланның
Алдыңа әкеп табысқанын танытпай,
Алдамаймын, алмаймын мен еркінді...
(*Бұйрық етіп, Тоқтарбайларды нұсқап.*)
Есітерін есітті,
Шығар мынау құл, күнді.

Оларды алып кетеді. Осы кезде ойнақшып, құтырып Көклан шығады.
Алдынан нөкер атаулы жапырыла бас иеді.

К ө к л а н

Көзін көрсет, көзін көрсет
Сертін берген сайқалдың! (*Құртқаға жетіп келіп,
айналдыра тіміскілей қарап жүріп.*)
Қызым болған күнінде
Қырсығыңа шыдағам,
Жатым болған күнінде
Айдағы ақ піріме
Аямасқа ант бергем.
Тілеп алған сыбағаң! (*Тіміскін.*)
Монтаны ма? Монтаны!
Монтанысы бар болсын.
Мені демеп енгізген,
Иектеген иесі.
Атың өшсін, Алшағыр,
Алданар болсаң тағы да,
Жер соқтырар күн болса,
Киенкінің киесі! (*Тағы тіміскін.*)
Сөзін алма, өзін ал!
Сертін алма, өзін ал!
Сертін алма, өзін ал! (*Ойнақтап шығып кетеді.*)

Қ ұ р т қ а (күліп).

Таныстырар сен болсаң,
Жар таппас па ем мен ерте!
Не ғып тұрсың, Алшағыр,
Басын алсаң асаудың,
Аяма да мені өрте!..

Б і р с і м б а й

Жок! Ердің серті екі емес...

А л ш а ғ ы р

Қайтарым жоқ айтқаннан,
Тек, тек бірақ килікпе.
Қолқа Құртқа сен,
Қыпшаққа деген кегімді,
Бастаймын мен кезекпен
Мына тұрған байталдан! (Қарлығашты көрсетеді.)

Қ ұ р т қ а (күліп).

Алмастан бұрын өзімді,
Сайламақпең күндесті?

Б і р с і м б а й

Не деп тұрсың, Алшағыр?

А л ш а ғ ы р

Асыр, асыр, асырды,
Тұра тұр былай бетімнен,
Кейіме, тыңда, Күнікей!
Сен бұйырдың, мен көндім,
Сен де маған кезек бер!

К ү н і к е й

Бердім кезек бұйырсаң!

А л ш а ғ ы р

Сенен асар Қаңқайдың
Қай қызының талайы?
Күң қатын қып, қор қылып
Бірсімбай алсын мынаны!

Қ а р л ы ғ а ш

Тарт қолыңды қасиетті басымнан,
Зарламаймын, садаға кет жасымнан.
Қара басса, Қарлығаш
Қатын болмас, қар болар...
Қай мінезім жағып ед,

Жау бәріңе жар болар?
Сансыз отқа күйгенше,
Сен сұмдарға тигенше,
Қадір білер Қарлығаш
Жас тілегін жад етіп
Жан бауыры Қобыландының *(Сапысын жұлып алып,
өзіне сала береді. Күнікей атқып барып ұстайды.)*

Жанын айтып жолына,
Жарылып өлер, қан болар!

К ү н і к е й

Сен бе тимей тулайтын?

Сен бе безер ерімнен?

Қ а р л ы ғ а ш *(арпалысын).*

Жиренемін, жиренемін, жат көрем

Азынаған көрімнен...

К ү н і к е й *(Қарлығаштың қолынан сапыны жұлып
алып).*

Не дедің, не дедің сен, не дейсің?

Бекзада туған Бірсімбай,

Қай Қаңқайдан кем едің? *(Ашумен қайнап.)*

А л ш а ғ ы р

Алдым, алдым, көндім мен.

Бұйрығыңа бас ұрдым.

К ү н і к е й

Намысым қайнап күйгеннен,

Жарыма тілі тигеннен

Егестім де кестім мен!

Құң қатын қып аласың,

Таспа тіліп жонынан,

Көндіріп жолға салмасаң,

Ерім емес, қорсың сен.

Ал, Бірсімбай, ал мына,

Атым өшсін, ант ұрсын,

Алғызбасам осыны!..

А л ш а ғ ы р

Асыр, асыр, асырды!..

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Сегізінші сурет

Сол сарайда, сол орын. Бірақ бұл суреттің оқиғасының көбі үй ішінде емес, сарайдың ішкі алаңының ішінде болады. Алаңды қоршаған биік тас қабырға, шойын қақпа көрініп тұрады. Құртқа, Қараман шығады.

Қ ұ р т қ а (*асығыс Қараманды ерте шығып*).

Алыста ма, арыстаным қайда жүр?

Қ а р а м а н

Алыста емес, тақауда тұр тіл күтіп!

Қ ұ р т қ а

Жақын тұрған кісің бар ма қорғанға?

Қ а р а м а н

Килігем деп кіжініп,

Зорға шыдап Орақ тұр

Жазса осы деп жалғанда!

Қ ұ р т қ а

Килікпесін бір өзі,

Тез әкелсін Қобыланды!

Басқа түскен қыспақтың

Асып тұрған сор кезі.

Арыстанның аузында

Ажал тосып сәт сайын

Ата-анасы, бауыры тұр!

Таусылғанша амалы

Әреңменен жары жүр.

Тілімді алсын арыстан,

Шаңдатпасын алыстан!

Тақап келіп тап берсін,

Мә, қорғанның кілтін ал. (*Қараманға кілт береді.*)

Бір күн сейіл еткіз деп

Алшағырдан алып ем.

Бөгелме енді, барың сал!..

Қ а р а м а н

Кетем, Құртқа, жөнелем,

Көмегіңе бұл жерде

Батыр серік қыз берем!

Қ ұ р т қ а

Қыз? Кім еді ол?

Қ а р а м а н

Қарлыға!

Қ ұ р т қ а (*күлімсіреп*).

Айта кетсең нетеді,

Кім деп алам көмегін?

Қ а р а м а н (*о да күліп жазыла беріп*).

Қай-ра-қа-а-а-н!

Қалжыраған болса да,

Алжыған жоқ құрдасың.

Қараман ба ед жансыздан

Сыр тартатын бөбегің?

Қ ұ р т қ а (*күліп*).

Күпті еткенше көңілімді,

Түйіп кетсең нетуші ед.

Қ а р а м а н

Саспа!

Көкжал болса мен білген

Сұлулардың сендердей

Талайына жетуші ед!

(*Қарлығаны ертіп кеп.*)

Ал, мен кетемін жөніме,

Шүйіркелесе екеуің

Танысып ап, табысып,

Барың сал да серік бол

Батыр қуған кегіне. (*Жөнеледі.*)

Қ а р л ы ғ а

Құртқа?!

Қ ұ р т қ а

Қарлыға?!

Қ а р л ы ғ а

Шалғыншы боп келіп ек,

Арманым жоқ жол болса...

Қ ұ р т қ а (*Қарлығаны қасына отырғызып*).

Айтқаның келсін, Қарлыға,

Осы күнді тілеп ек!

Қ а р л ы ғ а

Аяғаны батырдың

Жебір, жесір жасыған

Қара Қыпшақ ел болса,

Аңырағаны зар тұтып,

Қалың қайғы қажытқан
Қарт ата-ана бір болса,
Аңсағаны жалындап,
Құлықтысы Құртқа едің.
Көзім көріп күйігін,
Шыбын жаным жолына,
Сен тигенше қолына
Құрмалдық болсын деп едім.

Қ ұ р т қ а

Қарыздармын, Қарлыға,
Қайысыпсың қамыстай
Қорлықтағы зарлыға!..
Ұмытпаспын, аямаспын барымды,
Бұл тірлікте шықпаспын
Айнығыш болып алдыңа.
Алғыс деген аз бейіл
Айтқаныммен толмайды. *(Күлімсіреп.)*
Тағы бар ғой бір жора,
Өзегін берер өр болса,
Өзіңдей жақын көз болса,
Алғыс олай келмейді,
Рас емес пе осыным, Қарлыға?

Қ а р л ы ғ а

Өзім дерлік болсаң сен,
Өзге тілек тілемен!

Қ ұ р т қ а

Ашылса екен маңдайым...
Айықса екен тұманы...

Қ а р л ы ғ а

Алынса екен ер кегі,
Жеткізсе екен қуғаны!

Қ ұ р т қ а

Күпті болған жүректің
Тарқаса екен күмәні!

Қ а р л ы ғ а

Тарқаса екен күмәні!

Қ ұ р т қ а

Тар көңілді арнадым
Талабына батырдың.

Қ а р л ы ғ а

Бар тілегім, бар күшім
Керегіңе жарасын!..

Көклан келе жатады. Зу! Зу! Арзу! Құртқа Қарлығын қалтарысқа
тығады. Көклан Күнікейді ерте шығады.

К ө к л а н (*тіміскілегендей құтырып*).

Қайда! Қайда! Жайрағыр!
Жау бар жақын, Алшағыр!
Қайдасың сен, Алшағыр,
Жау бар жақын, ес қайда?

К ү н і к е й (*жүгіріп*).

Шақырайын, шақыртайын бәрін де! (*Құлға*.)
Шақыр, келтір Бірсімбайды,
Шақыр жылдам Алшағырды! (*Құл жөнеледі*.)
Қандай қатер, анам-ау,
Қатер жау ма сасқандай?

К ө к л а н (*құшырланып*).

Есіңді жи, секек қыз!
Жіп-жіңішке жол қалды,
Екеуміз-ақ қашқандай!

Қамдан, қамдан, қасыма ер! (*Алшағыр, Бірсімбай
шығады*.)

Жау бар, жау бар, жайрағыр!..

А л ш а ғ ы р

Қайда? Қандай, қандай жау?

Б і р с і м б а й

Қайдан таптың жоқ жауды?

К ө к л а н (*бағанадан жым-жырт тұрған Құртқаның
маңын тіміскілегендей құтыра шарлап*).

Мұнда, мұнда, мынада,
Монтаны да мынау!
Құлатады басыңа
Қараспандай қу тауды.

К ү н і к е й

Құртқа!

Қ ұ р т қ а (*сақылдап күліп, Көкланға*).

Алжыпсың ғой, анам-ау,
Мен туарда көрінген
Баяғы ашқан балың ғой.

К ө к л а н

Қайра, қайра, қайырлы,
Қамдан есуас Алшағыр! *(Көкклан құтырына жөнеледі.)*

А л ш а ғ ы р *(ақырып).*

Шақыр қолды қорғанға,
Соқтыр соғыс дабылын!

Дүние даңғаза бола бастайды. Әр жерден жүйткіп өткен жасауылдар. Аз
толас. Биік қорған басына Қобыланды жарқ етіп шыға келеді.

Қ о б ы л а н д ы *(көрінбестен ұрандап келе жатыр).*

Қара Қыпшақ!

Қара Қыпшақ! Қара Қыпшақ! *(Тұрған қабырғасына
шыға келеді. Қасында Орақ және бірінші, екінші қолбасылар.)*

Қ ұ р т қ а

А, тәңірім, кең ием!

А л ш а ғ ы р

Асыр, асыр, асырды.

Қ о б ы л а н д ы

Мен, мен жеттім, міні, Қобыланды.

Шық, шық, қатын болмасаң!

Шық қарсыма, Алшағыр!

Б і р с і м б а й

Жекпе-жекте тілеп тұр.

Пауза.

Алшағыр!

А л ш а ғ ы р

Ашылсын деп тұрған-ды,

Аярлықпен алдап тұр!

Қ о б ы л а н д ы

Шық, шық менің қарсыма,

Аюсыған Алшағыр.

Қорқар болсаң жерге кір!

Шық, шық! Жекпе-жек!

Б і р с і м б а й

Алшағыр! Енді қашан, Алшағыр!?

А л ш а ғ ы р

Шықпасам ба деп тұрмын...

Қ ұ р т қ а

Қарусызға қасқыр ма ең,
Өл, бүйткенше, сен құрғыр!

А л ш а ғ ы р

Не дейд, не дейд? (*Құтырынып.*)

Тұр былай!

Асыр, асыр, асырды. (*Құтыра жөнеледі.*)

Қ о б ы л а н д ы (*қорғаннан сыртқары түсе беріп*).

Кел, кел бермен, кел бері!

Көрінбей кетеді. Сырттан жекпе-жек үні келіп жатады.

К ө к л а н

Құртқа! Құртқа, басың, байыңды,
Бақтым, бақтым енді сенімен. (*Бірсімбайға.*)

Алдаған болса аярдай,

Аямастай жаза кес,

Аянбай кес, Бірсімбай!

Б і р с і м б а й (*Құртқаға*).

Қасым болсаң қылқұрттай,

Өз обалың өзіңе!..

Қ ұ р т қ а

Ер егесі сол ма еді

Кіжінетін қатынға,

Қарсы барып жау құртпай...

Одан дағы екеуің

Құтылатын қам ойла.

Сырттан Қыпшақтардың қуанған айғайы келеді.

Д а у ы с т а р

Жайра, жайрады жау Алшағыр... Алшағыр!

Қ о б ы л а н д ы (*қайта шыға кеп*).

Жайрады жауым Алшағыр,

Шық ер болсаң, Бірсімбай!

Б і р с і м б а й (*тап беріп Құртқаны қармап алып,
семсерін сілтеп тұрып, Қобыландыға*).

Кет қорғаннан, көрдің ғой,

Кетпес болсаң жөніңе,

Жоқ етемін жарынды!
Алыспай алам жаныңды!
Қ о б ы л а н д ы
Құтқарам деп елімді,
Жолына айтқам басымды.
Кеш, қош, жарым, жұлдызым,
Қимасам да жанымды,
Қайта басар мен емен.
Қамап тұрған бетімнен
Босатпаймын маңыңды.

К ү н і к е й
Сал ендеше семсерді, Бірсімбай!

Б і р с і м б а й *(сермей беріп).*

Жойдым міне, жоқ еттім! *(Бұл ұра бергенде Күнікей баж етеді. Оны сарт етіп кеп, Қарлыға қармап алған.)*

Қ а р л ы ғ а
Аш көзіңді, Бірсімбай,
Оны өлтірсең міні орай! *(Семсерін сермей беріп.)*
Айрылдың мынау жарыңнан.

К ү н і к е й
Құтқар мені, Бірсімбай...

Б і р с і м б а й
А, мұнда ма едің, мұнда ма едің, сен сайқал,
Келді кезім, келді кезім кек қайтар!

Құртқаны тастай бере, тап беріп Қарлығаға ұмтылады.

Қ а р л ы ғ а
Кел, келіп көр өшіксең!
Кім жеңерін күш айтар.

Екеуі де жекпе-жектің асқан шебері, тілін ұққан алпыс екі айламен алысқандай. Бірсімбай ала-алмай жүреді. Сол кезде қақпа сыртында қатты шу. Бір кезде қақпа шалқасынан ашылады. Алда ашып тұрған Қараман.

Қ а р а м а н
Ұмтыл, ұмтыл, Көкжал, жаның сал!

Қобыланды, Орақ, Қараман, бірінші қолбасы ақтарыла кіреді. Қобыланды атқып келіп Қарлығаға ұмтыла берген Бірсімбайды алып ұрады.

Қ о б ы л а н д ы *(семсері қолында).*

Жояйын ба, Қарлыға?

Қ а р л ы ғ а

Өлтірме, тек байлап ал!

Бұл аямас болса да,

Мен тас емес, қаным бар...

Қ о б ы л а н д ы

Солай ма еді, Қарлыға? *(Орақ пен Күнікей шығады.)*

Өлтірме, тек байлап сал! *(Келіп құшақтай беріп.)*

Айым Құртқа, кел, келші!..

Қ ұ р т қ а *(бір ғана сәт тізе бүгіп, Қобыландының қолынан сүйіп).*

Арыстаным, арманым!

(Деп шапшаң атқып тұрып.)

Азапта жатыр ата-анаң,

Құтқар, құтқар, жүр соған!

(Тарта береді. Орақ жетіп келіп.)

О р а қ

Тоқта, Құртқа, айтып бер.

Жаным жеген жарымның

Аямастан бетін аш,

Бар ма, қайда, Қарлығаш?

Қ ұ р т қ а

Жүр, жүр, құтқар айымды!

Орақ, Құртқа жөнеле береді.

Қ о б ы л а н д ы *(қолбасыларына).*

Ал, достарым, қайрат қыл,

Қыпшақ, Қият ел қайда?

Қапта бәрің кідірмей,

Амандап қал, алып шық,

Тап бәрін де, азат қыл!

Қайда жатыр, қай-қайда?

Қолбасылары тарай жөнеледі. Жөңкіле тараған өзге серік батырлары білінеді. Өзі Құртқа кеткен жаққа атқи жөнеледі. Сахнада Қарлыға, Қараман, Күнікей қалған. Осы кезде “Зу! Зу! Арзу! Арзу!” деп Көкклан келе жатқаны білінеді. Қараман қалбақтай бастайды.

Қ а р а м а н. Қайрақан! Ойбай, Қарлыға, қамың қыл!
Мына пәле әлі жүр ме еді алдымда? Маған сенбе, Қарлыға.
Менен қайрат кетті де... Бұл неме тағы да ұрмай-соқпай
тырайтады. Тырайтады бұл кесел! (Зу-зу, арзу.)

К ө к л а н (құтыра шыға кеп Күнікейге).

Ер соңымнан, салдақы!

Зу! Зу! Арзу! (Деп Қарлығаға қарай сиқырлай қимыл
етіп қарсы жүреді.)

Қ а р л ы ғ а (семсерін ала ұмтылып). ҚҰТЫЛМАЙСЫҢ,
ҚҰТЫЛМАЙСЫҢ, КӨК ДОЛЫ!

Қылышын сермейді. Бірақ көзі таңулы кісідей теріс сермеп өтеді.

Көклан бір шетке кеткен.

Қ а р а м а н. Көрінбей кетті-ау... көзіме!

Қ а р л ы ғ а. Көрінбей кетті көзіме! Қайда? Қайда жүр?

Қараман екеуі Күнікейді қоршап алған. Күнікей шырқырап: “құтқар,
құтқар” деп бажылдай береді. Көклан өзі сахнаның бір шетінде ақырын
“Зу! Зу!” деп жүр. Бірақ бұның зулаған үні Қараман қасынан шығады.

Біресе Күнікей қасынан шығады. Соқыр сияқтанып семсерін сілтеп
қуған Қарлыға Қараман жаққа сілтеп, соны шаба жаздап жүреді.

Қ а р а м а н. Ой, Қарлыға, ой, мен, мені өлтіремісің!
Ойбай, мен... (Деп безектен жүреді.)

Қ а р л ы ғ а. Қайда кетті, қайда жүр?

Қ а р а м а н. Қайда кетті, қайда жүр?

Көклан осы кезде “Зу! Зу!” деп ағындап барып қарсы жақтағы тас
қабырғаға бар екпінімен періп ұрады да, сол тас қабырғаға батып, жоқ
болып кетеді. Мыналар бұл жақта әлі күнге бір күнгідей қамап бос
өбiгерде жүр. Бір сәтте Көклан тас қорғанның басына атқып шығып
алады.

К ө к л а н (өзгеше жат бір қимылдар жасап, булыға
құтырып тұрып). Зу! Зу! (Дегенде ғана Қарлыға, Қараман
қабырғада тұрғанын көреді.) Қараң өшсін, қараң өшсін,
Қобыланды. Қаптарармын, қаптарармын әлі талай пәлемді!
Зу! Зу!

Деп алғашқы суреттегідей қара түнде қаптап ұшқан қара құстай лап етіп
ұшып, тарай жоқ болып кетеді.

К ү н і к е й *(соңынан ұмтыла беріп)*. Құтқар, құтқар, мен қалдым, құтқар! *(Деп бажылдайды. Қараман мұны ұстай алмайды.)*

Қ а р л ы ғ а *(қаша бергенде қармап алып)*. Құтылмайсың, қолымда қалдың сен менің. *(Деп ұстай алады.)*

Қ а р а м а н. Ұстадың ғой асауды, өзі қандай осының? Бері қаратшы, көрейін. *(Көріп айналып.)* Қандай сұлу көк-айыл еді.

Қ а р л ы ғ а. Қырсықтың ба?

Қ а р а м а н. Қырсыққаным сондайлық, бір тілек айта-йын ба, Қарлығы?

Қ а р л ы ғ а. Айт.

Қ а р а м а н. Ендеше, сен ұстадың ғой. Сауғаға берші маған олжаңды?

Қ а р л ы ғ а. Сауғаға? Тағы ма?

Қ а р а м а н. Сол, сол сауғаға.

Қ а р л ы ғ а *(күліп)*. Айтпасыма болмады. Мал мен басты сауғадан-ақ жиған екенсің. Оны берер не сәнім бар.

Қ а р а м а н. Жоқ, батыр қатын. Не теңім, ашулансаң алып ұрып жеп тастарсың бір күні. Одан да осы көкайыл маған қол болар.

Қ а р л ы ғ а. Бұны берсем, азат қой өз басым.

Қ а р а м а н. Ер еліне, ел жеріне қонар шақта жеттің ғой, азат. Азатсың сен!

Қ а р л ы ғ а. Ал ендеше, мінеки. *(Күнікейді Қараман ұстап қалады.)*

Осы кезде Орақ Қарлығашты құшақтап алып шығады. Қарлығаш ғазап көрген. Шөлмектей боп жүдеген. Үнсіз тұрған Қараман құшақтап амандасады.

О р а қ

Қан кешуден, жазадан
Оралып келген асылым,
Жаным сенің садағаң.

Қ а р л ы ғ а ш.

От өткелде ойыма
Ұмытпастай орнап ең,
Жаным бір деп санағам.

Осы кезде Тоқтарбай, Аналық, Құртқаның ортасында Қобыланды шығады. Қастарында тұтқыннан қиналған, жүдеп солған көп кемпір-шал. Азаптан сорлаған ел. Барлық жұрттың аузында “Қобыланды. Қуанышты

Қобылан, құт-қуатым Қобылан” деген алғыс үндер. Қолбасылар қақпадан, бар есіктен тағы бір топ тұтқындарды әкеле береді. Барлық тұтқын “асылым, айым Қобылан, жолың болсын, жарығым, қайдасың, кел құшақтайын, қуатым Қобылан” деп айналасына топтасып, құшақтап, аймалап жүреді. Аздан соң Қобыланды жұрттан босана береді. Аналық пен Тоқтарбай, Қарлығаштар, Құртқалар бір-біріне ұмтылған. Бұларды жұрт тағы қоршап аймалайды. Қобыланды оқшау тұрған Қараман, Күнікей, Қарлығаға қарай барады.

Қ о б ы л а н д ы. Мынау кім, қайдан тапқансың?

Қ а р а м а н. Қарлыға, Қарлығам берді сауғаға.

Қ о б ы л а н д ы

Бір Қарлыға жетпей ме?

Сауғаға деп сені алған.

Қ а р а м а н

Күнікейдей көрікті

Көрдім дағы қызықтым,

Таңдап алды Қараман,

Мен құтылдым Қобылан сауғадан.

Құтылдым бүгін азат боп.

Қ о б ы л а н д ы

Солай ма еді, Қарлыға,

Қайырлы болсын ендеше,

Құтылғаның ба шынымен?! (Құртқаға.)

Уа, елім, жұрттым, бауырым,

Кетті кесел түнерген,

Жайлана бер жадырап.

Ұмыт енді көрген кездің ауырын.

Мына ордасын дұшпанның,

Бар қаласын қасымның,

Бар бұйымын, асылын

Үлесіп өзің аласың. (Қолбасыларына.)

Айдатып кел жылқысын!

Боз биенің сүтіне

Шомылдырып бар елді

Арылтамын біржола

Жаудан шеккен қайғысын!

(Жұрт мәз, алғыстар. Қобыланды ата-анасына жақындап, Құртқаны қасына алып, бас иіп.)

Айналайын ата-анам,
Арманды бір ой бар ед!
Тойы құлап тараған,
Бұзылып кеткен той бар ед!
Шығар үйден барлығын
Көңілдегі алаңның,
Ақ тілекпен басташы
Жақсы бір тойын жаңадан
Келінің мен балаңның...

Т о қ т а р б а й. А н а л ы қ. Келінің мен балаңның...
Қ о б ы л а н д ы (*Құртқаны ертіп, Қарлығың қасына
кеп*). Қонағым бол, қадірменді қонағым бол. Қадірің асқан
Қарлығы!

Қ а р л ы ғ а. Қонағың ба? Қонағың ба, Қобыланды?
Қ ұ р т қ а. Жаннан асқан қолбасыға жан досы бол,
Қарлығы.

Қ а р л ы ғ а. Болдым қонақ, қош тұттым. О да болса
сый екен. Аз еді жалқы жарлық.

Қ о б ы л а н д ы. Қарлығы?

Қ а р л ы ғ а. Болам қонақ, той тойла, той тойла!

Ж ұ р т

Той, той! Қайырлы той!

Той тойла!

Той тойла!..

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

**ҒЫЛЫМИ
түсініктемелер**



“Асыл елдің алып ұлы”

Мақала алғаш рет 1942 жылы 23 ақпанда “Социалистік Қазақстан” газетінде, одан кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-томында (Алматы: Жазушы, 1981. 81—85-бб.) жарық көрді. Біз осы нұсқаларды салыстырып, орын алған бірен-саран өзгерістерді анықтап, газеттегі нұсқаны негізге алып, ешқандай өзгеріссіз 50 томдықта жариялап отырмыз. Түзетілген сөздер мыналар (82-б.):

1. ішке; дұрысы – ішкі.
2. жағаласын; дұрысы – жағаласып.
3. коммунистік партия; дұрысы – жолдас Сталин.

“Социалистік Қазақстан” газетінің осы санында Бауыржан Момышұлының майдан даласынан үйіне жазған хаты да жарияланды. М. Әуезов өз мақаласында 28 гвардияшы-панфиловшылардың біразының ерлік істерін атап өтеді.

1. Бауыржан Момышұлы (24.12.1910, қазіргі Жамбыл обл., Жуалы ауд., Көлбастау қ. – 10.6.1982, Алматы) – әскери қайраткер, қолбасшы, жазушы. Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, Кеңес Одағының Батыры (12.12.1990), Қазақстанның Халық қаһарманы (1995).

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар (8-гвардиялық) дивизиясы құрамында майданға аттанады. Батальон, полк командирі болды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. Оның батырлық бейнесі А. Бектің “Волоколамск тас жолы” деген әйгілі кітабында суреттеледі. Жазушы “Офицер жазбалары” (1962), “Артымызда Москва” (1963), “Генерал Панфилов” (1965), “Куба әсерлері” (1969), “Үшқан ұя” (1974), “Соғыс психологиясы”, “Қанмен жазылған кітап”, т.б. шығармалар жазды. “Үшқан ұя” кітабы үшін жазушы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1976) атанды.

2. Панфилов Иван Васильевич (20.12.1892 – 19.11.1941) – кеңес әскери қайраткері, генерал-майор (1940), Кеңес Одағының Батыры (1942). Ұлы Отан соғысы кезінде 1941 жылдың маусымынан Солтүстік-батыс және Батыс майдандарында 316-атқыштар дивизиясын басқарды. 1941 жылдың қазан-қараша айларында

Москва түбіндегі қорғаныс кезінде ол басқарған 316-атқыштар дивизиясының командирлері мен жауынгерлері Волоколамск бағытын қорғауда асқан ерлік көрсетті.

3. Қожабергенов Әлиасқар (1917—1941) — қаһарман, 28 гвардияшы-панфиловшылардың бірі, Кеңес Одағының Батыры (21.7.1942).

А. Тойшанұлы

“Көрген, сезген жайлардан”

Мақала алғаш рет Семей облысы, Абай аудандық “Социалистік мал шаруашылығы” деп аталатын газеттің 1943 жылғы 17 тамыздағы санында жарияланған. Кейіннен бұл мақала осы атпен Абай аудандық “Совхоз туы” газетінің 1967 жылғы 13 маусымдағы санында Мұхтар Әуезовтің 70 жылдық мерейтойына орай екінші рет жарық көрді. Мұнда Мұхтар Омарханұлы Әуезов “Абай жолы” эпопеясының бірінші томын аяқтап, екінші томына толықтырулар енгізу үшін тарихи деректерге материал іздеп, Абай өмір кешкен Шыңғыстауға арнайы сапармен барғаны туралы жазылған.

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала “Көрген, сезген жайлардан” деген атаумен “Социалистік мал шаруашылығы” газетіндегі нұсқа бойынша өзгеріссіз енгізілген. Мақала Мұхтар Әуезовтің 1945 жылы жарияланған “Ақын елінде” атты очеркінің бір қырынан мағлұмат беруімен де ерекшеленеді.

Мұхтар Әуезов – ұлы Абай шығармаларын зерттеп, зерделеуде абайтанудың ғылыми-теориялық негізін қалап, ақын туралы эпопея жазумен ғана шектелмей, А. Құнанбаевқа қатысты қажетті материалдарды кейінгі ұрпаққа тиянақтап қалдыру жолында орасан зор еңбек сіңірген дара тұлға.

Көрген, сезген жайларын Абай өлеңдерін қадірлеген сол кездегі ел-жұрт түгел меңгерді ме, білді ме, сезді ме?! Ақынның өміріне өзінің бар ғұмырын арнаған жазушы оның болмысын толыққанды етіп халқына жеткізе алдым ба, жоқ па деген сезімде жүргені байқалады. Сондықтан ол өмірлік материалдар мен тарихи деректерді тағы да қайталап пісіріп, иін қандырып, Абай жырлары қай орында тұрғанын межелеп беруді алдына мақсат етіп қойды, Абай өмір сүрген ортаны, қыс қыстау мен жаз жайлауын, күз күзеу мен өріс-қонысын аралап, өзінің білгенін өзге оқырмандарына жеткізуді көздеді. “Кейде үміт, кейде өкініш, кейде кейіс, кейде қиял, талап тудырған табиғат бесігін білмек керек”, – дейді М. Әуезов (18-т. 32-б.). Сол мақсатпен Абай ауданына келген. Жол сапарында Семей өңіріне бірге барған сыншы Есмағамбет Ысмайылов, ақын-жазушы Сапарғали Бегалин, Қайым Мұхаметханов, Полоцкийлердің өзді-өзінің

жазушылық арнаулы мақсаттарымен жүргенін мақалада Мұхан хабардар қылып қояды. Бұл есімдер — қазақ елі мен жұртына ерекше ыстық, қымбат есімдер. Олардың ел әдебиетіне сіңірген еңбектері зор.

Жазушы мақсаты Абай өміріне қатысты деректер жинаумен ғана шектелмейді. Ол осы бір шағын мақаланың өзінде Абай сөзінің халқы тұрғанда мәңгілік өлмейтінін терең астармен жеткізеді. Бұл Абай туралы даулы сөз, әділетсіз тартыс жүріп жатқан кезеңде жазылғанын ескерсек, жазушының соншама көрегендігіне таң қаласыз. Бір қарағанда мақала социалистік ауыл өмірінің жарқын бейнесін көрсетуді мұрат еткендей көрінгенмен, оның ар жағында Абай тұлғасының уақыт өткен сайын биіктеп бара жатқаны мегзеледі. Жазушы жұртшылықтың Абайға деген махаббатын, ақынға деген құрметін Ұлы Отан соғысының ауыр сәттерінде де қуат алар бір зиялылықпен жеткізе білген.

Қ. Раев

“Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі”

Өзбек әдебиетінің ұлы классигі Әлішер Науаи туралы жазылған бұл мақала алғаш рет “Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі” деген атпен 1948 жылы 15 мамырда “Социалистік Қазақстан” газетінде, орыс тілінде “Живой Навои” деген атпен сол күнгі “Казахстанская правда” газетінде жарық көрді. Одан кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томында (277—282-бб.) жарияланды.

Біз қазақ тіліндегі нұсқаларды өзара салыстыра келіп, кейбір орын алған ұсақ-түйек өзгерістерді анықтап, 50 томдыққа “Социалистік Қазақстан” газетіндегі мәтінді негіз етіп ешбір өзгеріссіз жариялап отырмыз.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томында төмендегідей ауыс-түйістер анықталып, олар түзетілді.

278-бетте:

1. Гиратта; дұрысы — Гератта.

2. Хаттад; дұрысы — хаттат.

3. Сұлтан-Али Мошхеде; дұрысы — Сұлтан-Али Мешхеде.

4. “Гөз қират-аш-шуара”; дұрысы — “Төз қират-аш-шуара”.

5. 279-бетте: Ленин бастаған; дұрысы — Ленин-Сталин бастаған.

6. бүкіл Одақ; дұрысы — бүкіл Ұлы Одақ.

7. бағыштанып; дұрысы — бағыстанып.

8. 280-бетте: ғылыми әдебиет тарихы, мәдениет тарихының салалары туып отыр; дұрысы — ғылым (әдебиет тарихы, тарих, мәдениет тарихының) салалары туып отыр.

9. 281-бетте: Мемлекеттік сыйлықты; дұрысы — Сталин атындағы сыйлықты.

10. Мемлекеттік бірінші дәрежелі сыйлық; дұрысы — Сталин атындағы бірінші дәрежелі сыйлық.

11. танымайтын; дұрысы — танытатын.

12. жасаған; дұрысы — жасалған.

13. Адамдардың; дұрысы — Адамдарын.

М. Әуезов бұл мақаланы ұлы ақын Әлішер Науаидің туғанына 500 жыл толуына орай жазып, жариялаған. “Социалистік Қазақстан” газетінің осы мақала шыққан күнгі санында Әлішер Науаидің өмірі мен шығармашылығына көлемді орын беріліп,

Ж. Сыздықов, Д. Әбілев, С. Аманжоловтардың пікір-лебіздері де жарияланыпты.

1. 11-б. **Герат, Фират, Һерат** – Ауғанстандағы қала. Бұл шаһарда Әлішер Науаи, Жәми, Тархонд, Хафиз, т.б. шығыс ғылымы мен мәдениетінің көрнекті өкілдері тұрған. Әлішер Науаи уәзірлік билікте болған кезде қаланың абаттануына зор үлес қосқан. Өзбек халқында “Герат қаласы – әдемі қала, бірақ ол Науаи тұрғандықтан әдемі қала” деген мақал бар. Нақтырақ М. Әуезовтің “Әлішер Науаи” деген мақаласынан (18-т. 295—296-бб.) қараңыз.

2. 12-б. **“Тәз кират-аш-шуара”** – “Ақындар туралы естелік” деген кітап. Авторы Әлішер Науаидің замандасы, тарихшы Дәулетшаһ.

3. 12-б. **Захир ад-дин Бабур (1483—1530)** – Ұлы Моғолдар империясын құрушы, қолбасшы, тарихшы, мемуаршы, ақын.

4. 12-б. **“Бабур-нама”** – Захир ад-дин Бабурдың тарихи-әдеби ірі естелік шығармасы. Бұл еңбекте Үндістан және Орта Азия халықтарының тарихы, әдет-ғұрпы, этнографиясы мен мәдениеті, қазақ хандары Жәнібек, Әділ, Қасым, “Тарих-и Рашидидің” авторы Мұхаммед Хайдар Дулати жайында аса құнды мәліметтер бар. Абай “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” деген тарихи еңбегінде “Бабур-намадан” деректер келтіреді. “Бабырнама” қазақ тіліне аударылып жарық көрді (Қараңыз: Бабырнама. Алматы: Ататек, 1993. 448 б.).

5. 14-б. **Орал Таңсықбаев (14.1.1904, Ташкент – 18.4.1974, Нүкіс)** – кескіндемеші, КСРО халық суретшісі (1963), КСРО Көркемсурет академиясының толық мүшесі (1958). Ұлты – қазақ. Өзбекстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1973). Ленин ордені және басқа 4 орденмен марапатталған.

А. Тойшанұлы

“Литература и кино”

М.Әуезовтің бұл мақаласы 1944 жылы “Казахстанская правда” газетінің 3 наурыздағы санында шыққан. “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында мақаланың жазушының өз қолымен жазылған (244-бума, 44—50-бб.) және машинкамен басылған (239-бума, 70—81-бб.) нұсқалары сақталған. Қолмен жазылған нұсқа автор тарапынан түзетілген. Кейбір сөздер, сөйлемдер сызылған. Машинкамен басылған нұсқаның үстінен автордың қолымен аздаған түзетулер жасалған, біраз сөйлемдер, абзацтар жақшаға алынып, қызыл, көк қарындаштармен үстінен қиғаштай сызылған. “Казахстанская правда” газетінде шыққан нұсқада сызылған сөйлемдер, абзацтар жоқ.

Мақалада М. Әуезов кинематография жанры мен көркем әдебиеттің үздік үлгілерінің арасындағы көркемдік-эстетикалық байланыстың өзекті мәселелері жайында құнды ойлар айтқан. Автор нақты мысалдар келтіре отырып, кинофильмдерде ұлы тарихи тұлғалардың сәтті бейнелену мысалдарын талдайды. Қазақ киносының жаңа қалыптасып келе жатқанын айта отырып, алдағы уақытта кино экраннан қазақ халқының әйгілі тарихи тұлғаларын, батырлар жыры мен лиро-эпостың үздік үлгілерінің тақырыптарын көргісі келетінін айтады.

М. Әуезов бұл мақаласында қазақ кинематографиясының даму жолдары, болашағы туралы толғанып, біздің режиссерлеріміздің төл туындылары советтік және әлемдік кино өнерінің алтын қорына қосылса деп тілейді. Ұлттық кино мен ұлттық әдебиеттің өзара әсері болатынын айта келіп, киноның жалпы көркемдік, эстетикалық талаптарының нақты мысалдарын талдаған мақалада уақыт талабына орай ептеген идеологиялық баяндау болғанмен, мақаланың негізгі мазмұны кино мен әдебиеттің байланысы, кино жанрының поэтикасы жайлы ойлардан тұрады. М.Әуезовтің мақалада ұсынған тақырыптарының көбі кейін көркемсуретті фильмдерге тақырып болды. Олардың қатарына “Абай”, “Амангелді”, “Құрманғазы”, “Жамбыл”, “Шоқан”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қыз Жібек” кинофильмдері жатады.

1. 17-б. “Давид Сасунский” (“Сасунци Давид”) – армян халқының батырлық эпосы. Төрт бөлімнен тұрады: “Санасар

және Багдасар”, “Үлкен Мгер”, “Сасунци Давид” және “Кіші Мгер”. Бұл эпикалық жырдың негізгі, байланыстырушы тарауы – “Сасунци Давид” тарауы. Эпос көп ғасырлар бойы көптеген жыршылардың орындауларымен армян тілінің әртүрлі диалектілерінде жарияланып келеді. Эпос сюжеті 851 жылы Араб халифатының алым-салығына қарсы Батыс Арменияның Сасун таулы аймағында болған армян шаруаларының көтерілісі оқиғасына құрылған.

2. 17-б. **“Жангар”** – монғол эпосы. М. Әуезовтің фольклор, халық ауыз әдебиеті мәселелерін қарастырған мақалаларында талданған. “Жәңгір” жыры қазақ тілінде” атты мақаласында арнайы тоқталған. Өткен томдардың ғылыми түсініктемелерінде айтылған.

3. 18-б. **“Сухэ-Батор”** – Сухэ Батыр (1893—1923) – монғол халқының ұлттық батыры, Монғол революциялық партиясын құрушы, монғол революциясының көсемі. Сухэ Батыр жайлы “Оның аты – Сухэ Батыр” атты көркем фильм түсірілген. Басты рольде Л.Н.Свердлов ойнаған.

4. 18-б. **“О Максиме”** – Максим туралы кинотрилогияның басты кейіпкері. Кинотрилогияның сериялары: “Юность Максима” (1935), “Возвращение Максима” (1937), “Выборгская сторона” (1939). Трилогияның сценарийін Л. Трауберг жазған. Қоюшы- режиссері – Г.Козинцев, басты рольде – Б. Чирков.

5. 21-б. **Қан-Шаим** – Қаншайым – Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысының ішінде болып, сарбаздарды ерлікке үндеген, Нысанбай жыраудың “Наурызбай — Қаншайым” жырының басты кейіпкері. М. Әуезовтің қазақ әдебиетінің тарихы мәселелеріне арналған еңбектерінде айтылады.

Д. Қонаев

“Больше высокохудожественных произведений”

Мақала М. Әуезовтің Алматы қаласындағы зиялы қауым өкілдерінің алдында сөйлеген сөзі есебінде “Казахстанская правда” газетінің 1945 жылы 28 қаңтардағы санында жарияланған. Аталған газеттің үшінші беті тұтастай осы оқиғаға арналып, онда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н. Степановтың осы жиында жасаған баяндамасы берілген. Баяндама мазмұнында сол кезеңдегі уақытша қиындықтарға қарамастан, еңбекшілердің еліміздің экономикасын көтерудегі қажырлы еңбегі аталып өтеді. Баяндамадан кейін көпшілік алдында сөз сөйлеген К. Мыңбаев, А. Полосухин сияқты ғалымдар мен атақты әнші К. Байсейітованың сөздері олардың суретімен бірге газеттің осы бетінде орын алады. Сөйлеушілер жасалған баяндамадан туындайтын әр саладағы міндеттер жайына тоқтала келіп, ғылым мен өнер саласындағы бірқатар жетістіктерді атап өтеді.

Жиында әдебиет саласына байланысты сөз сөйлеген М. Әуезов соғыс, тылдағы еңбек тақырыптарының жазылуына тоқталып, поэзия, проза, драматургия саласындағы бірқатар табыстарды атап көрсеткен. Мақалада Ф. Мүсірепов, С. Мұқанов, Ф. Мұстафин, П. Кузнецов, Қ. Аманжолов, Д. Снегин, Ә. Сәрсенбаев, Ж. Саин, Д. Әбілев, Ә. Тәжібаев, Ф. Орманов, Ф. Сланов сияқты ақын-жазушылардың аты аталып, олардың кейбір туындыларының өзіндік ерекшеліктері мен бұрын жазылмаған тың тақырыптарды қалай қозғағаны орынды сөз болады.

Газеттегі басылымнан кейін мақала қайта жарық көрмеген. М. Әуезовтің 50 томдық академиялық басылымына газеттегі нұсқа бойынша, өзгеріссіз беріліп отыр.

1. 23-б. “**Оригинальную художественную повесть о нефтяниках Казахстана написал писатель Сланов**” – Жазушы Ғабдол Слановтың өндіріс тақырыбына арналған “Жанартау” романы алғашында мерзімді баспасөзде повесть ретінде жарияланған.

2. 23-б. “**Многообещающие интересные главы из повести об угольной Караганде в дни Отечественной войны начал публиковать писатель Абишев**” – Жазушы Әлжаппар Әбішевтің “Жас түлектер” романы 1945 жылы жеке кітап болып шыққан.

К. Рахымжанов

“Накануне расцвета”

“Беседа с М. Ауэзовым” деген ескертпемен берілген мақала 1945 жылы “Литературная газетаның” 31 наурыздағы санында шыққан. Мақала кейін еш жерде жарияланбаған. Жазушы мұражайының қолжазба қорында түпнұсқасы жоқ.

Мақала М. Әуезовтің “Қазақ әдебиеті” газетінің 1937 жылғы 10 ақпандағы санында және осы жылғы “Әдебиет майданы” журналының № 4 санында шыққан “Татьянаның қырдағы өні” әңгімесінің (әңгіме кейін толықтай “Абай жолы” романына кірген) сюжетіне қатысты абзацтан басталады. Бұл әңгіме сол жылы орыс тіліне аударылып, М. Воронцовтың аудармасы “Казахстанская правда” газетінде, Л. Соболевтің аудармасы “Литературный Казахстан” журналында шыққан. Мақалада бұдан кейінгі абзац “Это было в ауле Кандар...” деген тіркестен “...бывших на свадьбе”, – деп келетін жерге шейін мақаланы дайындаған газет қызметкерінің сөзі.

Мақала мәтінінің келесі жолдарында Әуезовпен әңгіме (беседа) жүргізуші журналистің сөздерін анықтап бөліп, төл сөз, төлеу сөзбен “С тех пор, – говорил М. Ауэзов, – повелась славная традиция: уезжая к жениху, невеста в сундуке с приданым увозила стихи Абая, его переводы, среди которых неизменно можно было найти “Письмо Татьяны”, – деп берілген. Мақаланың осы жерге дейінгі мәтініне мақаланы газетке дайындаған журналистің композициялық тұрғыдан әсер еткені байқалады. “Усвоив поэтическую культуру Востока...”, – деп басталатын абзацтан келесі “...выходит роман Ауэзова “Абай” на русском языке”, – деп аяқталатын абзацтарда М. Әуезовтің айтқандарын мақаланы дайындаған журналист өз сөзімен қысқартып баяндап бергенге ұқсайды. Мақаланың “Кроме этой юбилейной даты, – сказал сотруднику нашей газеты казахский писатель М. Ауэзов, – казахские писатели готовятся достойно отметить 25-летие Казахской советской республики”, – деген сөйлемдерінен кейінгі мәтін бөліктері толықтай М. Әуезовтің өзінің айтқанына ұқсайды. Бұл жерге дейінгі мақала мазмұнында Абай шығармашылығына қатысты қысқа, жеке деректер ғана беріліп, соғыс жылдарындағы әдебиетке, баспа ісіне қатысты кейбір жалаң мысалдар ғана келтірілсе, былайғы жерде 1941–1945 жылдардағы қазақ әдебиетінің жай-күйі жанрлары бойынша жүйелі әдеби-

тарихи очерк түрінде баяндалған. Аталған жылдардағы драматургия, поэзия, проза жанрлары жеке-жеке қаралып, кемшіліктері мен жетістіктерін көркемдік тұрғыда нақты тұжырымдармен қорытып, әділ баға беріп отырған. Мақалада аталған жеке авторлар мен шығармаларға берген М. Әуезовтің бағасы негізінде қазіргі әдебиеттану ғылымының тұжырымдарымен толықтай үндеседі. Соғыс жылдарында шығармашылықпен айналысқан халық ақындарының поэмалары жайында айтылған ойлары әдебиеттану ғылымы үшін құнды пайымдаулар. Импровизатор ақындардың көркем образ жасаудағы, сюжеттік, фабулалық шымырлыққа жетудегі поэтикалық әдістеріне қатар өмір сүріп жатқан профессионалды жазба әдебиеттің әсерін дөп басып көрсетуі М. Әуезовтің фольклор және халық поэзиясымен қатар, жазба әдебиеттің теориясын да терең білгендігінен. Мақаланың әдеби бөліміндегі ептеген тарихи-патриоттық ойлар соғыс жылдарының идеологиялық талаптарына орай айтылған. Ең соңындағы Қарағанды шахталарындағы донбастық шахтерлерге арналған мәтін бөлігі мақала бүкілодақтық газетке дайындалғандықтан берілген “қосымша” болу керек.

М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағының бұл томына мақала газеттегі нұсқасы бойынша еш өзгеріссіз толықтай беріліп отыр.

Р. Әбдіғұлов

“Намыс гвардиясы”

Жазушының Ұлы Отан соғысы кезіндегі 8-гвардиялық дивизияның бүкіл әлемді дүр сілкіндірген ерлігін баяндайтын “Намыс гвардиясы” атты пьесасы алғаш рет “Социалистік Қазақстан” газетінде (1942. 27, 29 қыркүйек; 4, 6 қазан) жарық көрген. Алғашқы нұсқасы жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының он бірінші томымен (Алматы: Жазушы, 1982. 43—94-бб.) және 106-бумадағы қолжазбалармен салыстырылып қайта басылды. Түзетіліп, өңделген екінші нұсқасы 1966 жылғы “Жұлдыз” журналының 4-санының 6—30 беттерінде жарияланды. Пьесаның жазылу барысында автор майдан хабарын жіті қадағалап, қажетті деректер көзін жинастыруға кіріскен. Жазушының Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллинмен хат жазысуы да жиілейді. Бұл жолда жинастырған деректерінің дені Б. Момышұлына байланысты болып келетінін жазушы мұрағатында сақталған материалдар (“Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қоры. 106, 107, 233, 409, 526-бумалар) көрсетіп тұр.

Аты аңызға айналған, ерлік даңқы әлемді шарлаған Бауыржан Момышұлы сияқты майдан батырлары туралы шығарманы шұғыл қолға алған жазушының “Намыс гвардиясы” дәл осы тұста дүниеге келуі оның уақыт талабына сай жылдам, әрі Қазан төңкерісінің 25 жылдық мерекесіне орай жазылғанын аңғартады.

М. Әуезов “Намыс гвардиясының” бас кейіпкері Бауыржан Момышұлымен (пьесада Бақытжан Намысұлы) Москва үшін шайқаста көрсеткен ерлігінен кейін тікелей хат арқылы байланыса бастаған. Оған дейін бұлар бір-бірімен таныс-біліс еместігі Бауыржан Момышұлының 1942 жылы 18 қазанда Мұхтар Әуезовке жолдаған хатындағы: “Мен сізге таныс емеспін... Көңілденіп мына суретті қостым. Жүз көрмесек те сурет көрсетейін” (526-бума), — деген хабарлауынан да байқалады.

Б. Момышұлы: “Әрине, “Намыс гвардиясының” жазылып шыққанына өте қуаныштымын, бірақ менің қауімім Әлжаппар осыдан жинап алған материалдарға толық түсініп, оларды Сізге айтып бере алды ма екен? Пьесаның фундаменти құмнан болып жүрмесе еді деген қорқыныш қой”, — деп жазуынан Москва үшін шайқастағы 8-гвардия дивизиясының ерлігі туралы нақтылы деректер көзі М.Әуезов қолына драматург Әлжаппар Әбішев

арқылы жеткені аян. Мұражай қорында 668-бумада машинкаға басылған 63 беттік Ә. Әбішев тапсырған екі бөлімді “Намыс гвардиясы” пьесасы (А., 1942) бар. Бумадағы сақталған пьеса мәтіні драматург Ә. Әбішев қайта қарап, өзі өңдеген нұсқасы болуы керек. “Намыс гвардиясы” М. Әуезов пен Ә. Әбішевтің бірлесуімен “Социалистік Қазақстанда” (1942) жарияланып, 1942 жылы 15 қарашада режиссер М.И. Гольдблат, суретші Э. Чарномский, композитор О.А. Сандлер, режиссер көмекшісі Жолымбетовтердің дайындауымен жедел түрде сахналандырылды.

“1942 г. 17 сентября. ЦК КП(б) к Т. Базарбаеву ...Мухтар Ауэзов после начала войны в бригаде писателей съездил в Караганду и Балхаш... Тов. Ауэзов по заданию ЦК раньше срока написал новую пьесу об участии казахского народа в Великой Отечественной войне, которая принята Казахским академическим театром, “Намыс гвардиясы” (“Гвардия чести”). (ЦГА РК, ф. 1778, оп. 1, д. 99, св. 11, л. 278).

“2 октября. Приказ № 124 по объединенному Казахскому академическому и Русскому театру драмы, гор. Алма-Ата, от 2.X. 1942 г. Настоящим приказом объявляю распределение ролей пьесы “Намыс гвардиясы” М. Ауэзова и А. Абишева, приуроченной выпуском к XXV годовщине Великой Октябрьской Социалистической революции.

Постановку спектакля “Намыс гвардиясы” поручаю художественному руководителю, засл. артисту РСФСР М.И.Гольдблату.

Режиссер – Исмаилов А., художник – Чарномский Э.В., композитор – Сандлер О.А., пом. режиссера – Джолумбетов.

Директор театра (Капланбеков).

9 октября. Приказ № 248 по управлению по делам искусств при СНК КССР, г. Алма-Ата, № 248 от 9 октября 1942 года.

Казахской группе Казахского государственного академического драмтеатра открытие сезона перенести с 10-го октября на 8-ое ноября с.г. Сезон открыть спектаклем “Гвардия чести” Ауэзова и Абишева.

Зам. нач. управления по делам искусств при СНК КазССР (Лихачев)” (“Әуезов үйі” ФМО-ның қолжазба қоры. 256-бума. 6,10-бб.) – деген материалдар мәтіні пьесаның жазылу тарихын нақтылай түседі.

Қ. Бадыров (Намысұлы), К. Қармысов (Тоқтаров), Ж. Өгізбаев (лейтенант Жанбозов), Х. Бөкеева (Нина), Ш. Айманов (неміс Фогель), Қ. Қуанышбаев (Панфилов) ойнаған образдардың сәтті шыққанын атап көрсетіп, т.б. рольдерді сомдаған әртістер еңбегіне баға берген бірнеше материалдар газет беттерінде жарық көрді. Солардың қатарында Ф. Сармурзиннің “Намыс гвардиясы” атты

мақаласы (Социалистік Қазақстан. 1942. 18 қараша); А. Черагениң “Бағалы постановка”, Қ. Жармағамбетовтың “Жауға өшпенділікті көрсете түседі” (Социалистік Қазақстан. 1942. 29 қараша), т.б. мақалаларды атауға болады.

“Намыс гвардиясын” сахнадан көріп, есте қаларлықтай әсер алдық. Ел азаматтарын, олардың ерліктерін халық алдына тартқан авторларға, оны көрсете білген театр ұжымына рақмет айтамыз”, – дейді Жамал Мұқанова (Зор мақтанышпен көрдік. Социалистік Қазақстан. 1942. 29 қараша).

“Біз “Намыс гвардиясын” газеттен оқып шықтық. Жойқын ұрыс үстінде туған жауынгерлердің ерлік қасиеттері, өзіміздің күнделікті шындық өміріміз – пьесада шын мағынасында жақсы көрсетілген. Қазір “Біз құрбан, туған елім” деген ән қазақ жігіттеріне күш-қуат беретін, жауынгерлік өлең болып кетті. Пьеса қолдан-қолға тарап, жауынгерлердің сүйіп оқитын шығармасына айналды. Демек, бұл пьеса — Жеңіске шақыратын саяси өткір құнды шығарма.

Пьесада жауынгерлерге үлгі боларлықтай күшті образдар, келелі оқиғалар бар. Бүгінгі таңдағы моторлы соғыстың айла-тәсілдерін меңгерген Панфилов сияқты даңқты генералдың кесек тұлғасын жазушылар шебер бере білген. Сол сияқты командирлік қабілеті зор Намысұлының образы да күшті шыққан. Жазушыларымыз бұдан былай да осындай кесек шығармаларды беретіндігіне сеніміміз зор”, – деп жазады А. Лекеров (Жеңіске шақырады. Социалистік Қазақстан. 1942. 29 қараша).

6 жыл қатарынан театр сахнасынан түспеген спектакльге “Ұлы Отан соғысы кезіндегі ең таңдаулы спектакль ретінде қазақ театрының тарихына кірді. Алты жыл бойына ол спектакль сахнадан түспеді. Жеңіс күнінде, жеңімпаздар Қазақстанға оралған күні де спектакльді көрермендер тағы да өзгеше ыстық ықыласпен қабылдады” деп лайықты баға берілді (Қазақ театрының тарихы. 1978. 2-т. 34-б.).

“Намыс гвардиясының” бір үзіндісімен танысып шыққан Баукең: “Құрманбек” жаңа ғана келіп, қолына түскен “СҚ” газетінің 230-номерін оқып беріп отыр, басын, аяғын әлі көргеніміз жоқ. Сондықтан пьесаға толық талқыланған пікірімізді айта алмаймыз. Сөйтсе де ортасын көріп отырып, мынаны айту қажет: “Тырысып-ақ, шын ықылас қойып жазған екенсіз, немістерді... Сіздің шебер көркемдігіңіздей емес, майдан жағдайын азырақ білгендіктен, көрмегендіктен шығатын майдалы-ірі кемшіліктері болуы мүмкін. Амандық болса, оларды да оқып шыққан соң толық жаза жатармыз”, – деп өзінің алғашқы әсері туралы пікірін айтады.

* Құрманбек Сағындықов – аудармашы, ғалым, көп жылдар бойы “Қазақстан коммунисті” журналының редакторы болған.

Кейіннен, 1942 жылы 17 қазанда М. Әуезовке жазған хатында бұл шығармаға өз пікірін ашық түрде білдіреді (Гвардии полковник Бауыржан Момышұлы. Фронтовые записки 1942—1945 гг. Архивный материал Академии наук Казахской ССР, т. 2, стр. 573—575).

Мұхтар Әуезов шығармасының бас кейіпкері ретінде суреттелген Бауыржан Момышұлымен 1943 жылы желтоқсанда танысады. Әсіресе Б. Момышұлының 1944 жылы 19—26 қаңтарда Қазақстан Ғылым академиясында әдебиет, тарих және өнер қайраткерлерінің тобына оқыған әңгіме-лекциясынан ішкі ой-пікірін тереңірек тани түседі. Әрі алты күн бойы оқылған әңгіме-дәрісті жазып алып, сұрақтар қойып, кейде реплика да тастап отырады (Гвардии полковник Баурджан Момышұлы. Стенограммы речей, докладов, лекций и выступлений в годы Великой Отечественной войны 1941—1946 гг. Архивный материал Академии наук КазССР, т. 1, стр. 3—124).

Жазушы Бауыржан Момышұлының әңгіме-дәріс өткізу үстіндегі терең танымына, тыңдаушылармен қарым-қатынасына, сырт тұлғасына да жете назар аударып: “Өзі қатқыл, қоңыр үнмен, бірақ ыза боп тұрып бастады... “Тілім дөкір, блиндаж тілі, білімім жоғары емес” (Баурджан, его беседы-лекции, читанные в течение 6 дней в январе 1944 г. 409-бума, 1-б.) — деп өз кейіпкерінің психологиялық портретін көз алдына әкеледі. Әңгіме-лекция үстінде соғыс жағдайы, соғыс ғылымы мен әскери терминдер мағынасын тереңірек, нақтырақ ұғынуға ұмтылады. Мысалы, “әскери терминдерге тоқтамай-ақ айта берейін” деген Б. Момышұлының ескертуіне Мұхтар Әуезов стенограммаға түсіп қалған мынадай реплика тастайды: “Ведите так, как вели до сих пор. Мы все не военные и чем больше разъяснений и комментариев, тем лучше. То, что для Вас элементарно, для нас — не элементарно. Мы нуждаемся в знании военных вопросов прямо с азбуки” (*Все поддерживают т. Ауэзова*. Стр. 124).

“Намыс гвардиясы” — 1942 жылы драматургтың тікелей Ұлы Отан соғысы қызып тұрған кезде майдан шындығын арқау еткен драмалық жанрадағы шұғыл жазылған көлемді шығармасы. Москва түбінде болып өткен майдан шындығынан алынған бұл пьесаны жылдам жазып шығу талабы М. Әуезовке көптеген қиындықтар туғызғанын жазушы архивінде сақталған деректер шоғыры да айғақтайды.

Драматург “Намыс гвардиясын” жазуға кіріспес бұрын өз машығы бойынша қолға түскен деректер тобын ой елегінен өткізіп, келешекте жазылар туындының әуелі қысқаша эскиз жоспарын (160-бума, 2—4-бб.), соңынан оның толық түрдегі көлемді жоспарын жасайды (106-бума, 8—25-бб.). Кейінірек осы қазақ

тілінде жазылған жоспарын өзі орыс тіліне аударып, тағы да соны деректермен үстемелеп, толықтырған (106-бума, 45—102-бб.).

Қазақ, орыс тіліндегі қысқа әрі толық түрде жазылған жоспарлардың алдында әуелі пьесаға қатынасатын кейіпкерлердің аты-жөні, әр түрлі лауазымы берілген. Бұдан кейін “Бауыржан әңгімесі” деген атпен (106-бума, 4—7-бб.) шығармаға арқау болған оқиғалар желісі қадау-қадау түрде өте қысқа эпизодтармен қағазға түсірілген.

“Адамдары

1. Панфилов.
2. Капров (24 жыл әскери).
3. Клочков (Диев).
4. Егоров (Григорьев).
5. Тоқтаров (152 адам өлтірген үш күнде).
6. Момышұлы – Намысұлы Бақытжан.
7. Мәлік – Мейрам Ғалиев.
8. Жанғожин – Бозжанов, Жанбозов (Сабыр, тұтқында осы).
9. Әлікпай (?)
10. Қожабергенов.
11. Натаров.
12. Бондаренко.
13. Дұшанқұл.
14. Медсестра – Валя.
15. Доктор әйел – Вера Павловна Нестерова.
16. Бір әйел – Нина (связь адамы да осы).
17. Неміс тобы – 7-8 (офицерлер, кейін штаб адамдары).
18. Неміс полковник – Фогель.
19. Неміс, дұрыс адам – Курц.
20. Бас қолбасшы.
21. Жуков.
22. Үлкен адам...
23. Англия адамы.

Сахналары

I АКТ

I. Күз, тоғай, жапырақтар – Мәскеу қауіпте.

Сталин бұйрығы, барлық жұрт ырза.

Ең ортадағысы Панфилов.

II. Панфилов, Егоров соғыс үстінде... Қысқы сахна, қатты ширақ оқиғалы. Ерен қатты соғыс үсті. Егоров, Клочков, связь адамы. Осында көп геройлардың аттары ашыла отырады. 28-дің болашақ ісінің басы сезілу керек. Клочков...

III. Немістер. Полковник – дұрыс адам. Қазақ тұтқыны. Эсэстер. Қан кешу жолы, асқақ сөздер. Алды танктер, самолеттер шабуылды әзірлеп жатыр. Гитлер бұйрығы. 3-бұйрық. Көбінде бұйрық орта жасты адам аузында күдік бар. Сахна соңы, психич. атака.

II АКТ

IV. Дивизия ерлігі, көп геройлардың іс үстінде көрінуі, 28 ер. әйел.

V. Гвардия атын алу. Командование адамы Сталин сәлемін әкеледі. Панфилов қызық сөйлейді. Қазақстан құттықтауы. Панфилов өлімі, алдыңғы позицияда өте қатты қайрат, от-жалынмен өзі бұйрық етіп, сымды тістеп тұрып өледі. Пьесаның келер геройлары өлген, ер азғана адамдары осы арада. Ант, серт... Соны Панфилов сүйеді (Егоров). (Соңғы екі сурет арасы, шам өшіп жанғанда?)

Валя әкесін өзі алып кетеді.

III АКТ

VI. Сталин кабинеті. Мазмұны шегіну бітті, қарсы шабуыл. Тұтқын солдат сыр ашады, қолда қатты укрепление. Осымен қатар дивизия командиріне бұйрық келген. Қатты шабуылдың басы осы полк. Капров, Момышұлы – Мәлікке, Жанғожиндерге жауынгер бұйрық береді...

Капров полкы ударный армияның тап ортасында. Тоқтаров полковникті алып келді. Көрі солдат та тұтқын, о да жауапты. 16-армияны қоршау – міндет, кең тынысы – сыртында, қатарында екпінді корпусстар. Армия. Осында Егоров, Капров, Момышұлы, Мәлік, Тоқтаров, Жанғожин өскен, шыныққан, ашынған. Ауыздарында, жүректе 28 панфиловшы. Мәскеуден жын қуылды, беті қайтты. 9 мың адам қырылған.

VII. Неміс штабы – “Мертвая голова” қалғаны, генерал келіп кетті. Бағанағы полковник дивизия бастығы. Бес кісі атып, Тоқтаров терезеден, тұтқын..., жауап..., Мәліктер осында.

Картаны полковник өртейді, Тоқтаров амалсыз. Бірақ өлтіре алмайды, тек осы карта енді өзің боласың дейді...

IV АКТ

IX. Қатты бекіністі алу үшін соғыс. Әуелі Жанғожин, Белов, Бозжанов аса қатты міндет алған. Жау оғын өздеріне аударған.

Бәрі өледі. Осы міндетті ақырына шейін орындаған Мәлік бастаған Тоқтаровтар келеді. Соғысады. Жанғожиндерді атқан жауды бұлар сыртынан қоршап, атып келеді. Өртене бастайды. Жалғыз Тоқтаров бөгеуде қалады. Кейін Мәліктер оқты өздеріне аударып, мұны құтқарып алады.

Ақыры полк келеді. Амандық... Ауыр міндет орындалған. Мәліктер орындаған. Бұл бүкіл армияға жол салған ерлік. Жаудың үлкен армиясын қырып бітіру осымен тынды. Егоровтар, барлық командование Мәліктерді зор алғыспен құттықтайды. “Герой сендерсіңдер. Өздерің ғана емес, дивизияң зор биік белге шықты, тағы шыдап, ең соңында корпустан телеграмма алғыс бер...”

1. Бауыржан әңгімесі

Борыш, азаматтық, күреседі (сөздері).
Көз жоқ батыр — қате.

Сорна... трава... слава Панфилова.

Фронтта, 2-участке қабыл алмайды.
Рекогонцинировка — қайта бекініс. Планы қызық.

100 кісіні миналар көмуге, көпір бұзуға жібереді.

Волков өлімі — Бауыржан кейін ұмытпай аяса керек.

Шіркеу басына шығып бұйрық бергем: Кім қорқақ болса, әркім атуға праволы, — дедім.

Қоршауда қалыппыз. Атыстық. Жылжыдық. Орман... 4 жолды кесіп өтеді. Штаб расходқа жазып қойыпты. Генерал құшақтайды. 7 пушка әкелген. 4 дивизия, 180 танк сені қалай босатты депті. 750 кісіні жия әкелген. Бозжанов, әйел. Қоймасаң қыр жаныңды қылышпен кесем дейді.

Менің қарауыма шығады батальоның дейді Панфилов. Әр жарты сағатта генерал мәлімет сұрайды. Екі жақ шегінді. Связь үзілген.

8 күн аш. Соғыссақ аштық білінбейді. Тоқтасақ аштық қысады. Горяев қорқақтық еткен. Бұрын ер еді. Масқара өліммен өлтірме дейді.

Дәрігер жаралы лейтенантты тастап кеткен екен. Иығындағы нашибқасын жұлып алдым.

15 ноябрьде келдік. Тағы расходқа шығарып қойыпты. Генерал нарком правосын өзіңе алыпсың дейді. Ол жерде совет өкіметі өзім дедім. 6 ноябрь түнгі 12-де генерал телефонмен құттықтады. Ленин орденіне ұсыныпты.

Панфилов 5 жерден шабуыл болады деді. Бірге тамақ ішеді. Нарком бұйрығы 100 грамм, қалжың. “4 рет қоршауда қалған батальонға немістің тісі батпайды”, – деді. Шәйді жақсы көретін. Қасқыр терісінен істеген телогрейкасын шешіп берді.

14 ноябрьде штабқа шақырды. Үш точканы көрсетті, 12 километр жерді сен қорғайсың дейді. “Ұқтың ба? 2 полк, бір танк батальоны қарсы келеді. Саған сенем. Бірақ, әттең, күшің аз-ау!” – деп күрсінді. 20-сына дейін ұстап тұрам деп серт етпейім, бірақ шегінбеймін деп ант етем.

Бекіндік, қаптады. Соғыс, оларды көп үндемей жатқызып, 500 метр жақындатып ап, маршпен келе жатқанда ұрдық. 400 кісісін қырдық. Оң жақта 75 полктан 28 ғана тұр. Әр жарты сағат сайын генерал телефон соғады.

Полктер қамауда. Үш полкті мен командовать еттім. Капров, Бозжанов мінездері.

7 рет қамауда қалған.

Бұлар ұзақ қамаудан құтылып, 23 ноябрьде жеткен күні Панфилов өліпті, мені геройға ұсынам деген екен...

Толстовты көп атайды. Рахимов, Бозжанов, Сламқұлов болған.

Бір командир, бір политрукты аттым. Жаралыны қалдырма деп, содан кейін 240 кісі жаралыны қалдырмай алып шықтық, содан, әлгі болды.

18 сағат ішінде поселкада әр үй үшін соғыстық.

Оқ тиген доктор. Үш күн төсекте жатып, команда бердім. “Сламқұлов... бауыр, өлтірдің-ау! Бұл соғыста кім өлмеген”, – дедім”.

“Адамдары”, “Сахналары”, “Бауыржан әңгімесі” деген тақырыптарда айтылатын кісі аттары мен оқиғаларды шығарманың

негізгі түпнұсқасымен салыстыра қарағанда пьесаны жазу үстінде елеулі өзгерістерге ұшырағаны көрініп тұр. Дегенмен пьесадағы тарихи, өмірде болған кісілердің аты-жөндері сол қалпында сақталғанмен, кейбір кейіпкерлердің аты өзгертіліп, басқаша аталған. Мысалы, Бауыржан Момышұлы – Бақытжан Намысұлы, Мәлік – Мейрам Ғалиев, Григорьев – Егоров деген сияқты алмастырылып берілген атаулар да ұшырасады. Ал кейбір кісі аттары соңғы нұсқаға мүлде ендірілмей, түсіріліп қалғандары да бар.

М.Әуезовтің көп жылғы жазушылық тәжірибесі ретінде көп қолданып келген шығармашылық машығының бір түрі – таяу арада жазылар туындыға алдын ала қысқаша жоспар жасап алуы. Ал шығарма желісі жазушы қиялында әбден пісіп жетілген шақта барып жазылар шығарманың толық түрдегі жоспарына кірісетін әдеті бар. Мысалы, “Намыс гвардиясын” жазудан бұрын осы үйреншікті машығын қолданған. Осымен қатар жазушы алдын ала жасаған өз жоспарының желісін кейде шығарманы жазу үстінде біршама өзгерістерге түсіріп те отырады. Жазушының творчестволық машығындағы осы ерекшелікті ескере отырып, М.Әуезов мұрағатында сақталған “Намыс гвардиясының” толық түрде жасалған жоспары берілді.

“І АКТ

Бірінші сурет

Оқиға табиғат ортасында. Әлі қар жоқ. Сарғайған күз. Момышұлының батальонына дивизия бастықтары келеді.

1. Панфилов.
2. Егоров.
3. Момышұлы – батальон командирі.
4. Капров – полк командирі.
5. Клочков.
6. Мәлік.
7. Жанғожин.

Момышұлы батальон бөліміндегі командир-политруктармен карта үстінде әңгімеде. Окоптарды өздері қаздырған. Жалпы үлкен халді әлі түгел түсінбегендер. Неге соғыспаймыз. Тосқанша өзіміз барсақ қайтеді. Клочков, Момышұлы бірыңғай ойлайды. Мәлік жалпы халді бұлардан көрі дұрысырақ түсінеді. Тартымдырақ, қатқыл сөздер, қалжың сөздер бар. Түн боп келеді. Өзіміз бастап ұрынсақ қайтеді деген ыңғайда. Осы – Момышұлының ақыл салуы да, байлауы да. Полк командирі келеді деген хабар. Момышұлы үмітпен, сеніммен тосады. Мәлікте де қате түсінік

болған (Панфиловтар кеткен соң, анық жайды ұғынған соң біріне-бірі күледі.).

Бастықтар келеді. Панфилов аз әңгімелеседі. Жәйді естіді. Ұсыныстарды тыңдайды. Клочков, Момышұлы омырау қаталықтарымен, ұсыныстарымен (соғысты өздері бастап кеткен) күлкіллей, бірақ сүйкімді көрінеді. Панфилов байыптап тыңдап алып, салмақпен жәйді мәлім етеді. Сырты тыныш баяндау сияқты жаңалық сөзі – тастай ауыр шындықты мәлім етеді. Бізге қарсы жау танкі. Сталин бұйрығы. Мәскеу. Панфилов, Капров, Момышұлы картаға үңілген. Егоров политруктармен аз әңгімеде. Коммунистердің ерекше міндеті жөнінде. Мазмұны терең жәй жөнінде... Жауаптылық ауыр да, бірақ соны жүрекке ашық жарқын жүзбен түйеді. Клочков қызық, жарқын сөз, мінез көрсетеді... Бастықтар кеткен соң біріне-бірі қателіктері туралы әзіл айтып күліседі. Сонан соң жүректерінде үлкен серпін белгісі шығады. Ол Мәскеу жөнінен туады. Бұл сөздер әрқайсысының өз кеудесінен, өз тілімен айтылған ант, серт есепті. Поэзия да, ұлы сана да афоризм түрінде осы сахна соңында айтылады. Соны әр жауынгердің жүрегіне жеткізбек, терең орнатпақ міндет, қарыз екені ұғылмаққа керек. Мәлік өлең жазады. Қорқам ба деген өзінің күдігі бар. Момышұлын Егоров, Панфилов осыдан бұрын істеген үлкен бір қаталығы үшін қысады да, сенім, кешірім көрсетеді. Бұл жердегі айып Момышұлы мен Клочковтың мойнында. Бірінің рұқсатымен бірі командирді атқан. Осы үшін Момышұлын қысады да, Панфилов қалдырады. Бірақ Клочковты штабқа, жауапқа шақырады. Орнынан алады...

Екінші сурет

1. Панфилов.
2. Егоров.
3. Клочков.
4. Алексеев – связь адамы, комсомол.
5. Штаб начальнигі – Смирнов.

Оқиға дивизия командирінің штабында. Сахнаның басында Клочков Егоров пен Панфилов алдында жауапта отыр. Коммунистік арына сын. Осыған келгенде Клочков шириғады. “Үш күн ішінде (соғыс сынында) өзімді ақтаймын, серт етемін. Тек майданға жіберіңдер. Партиядан тілейтінім бес шөлмек, 10 гранат болсын”. (Момышұлы Клочковты қатты мақтайды... Қайырындар дейді. Клочков табылмайды.) Егоров болды. Ерлігіне себеп болғандай тәрбиелік үлкен сөз айтады. Осы сөздің аяғында Панфилов Егоровты асығыс шақырып алады. Басталды шабуыл, барлық алдыңғы батальон, роталар соғысқа

кірісті. “Талғар”, “Алтай”, “Алатау”, “Балқаш” — осыларды кезекпе-кезек шақырып, соғыстың басымдап, асқындап ауырлап бара жатқан халін, ерлік қимылдың әр полк, әр батальон, әр ротада болған белгілерін Панфилов сөзі білдіріп тұрады. Өзі “Алатау” тындап тұр” деп дамылсыз соққан телефондарды үздіксіз тындай тұрып, бұйрық беріп тұрады. Кей бұйрығын өзі нұсқап штаб начальнигі мен Егоровқа қатар айтқызып, жеткізіп жатады. Үшеуінің тындап білген хабары мен қарсы қайрат бұйрықтары. Үлкен командованиеден бұйрық. Дивизия штабы кейін шегінсін. Көшеге миналар түсіп жатыр. Панфиловқа Егоров жылжу керек деп кетіп те қалады. Панфилов әлі бұйрық береді. Момышұлының батальонына келе жатқан үлкен сел танктердің алдын тосу бұйырылады. Карповқа бұйырылады. Дубосеково станциясында тосып қалған рота сенімді ме. Командирі Бондаренко. Политрук кетті. Мықты ұстансын. Егоров қайта келеді. Госпитальды көшіру жөнінде сұрап медсестра Валя келіп асығыс рапорт береді... Панфиловтың амандасар мұршасы жоқ. Шолақ, тығыз бұйрық береді. Валя амалсыз кетеді. Артынан Егоров, оның келісінде баланың әкеге келісі сияқты хал барын аңғартады. Қалжыңмен айтады. Көптен көріспеген, тіл қатыспаған екен. Үлкен командованиеден тағы бұйрық. Жұрт кетуге бейімделген. Панфилов әлі де жылжымай, трубка қолында, картаға үңілген күйде қалады. Үлкен қысым, белгісіздік үстінде шымылдық түседі.

Үшінші сурет

“Drand nach Osten” (влечение к востоку).

1. Фогель — полковник.
2. Курц.
3. Біріншіде көрінеді — Сабыр.
4. “СС”-тың адамдары — ефрейтор, кіші офицер.

Сахна басында полковник Фогель тұтқын қазақты алғызып тергеу жасайды. Жөн-жосықты сұрағанға Сабыр қияс жауап береді... Дивизиясын полковник өзі біледі. Миы аз құлдар, азиат. Сендерге не жоқ. Жөніңді айт, қайтарамыз... Сендермен Гитлер соғыспайды... Сабыр азиат дегенді қылжақ етеді, 25 жыл тарихтан кейін қапсыз. Гитлер мұсылман... Мәскеу саған не береді. Мәскеуді қорғау ата-анамды қорғау қарызымен тең... Панфилов жайында сөз. Ол орыс жандаралы сені айдап салып жүр. Ол менімен ауылымнан бірге келген. Ол менің еліме, Отаныма 24 жыл бұрын теңдік апарған... Досым, елім досы, елімнің ең қасиетті ұлы... Айдап шығады... Один черт... Полковник өз әскерлерінің ортасында. Фюрер үшінші бұйрық беріп отыр. “Мәскеу алынбайды

деген не қорлық... Мәскеудің бары біздікі. Шығын көп, бірақ өтесіні мол... Жақын тұр... Енді бірер аттап түссек, көнбес, Мәскеуді бомбылаумен де аламыз... Қаптай, таптап өту керек. Алдағы дивизия қарсылықты көп істеп отыр. Кешпес жазаға ұшырату шарт. Бізден көп шығын шығады. Іркілмей басыңдар... дүниені жапырып өткен күшіміз...” дегендей көпірулер. Есерлері шулайды. Әулігеді... Полковник алдарында 2 танк дивизиясы... Жолды сол салады, жапырады. Алдымызда бір ғана дивизия... Біз ше? 2 жаяу, 2 танк дивизиясы... бір моторлы дивизия. Шулап кетіседі. Желігеді. “Мәскеуде тойлаймыз... Шабуылға қанат қағыңдар. Мәскеуде де жәйіміз жылы, сәнді болуы үшін... Бар завод, фабрик неміс әскеріне дүниені аларлық құрал жасау үшін. Фюрер үшін...” Барлық қолда бокал, іше беріседі. Тарс етіп бомбы түседі. Жұрт үркісіп қалған. Полковник бұйрықпен шыға береді.

Дұрыс неміс Курц хатын бітіреді. Соның аяғын жазып тұрып оқып тұрады. Ол күдікте... көңілі, алды қараңғы, тұйық. Шабуыл, шабуыл – психическая атака!

II АКТ

Төртінші сурет

Жаралы Намысұлын Нестерова, Жанбозов, Нина алып шығады. Кейін жөнелтпек. Жарасын сұрайды. Жөнелтпе дейді. Егес, қорқытады. Еріксіз оқты алдырады. Қайсар шыдамдылық етеді. Жанбозовқа қылжақ әзіл жасайды. Кетпеу себебі – сол флангі бүгін ең жауапты жер. Бүгін өтсе Мәскеу есігі ашылып қалған есепті. Хабар. Сол жақтан тағы қаптады. Қарсылық әлсіреп барады. Намысұлы Капровқа хабар етеді. Панфилов өзі телефонмен сұрайды. Қатая береді. Жаралысын жасырады. Қайта қатаяды. Капров жетеді. Қасында командир, политруктар. Капров халдің ауырлығы, шабуыл күшті. Панфилов айтқан хабар мен бұйрық. Ол неміс бағытын қаталаспай айырады. “Ендеше, бүгінгі шабуыл өзгеше болмақ. Мен сендер атыңнан шыдап бағуға серт бердім. Ердің, ездің сыны емес пе” деп Капров айтады. Күшті бөледі. Таратады. Сол жаққа қатты селге қарсы Мәлікті жібереді. Осы жерде Клочков қалады. Екі сағат ұстандар деп Мәлік пен Клочковқа тапсырады. Момышұлы өз міндетіне артты әзірлеп, резервті нығайтып, кейінгі позицияны (оборонаны) күшейтуді алады. Тарасады. Капров Мәлік пен Клочковты сүйеді. Мәлік пен Клочковтың оңаша сөзі. Клочков кейін енді шегінбек емес. Шымылдық аз ауысады. Добробабин 28 ерімен, автоматчиктермен соғысты өткізіп бітірген. Ойда жоқтан Панфилов үстеріне келеді. Сүйсініп келеді. Қожабергенов пен Добробабинмен жолдасша сөз. Әзіл аралас қайрат беру. Танкті тосыңдар. Бірақ аздығына қиналады. Ерлерін қимайды. Қалсам

қайтеді қастарыңда дегендей. Аналар қалдырмайды. Қимай, киналып кетеді. “Аманбысыңдар, геройлар” деп Клочков жетеді.

Окоп шеті. Адамдар кеудесінен ғана көрінеді. 18 танкінің шабуылы басталады. Клочковтың шабуыл алдындағы сөзі... Соғыс... жақындатады. Ұран сияқты қысқа сөздер мен оқ, шөлмек сілтеседі. Әрбір ердің сермеген құралы арнаулы кекпен жұмсалады. Сталин үшін, Мәскеу үшін, 16 одақ үшін құрбансың! Бұны бастайтын Клочков өзі. Дәл осы соғыс көбінше ұран, қайрат пен музыкамен беріледі. Жараланып жатқан ерлер. Оларды окопқа жатқызып, қысқа сөзбен қош айтысады. Кей жаралылар қайта тұрып оқ береді. Жарасын басып тұрып, қайрат етиседі. Клочков, Қожабергенов, Бондаренко ерекше жалындай соғысады. Төртеу қалды, үшеу қалды. Соңғысы дегенде Добробабин өледі. 18-лі жайратты. Бітті шабуыл деседі кейбірі. Жоқ, біткен жоқ. Қайта толқын, тағы бір лек қаптады. Клочковқа бізден артты ғой саны, – дейді Бондаренко. Клочковқа өлім, ерлік ер өлімі тұр. Бойынан қан ағып тұр. Елемей, жарасын басып тұрып сөйлейді. “Ел, Отан, Ұлы Мәскеу, қаным қарызысыз. Арманымыз жоқ. Біл, Отан, адал ұлың болып өлерміз, сүйген жүрек шайлықпай, адал ұлдың қарызын ада қып өлерміз. Тірі қалғанымыз баян ет осыны Мәскеу-анаға, Отан-анаға, алтын бесік елімізге”. Бондаренко сүйісейік дейді. Қалғандар тегіс сүйіседі. Қаптады жау. Клочков санайды. 32. Екеуі үлкен танк. Қорқақ естен айрылып шошына бастайды. Жын қаққандай мінез істейді. Өзгелер суық түспен бекінді. “Жақындасын. Екеуі үлкен танк, соны жояйық. Ал атыңдар, ал сілте”, – деді Клочков. Қорқақ естен айрыла бастады. “32 емес... 60... Жүз!” – деп. Бәрі үлкен танк деп аурудай сандырақтайды. Жауынгерлер ұрсады. Токтатпақ. Анау аласұрып, әлсірей береді. Айғай. “Беріл!” – дейді. Қорқақ қолын көтеріп, окоптан секіріп шығады.

“Қараң өшсін, малғұн. Арсыз, азғын” деген қарғыс барлық ерлер аузынан шығады. Залп. Ол құлап түседі. Соғыс. Ерлер өрттей лаулап шөлмек лактырады. Қожабергенов бір үлкен танкіні құлатты. Соңғы қуаныш, сүйсіну, алғыс, Бірақ бұлар біте бастады. Жау басымдады. Оқ бітті. Төрт-ақ ер қалды. Клочков соңғы екінші үлкен танкті жайратты. Өзіне оқ тиді. Құлады. Окоп шетінде... Соңғы сөзі... Натаров жаралы жатыр... Оқ бітті. Жалғыз тірі жан. Натаров көріп жатыр. Қожабергенов қолын артына ұстап ақырып, айбар шегіп қарсы басты... Натаров “есіл оттай жүрек, сен де сөндің!” деп талып кетеді. Бітті соғыс. Жым-жырт. Баяғы үшіншідегі тасыр офицер келіп окопты көрді. Шашын жұлады. “Гудериан маскаралығынан менікі артты. Не болам! Не мазақ! Бір полк деп алысқаным, екі колонна танктен айрылғаным тым құрса бір батальон, тым құрса бір рота да емес. 28-ақ адам. Төрт

сағат, жарты күн бөеген жалаңаш қолдар... Тым құрса зеңбірегі де жоқ. Күн батты... Мезгіл өтті. Төрт сағат емес, бір күн бөгеді. Не деген қорлық!?” — дейді. Алыстан шабуыл үні естіледі: сахнадан офицерлер үрке қашады. Жым-жырт, қаралы кеш мұнайып жүдеп, батып барады. Ақ қар, қалың қар ерлер бетін ақ кебіндей бүркей береді. Музыкада қаралы күй... “Вы — жертвы, павшие в борьбе роковой”.

Бесінші сурет

1. Нина.
2. Панфилов.
3. Капров.
4. Артиллерия командирлері, 2-3 кісі.
5. Валя.
6. Намысұлы.
7. Мейрам.
8. Григорьев.

Сахна ашылғанда Нина жалғыз, жаралы. Оқ жауып тұр. Связьді бір жалғап қосып, енді өлермен болған шақта, “жалғанды” деп тыныштық ала береді. Өлуге де болады дегендей. Осы кезде қайта шошиды, тағы жалғау үзілген. Қайта тырмысады. Қолына, соңғы сау қолына оқ тиеді, еңбектейді. Зорға сүйретіліп отырып, үзілген жерге жетеді. Әл-дәрмен жоқ, хал біткен. Сөйлеп, соңғы “қош-қошын”, жас жалынын атып, сымды аузына тістейді. Связь қайта жалғанған. Оқ сейіледі. Атыс саябыр. Нина өлді, сымды тістеп өлді.

Панфилов осы жерге, алдыңғы қатарға екпіндеп шығады. Қасында адъютант. Қарсыдан Капров шығады. Связьдың қайта жалғанғаны білінеді. Нина сыры анықталады. Панфилов тізе бүгіп, сүйеді. Осындай жандар барда Мәскеуге жау баспақ емес. Дивизияға гвардеец атын өперген де сендерсің... дескен алғыс та, жоқтау да, сүйсіну де бар.

Гвардия атын алған өр шаттық. Бұл кезде Намысұлы, Мейрам, артиллерия командирлері — бастықтар көп жиылған. Командованиеден, Қазақстаннан келген алғыс құттықтаулары. Өр сөздер Панфилов аузынан, ерлер аузынан шығады. Тағы Клочков, Ниналар аттары, әруағы еске алынады. Ендігі сөздер ашынған жүрек анты, серті сияқты.

“Бүгінгі соққы гвардия соққысы болсын. Артиллерияны тыңдандар, басыңдар ілгері. Бүгін шегіну емес, өрлеп соғып өзіміз ілгері басамыз. Алыңдар анау өзенді. Тараңдар. Қайнар соғыс, қатты соққы сын болсын”. Осымен жұртты таратып, Панфилов өзі команда береді. Артиллерия тіл қатты. Бората соқты. Жау беті ықтай бөгелді. Бұрыла бастады. Екпіні қатты дегенді телефонмен

Капровтың Намысұлдары, Шехмандар жеткізіп жатады. Артиллерия жаңа бүгінгі тактикамен соғысқа бастық болғанына зеңбірек адамдары ерекше тамашалай сүйсіну керек. Жау жапырылып барады. Осы кезде жау оғы бұл араны табады. Мина түсе бастады. Бірақ телефондар Панфиловқа ілгері басып бара жатқан жәйді жеткізіп жатыр. Панфилов қызу бұйрық үстінде. Артиллерия бастығы Панфиловқа қатерді айтады. Сіз тайыңқырап барып бұйрық беріңіз, жау оғы бізді тауып тұр дейді. Телефон көмекті үзбеуді тілейді. Отты саябырлатпа дейді. Панфилов соны тыңдап, “қатерді елемей, тағы соқ... Төк, ақтара төк отты, аздан соң орын ауысамын”, – дейді. Соңғы хабар, жау өзеннің ар жағына төгіліп қирап өтті. Беті қайтты деген хабар келеді. Капров хабары. Дәл осы кезде Панфиловқа оқ тиеді. Соғыс басылды. Панфиловты командирлер зеңбірек үстіне әкеп салған. Зеңбіректе “Отан үшін! Сталин үшін!” деген жазу бар. Соның үстінде ер генерал өлігі. Телефонмен бұл жерден ақырын хабарлар берілген. Біртіндеп Капров, Егоров, Намысұлы, тағы басқа көп бастықтар шығып, келіп жатады. Бәрі де үнсіз, жалаңбас Панфилов басына үңілген. Осы кезде “Валя, Валя! Валя келді!” – деген көп үн шығады. Жұрт бұрыла береді. Панфилов азгантай ес жиғандай, “келтірмендер!” дегендей ишарат жасайды. Капров Валя деп тоқтатпақшы. Валя барды білген. Бөгелмей, тас қайратпен бекініп, ілгері басады. Әкесінің бетіне иіліп қалт үнсіз, суық түйіліп тұрып қалады. Панфилов: “Жыламаңдар, 28 ер өлімін қадір тұт, мен дегендеріңе бар соңғы тілегім сол”, – дейді.

Валя “Сенің қазаңның жауабы әлсіз көз жасы емес, аяусыз кек, ақаусыз қайрат соққы. Осы достарыңның, ер жауынгерлеріңнің, ел анаңның ұлы серті, асыл әкем!” – дейді. Өзіне-өзі айтқан сөз сияқты. Шымылдық. Үнсіз, жым-жырт тоғай ішінде қар жауып тұрғанда, қызарып алтын сәулелі таң атып келе жатқанда жабылады.

III АКТ Алтыншы сурет

Сталин көмекшісі жалғыз отырғанда Батыс фронттың бас командашысы Жуковтың келгендігі білінеді. Жуков келеді. Ең соңғы сіздерге жеткен сводка қай сағаттыкі деп сұрайды. Не үшін шақырды екен деген сұрау ойы. Алдымен Волоколам жағын сұрауы мүмкін. Екеуі Батыс фронтының картасында.

Көмекші аз жәйді сұрап, Жуков оған айтып, өзі үшін де жаңа картадан кей жәйларды анықтап тұру керек. Сырттарынан Сталин келіп картаға қоса қарап, бір реплика айтады. Жуков картаға үңілген бойда аз қиғаш сөйлеп қалады. Қайта сұрақ береді. Сонда айналып қарап көреді. Өзгереді.

Сталин картаға қарамай тұрып, әуелі Рокоссовский армиясы, Волоколам соғысы туралы нақтылы сұрақтарды үсті-үстіне береді. Шолақ тыңғылықты жауаптар естиді. Пехотаны артиллерияға бағындыру соғыс тәжірибесіне не берді? Жуков: ол айқын жақсы нәтижені 8-дивизияда генерал Панфиловтың қолдануында ойдағыдай шықты. Не бітірді деген сұраққа үлкен қоссені қайта алды. Танк дивизиясының жолын кесті. Әлі ие боп отыр ма? Екі жақ кезек алысып, қырғын соғыс боп тұр осы сағатта.

8-ші жайындағы сұрақтарда олардың шегінуді жоққа айналдырғанын, сол арқылы жау күшін, техникасын аса қатты жойғанын айтысып қорытады. Қайрат намыс дивизиясы көп жайды ендігі соғыс стратегиясы басқаша болу жайын сездіріп, ойға түсіргендей болады. “Осы қайратты көрсеткен ер, талантты генерал өліп кетті ме?” – деп Сталин ойланып қалады. Есіне түсіреді, дивизиясы Алматыныкі еді. Өзі Чапаевтан шақпақ отты бойына қасиет қып сақтаған есіл жан еді. Үнсіз ұзақ, ауыр пауза.

Соның артынан 28-ді сұрайды. Шегінбес үшін қасарысып өлгенін танытады. Бірнеше сұрақ. Ауыр танкіні шөлмектер жоя ала ма екен. Екеуі жойылғанын, бірін Клочков өзі жойғанын біледі. Қай ұлттың адамдары деп сұрайды. Жуков бұған жауап бере алмайды. Анықталып жатыр. Осы ерлікті бірден барлық Отан, екіншіден, әлем білсін деп үлкен бір қорытынды айтады. Ескерткіш орнатқандай сөздер. Екінші үлкен қорытындысы, ой-сұрағы барлық жауынгер, командирлер жүрегінде шегінбеу үшін намыс оты қайнауы, жігер, ыза басымдауы мол ма деп сұрайды. “Ол күшті, ол ыза кеудені кернеп болды”, – деді Жуков. Гудерианды қуған сол жігер, ыза. Мынау 28, мынау Панфилов, 8-дивизия ісі соның куәсі. Ендеше, осыдан үлкен тарихи жаңа қорытынды тұмақ керек. Шегіну жетті. Тарихи жаңа белге шықтық. Соғыс тәсілі басқа бағытқа ауысты. Жаудың сіңірі созылды. Адамы қырылды, күші әлсіреді. Енді шабуылды ол жасамайды, біз жасаймыз. Қайта серпер қарсы күш енді Мәскеуден жау армияларын қайта лақтырып, айдап тастар шағына жетті. Байлау осы.

Осы жайларды жалғыз өзі сөйлемей, Жуков пен оның аузына ой салып ақылдаса тұрып байлайды. Жуков резерв. Сталин уәде етеді. Ендеше, шабуыл жөйі байланды. Ең ақырда қатты қажырмен “жүр ендеше фронтқа” деп күйініп бірге жүре бастайды.

Жетінші сурет

1. Фогель.
2. Курц.
3. Офицер.
4. Генерал.

5. Тоқтаров.
6. Жанбозов.

Генералмен түгел қағысып отыр. Генерал Браухич түскен соң көтерілген бастықтың бірі. Шегінуді кешпейді, рұқсат етпейді, осы үшін ұрса келеді. Фогель дұрыс ойлайды. Шегінбесек, осы жерде қырғын табамыз. Машақатты сонда көресіз. Осы армияны қауіпті қалдырып отырсың. Кесіліп қамауда қалуы мүмкін. Қауіп жер Сосновка қаласы. Генерал көрінбейді. Ашу шақырады. Фогель ызалы қиялмен жеңе сөйлейді. Бірақ бағынбасқа шараң жоқ. Мәскеуден бір қыдыру шегініп кеткендері мәлім болады. Бірақ әлі күшті. Генерал Сосновканы нығайтуға әскер төкпекке уәде етеді. Генерал кінә етіп катюша жайын білмегенді қорлық санау керек. Кетеді. Фогель генералды Браухичтың садағасы құрым көрсе де, көмекке сеніп қалған.

Офицер Жанбозовты алып келеді. Полковник сайқалдықпен қарсы болады. Не күтесің. Ату керек деп әлдеқашан айтқам дейді. Офицер жауап алмақ, катюша жайын сұрайды. Жанбозовтың түсі ғазап көрген, өлімші болған халді көрсетеді. Маңдайында жұлдыз ойылған. Ол ерекше ашынған, өрттей жанып, жиренген, өмірден де үміт үзген үнмен сөйлейді. Полковниктің бетіне түкіреді. Аtpақ болады. Сонда Тоқтаров терезеден секіріп түседі. Офицерді атып өлтіреді де, полковникті тұтқын етеді. Полковник атам дегенде Жанбозов көмек еткен. Тыстағы қартаң адам Курц өзі берілген. Полковник қартаны өртейді. Тоқтаровтың амалы құриды. “Бірақ осы карта өзің боласың, сені өлтірмеймін, алып кетем”, – дейді. Карта боп сөйлейсің дейді. “Осындай боп жанасың, асықпа”, – дейді. Тоқтаров пен Жанбозов. Аз сөз арасында Жанбозов Нинаны сұрайды. Ол өлген, Тоқтаров жасыра алмайды. Жанбозов жылағандай отыра кетеді. Не айтасың, ол ғана емес, Панфилов та өлген дейді. Жанбозов шұғылынан қатты өзгеріп, кекті ашумен атып тұрады. (Капров, Жанбозовтың кездесуі өзгеше күшпен берілу керек.)

P.S. Тоқтаров келер алдында неміс штабында әбігер, суық хабар келді. “Бүйірден кеп қалды. Құтылыңдар!” – дейді. Фогельдер қашпақ болады. Тоқтаров сонда жетеді. Осы сахна аяғында Капров, Намысұлы, Мейрамдар жетеді. Бүйірден келген полк. Бірақ алды-арты жау. Капров Егоровпен байланысады. Егоров бұйрық береді. “Ұстап отырыңдар, біз шабуыл жасаймыз, біз жеткенше беріспеңдер”, – дейді. Капров Мейрам роталарын шегінетін жауға қарсы салады. Намысұлын арттан келетін жауды бөгеп ұстап тұр деп жібереді. Қарбалас, қысталаң. Бірақ үлкен бір іс басталып қалғаны анық. Дивизияның жетуі қатты күдікпен, ерлікпен, шыдаммен тосылады. Тыста атыс. Алдан да, арттан да қамау басталды. Капров саспай басқарып отыр.

IV АКТ

Сегізінші сурет

Сахна ашылғанда өткен суреттегі хал еске түседі. Енді рольдер ауысқан, үстел басында жауап алып Жанбозов отыр да, оның бұрынғы орнында жауап беріп полковник Фогель тұр. Жанбозов полковникке өзі көргенді айтады. Сырты сабырлы, бірақ мысқыл, сызбен сөйлейді. “Мен не көрмедім, сен өнерлі, білімді, тәрбиелі басыңмен не көрсетпедің. Бірақ сонда да сен менің қолымда, менің алдымда тұрсың, бірнеше күн өтті тұтқын болғаныңа, бірақ әлі шалбарыңның қыры да сынған жоқ. Жә, өзің айт, маған еткен қылығыңа, мен азиат, мен төмен дәрежелі әскермін, не қылсам орай болар еді? Сендер ит жансындар, білемін. Бірақ сендей үлкен шортанды шарпысып тұрғанда қолға түсіріп ап тек аман қоя алмаспыз, оны сезерсіз”. “Тірі қалам ба? Үйім, баламды көрем деген үміт сақтай алам ба?” “Ол өзіңнің ендігі мінезіңнен болмақ, полковник”. Тұтқын ойланып қалады. Өлім, үміт шарпысқандай. Сосновка жайын сұрайды Жанбозов. Полковник іркіледі. Сонда тұтқын Курцті алғызады. Ол өз білгенін айта бастайды. Сонда полковник оны тоқтатып, аз шешіледі. Ол жерге сендердің шабуыл жасамағың мәлім. Бірақ ала алмайсындар. Алсаңдар, 4 дивизия қамауда қалады. Егер генерал ақымақ болмаса, алғызбау керек сендерге, — дейді. Қысқасы, мен енді бекіндім. Өз өмірім опқа соқты, мен көп ойланып, сынып жамалғандаймын. Мені үлкен командованиеге жіберіңдер, — дейді. Капров, Намысұлы, Мейрамдар бұл кезде үйге кіріп, үндемей тыңдап тұрған. Полковник шығарылады.

Егоров келеді. Жанбозовпен жақсы сөзі болады. Осыдан соң дивизияның ерекше үлкен жаңа міндеті жөнінде Егоров өзгеше басшы сөзін сөйлейді. “Төтенше бұйрық, сын міндет келеді, достар. Біздің дивизияның бірнеше полкі мынау 4 дивизияны алдап соғады. Бірақ Сосновкадан барып жолын кесу, қалайда алу ең ауыр операция. Онсыз жеңіс жоқ”. Панфиловтың әруағын, тәрбиесін, өз өлімінің үлгісін еске алады. Өзгеше ыстық сирек сөзбен еске алады. “28-дің қанын 28 мыңды жоймай кешерміз бе, ұмытармыз ба”, — дейді. “Бірақ бұл сапарға тіленген ерлер ғана барады. Бір полк осыған шықпаққа керек. Осыған қай полк бармаққа керек, қарт, не дейсің?” — деп Капровқа қарайды. Капров оған: “Біз, біздің полк барады. Солай емес пе, достар”, — деп Намысұлдарына қарайды. “Қатерге басу, жолды кесу міндет екен, ер жорығы осы екен, іркілер жөнім жоқ менің. Өз байлауым осы” дей бергенде, Намысұлы: “Ендеше, сіздің полкіңіздің ең алдын бастап, қарды бұзып, қолға алдымен барып соқтығатын

менің батальоным босын, менің байламым осы, солай емес пе, достар”, – деп Тоқтаров, Мәлік, Жанбозовқа қарайды. Мәлік пен Тоқтаров қызық, жалынды жауап айтады. Егоров сүйсінеді. Тоқтаровтың полковникті тұтқынға алған жерін сынай сұрайды. “Ол қорғасын қорытқан пештің жалынынан ыстық жалын емес”, – дейді. Бәрі үлкен жорыққа, батырлар жорығына бекіністі. Сүйісіп тұрып серттерін бекітеді. Сарт-сұрт қашу басталды. Алдында Сосновка. Жауды қамауға алу арман, ант есепті.

“Бес дос” 1947 жылы тұңғыш рет 7—13 қарашадағы маусымдық көрсетілімде Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында “Төлеген Тоқтаров” деген атпен сахнаға қойылды. Спектакльдің премьерасы Ұлы Октябрь социалистік төңкерісінің 30 жылдығы қарсаңына орайластырылып көрсетілді. Сол уақыттағы хабарландыруда: “Төлеген Тоқтаров”. 4 актылы, 5 картиналы опера. Либреттосын жазған Мұхтар Әуезов. Музыкасын жазған Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди. Дирижері мен спектакльдің музыкалық жетекшісі — профессор Г. Столяров, қоюшысы — ҚазССР халық артисі Қ. Байсейітов,

суретшісі – В.М. Колоденко. Рольдерде ойнағандар: Т. Тоқтаров – А. Умбетбаев, М.Ю. Мактагулов; Баймат – М. Абдуллин, А. Мусабеков; Саттар – Е. Серкебаев; Зариф – Н. Абишев, Б. Сарманов; Жадай – Р. Абдуллин, К. Кенжетаев; Люба – К. Байсейітова, Ш. Бейсекова; Рамазан (санитар) – Б. Досымжанов; Ғайни (санитарка) – Р. Мусабекова, У. Турдукулова; Асан (полковник) – С. Абжанов, К. Кенжетаев; Генерал – А. Абишев; Еремін (политрук) – М.Ю. Мактагулов; Канцель – Қ. Байсейітов, Қ. Жандарбеков; унтер-офицер (неміс армиясы) – А. Байғожаев. Көркемдік жетекшісі – Қ. Жандарбеков”, – делінсе, ары қарай:

“Ұлы Отанымыздың жүрегі – Москваға неміс фашистерінің шапқыншылары қанды шеңгелін созып ұмтылған кезде көп ұлтты совет халқы сүйікті астанасын қорғау үшін түгел көтерілді. Жеңілмейтін жауынгер Совет Армиясының басқа бөлімдерімен бірге Панфилов атындағы сегізінші гвардия дивизиясы да өшпейтін ерлік, қажымайтын қайрат көрсетті. Москваның түбінде жасанған жаудың азу тісі омырылып, неміс армиясының құруға бет бұрып, кері кетуі содан басталды.

Мынау опера панфиловшыл ерлердің бірі Төлеген Тоқтаров пен оның серіктерінің сол күндегі ерлік қимылдарының бір көрінісі.

I АКТ

Бірінші картина

1942 жылдың январы. Сақылдаған сары аяз. Дүм тоғайдың шетінде қабағын қарс жапқан қарт алыптай жалғыз қарағай мен шыршаның қар жамылған бұтақтарының тасасында шетке қарап, дүрбі салып Жадай отыр. Қасында төрт жауынгері бар. Бұлар бес дос, Ұлы Отанның адал ұлдары, автоматшы-барлаушылар: орыс Жадаев, достары оны Жадай дейді, қазақ Төлеген, татар Зариф, қырғыз Баймат, ұйғыр Саттар.

Жадай достарынан жау туралы тапқан мағлұматтарын сұрап білген соң Зарифты бөлімге жібермекші болады. Достарының “Зариф хабарды тез жеткізсе екен” деген тілегіне ол асықпандар, қас қарайсын деп тоқтау айтады. Бір кезде дүрбі салып отырған Жадайдың түсі бұзылып кетеді. Үрейлене қалған жолдастарына Жадай ағашты нұсқап, мынау ағашта “Саша. Люба. Май” деген жазу тұр, бұл менің бақытты жас өмірімнің белгісі еді. Анау тұрған менің туған селом Трашково, осыны көргенде жаудың қолында қалған жерім мен кәрі шешем, әйелім, кішкене балам есіме түсіп, зығырым қайнап кетті дейді. Төрт досы Жадайдың жабыққан көңілін көтеріп, сонау Еділ мен Алтайдан, Нарын мен Шелектен осында келгенде, біз Ұлы Отанның намысын қорғауға келгенбіз. Олай болса, сенің жауың — біздің жауымыз, сенің жерің — біздің жеріміз, сенің анаң — біздің анамыз, оларды жаудан айырып алуға

біз де күшімізді аямаймыз, дейді. Жадай адал достарына алғыс айтады.

Кенет сырттан атқан жалғыз оқтан Жадай жаралы болады. Төлеген барып немістің мергенін атып түсіреді. Санитар Рамазан келіп Жадайдың жарасын байлайды. Ұлы айқасқа қатыса алмай қапыда кеттім ау, деп қамыққан Жадайды жұбатып, сүйегің аман, кешікпей қатарға қосыласың дейді. Зарифты бөлімге жөнелтіп, басқалары жан-жаққа тарағалы тұрғанда “достар, Отанға адал боламыз, атақты дивизиямыздың даңқын, абыройын мұнан да жоғары көтереміз, бауырымыз Клочковтардай ерлік көрсетіп, солардың кегін аламыз” деп серт етіседі.

II АКТ

Екінші картина

Трашково селосындағы Жадайдың үйі. Түн. Қара көлеңкеде партизан отрядының барлаушысы Люба Жадаева келеді. Өз үйін көрген соң көңілі бұзылып, күйеуінің хабарсыз кеткенін, қартайған енесі мен шиеттей баласы Гавриктің жау қолында қалғанын айтады. Аналық мейірімі түскен Люба қауіпке қарамай есікті қағады. Енесі Марфа шығып келінімен көріседі: жаным, сақ бол, ұйқыдағы нәрестені шошытып алма, дейді. Бұл екеуі үйге кіргенде андып жүрген немістер есікті бұзып кіріп, үйге өрт салып, Любаны ұстап алып шығады. Араға түскен ананы соққыға жығады. Екі қолы байлаулы Люба өлімші енесі мен от ішінде қалған баласына қош айтысып, немістерге лағынет айтып ылажсыз кете барады. Аздан соң Төлеген келеді. Жадайдың үйін танып, жаралы ананың жөнін сұрайды. Мен Саша Жадаевтың шешесімін, Любаны немістер ұстап әкетті, Гавригім от ішінде қалды, дейді ана. Төлеген жанып жатқан үйге кіріп, баланы алып шығады. Есік алдына келіп қалған Рамазанға Гаврикті беріп, мынау Жадайдың баласы, осыны бақ, деп жүріп кетеді. Рамазан ананың жанына келіп, өліп кеткенін көрген соң күйініп, менің достым Ғайни да осылай қаза тапты ма деп налиды. Нәрестені есіркеп, қайырымсыз жауға лағынет айтады.

Үшінші картина

Трашководағы немістердің штабы. Қаланың өртенген оты терезеден жарқылдап көрініп тұр. Майор Канцель жауап бермей қарсылық көрсеткен Любаны ауыр азапқа салып, дарға тартып талдырып тастап, шығып кетеді. Люба біраздан кейін есін жинай бастайды. Бірақ қайдан келіп, қайда тұрғанын ұғына алмайды. Болған оқиғаға көзі жеткен соң өлімші болып қалған енесі мен от ішіндегі баласы есіне түсіп, зарланып тағы талып кетеді. Немістер

тағы бір әйелді сүйретіп әкеліп тастайды. Есіркеп жанына келген Любаға әйел: мен қазақтың қызымын. Атым Ғайни. Майданға өзім тіленіп келіп едім. Қапылыста қолға түсіп қалдым. Немістер мені атуға бұйырды, дейді. Ер жүректі екі әйел мұндасып, қасірет үстінде дос болып, өлерміз, бірақ жауға бас имеспіз, деп серт береді. Немістер кіреді. Жауап бермей қарсыласқан Ғайниды ұрып жығып, Канцель мылтығын суырып алып Любаны атуға ұмтылғанда, терезеден секіріп түскен Төлеген Канцельдің желкесінен қанжар салады. Төлегеннің серіктері немістерді ұстап алып, тұтқындарды босатады. Төлеген мен Люба тұңғыш рет танысады.

III АКТ

Төртінші картина

Бородино қаласындағы бір үлкен үйдің қирап қалған залы. Алай-дүлей қатты ұрыс. Жарылған бомбалар, гүрсілдеген зеңбіректер, ызындаған оқ, қираған үйлер, көкпеңбек түгін. Жаралы Ғайниды сүйемелдеп Рамазан келіп, аздан кейін қопарылған тастардың арасымен дәрігерлік пунктіге кетеді. Баймат, Саттар, Зариф үшеуі көршідегі бөлмелерге орналасқан немістермен атысып, күші басым жауға төтеп бере алмай тұрғанда бір топ жауынгерлермен Төлеген келіп ұрысқа кіреді. Еңіреген ерлердің білектері бір жерге қосылған соң әйдемнің арасында немістерді жайратып салады. Тым-тырақай қашқан немістер, оларды қуып бара жатқан совет әскерлері өтіп жатады. Ұрыс басылған соң полк командирі Асан келіп, жаудың жеңілгенін, қаланы совет әскері алғанын айтады. “Тойдың құрметіне ойнаңдар, күліндер!” дейді. Рамазан басқарған сауық үйірмесіндегі жауынгерлер ұлт өлендерін айтып, ұлт билерін билейді. Политрук Еремин келіп, Асанға жоғарғы орынның бұйрығын тапсырады. Сауық тоқталады. Асан әскерлерге бүгін сағат төртте бес қалаға біржола тұтас шабуыл басталатынын айтып, ұрысқа дайындалыңдар, ұлы шабуылды ойдағыдай орындап шығайық, дейді. Бес достың атынан Төлеген серт беріп, тапсырманы орындаймыз, дейді. Снаряд жарыла бастайды. Әскерлер сапқа тұра қалады.

IV АКТ

Бесінші картина

Бородино қаласының шетіндегі окоптар мен бекіністер. Қатты ұрысқа даярланып жүрген Төлеген, Баймат, Зариф, Саттар, Люба, Рамазан, Ғайни. Шабуылға шыққан жаудың қолы жақындап келіп қалғанда топты бастап, “Ура!” деп тұра жүгірген Төлеген жаудың бетін қайырып тастап, қайтып келеді. Полк командирі Асан көрсеткен ерлігі үшін Төлегенге алғыс айтып, “Батыр – батыр

емес, бастаған – батыр” деп мақтайды. Арпалысқан жау тағы шабуылға аттанады. Гүрсілдеген атыстың ішінде жақын жерден танкіні ататын қарудың дауысы естіледі. Жаудың бес танкісінің үшеуі өртеніп, екеуі кейін қашады. Үш танкіні атып түсірген Жадай келіп қосылған соң достары оған көп рақмет айтады. Ұзақ айлар сағынып аңсап жүрген екі жар, Саша мен Люба, осы арада көріседі.

Өшіккен жау өршеленіп шабуылға тағы шығады. Қаптаған танкілер мен қара құрттай жауменен бетпе-бет келген бес дос арпалысқан айқаста, аяусыз күресте алуан-алуан күш көрсетеді. Алыса түскен дұшпанды арыстандай бөріктіріп жүрген Төлегенді неміс офицері сыртынан атып салады. Досының жараланғанын көзі шалып қалған Жадай офицермен алыса түседі. Еңгезердей бөлекет немістің Сашаны мендетіп бара жатқанын көріп, жаралы Төлеген ақырғы күшін жинап, аюдай ақырып автоматпен неміс офицерін бір салып ұрып өлтіреді. Дәл сол кезде окоптардың үстін таптап жаудың үлкен танкісі келеді, кедергіге кідіретін түрі жоқ, алдында тұрған затты қопарып құлатып, илеп басып келеді. Жаралы Төлеген жедел байлам жасайды. Байлаулы бір топ гранатты қолына алып, танкіге қарсы жөнеледі. “Москваға бара алмайсың, жау! Ұлы Отан үшін, Сталин үшін жан қиюға мен даяр! Өлермін, бірақ сені өткізбен!” – деп Төлеген тақалып қалған танкінің астына кіріп кетеді... Танкінің жалыны аспанға шығады.

Уралаған дауыстар жерді күңіретіп, қалың топ топталып жинала бастайды. Осы жеңістің мерекесінің үстінде төрт дос Төлегеннің денесін алып шығып, топтың ортасына қояды. Композитор Рамазан, батырдың басында отырып, сай-сүйекті сырқыратып досына арнаған “Жас қазақ” әнін айтады. Төлегеннің денесін алып шығып кетеді.

Генерал келіп, жауынгерлерді құттықтап, Ұлы Отанымыздың сүйікті астанасы Москвада жеңістің құрметіне салют болатынын хабарлайды. Қуанышты қалың әскер “Москва” әнін шырқайды.

Ақыры” – деп операға шағын мазмұндама берілген.

Жазушы мұражайында “Төлеген Тоқтаровтың” екі тілде жазылып, театр үшін жасаған жоғарыдағы қойылымның қысқаша мазмұны толық сақталғандықтан, бұл программаны түсініктемеге түгелдей енгіздік. Алғаш “Төлеген Тоқтаров” (1947) деген атпен сахнаға қойылған нұсқа мен кейінгі “Бес достың” (1952) арасында аздаған сюжеттік өзгерістер кездеседі. Біз операның 1947 жылғы қойылымынан кейінгі томдардағы нұсқаларға енгізілмеген бірнеше кейіпкерлер есімдері ұшырасатынын да байқадық. Қолымызда 1947 жылғы опера либреттосының толық нұсқасы жоқ болғанымен, жоғарыдағы қойылым программасындағы Рамазан (санитар), Асан (полковник), Еремін (политрук) сияқты кейіпкерлер “Бес доста” кездеспейді. Яғни 1952 жылғы нұсқа біршама өзгеріске түскен. Осы айырмашылықтарға қарағанда жазушы “Төлеген Тоқтаровты” қайта қарап, кей жерлерін ықшамдап, кейіпкерлер

санын азайта түскен тәрізді. Бұған толықтай келтірілген аталмыш программа дәлел бола алады.

Бұдан соң, “Бес дос” М.Әуезов таңдамалы шығармаларының 1956 жылы шыққан алты томдығының 5-томында (Алматы: ҚМКӘБ, 1958. 271—311-бб.), он екі томдық шығармалар жинағының 10-томында (Алматы: Жазушы, 1969. 200—235-бб.), жиырма томдықтың 11-томында (Алматы: Жазушы, 1982. 297—329-бб.) жарияланған. Бұл басылымдар машинкадағы (53-бума), араб қарпіндегі (389-бума) нұсқалармен өзара салыстырылды. Айтарлықтай айырмашылық кездеспеді. Ішінара әріптерден, тыныс белгілерден кеткен техникалық қателер қалпына келтіріліп, жазушының 50 томдық толық жинағына араб қарпіндегі қолжазба нұсқа негіз болды. Тек әр жылдарда жарық көрген томдықтардағы суреттер саны мен машинкадағы (53-бума) көріністер саны сәйкеспей, машинкаға терілген нұсқаның алғы бетінде акты саны дұрыс болғанымен, 4 суретті деп қате жазылып кеткен. Ал ішін тексергенде опера алты суретті болып, кітаптағы басылымдар мен арабша қолжазбаға сәйкес келді.

Жалпы, М. Әуезов соғыс тақырыбына бірнеше пьесалар арнапты. Солардың ішіндегі панфиловшылар ерлігін баяндайтын “Намыс гвардиясында” да Т. Тоқтаровтың батырлығын зор суреткерлікпен сомдаған.

Е. Қаныкейұлы

“Қара Қыпшақ Қобыланды”

Пьесаның осы нұсқасы 1943 жылдың қаңтар-ақпан айларында жоспарымен бірге бір дәптерге (109-бума, 1—138-бб.) араб әрпінде жазылды. Халықтың рухын көтеретін ерлік, батырлық тақырыптағы шығармалар жазуға Ұлы Отан соғысы жылдарында айрықша көңіл аударылды. Бұл ретте қаламгердің ел арасына ертеден белгілі “Қобыланды батыр” жырының негізінде драмасы дүниеге келді, осы шығармасы жөніндегі алғашқы дерек “Екі-үш ай бойында өздеріңнің ата-бабаларыңды көрсетем деп “Қара Қыпшақ Қобыланды” деген үлкен пьеса жаздым” (9 мамыр 1943 ж.) деп, Мәлік Ғабдуллинге жолдаған хатынан кездеседі. Пьеса бітісімен-ақ театр актерлерінің талқысына түсті. Сонда: “Қарлығаға екі жерде қосымша керек, бірі – монолог, акт тұсында, екіншісі – триерде. Қобыландыға — бір монолог, Қарлығаның дос жөндегі сөзі...” деген Асқар Тоқпанов; “Көклан шеше болмау керек... Қобыланды жағынан шығын шықпайды, қалай? Қазанға (қарсы) бірі шықпайды, біреуі шығып өлсе жарар еді. Алшағыр шыққан жері өзгелерден солғындау сияқты. Себебі, Алшағырға қарсы күш жоқтықтан болар” деген Қалибек Қуанышбаев; “Құртқа мен Қарлыға образы екеуі қиын, екеуі біреу болса. Қарлыға көз алдында әкесін өлтіркені дұрыс па? Қобыланды образы бірыңғайлау. Қобыландыда өр-шұқыр көбірек болса...” деген Шәкен Айманов; “Құртқада махаббат қана болмай, Отан ұраны болса. Қарлыға Қобыландыға достықпен ерсе, сүю емес. Қазан біреуді өлтірсе. Қобыландының зынданнан шығуы Отан, ел себебінен болса, Тайбурыл ғана емес” деген Елубай Өмірзақовтардың тілек-ұсыныстары болды. Бұл драматургтің драмасын нұсқалық дәрежеге көтерілгендей деңгейде қайта жазып шығуына себепші болды. Алғашқысындағы Орақты – Шуаққа, Қарақорен, Аққозы, Қосдәулетті — 1-қолбасы, 2-қолбасы, 3-қолбасы дегендерге өзгертті. Қарабұқан жаурыншы болмашы түрде ғана елес берсе, кейбір жазбада Орақты Барақ, Шырақ деп те атамақ болғандығы көрінеді.

Қазіргі сөз болып отырған туындыға арқау болған халықтық жырдың жиырмадан астам түрі бар екені белгілі. Бұл жерде автор көп салалы жырдың біреуімен ғана шектеліп қалуды жөн көрмей, түгелге жуық танысып шығады. Сонда олардың, әсіресе, Марабай, Мергенбай айтуларына айрықша ден қойғандығы

байқалады. Марабайдың жырлауында баласыз жүрген Аналық пен Тоқтарбайдың сол үшін зарлы екені баяндалса, Мергенбай нұсқасында жігіт Қобыландының сұлу Құртқаға үйленгені және оның бірде Қазан, бірде Көбікті, бірде Алшағырмен соғыстары әңгіме болады. Бұл жерде қаламгер ниеті Мергенбай нұсқасына қарай ойысыңқырайды, бірақ оқиғаны жырдағыдай етіп өрбітпей, шығармашылық ізденістің шешімдеріне жүгінеді. Бұл тұста ұзақ желілі оқиғаны драма заңына бағындырып, бәрін де өзінің өлшеу-мөлшерінен асырмайды. Жырдағы өз қалауынша жеке-жеке жүріп әрекет ететін Қазан, Алшағыр, Көбікті, Бірсімбайларды бір кісінің, Көбіктінің айналасына топтастырады да, бүкіл оқиға желісін осылар мен Қобыланды арасындағы қақтығысқа құрады. Қазан да, Алшағыр да Көбіктінің дегенінен шықпай, қас-қабағына қарап әрекет етеді. Осы бағытпен дамып өрбитін драмадағы өзгерістер Қобыланды мен Көбіктінің алғашқы кездесулерінен-ақ көрінеді. Эпоста Қобыландының тыныш жатқан Көбікті еліне Қараманның азғыруымен аттануының арғы астарында тегін олжа табу ойы жататын. Драмада, керісінше, тыныш отырған ел Қыпшаққа Көбікті шабуылдайды, оның алып кеткен тұтқындарын құтқаруға Қобыландыны аттандырады. Бұл ұстаным пьесаның алғашқы, соңғы нұсқасында да берік сақталады. Қобыландының аузына салған:

“Ұлын құл ғып, қызын күң,
Қақсатып болған Қызылбас.
Қамауында қырық қыз бар,
Шығар бәрін азат қып,
Апа, құрбы, қарындас.
Қуа келдім кегімді,
Босат қазір көзімше...” —

деген сөздер растайды. Бұлар пьесаның алғашқы нұсқасында жоқ. Жады кемпір Көкланның қызы ретінде көрінетін Құртқа кейбір тұстарда Қыпшақ қызы делінеді, Қарлығаны эпостағы қалпында беруге тырысқан. Алғашқы нұсқасында оны Қобыландыға қоспайды, кейінгісінде Бірсімбайдың қолынан қаза таптырады. Бұдан басқаларын да жырдағы қалпында қалдырмай, драманың шартына сәйкестендіріп, оның көркемдік шешім әдістеріне бағындырады. Мұндағы басты ерекшеліктің бірі — жырда айтылатын ойлар мен сөздердің қайталанбайтыны және нұсқалық тұрғысына көз салғанда елеулі өзгерістер алғашқы беттердің өзінен-ақ байқалады. Қайта жазу барысында үлкенді-кішілі көріністерді соңғы нұсқасына енгізбесе, керісінше бұрынғы бірер

жолдан тұратын ойлар мен толғаныстарды мүлде ұлғайтып, жан-жақтылығын арттыра түскен.

“Қандай ғана сор қуып,
Қай бәлеге кез қылдың. *(Тілек тілегендей.)*
Айқай, ием көк тәңірі!
Ұлыға көрме аспанға
Жалғыз жортқан бөрідей.
Қайда қайран әруағы
Қырық таңбалы Қыпшақтың?!” —

деп бітіпті. “Зу-зу-зу! Арзу-арзулаған” Көкланның жын бұғандай айбат шегуімен екінші нұсқасы басталады. Осы алғашқы көріністің аяғындағы “Ойымдағы тілектің бәрін саған арнадым. *(Сүйеді.)*” деген жолдан бастап үш-төрт беттік мәтіндерді кейінгі нұсқасына енгізбеген. Бірде қысқарту, бірде толықтыру түріндегі ізденіс нәтижелері пьесаның кез келген тұсынан көрініс береді. Ең соңындағы:

“Солай ма еді, Қарлыға,
Қайырлы болсын ендеше,
Құтылғаның ба шынымен.
(Құртқаға.) Уа, елім, жұртым, бауырым”, —

деген Қобыланды сөзі:

“Қадірің асқан Қарлыға,
Қайда кеттің, қайда кеттің, қимасым,
Ұқтым ғой мен, жаңа ұқтым ғой,
Неге кеттің, не деп кеттің.
Аз өмірде азғындай
Сен бе ең, сірә, сыртқа тебер сыймасым!
Тар жолымда бар қасиет үстінен
Асып шығып аспанға,
Сөнбей жанар жұлдызым бол бір өзің!
Қасиет аты Қарлыға болсын,
Бұдан былай жаңа жолға басқанда,
Қош, қош! Кеш, қадірлім Қарлыға! *(Қиналып тұрып, зорға есін жияды. Халықты көріп сөйлейді.)*”

түрінде кейінгі жазылымында толығып, ұлғая түсті. Осының алдындағы үш беттей мәтіндер соңғысына жіберілмей қалды. Бұлардан басқа да әрқилы дәрежедегі өзгерістер талқылау кезіндегі ұсыныс, пікір-ой айтушылардың тілектерін ескеруден

кейін туды. Сондағы арқау етіп отырғаны эпостық жырдың негізі болған соң, оның өзіндік болмысының сақталуы мен жырға тән заңдылықтарының, сондай-ақ тілдік, фольклорлық айшықтарының, көне ұғым, көне тіркестер табиғилығының бұзылмауын мейлінше қадағалады. Осы жөнінде ой келгеннен бастап сөз болғалы отырған заманның арғы-бергі тарихына, сөздердің ұғымдық ерекшеліктеріне де айрықша назар аударды. Эпостық шындықты негіз етіп алған соң, олардың заңдылықтары мен тіркестердің арғы астарына да қатты көңіл аударды: “Жын атасы Бүрлібай. Шойын құлақ. Ай астында Ақпері, Терек. Қарғышал. Алпыс бір алақоңыр. Толыбек. Айпара. Сәукеле. Қарасақалдым. Қара бұлттай кекілді. Шыпшып кара. Мен тасымды торлайым. Қаратай. Қамбар. Мекірей. Кемеңгер. Дегелең. Монтаны. Бәдік. Қылықты. Ақмарту. Жол білетін жасылмын. Қызыл шоқты қытай. Жайнақ арты тас. Қылыш құйрық қырық жолбарыс. Таппас. Төңкерілсем қой дедім. Ыраң-көең. Тұяқтары тұйық тас. Ат қылып мінген құланды, ас қылып жеген жыланды. Ақ молықты тауменен. Қасам қыл. Самбұл аяр. Арқалар (құс саңғып өлтіреді). Қанатын қырық алтынға қаптаған. Қызыл жирен ат мінген. Жез қобыздай сыңқылдап. Қылқа шоқпыт тон киген. Қарылға деген құс қанаты жап-жалғыз. Қылықты кісі қыз алат, қызметі жеткен ел алат. Құлағы тер құтан алып маңырайды жер таңлап алып. Күндері бүркек, түні ашық, бұл не тұман. Атаңның көрі, алақшы. Күнді не қылайын, түнді не қылайын (сен кеткен соң). Құмай жалғыз туады, ақиық бір ұядан екеу ұшады. Қасарманың бар еді, қарсы біткен емендей. Ат қылып мінген құланды, ас қылып жеген жыланды. Құмында құлан қышқырып, жолында жылан ысқырып. Бөкенді қойдай құлатып. Тектұрында теке бар, бауырында бұғы бар. Екі бөрі кек қуып, қағысқан жерде қайрандап. Қыз да болса қияғым едің. Күндізі бүркек түн тұман, қуарып солған сұр заман, қайда жүрмін қаңғырып, қаңырап қалған Қараспан” дегендей тіркестер мен атауларды жоспарымен бірге бір қағазға түсіріп отырды. Сондағы ең алғаш жазылғандағы жоба нобайы мынау:

“Бірінші сурет

Тас шақаттың арасы. *(Тектұрында теке жоқ, аузында бұғы жоқ).*
Арқар баспас азапқа кеппіз деп Қараман қашып шығады. Артына қарап әруақтап тілек тілейді. Онда жекпе-жек. Әруақ шақырады. Қырық таңбалы Қыпшақ әруағы, қырық мың үйлі Қият әруағы. Көкжал, көкжал деп шақырады. Не деген дұшпан, айдаһар емес, алып емес, жайын емес, жасанғанда жау емес. Неткен сұмдық. Найза мүйіз, қылыш құйрық не сиқы бұл? Тосып шегінеді. Жан-жағың, ту сыртыңнан ерекше суық үн шығады. “Зу-зу, арзу-арзу” деп ызың салып ысқырғандай жат дыбыс. Тастың бөрі сиқыр ма, сайдың

бөрі суылдап тұр ма, шошытып жібереді. “Зу-зу” деп біреу әндетіп кеп қалады. Қабат тастың арасынан, қара мұнар ішінен лап етіп от шығады. Сол қара түнде тастан ұшқан қара құстай тап беріп, жады кемпір шыға келеді. “Зу-зу, арзу-арзу” деп Қараманды қармай береді. Қараман қашып тасқа тіреледі. Есі шыққан, “Зу-зу” деп ысқырып тұрғандай. “Зу” деп Кемпір төніп келіп бүргелі тұр. “Қандаймын, қандай көрінем” дейді. “Басың толған мүйіз ғой, аузыңнан от шығады. Тісің алпыс қатпар ажал ғой” дейді шошынған Қараман. “Кіммін?” “Қанжар, ажал ғой” дейді шошынған Қараман. “Кіммін?” дейді Кемпір. “Сен бе едің әлде жады кемпір Көклан?” дейді. “Құның сенің құдіретімде. Құйын соқтырып құм қып, қақой түбіне лақтырып, қоңыз етіп қояйын ба?” дейді. Қараман шоши береді. Кемпір құбыла: “Тас боласың, қайсысын – айт” дейді. Қараман: өлтір, бірақ оған қасым жоқ. Тілегінде қайрат жоқ, жүрегімде қасиет бар дейді. Келісейік дейді. Кемпір қайта сұрайды... Жайым жоқ дегенді тағы есітіп, жоқ қылмаққа тап береді. Тұрып сүйрей жөнеледі. Қараман қорқып: “Көкжал, Көкжал, ойбай, өлдім, Қобылан” деп бақырып қалады. Қобыланды атқып соғып, кемпірді сыртынан кеп бұрымынан алады. Бұрымын кесіп алады... Зу-зудың бөрі сап болып басыла қалады. Кемпір сұлқ құлап түседі.

Кемпір Қобыландының аяғын құшып жалынады. Ненді алып ем дейді. Қобыланды: “не қылмадың. Құлжадан қашық, үйректен өлім, киіктен кек жұмсадың еліме. Жаңағы құйрық кімнің аяры? Кім жұмсаған жау еді? Жоймағың мен емес пе ем?” Кемпір: менің сырымды, өлер жерімді кім айтты. Қобыланды: “Айтшы, өлерде не тілейсің менен. Көк ауру Көбіктіңе көмек етпе. Қас еткен сен, екінші, өзіме еткен қастығыңды қой, үшінші, кепіліңе қызың Құртқаны бер”. Кемпір көңгісі келмейді. “Ендеше, мына тұлымыңды өртеймін, өртейміз. Өртесем өлетініңді сен білесің”. Кемпір тағы шошиды. Жері таусылған, енді көнбек. “Олай болса, қызыңды өкпел”. “Қызымды алсаң, жаулығын аласың. Қызым Көбіктіңің жиені Қазан мен інісі Алшағырдың таласында тұрған қыз. Қатын алмайсың, қасың аласың, Көбіктіңің жаулығын аласың” дейді. Қобыланды Көбіктіңің Қыпшаққа еткен қастығын айтады. Қырық қызын алмақ болады. Кемпірді еріксіз қорқытып көндіреді. Кемпір кетеді. Қобыланды, Қараман қалғанда Қобыланды ақырып, ашу шақырып “ойбай салған не сұмдығың” деп Қараманды нұқып қалады. Қараман қалпақтай ұшып түсіп, осы ұрғаның ба, жоқ ойнағаның ба дейді. Қобыланды күледі де, ыза болады. Итім деп сөйлейді. “Ойнағаным емес пе”. “Шындасаң өлем де” дейді Қараман. Қобыланды “не деген қорқақсың” дейді, намыс етеді. Қараман өзі де қорланады. “Екеуміздің жорығымызды естіген жұрт Қараман да батыр бопты дейді ғой. Әттең, екі бөрі тең тұрып қиқу сүрен салыпты, алысқан бойымен-ақ кетсе екен кейінгі

ұрпақ” дейді. Қапаланып келіп, бірақ мен қорқақ емеспін, үркек қанамын дейді. Тарс етіп қызыл қия тас жарылады, от шығады. Ақ сәуленің ішінде ай шырайлы бота көз Құртқа тұр. Қобыландының есі кетеді. Аузына сөз түспей, кім едің дей береді де, бас иеді. Қыз да қарақұйрық шер деп, күткен шермендембісің деп тал бойы ұйып, балқып қалады. Бірер ауыз сөз, бірақ бір көргеннен екеуі де ынтық болысады. Сонда Қараман өзім көрейінші дейді де, сен қар деп сөйлейді. “Қар?” деп Құртқа шошынып қалады. Қобыланды қорғамақ. Қараман тыңдамайды, аярдың қызы қар болмай, кім болушы еді. Қатын деп сөйлейді. Құртқа тағы шошиды. “Қатын? Мен бе?” “Сен...” Құртқа сөніп, шошып, “не болдым? Күн дегенім өрт пе еді” деп, жылап жібереді. Қобыландының жаны шығып кете жаздайды. Құрақ ұшады. Қараманға жалынады, Қараман аямайды. Сынамай алғызушы ма ем саған. Жылай тұр деп қайта қысады. Құртқаға бұған қайдан құмар едің дейді. Құртқа қуаныштан айрылғандай, қоштасқандай сөз айтады. Қобыландыға: “күткенім сен едің. Қазан, Алшағыр таласушы еді өлердей, бел көруші ем. Соның, сүйген белің қайсы?” Тәрбиелеген Тайбурылын айтады. Мәнін айтып келгенде көрсетші дейді. Әні дейді. Тастың ар жағын көрсетеді. Тастың тұсынан Тайбурылдың басы көрінеді. Құртқа оның үстінен қару әкеп береді. Қараман, Қобыланды атты көріп, қоя береді. Қобыланды сенеді. Құртқа: “бірақ мынау досың маған қастығын бұрды ғой, бізді өртеді ғой. Бақытым, арманым” дейді. Қобыланды бұның құрдас екенін айтады. Құртқа шала түсінеді.

Қараман енді қосарман. Құртқаға өзім сынадым дейді. Құртқа жылы ұшырап, иланып жақындағысы келеді. Сонда Қараман: “Қатын, байға жарыдың” дейді. Бұл шын сөзім дейді. Құртқа тағы шошынады. Қараман: “Аямай байға жарыдың. Ай сайын алысқа кетеді, жылында жарым ай көрсең, сол жетеді” дейді. Құртқа қорғанады. Қараман жөне жарым айдың жартысы өзінді сабаумен өтеді дейді. Құртқа қорқады. Бірақ “шошыма, ол болмағанда байың өзім болам, өзіме сенесің” дейді. Құртқа қалжыңды енді түсініп: “Сіздей құрдасым болса, онда несіне арманым болсын. Тәңірдің ол салғанына да ризамын, мен көндірем, өзіңіз, тек өзіңіз тең көрсеңіз”, – дейді. Ұғысу... кетіспек... Көклан шығады: “Қыз да болса қияғым едің, не ойладың” дейді. Тайбурылды шығарғанынан қыздың ойы бұзылғанын біледі. Ызалы қыздың тілегін тілейді. Кемпір бермейді. Қобыландыдан қаймығады. Оған төбесінде жүретін төрт бұлтты сыйлайды... Бірақ мені өлтірсең, одан айрыласың дейді. Қобыланды маған қас етсең, жаныңнан айрыласың дейді. Қобыландылар кетеді. Кемпір жалғыз, қайсар кек, кекесін үстінде. Шымылдық түседі.

Қараман тек бөрі жайын айтқанда кейінгінің ажасы мен андасы, абызы мен ақыны мақтаса деп арман етеді. Құртқа

шыққанда Қараман: “Ат керт етер шөбі жоқ, ер қылқ етер суы жоқ қу шақанның ішінде жадысымен жадынды жайлаған жерде достық шықпақ па? Ай шырайлы аяш па, жоқ ынтығысып тұрған аяр ма? Не деп тұр мына қар деген”. Қобыландыға: “мені көк долы қарымен алмақ болған. Енді сені сұлу жылан зәрімен алмақ қой, айдаһардың тіліндей кесіп өтсе білінбес деген ынтызардың тілін мен алмақпын” дейді.

Құртқаны Қобыланды бұл жолы алып кетпейді. Кемпір ырзалық бермейді. Бірақ Құртқа шабындыдан түскен қыз болмаймын, жарқырап келіп, жырғап алып қайт дейді. Ынтықтар серті. Кемпір қарғыс айтып, құл шашып қалады.

Екінші сурет **(Қара құйрық қабылан Қазан батыр ордасы)**

Кент қоңырауы қағылып, даңғазы боп шулап тұр. Қара құлдар жүйткіп жүр. Қазан батыр шығады. “Ке-ке-ке-ке, кек-ке” деп шығады. Қоршап келе жатқан құлдар. Алдында кісі басындай екі шойын шоқпарды асықтай атып, ойнап шығады. “Ке-ке-ке-ке! Кекке-ке!” деп шоқпарларды сылқ тастай береді. Бес-алты құл зорға дегенде төлтіректен көтеріп, әр шоқпарын әр бөлек апарып қояды. Мойнында кеспегі бар. Бес-алты тұтқынды сүйретіп шығады. Қазан “асындар” деп бұйрық етеді. Қазан: келе ме деп сұрайды. Қара құл мәлім етеді. Көк пілге мініп Көбікті, ақ пілге мініп Алшағыр келеді. Қасында бекзадасы, Бірсімбай ханзадасы, Қарлыға дейді. Жаңағы тұтқындарды алдынан көлденең тартып, шалындар дейді. Көбікті, Алшағыр, Көклан кемпір, Бірсімбай, Қарлыға кіреді. Үстерінде сауыт. Қарлыға сауытын киген. Көклан өз түрінде. Қазан тағынан түсіп, Көбіктіге орнын береді. Көбікті “тоқтат кейін қоңырауын” дейді. Қазан бұйрық етеді.

Көбікті ашуменен зіл тастайды. Көк иесі күн болса, жер иесі Көбікті, Көбікті ме деп сұрайды, орда тегіс қошмет етіп, жер иесі Көбікті дейді. Ендеше, естімеген бір қорлық, Көбіктіні тірідей қара жерге көміпті дейді. Қазанға кінә тастайды. “Қаланы басып сен қарықсың. Аймағын алып, Алшағыр, сен қарықсың. Көреген көзім, кемімес кегім еді. Көклан бұны көкке қарап, ұлытып қойыпты. Менің де өлгенім осы. Сендердің өлер жерің осы” дейді. Қазан жөн сөз айтады. Алшағырға білдің бе дейді. О да білмеген.

Осында шақыртқан соң келіпті. Көкланға сөйле дейді. Көклан Құртқаны Қобыланды тартып алғалы жатқанын және өзінің бұрымы кесіліп, белі басылғанын айтады. Құртқа кетті дегенде Алшағыр мен Қазан кезек-кезек ыршып-ыршып түседі. Баксыдай құтырып кетеді, сенен, сенен деседі. Бірін-бірі жеп қоярдай болады. Көбікті: екеуіңнен дейді. Мәнін айтады. Тұран, Еран, Еділң жау.

Жаулықты Жамшид, Кейқауыс мұра қып қалдырған. Сиауыштың, Сиауыштың құны кеткені қані. Оны өлтіріп, Апрасиап Таңбұлақ деген жолмен қашқанда он бір түмен қолменен, он ала тұрманмен Кейқауыс қуғанда қандай ант айтып еді. Тұранды түгел құртпастан Еран елмін демесін деген. Он екі баулы Ноғайлыға сен не қылдың дейді. Қазан: қаласын шаптым дейді. Қырық таңбалы Қыпшаққа сен не қылдың дейді Алшағырға. Аймағын алып, апшысын қуырдым дейді. Көбікті мазақ етеді. Құртқан жоқсың дейді. Қобыландыны айтады. Құртқаның кеткен қорлығын айтады. Көклан мынау екеуін кінәлайды. Біріңнен бірің аяп, қызыл итке жем қылдың қызымды дейді. Алшағыр мен Қазан айтысып кетеді. Алшағыр қу жеңе бастайды. Қазан апырақ. Жеңіле беріп “ке-ке-ке-ке, кекке-ке” дейді. Алшағыр: сен шап дейді. Қазан: сен арамсың, мен шапқанда сен Құртқаны ұрлап әкетпексің ғой дейді. Өзің шап дейді.

Бірсімбай ашуланады. Әкем сөзі жерде қалмақ па? Қашанғы бұлданасың екеуің. Сендерде бар күш менде жоқ па. Бұлданғаның мынау ма деп, Қазанның қос шоқпарын ала асықша атады. Құртқаның менің көмегімді ал. Әлсізін әлсіз еткен қызғаныш. Осы егескеннен мен әлі күнге жансызбын дейді Алшағыр. Қазан: мен де осының қырсығынан қатынымнан айрылдым дейді. Көбікті қой десе де тоқтамайды. Тимеймін дейтін қай қыз бар сендерге, көрсетші менің көзіме дейді. Алшағыр Қарлығыны түспал етеді, дарытпайды дейді. Қарлыға үнсіз отырған жерінен енді ашуланып дұрс тұрады. Екеуің де ақымақ, екеуің де ынжық жаман ылассың. Құртқа қайтіп тисің, ол түгіл мен де тимес едім дейді. “Бұлданғаның күшің бе?” дейді Көбікті. Тоқтатпаңыз, қашан қайрат сынасушы еді дейді. Бұлданғаны күші ме, міне, ендеше деп, Қазанның қос шоқпарын асықтай атады. Құртқа тимеген, дұрыс, осыны мен де садаға етер ем. Маған да екеуі таласумен жүр дейді. Қазан мен Алшағыр рас дейді. Көбікті бұйрық етеді. Қазан аттансын, Алшағыр андып о да аттансын. Құртқа бұйырмасын Қыпшаққа дейді. Қыз біреу болған соң екі жігіт таласпай қайтеді. Таласады. Бірақ өктегенін алмақ жөн. Екеуі де алсын. Бірақ бұрын алғаны Құртқаны алса, кейін қалғаны құр қалмайды. Қарлығыны алады дейді. Қарлыға “шын ба?” деп ақырып, қиналып қалады. Бірақ басу болды Көбікті ханға. Бұл ант еткізеді бәріне. Қарлыға кірмейді антқа. Көбікті қыстамайды.

Үшінші сурет **(Ай шырайлы аяштың тойы)**

Құртқаны жаңа ғана іздетіп әкелген. Енді орда әбігерде, той әзірлігінде. Тоқтарбай, Аналық жаңа ғана көреді Құртқаны. Қарлығаш қуанышта. Құртқаның қасында барлық қыз-қырқынмен шат, қуанышты. Өзі басқарады. Бұлар қасына Орақ келеді. Ол

Құртқаны бірге ұзатып әкеліскен. Қарлығашқа құмарлығы бар. Бірақ Қарлығаш тартынады. Бұны тартады. Орақ мұңын Құртқаға айтады. Құртқа Қарлығашпен мұңдасады. Қарлығаш өзі де өзгеше сезеді, бірақ тартынады. Қобыландыға жаманат келе ме деп те тартынады. Орақпен азғантай жылы ұшырасу, Қобыланды, Қараман келеді. Құрдастық әзіл, той, той әзірлігі. Бірақ дәл осы кезде суық хабар жетеді. Орақтың елі шабылған. Ноғайлы, тағы да Қазан шауыпты. Тағы хабар етеді. Ағыл-тегіл қол келіп жатады. Бастықтары келеді. Ол — Аққозы, Қосдәулет, Қарақорен, лек-легімен құлдары өтіп жатыр. Қият, Қыпшақ бәрін шауып кеткен Қазан. Қараманға аттан дейді. Орақ аттанбақ, Қараман Қобыландыға жүр дейді. Қобыланды Құртқа не дейді, ренжиді ғой дегенде Қараман кінәлайды. Құртқа барма дейді. Тайбурылдың кемдігін айтады. Қараман сапармен болады. Құрдастық, шыны аралас қатты қысады. Қобыланды жеңіліп, ашуланып көрмекші. Тоқтарбай, Аналық, Қарлығаш қоштасады. Қарлығаш жылайды. Орақ бірге қатты босайды. Қарлығаш: жолыңа айтқан қоңыр шұнақ тоқтымын дейді. Ораққа серік бол деп тапсырады. Орақ ант, серт береді. Құртқа, Қобыланды қоштасады. Қобыланды осы жерде ғана өзінің арманын және ерегіс сертін айтады. Ораққа да Қарлығаш қош айтпады. Үмітпен аттандырады. Жылап бүгіліп Аналық қалған *(Бірінші актының аяғы осы болады.)*

Төртінші сурет

(кейін толықтырылады)

Ноғайлы, Қыпшақты шауып алған Қазан енді қуғын тосады. Қасқарлының биігі. Қалың қол жасанып әзір тұр. Алдымен жеткен Аққозы. Қарақорен, Қарамандар қысталаң күйде. Қазан күші қоршап тұр. Қобыланды тосады. Қобыланды Тайбурылмен ағызып, ұшып өтіп келеді. Қазан Қобыланды қолы соғыспасын, жекпе-жек шешсін деседі. Қазан, Қобыланды. Қазан мазақ етеді, кекті екенін айтады. Қобыланды оған да ашулы. Жекпе-жек. Қобыланды өлтіреді. Қолдар тараған соң шаһар Ноғайлы-Қыпшаққа тиген. Қолбасылар шапқылап таланға кетеді. Қобыланды, Қараман да ықтап қалады. “Зу-зу!” деп Көклан кемпір жеткен. Мыналардың ұйқысын тылсым ұшқынға айналдырады. Көбікті келеді. Жеңілдің дегенді елемейді. Қобыланды мен Қараманды екі қолтыққа қысып алып кетеді. Қарлыға қасында. Өлтірем дегенде Қарлыға “ойбай!” деп, өлтіртпейді, тұтқын етіп алып кетеді.

Бесінші сурет

Құртқа, Қарлығаш уайымда. Ата-ана одан да өрі зар етеді. Ел шетіне жау келген. Ол қырсықта Алшағыр. Қасында Көбіктінің

ұлы Бірсімбай. Ол қашып, босып келеді. Алшағыр асқақ, құтырып келеді. Құртқаны қорлап сөйлейді. Құртқа таймай жауап береді. Алшағыр өзінді қатын етем дейді. Құртқа сұңқар қонған тұғырға қар құс қонбайды дейді. Қарлығашты Бірсімбай олжа етеді дейді. Аналық пен Тоқтарбайды сол арада тонатып, қолдарына күл мен күң аспаптарын бергізіп, мазаққа жұмсайды. Орда қазынасын қала деп әмір етеді. Ұйқы-тұйқы Қазан кетеді. Құртқа, Қарлығаш құйын арасында, шабуыл, шаншуыл арасында қалады. Құртқа Қобыландыға зар қып астамсуын айтады. Бір күн еркін, қызық көрмегенін зар етеді. Қарлығаш Ораққа енді ынтық, о да зарлы. Құртқа алтын қазық қалдырады. Айнымас сертім белгісі, жүрек бірлігі сертім дейді. Тұтқын боп кете барады. Орда қаңбақтай ұшады. Жайлауын өрт алады. Ата-ана зарлы. Құртқа, Қарлығаш зарлы. Қорлық сапарға қан жылап кетіп бара жатады.

Алтыншы сурет

Қобыланды, Қараман зынданда. Кілт қарауылдың, Қарлығаның қолында. Орақ құтқаруға келген, Қарлығамен кездеседі. Жас тілегің жоқ па? Сүйген жүрегің жоқ па? Жастыққа жүгінем дейді. Қарлыға Орақты жоқ қылмақ боп қорқытпақ. Орақ ұтылмайды. Қарлыға: Қобыланды менің асылымды білгенше, табысқанша шықпайды дейді. Менің қолымда қалса шығады, сөйлес дейді. Қараман, Орақ тілдеседі. Қобыландыға ынтық қызға серт бересің дейді. Қобыланды қорлыққа көнбек емес. Құртқадан азып, тірлік іздемейім дейді. Ызалы. Өзіне де, жалғыз туған туысына да ызалы. Бұзып шықпақ. Орақ пен Қарлыға келеді. Қобыланды қатты сөйлеседі. Бұрымыңды кесіп, бек қылған еліңді егер етпей кетпеймін дейді. Қарлыға да басында ашулы. Мен келдім, не керек саған дейді. Қобыланды Құртқамнан садаға дейді. Құртқаны Алшағыр алды... елің шабылды дейді. Осы заман Қобыланды кет дейді Орақ пен Қарлығаға. Қараман оларға тағы бұрылды, тартыңдар дейді. Қарлығаны өз жақын досындай жұмсай бастайды. Қараман Қобыландыға зар сөз айтады. Ел не болды, жер не болды? Бір ызамен жатыр дейді. Қобыланды өзін-өзі жазалап сөйлейді. Қиналу ұқсас толғану сөзі. Тайбурыл кісінейді. Дүбірлетіп зындан қабырғасын тепкілейді. Қобыланды қолеткені бірақ ұрып, талқан етіп атқып шығады. Қараманды босата шығады. Алыспақ. Сөйтсе, Қарлыға сырттағы құлдарды жайратып салған екен. Батыр, атың әні, өзір түр дейді. Орақ Қарлығаны қосып алғанын айтады. Қараман да барынша алғысқа толы көңілін білдіреді. Қобыланды: қарыздармын, бикеш, бірақ немен өтесем, өзің айтшы өзіме. Осы кезде Көбікті келіп қалған. Қорқынышты Көбікті. Әкеңмен алысатын болдым,

қарызыңнан құтылмай тұрып тағы айыпты болатын болдым. Саған жаманат келетіні тағы мынау: орақ мүйіз, қайтпаймын дейді. Қарлыға үнсіз қалған. Онда мені қайта жат дейді. Сенің бетіңе дақ салмай, өлмеймін дейді. Қыз: жоқ, ендеше айтсын дейді. Атыссақ, өлісеміз ғой дегенде, онда өлмейтін қып атыссын дейді. Көбікті, Қобыланды. Қарлыға әкесіне: тоқта, бұл менің сүйгенім дейді. Көбікті қайнап ашуланып, ендеше, әсіресе құртайын, не деген қорлық, сұмдық еді дейді. Ызаменен қайнап алысады. Ызалы ашу үстінде қай қаруын жұмсарын ұмытқан. Қарлыға Қобыландыға: өлме, батыр, тілегінді тіледім, тірлігінді сүйем, тіледім дейді. Көбікті: мені атқан оқ осы болды, қара құлға қатын етіп бермесем, Көбікті болмай жерге кірейін дейді. Қобыландымен алысады. Қобыланды өлтіреді. Бітті жұмыс. Енді тағы да, әсіресе, айыпты болдым. Айыпты да, қарыздар да болдым алдыңда. Бұйыр, жарықтығым, не қыл дейсің дейді Қарлығаға. Қыз жалғыз тілек айтады. Алып кет мені дейді. Қобыланды қиналып тұрып, салқын жүзбен көнеді. Қарлыға ешбір ауыз тілек артпайды. Жүр, ығында тілегі бір, жүрегі бір жолдасың боламын дейді. Қобыланды: ертпесіме амал жоқ. Айтқаныңды жерге тастарым жоқ дейді. Қарлыға бірге кететін болды. Орақ қуанады. Қараман сауға дейді. Қобыланды әкесі дүниесін, жастық тілегін құрбан етіп ерді дейді. Қараман барын салып ынтығады. Қобыланды: өзі сүйсе ал дейді. Қараман Қарлығаны құрдасым берді, алдым деп бастай жөнеледі. Бәрі кетті. *(Екінші акт аяғы.)*

Жетінші сурет **(Қысқа сурет)**

Қобыландының ауылы тұрған жұртында курап, сарғайып күйген жалғыз ағаш қалған. Жұрты, елі жоқ, батпағы жатыр, көлі жоқ. Күрең бел, саған не болды. Қараспан, сен неге тірі тұрсың деп зарлайды. Қараман, Орақ, Қарлыға бәрі зарлы. Орақ өзінің өзгеше мұңды, Қобыланды да мұңды екенін айтады. Зар үстінде бір сыр, Қобыланды қиналып отырып түсінеді. Жалғыздық сорлылығын айтады. Қарлыға тыймақ. Жанын осы жолға бергенін, бекінгенін білдіреді. Орақ өшін алмаса өлмекші, осы Қобылан кегінің жолында. Азат болған Ноғайлы, жауынан құтылған Қыпшақ, Қият, барлығы да құрбансың. Сенің әулие түнің жолына дейді. Жас жүректер серті шығады. Алдым Құртқаны, құрдасым, барым деп Қараман жоқтаған. Ол жылап, жоқтап жүріп алтын қазық табады. Осы қазықтай берікпін дегені. Сендер де берік болыңдар дегені деп Қобылан шешу айтады. Қазықты аспандағы темір қазықтай таниды: “Құбылам сен бол, жүрек, қайрат құбылам сен бол”, — дейді.

Осыдан өзгеше қайрат, даналыққа толы монолог айтады. Жас шынардай елім бар, үміт, тілек сол шынардың жазғы күнгі қуанышпен қол созған жапырағындай жас тілек, жазықсыз тілек болатын. Өртенбек пе, күйремек пе бір дауылдан. Жоқ, басынан бұлт түйілмей, басынан құйын дауыл ұйтқып өтпей төнесің де, жасыл ойнап, бұршақ құймай, боранды аяз ақырып үскіріп өтпей қоюшы ма еді. Ол оның тіршілік көрешегі. Жасымаса, қурай болмаса, шын шынар болса, сонда ғана ол өспек, ол жетпек қиыншылық сыбасы. Жайы мен дауыл — дағдылы тағдыры. Жыламай, бас имей, қарсы алыс. Осы, елім, жұртым, сыбағаң. Осы менің де үлгі сыбағам дейді. Тарт деп желпіне кетеді.

Сегізінші сурет

(кейін толықтырылады)

Алшағырдың тұтқынындағы Құртқа, Қарлығаш. Тұтқында қалың Қыпшақ. Талауда барлық мал-мүлік, қорлықта ата-ана. Алшағыр мен Бірсімбай Көбіктің өлгенін, Қарлығаның азғанын естиді. Қайтсе кекті қатты алу, қайтсе Қобыландының қабырғасы сөгіледі, соны ойлайды. Күнікей келеді. Өлердей намыспен қайнай келеді. Кек туралы сұрқия кекесін береді. Қырыстанып: “қатынын отын ет” — дейді. Құртқаны Алшағыр алсын, күң қатын етсін. Бірсімбай іркілмек сияқты. Күнікей аямайды. Қарлығаны зорлықпен әкеткен жаудан қай қастықты аямақсың дейді. Ол ғана емес, Қарлығаш та жаза шексін, сен ал дейді Күнікей. Өзі Құртқа, Қарлығашпен сөйлеседі. Аямас айлакер, сайқал Күнікеймен Қарлығаш тартысы. Қарлығаш өлімге бекіне қатты қарсылық етеді. Құртқа ақылмен алдайды. Қарлығаны Қобыландының алғанын айтады Күнікей. Соған орай етіп жаулықпен алмасын Алшағыр, кісі қып алсын, тең қып алсын дейді. Күнікей бөгемей тигізбекші. Құртқа Алшағырды шақыртады. Өз аузынан шартын айтады. Күнікей... бұрынғы ұғыспағандық. Енді Қарлыға олай ауысса, Қобыланды солайша азса, мен бұлай ауыссам дейді. Көклан кемпір Алшағырға: алданбай ал, алдануың не дейді. Қарлығаш Құртқаның мінезін азғандық дейді, ұғыспайды. Тоқтарбай, Аналық та келтірілген. Құртқаның азғанын көреді. Жадының қызын жәдігөй деп Қарлығаш аямас кінә айтады да, Бірсімбай алуға бекінгенде өзіне-өзі пышақ салмақ болады. Күнікей: мен тигенге тимейтін сен кімсің деп, өлімнен айырып алып қалады. Құртқа әзірлік үстінде. Шымылдық” (109-бума, 122—136-бб.).

Театр мен басқа да мәдени орындардың талқылаулары кезінде айтылған тілек-ұсыныстардан кейін қайта өңделген пьесаның жаңа нұсқасын Алматыда ғана емес, облыстық театрларда да қою

жөнінде шешімдер қабылданды. 1943 жылдың 8 маусымындағы талқысында айтылған: “Необходимые изменения к пьесе “Кобланды”. На всем протяжении пьесы усилить, выявить ярче, значительнее, как основную идею произведения патриотизм Кобланды, как героя — заступника своего народа, как защитника родины от захватнических стремлений врагов-насилльников. Не историческая личность, а герой эпоса (как правильно в стиливом отношении решен автором образ) Кобланды должен всеми своими деяниями быть созвучен нашей эпохе, и в этой идейно-художественной актуальности для нашей современности должна заключаться главная цель, задача пьесы и спектакля.

Предложить руководству акад. театра драмы приступить к работе над спектаклем “Кобланды”, внося совместно с автором необходимые поправки, изменения по указанным выше пунктам. Осуществить постановку пьесы к ...” (ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 287, л. 45) деген сөздерді автордың өзі жазып алыпты. Осыдан екі күн өткенде Республика Совнаркомының жанындағы өнер басқармасының “...Постановку пьесы “Кобланды” поручить художественному руководителю Казахского академического театра драмы нар. арт. КазССР — орденоносцу М.И. Гольдблату” (ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 206, л. 227) деген бұйрығы шығады. Совнаркомның шешімімен қазанның жиырма бесі мен қарашаның бесі аралығында осы шығармасының қойылымын қабылдап алу үшін Жамбыл қаласында командировкада болады. Осылай бұл спектакль Қазақстанның 25 жылдығына орай Шымкент, Семей, Қарағандының театрларымен қатар Алматыдағы орыс драма театрында да қойылады.

Т. Әкім

М А З М Ұ Н Ы

I. МАҚАЛАЛАР	3
Асыл елдің алып ұлы.....	5
Көрген, сезген жайлардан.....	9
Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі.....	11
Литература и кино.....	17
Больше высокохудожественных произведений	22
Накануне расцвета	25
II. ПЬЕСАЛАР, ЛИБРЕТТО	29
Намыс гвардиясы (бірінші нұсқасы)	31
Намыс гвардиясы (екінші нұсқасы).....	85
Гвардия чести.....	141
Бес дос (либретто)	179
Қара Қыпшақ Қобыланды	213
III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	313

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ
Шығармаларының елу томдық толық жинағы

21-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 20,16.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1312.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-daur81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-163-0



9 786012 941630